

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Kazakh National Pedagogical University named after Abai

# ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

**«Жас ғалым. Ізденістер. Мәселелер. Зерттеулер» сериясы**  
**Серия «Молодой ученый. Поиски. Проблемы. Исследования»**  
**Series of «Young scientists. Search. Problems. Investigations»**  
**№1(7) 2016**

**Алматы, 2016**

Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университеті

# ХАБАРШЫ

«Жас ғалым. Ізденістер. Мәселелер.  
Зерттеулер» сериясы  
№1(7), 2016

Шығару жиілігі – жылына 2 рет.  
2001 жылдан бастап шығады.

## Бас редактор:

**ЖИРЕНОВ С.А.** *филол.ғ.к.,*  
*қауымдастырылған проф. (доц.) м.а.*

**Бас редактордың орынбасары:**  
**Сманова А.** *п.ғ.к., аға оқыт.*

## Редакциялық алқа мүшелері:

**Қорғанбаева Ж.Қ.** *х.ғ.к., аға оқытушы,*  
**Ибрагимов А.И.** *п.ғ.к., аға оқытушы,*  
**Ағабекова Б.Н.** *филол.ғ.к., аға оқыт.,*  
**Тулбасиева С.Қ.** *т.ғ.к., аға оқыт.,*  
**Байтурбаева А.Т.** *с.ғ.к., аға оқыт.,*  
**Уайдуллақызы Э.** *PhD доктор,*  
**Махмұтов Б.** *PhD доктор,*  
**Ашимова Р.М.** *PhD доктор,*  
**Темірбекова Л.Н.** *PhD доктор,*  
**Шоканова А.Ш.** *PhD доктор,*  
**Исаков Б.** *PhD доктор (Қырғызстан),*

## Жауапты хатшы:

**Бекболатова Қ.М.** *п.ғ.магистрі*

© Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университеті, 2016

Қазақстан Республикасының мәдениет және  
ақпарат министрлігінде 2009  
жылы мамырдың 8-де тіркелген N 10108 – Ж

Басуға 04.04.2016. қол қойылды.  
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 20.5 е.б.т.  
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 44.

050010, Алматы қаласы,  
Достық даңғылы, 13.  
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университетінің  
«Ұлағат» баспасы

## М а з м ұ н ы С о д е р ж а н и е C o n t e n t

### ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР МӘСЕЛЕСІ ВОПРОСЫ ОБЩЕСТВЕННЫХ НАУК PROBLEMS OF SOCIAL SCIENCES

|                                                                                                                                                                                                                                                         |    |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| <b>Токшылықова Г.Б.</b> Ересектерге арналған ертегінің ерекшелігі (Антуан де Сент-Экзюперидің «Кішкентай ханзадасы» жайында).....                                                                                                                       | 4  |
| <b>Tocshylycova G.B.</b> Specific features of fairy tales for adults (based on the fairy tale by A. de. Saint Exupery's The Little Prince).....                                                                                                         | 7  |
| <b>Әшіров Ж.</b> Халел Досмұмедұлының лингвистикалық мұрасы...<br><b>Ashirov Zh.</b> Linguistic Halel Dosmumedula's heritages.....                                                                                                                      | 9  |
| <b>Махмұтов Б.Л.</b> Зарубежный опыт организации и развития местного самоуправления.....<br><b>Makhmutov B.</b> Foreign experience of organization and development of local self-government.....                                                        | 13 |
| <b>Жумагулов А.А.</b> Современное состояние и развитие местного самоуправления в РК.....<br><b>Zhumagulov A.A.</b> Current state and development of local self-government in the RK.....                                                                | 16 |
| <b>Абдыкадырова А.З.</b> Саятшылыққа катысты «тұғыр» сөзінің этнолингвистикалық сипаты.....<br><b>Abdykadyrova A.</b> Ethno-linguistic meaning to the word «tugur» associated with hunting.....                                                         | 19 |
| <b>Дүйсенова Қ.Е.</b> Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің семантикасы.....<br><b>Duisenova K.</b> The semantics of the phrase words with communication junction.....                                                                                   | 21 |
| <b>Қырыкбаева Э.О., Сұлтанова Н.Е.</b> Бүгінгі қоғам дамуындағы ақпараттық жаһанданудың маңызы, рөлі мен мәні.....<br><b>Kyrykbaeva E., Sultanova N.</b> The importance and role of the modern development of society in the information structure..... | 25 |
| <b>Сүлеймен Д.</b> «Гүлстан би-т-түрки» дастанындағы Мәвла Қазы Мухсин.....<br><b>Suleymen D.</b> Maula Kazy Muhsin in poem «Gulistan bi-t-turki».....                                                                                                  | 27 |
| <b>Айдосова Н.Б.</b> Шәмсиябану Сәтбаева "Шокан Уәлиханов – филолог" атты еңбегінің ғылыми мәні.....<br><b>Aydosova N.B.</b> The scientific value of the work Shamshiyabanu Satpayev "Shokan Ualikhanov – philologist".....                             | 31 |
| <b>Аскарова А.Ю.</b> Көрсетілетін қызметке сұраным және қазіргі жағдайлардағы маркетинг тұрпаттамасы.....<br><b>Askarova A.Y.</b> The current state of marketing and the demand for services.....                                                       | 34 |
| <b>Кауменова Р.А.</b> Қазақ тілінде төл термин жасамдағы калькалаудың тәсілі.....<br><b>Kaumenova R.A.</b> Original ways derivation term tracings in the Kazakh language.....                                                                           | 37 |
| <b>Ертаева Ф.Е.</b> Мәдениетаралық тілдесімдегі этностереотиптердің рөлі.....<br><b>Ertayeva F.E.</b> The role of ethnic stereotypes in intercultural communication.....                                                                                | 41 |
| <b>Сафуллина Н.Т.</b> «Диуани хикметтері» арабизмдер.....<br><b>Safullina N.</b> Arabisms in Diuani Hikmet.....                                                                                                                                         | 44 |
| <b>Оразова Г.А.</b> Қимылдың созылықтық тәсілі.....<br><b>Orazova G.A.</b> Methods of process actions.....                                                                                                                                              | 49 |
| <b>Тұрғынов Е.С.</b> Мұхтар Шахановтың тілдік тұлғасы.....<br><b>Turgunov E.S.</b> Linguistic personality of Mukhtar Shakhonov.....                                                                                                                     | 53 |

**Казахский национальный педагогический университет имени Абая**  
**ВЕСТНИК**

**Серия «Молодой ученый. Поиски. Проблемы. Исследования»**  
**№1(7), 2016**

Выходит с 2001 года.  
Периодичность – 2 номера в год

**Главный редактор:**  
**ЖИРЕНОВ С.А.** к.филол.н., и.о.  
ассоциативный проф. (доц.)

**Зам. главного редактора:**  
**Сманова А.** д.п.н., ст. преп.

**Члены редколлегии:**  
**Корганбаева Ж.К.** к.х.н., ст. преп.,  
**Ибрагимов А.И.** к.п.н., ст. преп.,  
**Агабекова Б.Н.** к.филол.н., ст. преп.,  
**Тулбасиева С.К.** к.и.н., ст. преп.,  
**Байтурбаева А.Т.** к.п.н., ст. преп.,  
**Уайдуллакызы Э.** доктор PhD,  
**Махмутов Б.** PhD доктор,  
**Ашимова Р.М.** PhD доктор,  
**Темирбекова Л.Н.** PhD доктор,  
**Шоканова А.Ш.** PhD доктор,  
**Исаков Б.** доктор PhD (Кыргызстан),

**Ответственный секретарь:**  
**Бекболатова К.М.** магистр п.н.

© **Казахский национальный педагогический университет им.Абая, 2016**

Зарегистрированов Министерстве культуры и информации Республики Казахстан 8 мая 2009 г.  
N 10108– Ж

Подписано в печать 04.04.2016.  
Формат 60x84 1/8.  
Объем 20.5 уч.-изд.л.  
Тираж 300 экз. Заказ 44.

050010, г.Алматы, пр.Достык, 13.  
КазНПУ им.Абая

Издательство «Ұлағат» Казахского национального педагогического университета имени Абая

|                                                                                                                              |           |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| <b>Қанленова Б.Н.</b> Қ.Мұханбетқалиұлының "Тар кезең" романындағы тарихи деректілік.....                                    | <b>58</b> |
| <b>Kanlenova B.N.</b> Historical accuracy of the novel "Tar kezen" by K. Mukanbetkaliyev.....                                |           |
| ....                                                                                                                         |           |
| <b>Ақышева А.А.</b> Символ – мәдениеттің тұрақты элементі.....                                                               | <b>61</b> |
| <b>Akysheva A.A.</b> Symbol – a steady element of culture.....                                                               |           |
| <b>Мұхамдиев Д.Б., Бегманова Б.С.</b> М.Мақатаев лирикасындағы философиялық сарын.....                                       | <b>66</b> |
| <b>Mukhamadiyev D.B., Begmanova B.S.</b> Philosophical motive in M. Makatayev's lyrics.....                                  |           |
| <b>Исаков В.Б.</b> Кыргызская клановая система в современной устной истории (на примере поселка Маданият в Кыргызстане)..... | <b>71</b> |
| <b>Isakov V.B.</b> Kyrgyz clan system in contemporary oral sources (Case of Madaniat village in Kyrgyzstan).....             |           |
| <b>Абдул Рахманұлы Абдулкәрім</b> Қазіргі қазақ прозасындағы постмодернизм және әдебиет эстетикасы.....                      |           |
| <b>Абдул Рахманұлы Абдулкәрім</b> Постмодернизм в современной казахской прозе и эстетика литературы.....                     |           |

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ МӘСЕЛЕСІ**  
**ВОПРОСЫ ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК**  
**PROBLEMS OF NATURAL SCIENCES**

|                                                                                                                                                   |           |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| <b>Тюлепбердинова Г.А., Адилжанова С.А., Черикбаева Л.Ш., Темирбекова Ж.Е.</b> Разработка приложений нечеткой логики с помощью функции Excel..... | <b>75</b> |
| <b>Tyulepberdinova G.A., Adilzhanova S.A., Cherikbaeva L.S., Temirbekova Zh.E.</b> Developing applications using fuzzy logic functions excel..... | <b>78</b> |
| <b>Абдикаимова Д.К.</b> Обзор наблюдательных данных о солнце и солнечной системе.....                                                             | <b>83</b> |
| <b>Абдикаимова Д.К.</b> Күн және күн жүйесінің бақылау деректеріне шолу.....                                                                      | <b>85</b> |
| <b>Тоқшылықов Д.Б.</b> Алматы қаласының геоэкологиялық жағдайы.....                                                                               | <b>89</b> |
| <b>Tocshylycov D.B.</b> Geoeological situation Almaty.....                                                                                        |           |
| <b>Алмаева Э.Ж.</b> Активные процессы на солнце.....                                                                                              | <b>93</b> |
| <b>Almaeva E.Zh.</b> Active processes in the sun.....                                                                                             |           |
| <b>Онгарова З.Н.</b> Всеволновая современная астрономия.....                                                                                      | <b>98</b> |
| <b>Ongarova Z.N.</b> All-wave modern astronomy.....                                                                                               |           |
| <b>Патман Абдул Фатах</b> Реакции обратного $\beta$ - распада в вырожденном электронном газе.....                                                 |           |
| <b>Patman Abdoul Fatah</b> Reactions of the return $\beta$ - disintegration in degenerate electronic gas.....                                     |           |

**ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ**  
**ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**  
**ВОПРОСЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ**  
**PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY**

|                                                                                                                                                   |            |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| <b>Хакимова Т.Х., Тюлепбердинова Г.А., Адилжанова С.А., Газиз Г.Г.</b> Компьютерде цифрлық бейнелеуді ұйымдастырудың оқытудың атқаратын рөлі..... | <b>98</b>  |
| <b>Khakimov T.H., Tyulepberdinova G.A., Adilzhanova S.A., Gaziz G.G.</b> The role of education to organize the digital image on the computer..... | <b>102</b> |
| <b>Қорғанбаева Ж.Қ., Сәтімбаева А.Қ.</b> Органикалық химия курсына кіріктіре оқыту технологиясын қолданудың ерекшелігі.....                       | <b>106</b> |
| <b>Korganbaeva Zh., Satymbayeva A.K.</b> The application features of                                                                              |            |

**Kazakh National Pedagogical University  
named after Abai**

**Scientific journal «Bulletin»  
Series of «Young scientists. Search.  
Problems. Investigations»  
№1(7), 2016**

Periodicity – 2 issues per year.  
Published since 2001

**The chief editor:**  
**Zhirenov S.A.** *candidate of philological  
sciences, associative professor*

**Deputy Chief Editor:**  
**Smanova A.** *candidate of pedagogical  
sciences, senior teacher*

**Editorial board:**  
**Korganbaeva Zh.K.** *cand. of ch.sc.,  
senior teacher,*  
**Ibragimov A.I.** *cand. of ped.sc.,  
senior teacher,*  
**Agabekova B.N.** *cand. of phil.sc.,  
senior teacher,*  
**Tulbasieva S.K.** *cand. of hist.sc.,  
senior teacher,*  
**Baiturbaeva A.T.** *cand. of philol.sc.,  
senior teacher,*  
**Uaidullakzy E.** *PhD,*  
**Mahmutov B.** *PhD,*  
**Ashimova R.M.** *PhD,*  
**Temirbekova L.N.** *PhD,*  
**Shokanova A.Sh.** *PhD,*  
**Isakov B.** *PhD (Kyrgyzstan),*

**Responsible secretary:**  
**Bekbolatova K.M.** *magister of ped.sc.*

© **Kazakh National Pedagogical University  
named after Abai, 2016**

Registered in the Ministry of Culture and  
Information of the RK, 8 May, 2009 №10108-Ж

Signed to print 04.04.2016  
Format 60x84 <sup>1</sup>/<sub>8</sub>. Volume 20.5 – publ.literature.  
Edition 300 num. Order 44.

050010, 13 Dostyk ave.,  
Almaty. KazNPU after Abai  
Publisher "Ulagat" Kazakh National  
Pedagogical University named after Abai

|                                                                                                                                                                                                |            |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| integrated of learning course in of organic chemistry.....                                                                                                                                     |            |
| <b>Бегманова С.М.</b> Орта білім беру жүйесінде әдебиетті оқытуда қолданылатын әдістері.....                                                                                                   | <b>109</b> |
| <b>Begmanova S.M.</b> The conceptual types of The methods used to study literature in high school.....                                                                                         |            |
| <b>Сатыбалдиева А.Е.</b> Ахмет Байтұрсынұлы қолданысындағы әдістемелік терминдер жүйесі.....                                                                                                   | <b>113</b> |
| <b>Satybaldiyeva A.E.</b> The system of teaching in terms of performances, Ahmet Baytursunova.....                                                                                             | <b>116</b> |
| <b>Серікқалиева А.Қ.</b> Қазақ тілін танымдық тұрғыдан оқыту мәселесі.....                                                                                                                     |            |
| <b>Serkaliyeva A.</b> Cognitive aspect of training of the Kazakh language                                                                                                                      |            |
| <b>Охапова С.</b> Сахналық костюм образдарын дайындауға студенттердің көркемдік қызығушылығын дамыту.....                                                                                      | <b>119</b> |
| <b>Ohapova C.</b> Development of artistic interest by students in the preparation of the theatrical stage costume images.....                                                                  |            |
| <b>Уайдуллақызы Э., Қамысбаева Г.М.</b> Болашақ мамандардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру.....                                                                                            | <b>122</b> |
| <b>Uaydullakzy E., Kamysbaeva G.M.</b> Development of information culture of the future frame.....                                                                                             |            |
| <b>Уайдуллақызы Э., Нарал С.</b> Сын тұрғысынан ойлау технологиясы негізінде бастауыш сынып оқушыларының дарындылығын арттыру жолдары.....                                                     | <b>126</b> |
| <b>Uaydullakzy E., Naral S.</b> Ways to improve the talent of younger schoolboys on the basis of critical thinking techniques.....                                                             |            |
| <b>Уайдуллақызы Э., Боранбай А.</b> Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін рухани-адамгершілікке тәрбиелеу.....                                                                                   | <b>129</b> |
| <b>Uaydullakzy E., Kamysbaeva G.M.</b> Future primary school teachers of spiritual and moral education.....                                                                                    |            |
| <b>Уайдуллақызы Э., Фурсанова Д.</b> Роль педагогической деонтологии при повышении качества профессиональной подготовки учителя начальных классов с применением активных методов обучения..... | <b>133</b> |
| <b>Uaydullakzy E., Fursanova D.</b> Role in teaching deontology improve vocational training of primary school teachers with the use of active learning methods.....                            | <b>136</b> |
| <b>Уайдуллақызы Э., Ермагамбетова С.М.</b> Методика разработки контрольно-измерительных материалов по дисциплине «педагогическая деонтология».....                                             |            |
| <b>Uaydullakzy E., Ermagambetova S.M.</b> Methods of development of test materials on the subject "Educational deontology".....                                                                |            |
| <b>Сартаева Н.Т.</b> Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетке мотивациясы.....                                                                                                     | <b>140</b> |
| <b>Sartayeva N.T.</b> Motivation of primary school students to research...                                                                                                                     | <b>143</b> |

## ҒЫЛЫМДАҒЫ ЖАС ӨСКІН МОЛОДЕЖЬ В НАУКЕ YOUTH IN SCIENCE

|                                                                                       |            |
|---------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| <b>Амантай Ә.Ә.</b> Тарихи романдарды орта мектептерде оқыту ерекшеліктері.....       | <b>154</b> |
| <b>Amantai A.</b> Features teaching of historical novels in secondary schools         |            |
| <b>Хожаев Д.А.</b> Особенности распространения радиоволн.....                         |            |
| <b>Khozhayev D.</b> Features of radio wave propagation.....                           | <b>157</b> |
| <b>Сансызбаева Г.</b> Шерхан Мұртаза шығармалары тілінің көркемдік ерекшеліктері..... |            |
| <b>Sansyzbayeva G.</b> Artistic features of language work Sherkan Murtaza             | <b>160</b> |
| <b>Жұмалиева Ә.</b> Қазақ-орыс тілдеріндегі тілаларлық ауысым                         |            |

|                                                                                                                                       |     |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| (Тәуелсіздік алған жылдардан кейін енген кірме сөздер).....                                                                           | 162 |
| <b>Zhumalieva A.</b> Interlingual change in the Kazakh and Russian languages (Vzaimstvovannye words after years of Independence)..... | 163 |
| <b>Түймебай Б.</b> “Қара” сөзінің семантикалық өрісі.....                                                                             |     |
| <b>Tuymebay B.</b> The semantic development of the word "black".....                                                                  | 163 |
| Біздің авторлар. Наши авторы. Our authors.....                                                                                        |     |
| Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы «Жас ғалымдар» сериясының ғылыми мақалаларды қабылдау ережесі.....                                       |     |
| Правила приема научных статей в журнал «Вестник КазНПУ имени Абая» серия «Молодые ученые».....                                        |     |
| The rules of publishing scientific articles in journal “Vestnik. Series of “Young scientists. KazNPU named after Abai”.....           |     |

**ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР МӘСЕЛЕСІ**  
**ВОПРОСЫ ОБЩЕСТВЕННЫХ НАУК**  
**PROBLEMS OF SOCIAL SCIENCES**

ӘОЖ 811.411.21.04

**ЕРЕСЕКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ЕРТЕГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**  
**(АНТУАН ДЕ СЕНТ-ЭКЗЮПЕРИДІҢ «КІШКЕНТАЙ ХАНЗАДАСЫ» ЖАЙЫНДА)**

**Г.Б. Тоқшылықова** – *Абай ат. ҚазҰПУ, Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының магистр, аға оқыт.*

Мақалада әскери барлаушы ұшқыш, жазушы Антуан де Сент-Экзюперидің "Кішкентай ханзада" атты өміршең, аллегориялық туындысының негізгі идеясы, көтерген мәселесі сөз болады. Автордың шынайы өмір, ересектер жөнінде айтқысы келген ойы мен үні кішкентай баланың көзі, жүрегі, сөзі арқылы нанымды берілгендігі талданады. Адамдарға, ересектерге ой салу үшін адамзат игілігі үшін жасалған дүниенің ойран болып, қисапсыз қанның төгілуіне гуманист жазушының жүрегі шыдамай осы туындыны жазды. Жазғанда да өзінше бір жаңа тәсіл ойлап тапты. Яғни, бар ой, арман-мақсатын баланың сөзімен жеткізіп, әлемді кіршіксіз, тап-таза баланың көзімен таныды.

**Кілт сөздер:** ертегі, аллегория, бала, кішкентай, соғыс, адамгершілік

Әдебиет әлемінде басқа кәсіппен бірге шығармашылықты қатар алып жүрген жазушылар аз емес. Олардың қатарында неміс романтигі Гофман (заңгер), француздың сыншыл реалисі Мериме (тарихи ескерткіштерді қорғау инспекторы), тарихи роман жанрының негізін салушы Вальтер Скотт (шериф), әдебиет саласы бойынша Нобель сыйлығының иегері Уильям Черчилль (Ұлыбританияның премьер-министрі) секілді танымал тұлғалармен қатар Антуан де Сент-Экзюпери де айтуға болады. Экзюпери қамшының сабындай қысқа ғұмырын (44 жыл) әуе кемесін бағындыруға арнаған әскери ұшқыш барлаушы болды. Әскери мамандықпен қатар жазушылық кәсіппен шұғылданған жазушының «Атажұрт», «Адамдар планетасы», «Оңтүстік пошта», «Түнгі ұшу», «Цитадель» атты туындылары бар. Зерттеушілердің пайымдауынша, автордың мыңдаған оқырманның жүрегін жаулаған және көптеген атакты әдеби жұлделерді жеңіп алған «Адамдар планетасы» атты туындысы «Кішкентай ханзада» шығармасын жазуға алғашқы баспалдақ, дайындық кезеңі іспетті болған.

Жазушының аталған шығармаларының ішінде шоқтығы биік тұратын туындысы – «Кішкентай ханзада» шығармасы. Мұны оқырман қауым ересектерге арналған ертегі десе, әдебиеттанушылар аллегориялық ертегі, автобиографиялық туынды деп таниды. Қалай атасақ та, бұл шығармаға сыя береді. Себебі шығарманың көтерген мәселесі өзекті. Шындығында оның ересектерге арналған ертегі екендігінде ешкімнің дауы жоқ. Өйткені аталмыш туындыны ертегі деп атағанымызбен, оны ертегіге қызығатын кішкентай бала өз бетінше оқып түсіне алмайды. Себебі бұл көпқатпарлы, символ, метафора, аллегорияға толы дүние. Ересек адамның өзі шығарманы бір оқып шығып, жазушының айтқысы келген ойының бәрін бірден көңілге тоқып алады деп айта алмаймыз. Аспан әлемінде жаңалық ашқан түрік сұлтаны туралы: «бұл жұлдызды тек бір мәрте ғана, 1909 жылы түрік астрономы қуатты дүрбі арқылы байап қалған. Ғалым өзінің ашқан жаңалығын Халықаралық астрономиялық конгресте дүние жүзіне паш етеді. Бірақ оған ешкім сенбеген, өйткені ол ұлттық түрік киімін киіп шыққан екен... Бір тәуірі, түрік сұлтаны Б-612 жұлдызының атын сақтап қалу үшін өз халқын еуропалықтарша киінуге мәжбүр еткен... 1920 жылы сәнге сәйкес әдемі киінген астроном өзінің жаңалығы жайында тағы бір баян етеді. Бұл жолы барша жұрт оның айтқанын құптайды» деген жолдардың өзінен көп сырды, бұғып жатқан шындықты аңғаруға болады. Біріншіден, қандай жаңалықты ашып тұрса да, азия жұртшылығынан шығып, оның үстіне ұлттық киім киіп тұрған оқымыстыны еуропалық ғылыми ортаның қабылдамауы, мойындамауы байқалса; екіншіден, өз халқын күштеп еуропашаландыру арқылы көптеген жетістікке жеткен Ататүріктің әрекетін жалпы жұртшылық бірден түсіне қоймайды.

Екінші дүниежүзілік соғысты, фашизмнің катігездігін, билікқұмар пенделердің елерген есірігі үшін жазықсыз жандардың құрбан болып жатқанын өз көзімен көрген жазушы қоғамында болып жатқан озбырлықты тоқтатқысы келді, адам қолымен істеліп жатқан жауыздықты ауыздықтауды көздеді. Адамдарға, ересектерге ой салу үшін адамзат игілігі үшін жасалған дүниенің ойран болып, қисапсыз қанның төгілуіне гуманист жазушының жүрегі шыдамай осы туындыны жазды. Жазғанда да өзінше бір жаңа тәсіл ойлап тапты. Яғни, бар ой, арман-мақсатын баланың сөзімен жеткізіп, әлемді кіршіксіз, тап-таза баланың көзімен таныды. Кішкентай баланы сөйлету арқылы ол өз қоғамында орын алып жатқан әділетсіздікті түсінбейтінін, түсінгісі де келмейтінін ашық айтты. Ағылшын әдебиетінің өкілі Алек

Голдинг те екінші дүниежүзілік соғысты өз көзімен көріп, оның салған жазылмас зардаптарының шын мәнінде көп адам өмірінің астаң-кестенін шығарып, соғыс сұмдықтары, фашизмнің қатігездігі талай адамды бақытсыздыққа душар еткендігінің куәгері болды. Жазушының түсінігінше, адамдар жауыздықты оп-оңай, тез әрі үйреншікті әрекетіндей жасайды. «Соғыс даласын көріп, мен адамдардың неге қабілетті екендігін жақсы түсіндім. Адамдардың бір-біріне жауыздықты араның гүлден бал жинағанындай оп-оңай жасайтындығын түсінбеген адамның көкірек көзі жабық немесе есі дұрыс емес» деп шошына жазады Голдинг. Гуманист Экзюпери де Голдинг секілді асқан қатігездікпен қисапсыз төгілген қаннан қорықты, жаны түршікті. Мұны Экзюперидің 1939 жылы жазылған хатындағы «Мен бұл соғысқа қатысуға міндеттімін. Өйткені менің жаным жақын, жақсы көретін, сүйетін нәрсемнің бәріне қауіп төніп тұр. Прованс отқа оранғанда оған бей-жай қарап қала алмағандар қолына шелегі мен күрегін алып жүгірді. Сол секілді менің де шайқасқым келеді, бұған мені ішкі жан дүнием, дінім мен махаббатым итермелеп отыр. Мен бұл жайды сырттай бақылап, қалыс қала алмаймын» [1] деген сөздері де растайды.

Соғыстың әлі де жалғаса беретінін түсінген жазушы бәрін тастап Америкаға кетіп қалады. Америкаға келгенде ол мұндағы француз еркін эмигранттарымен араласып кете алмады. Себебі, олардың неше түрлі алып қашты сөзге еріп, өз беттерінше ұйым құрып, одан қала берді пендешілікке салынғандығына жазушы төзе алмады. Сол үшін бәрінен, барлық былықтан бойын алшақ ұстап, жалғыз қалды. Ал бұл жалғыздық жазушыны рухани тоқыратып, күйзеліске әкелді деп айта алмаймыз. Әлем әдебиетінде жалғыздықтың азабын көп тартқан, бірақ соның нәтижесінде көркем туындылар тудырған мысал атасы – Эзопты айтуымызға болады. Грек әдебиетінің архаикалық кезеңінің өкілі Эзоп бүкір құл болды. Бүкір болғандығы үшін өзі секілді құлдардан бір қорлық көрсе, құл ретінде қожайынынан екі есе қорлық көрді. Жан баласы өзін менсінбей, адам қатарына санамай, ешкім онымен сыр бөліспек түгілі, тілдесуді қаламағандықтан Эзоп байғұс жалғыздықта жаны жапа шекті. Осы жалғыздық, адамдарға деген ашу-ыза, реніші күндердің күнінде мысал болып жарып шықты. Эзоптың адамзат баласы туралы барлық ойы мен көзқарасы, айтайын деген ойы мысалдарында көрініс тапты. Сол секілді Америкадағы жалғыздықтың нәтижесінде Антуан де Сент-Экзюперидің дүниеге «Кішкентай ханзада» атты туындысы келді. Ертегі деп саналатын бұл туындының көтерер жүгі ауыр. Ондағы көтерілген проблема біздің қоғамымызда қазір де бар. Сондықтан да бұл шығарманың оқырмандары күн санап көбейіп келеді. Әлемнің бірнеше тілдеріне аударылып, миллиондаған тиражбен басылып шығуын да осымен түсіндіруге болады. Нақтырақ айтсақ, шығарма 1943 жылы Нью-Йоркте жазылып, жарық көрсе, Францияда 1946 жылы соғыстан кейін жарияланды. Міне, осы кезеңнен бастап аталмыш туынды миллиондаған оқырмандардың жүрегін жаулап, үсті-үстіне шығарылып келеді. Бүгінде «Кішкентай ханзада» 180 тіл мен диалектілерге аударылған, соның ішінде еуропалық, азиялық, африкалық, американдық негізгі тілдерде жарық көргенін айтпағанның өзінде, Италияда фриуль, Малиде бамана, Испанияда арагон, Кюрасаода креол, Францияда гаскон диалектісіне аударылған. Тіпті Үндістанның өзінде хинди, телугу, маратхи, панжаб, тамиль, малайяла, бенгал, конкани тілдерінде, Қытайда 30-дан, Кореяда 60-тан астам басылымы жарық көрген. Ал қазақ тіліне түпнұсқадан Жанар Қонаева аударған (2013). Бұл жөнінде Е.Шайхыұлы: «Экзюпери кейіпкерлері бейбітшілік, ғаламшарымызды сақтау, балаларды қорғау, сабырлылық, мәдениет алмасу және білім алуға құқық секілді адами құндылықтардың әлемдік бейнесі мен таратушысына айналды» деп дәл көрсеткен [2].

Балаларға арналған ертегі дегенімізбен бір оқып шығып, өз бетінше түсіну қиын. Біріншіден, ханзаданың аралайтын «планеталарына» көңіл бөлсек; 325 астероидта барша қарапайым халық ол үшін «қара халық» саналатын патша, 326 астероидта атаққұмар, 327 астероидта маскүнем, 328 астероидта өзін «байсалды, ұлағатты кісі» санайтын, мұрнынан шаншылып, ештеңеге қолы тимей есептеп жатқан, не үшін есептеп жатқанын өзі де түсінбейтін іскер адамға кездеседі. Ал кішкентай баланың жан-дүниесі үшін маскүнемдік, атаққұмарлық, даңғойлық, мақтаншақтық деген мүлде түсініксіз, жаман қасиеттер. Баланы қызықтыратын қызыл-жасыл әлем, түрлі ойыншықтар екенін білсе де Экзюпери ертегіші Андерсен сияқты өз оқырмандарын – балаларды түрлі ойыншықтар әлеміне, қайырымды жандар мен бар арманын орындайтын сиқыршылардың арасына апармайды. Ол балаға қоршаған ортаның, қоғамның шынайы бейнесін, ащы шындығын ашып көрсетеді. Яғни өмірдің барлық көлеңкелі тұстарын шымылдыңтың артына жасырып, шығарманы бақыт, қуанышпен аяқтап оқырмандарын алдағысы келмейді (Теккерей стилі). Сыншыл реалистер секілді «қарғыс атқан қоғамның» бар шындығын жайып салады. Екіншіден, мұнда ой ашық айтылмайды, жазушы астарлап, тұспалдап жеткізеді. Мысалы, жоғарыда айтып өткеніміздей, түрік астрономы жаңалығын конгресте паш еткенімен, оны ешкім мойындамайды да, ешкім оған сенбейді де. Өйткені ол өзінің ұлттық түрік киімін киіп шыққан. Бірақ түрік елінің басшысы, сұлтаны өз ұлтынан шыққан ғалымның аты сақталып, еңбегі мойындалу үшін барлық халқын мәжбүрлеп еуропаша киіндіріп, 1920 жылы сәнге сәйкес киініп шығып, астроном өз жаңалығын қайта айтқанда, барлығы оны бірауыздан құптайды. Автордың бұл жазып отырған

мысалынан Түрік елінде үлкен реформа жасап, барлық жұртшылықты сауаттандырып, еуропашалануға әкелген, бар саналы ғұмырын өз ұлтының жарқын болашағы жолында сарп еткен Мұстафа Ататүрікті тану қиын емес. Ал жазушының осы арқылы айтқысы келгені – нәсілдік кемсітушілікке қарсылығы. Ол азиялық тайпаларды көп уақытқа дейін еуропалықтардың менсінбей, мойындай қоймағанын меңзеп отыр. Экзюпери жан-дүниесімен осындай дүниелерге қарсы болды, ол бүкіл адамзат баласын ақ, қара деп бөлмей, тең қарады. Соның арқасында ол ұшағы бұзылып, шөл далада қаншама еуропалықтар «жабайы, тағы» деп таныған тайпалардың қолына түсіп, ажал бұлты төніп тұрғанда да аман қалды. Олармен тіл табыса білді, себебі оның жүрегі кең болды. Оны тіпті арабтар «құстар капитаны» деп атады.

М.Горькийдің «балаларға арналған дүниені ересектердікінен де артық етіп жазу керек» дегені белгілі. Шығармада жиі қолданылатын сөздер: кішкентай – үлкендер. Кішкентай сөзі тек ханзадаға қатысты қолданылса, үлкендер жөніндегі жазушының ойы бір арнаға саяды: «үлкендер ешкімге сенбейтін халық», «үлкендер қызық халық», «үлкендер шынымен де түсініксіз, таңғаларлық жандар», «үлкендер кінәлі» дегенді көп айтады. Тіпті «оларға ашуланудың қажеті жоқ» деп қорытады. Кейде автордың айтқан уәжіне тоқтап, бұл ойымен келісуге де болатындай. Мәселен, баласы «жаңа дос таптым» деп келсе, ата-анасын оның досының даусы қандай екендігі, қандай ойын түрін ұнататыны қызықтырмайды. Керісінше, жасы, қанша ағайынды, әкесінің қанша ақша табатындығы қызықтырады. Ал кішкентай баласы, оның психологиясы үшін ең маңыздысы – досы екеуінің тіл табысып, бір ойынды қызыға, құмары қанғанша ойнауы шынында да үлкендер үшін маңызды емес. Шығармада үлкендердің әрекеті барынша сынға алынады: «адамдар бірдеңе білейін деп талпынбайды, оған тіпті уақыттары да жоқ. Олар саудагерлерден дап-дайын заттарды сатып ала салады. Дайын достар сататын дүкен болмағандықтан, адамдар достарсыз қалады»; «адамның көңілі тұрған жеріне ешқашан толмайды. Адамдар жүрдек пойызға қысыла-қымтырыла мініп алады, бірақ не іздеп жүргендерін өздері де білмейді. Сонда да олар бір жерде тыныш отыра алмай, ары-бері сапырылысады». Осындай сарындағы тіркестер ертегіде көптеп кездеседі. Хаосқа толы мына әлем жаны таза, барлық нәрседен тек жақсылық іздеп тұратын кішкентай ханзада үшін мүлде түсініксіз. Оның «адамдар бір бақтың өзінде бес мыңдап раушан гүлін өсіреді, сондықтан олар оның ішінен өздерінің іздеген жалғыз нәрсесін таба алмайды. Әйтсе де іздегендерін жалғыз бір гүлден немесе азғана судың көмегімен табуға болар еді ғой» [3,80] деуі де бекер емес.

Ал балаларға деген автордың көзқарасы ерекше. «Балалар үлкендерге мейірімділікпен қарап, олардың кемшіліктерін кешіре білулері керек» дейді автор. Яғни үлкендер өздерінің балалардың алдындағы міндетін дұрыс атқара алмайды, атқара алмағандығы үшін өздерін ұятты сезінуі былай тұрсын, тіпті кінәліміз деп те ойламайды. Оларға қарағанда балалар ақылды, балалар көп нәрсені түсінеді, себебі олардың бойында түсінуге, білуге деген талпыныс бар. Сондықтан балалар үлкендердің өздері байқамаған кемшіліктерін кешіре алады деп пайымдайды. Суреткердің «жүректің ғана көзі өткір» деуі бекер емес. Баланың жүрегі таза, сол себепті ол ақ пен қараны ажырата алады. Ал ересектер, яғни үлкендер тек материалдық жағдайын бірінші орынға қойғандықтан, шынайы өмірде баланың жүрегі, тілегі назардан тыс қалып жатады.

Түйіндей келгенде, кішкентай ханзада секілді шындық, махаббат, жауапкершілік, сенгіштік, мейірімділік сынды барлық ізгі қасиеттерді бойына сіңірген бала жүрегінің аңғалдығы, албырттығы, тазалығын дәріптейтін мұндай туындылар ғасырлар бойы өмір сүретіндігі анық. Себебі адамгершілік сезімді жоғары қойып, насихаттайтын шығармаларды оқу адам жанын ізгілендіріп, оның бойына жақсылық пен мейірімділіктің дәнін себеді. Аспан әлемінде із-түзсіз жоғалған жазушы Антуан де Сент-Экзюперидің (1944) өзі: «мені жазған дүниелерімнің ішінен іздендер» деген екен. Шындығында өмірді, туған Отанын шексіз сүйген жазушының бұл туындысынан адам баласына деген үлкен махаббатты аңғармау қиын емес. Үлкен сезімдер ғана осындай мәңгілік туындыларды тудыра алмақ.

1 Цендровский О.Ю. *Философия Антуана де Сент-Экзюпери: опыт реконструкции* // *Филологические исследования*. – 2013. – №4. С. 1-33. URL: [http://www.e-notabene.ru/fil/article\\_10651.html](http://www.e-notabene.ru/fil/article_10651.html)

2 Шайхыұлы Е. *Оқырман қолында – «Кішкентай ханзада»* // *Айқын*. 04.10.2013.

3 Сент-Экзюпери А. де. *Кішкентай ханзада*. Ауд. Ж.Қонаева. – Алматы: Атамұра, 2013. – 96 бет.

#### Резюме

**Тоқшылықова Г.Б.** - Ст преподаватель кафедры казахский язык и литературы, КазНПУ им. Абая

**Особенности сказок для взрослых** (на основе сказки А. де. Сент экзюпери Маленький Принц)

В данной статье рассматривается вопрос о главной идее и основных поднятых проблемах произведения военного разведчика, летчика и писателя Антуана де Сент-Экзюпери «Маленький принц». Реальная жизнь автора и правдивые мысли о жизни взрослых мастерски показаны взглядом маленького мальчика, пронизаны его сердцем и словами.

**Ключевые слова:** сказка, аллегория, дети, маленький, война, нравственность

#### Summary



**Tocshylycova G.B.** - St the teacher of chair the Kazakh language and literatures, KAZNPU of Abay

**Specific features of fairy tales for adults** (based on the fairy tale by A. de . Saint Exupery's The Little Prince )

This article discusses the main idea and the main problems of the novel "The Little Prince" written by the military officer, aviator and writer Antoine de Saint-Exupery. The real life of the author and truthful ideas about the life of adults were masterfully described through the words of a little boy and were depicted from his view point.

**Keywords:** tale, allegory, children, small, war, morality

ӘОЖ 811.93

## ХАЛЕЛ ДОСМҰМЕДҰЛЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МҰРАСЫ

**Ж.Әшіров** – Абай ат. ҚазҰПУ, Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының магистр, аға оқытушысы

Мақалада халықтың бүтін болмысы мен тұтас танымының көрінісі тілде жатқанын ерте танып, ата тілге араша түскен ардагер тұлғаларымыздың бірегейі – Халел Досмұхамедұлының лингвистикалық мұрасы қарастырылған. Қоғам өмірінің сан салалы мәселелеріне араласқан көп қырлы дарын иесінің тіл білімімен байланысты туындылары да осы үшінші кезеңде дүниеге келді. Ғалымның тіл, әдебиет саласындағы ізденістері мен қайраткерлігі біртұтас, бағыттас болды.

**Кілт сөздер:** лингвистика, тұлға, ғылыми мұра, термин, сингорманизм, дыбыс, графика

Тіл – халықтың қазыналы мұрасы. Өткен жиырмамыншы ғасырдың басында халық қызметіне келген елеулі топ өкілдерінің қай-қайсысын алсаңыз да, өз елін өркениет биігінен көру мақсатында ғылымын, қайраткерлігі мен шығармашылығын этностық құндылықтармен байланыстырады, соларға негіздейді. Халықтың бүтін болмысы мен тұтас танымының көрінісі тілде жатқанын ерте танып, ата тілге араша түскен ардагер тұлғаларымыздың бірегейі – Халел Досмұхамедұлы.

Халел Досмұхамедұлы қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданындағы Тайсойған құмында 1883 жылдың сәуір айында дүниеге келген. Ауыл молдасынан хат таныған Х.Досмұхамедұлы жергілікті орыс-қазақ мектебінде білім алады, Орал қаласындағы әскери-реалды училищені үздік аяқтайды. 1903 жылы Петербордағы әскери-медицина академиясына оқуға қабылданып, 1909 жылы алтын медальмен тамамдайды. Оқу орнынан кейін 1909-1913 жылдар аралығында Ресей және Қазақ жері аумағындағы әскери мекемелерде дәрігерлік қызметте болады. 1913-1917 жылдар аралығында ел аумағында дәрігерлік қызмет атқарады.

Ұлтжанды азаматтың өмірі мен шығармашылығын, қайраткерлігін зерттеушілер шартты түрде төрт кезеңге бөледі:

«Бар-жоғы 55-56 жыл ғұмыр кешкен Халекеннің қысқа да мәнді тәржіме халін (өмірбаянын), біздіңше, төрт кезеңге бөліп қарастырған орынды:

- 1) Тұлғалану жылдары (1916-ншы дүрбелең жылдарға дейін);
- 2) Ат үстінде өткен күрес жылдары (1916-1920);
- 3) Ғылыми-шығармашылық һәм қоғамдық педагогикалық қызметпен айналысқан жылдары (1921-1928);
- 4) Қуғын-сүргінге ұшыраған азапты жылдары (1929-1939)». (1,12 б.)

Қоғам өмірінің сан салалы мәселелеріне араласқан көп қырлы дарын иесінің тіл білімімен байланысты туындылары да осы үшінші кезеңде дүниеге келді. Ғалымның тіл, әдебиет саласындағы ізденістері мен қайраткерлігі біртұтас, бағыттас болды. 1922 жылы Түркістан АССР-інің орталығы Ташкент қаласында қазақ зиялылары ұлттың өркендеуіне бағытталған «Талап» атты деби-мәдени қауымдастық құрды. «Оның көш басында “Алаш” қозғалысының белгілі қайраткерлерінің бірі Халел Досмұхамедов тұрды. Бұл ұйым мемлекеттік ғылыми кеңестің жанынан қазақ-қырғыз мәдениетін көркейтушілер қауымы “Талап” деген атпен құрылды. Қауымның мақсаттары былай анықталды: қазақ-қырғыз халқының әдеби тілін, ғылым атауларын (терминология), емлесін, әрі басқа мәселелерді тексеру; ұлт өнерін тәптештеу; қазақ-қырғыз халқының тарихын әрі салтын тексеріп қарастыру; қазақ-қырғыз мектептерінде оқыту мәселесін реттеп, жөнге салу; қазақ-қырғыз халқының білім қызметкерлеріне әрі өнер қайраткерлеріне жәрдем көрсету» (2,96 б.).

Шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік туған, Ташкентте өткізген өмірінің кезеңі Х.Досмұхамедовтың ұйымдастырушылық, ғылыми-педагогикалық талантын жарқырата көрсетті. Халел бір басына бірнеше қызметтерді қатар атқара жүріп, ұлттық мектептердің жаңа жүйесін құруға, қазақ тіліндегі ғылыми еңбектер жазу және терминология жасау ісіне белсене араласты.

Негізгі мамандығы дәрігер ғалымның тіл біліміне қатысты еңбектері ғылыми шығармашылығында аса

құнды оқшау бір топ құрайды. Х.Досмұхамедұлын тілші маман ретінде тануымызға оның 1924 жылы 51 беттік кітапша түрінде басылып шыққан «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты еңбегін, «Диуани лұғат ат-түрк» атты мақаласын (1923) және әліпби мен жазу мәселесі және терминология (пән сөздері) туралы (1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының съезінде сөйлеген сөздері, латын жазуына байланысты байламдары негіз болады.

Тілші-ғалым Халел Досмұхамедұлының тіл туралы негізі пайымы «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» деп аталатын еңбегінде берілген. Автор өз еңбегінде тілдің дыбыстық табиғатының үйлесімін тілдің ішкі құрылымдық (сөзжасамдық, түркі, оның ішінде қазақ тілінің жалғамалық сипаты т.б.) заңдылықтарымен тығыз бірлестікте қарастырады. Ғалым тілдің ұлттық ерекшелігін танытатын табиғи заңдылықты талдамас бұрын, тілдің таза сипатта дамуына кедергі болып отырған экстрлингвистикалық факторларды анықтап алады. «*Оянған жұрт қарқынды келеді. Елестеген мұратқа жету үшін көбіне алды-артына, жан-жағына қарамай екпіндейді. Әдет, заң, тіл секілді өзінде барды кемге санап, соларды жылдамырақ көңілдегідей өзгертуге салынады. Жаймен тергеп, ақырындап тексеруге, талпынған жүрек сабыр бермейді. Қарқынды жарыста, екпінді жұмыста елдің елдігіне негіз болып тұрған нәрселенің де абайламастан өзгеріп кететіні болады. Мәдениет құған жұрттың ең алдымен тілі өзгермекші. Шеттен кірген біліммен, әдетпен, заңмен жаңалықтарға ұғым беретін жаңа сөздер де келмекші*» (1, 139 б.). Автордың бұл пайымдауында өткен ғасырдың басындағы қазақ өміріндегі, тұрмысы мен шаруашылығындағы бетбұрыс кезеңнің тілге әсері мен өзгерістер кезеңіндегі халықтың психологиясы тұтас қамтылған. Халел Досмұхамедұлы шет жұрттың, білімі артық, мәдениеті озық елдің білімін үйренуді, әдетіне дағдылануды, заңын меңгеруді теріске шығармайды. Жалғыз-ақ «елдің елдігіне негіз болып тұрған» тіл сияқты байлығымыздың кемге саналмай, таза, саф қалпында сақталуын көздейді. «Топан судай қаптап, тілімізді жат сөздер басып бара жатқан мезгілде тіліміздің ескерілмей ұмтылуға айналған тіліміздің негізгі бір» заңын жат сөзге тосқауыл көреді. Бұл заң – қазіргі қазақ тілінің фонетика ғылымында зерттелініп, теориялық тұжырымдары толықтай дерлік анықталған Сингармонизм заңы. Үндесім заңы – «буын не сөз құрамындағы дауысты, дауыссыз дыбыстардың бір әуезбен айтылуы. Тілде сөздің құрамындағы дыбыстарды ұйыстырып, бүтін сөз етіп тұратын лингвистикалық құбылыс» (3). «Сингармонизм (грек. *sun* – бірге, *harmonia* – байланыс, үндесу) - түркі тілдеріне тән аса күшті заң» (4, 12 б.). «Қазақ тіліне тән сөз просодикасы үндесім (сингармонизм) болып табылады. Егер қазақ тілінде үндесім әуезі дұрыс айтылмаса, ол қазақ сөзі болмады немесе сөз мағынасы өзгеріп кетеді. » (5, 226.).

«Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңында» Халел Досмұхамедұлы тілдің фонетикалық иірімдерін ғылыми дәлдікпен айқындай алған. Автор қазақ тіліне тән дыбыстық үйлесімділікті тек дауыстылардан іздемейді, дауыссыз дыбыстардың да үйлесімділік танытатынына баса назар аударады. «*Бір сөздің я жуан, я жіңішке болып екі түрлі айтылуы қазақ-қырғыз тіліндегі ар дыбыстың біресе жуан, біресе жіңішке болып қос айтылуынан. Дыбыс жуан айтылғанда тілдің түбімен айтылып, тамақтан (көмекейден) шыққандай болып сезіледі; сол дыбыс жіңішке айтылғанда тілдің ұшымен сөйлегендей болып, ауыздың алдыңы жағынан шыққандай болып сезіледі*» (1, 140 б.).

Х.Досмұхамедұлы өз еңбегінде тілдің басты дыбыстық заңдылығын тілдік құрылымнан тыс қарастырмайды, қазақ тілінің (түркі тілдерінің) морфологиялық сипатының өзгешелігімен тығыз байланыста қарастырады. Шындығында да, «Қазақ тілі морфологиясының жіктелім ерекшелігі оның жалғамалылығында (агглютинатив), басқаша айтқанда морфологиялық өзгерістер түбір+қосымша (немесе қосымшалар) тіркесінен болып жатады. Мұндай тілдік құбылыс қазақ тіліне тән болғандықтан, оны қазақ тілінің жіктелім белгісі деп қабылдау керек» (5, 216.). Тілші ғалым сөз етіп отырған тіл заңын морфологиялық бірліктердің деңгейінде қарастырады. Сөз түбірі сингармонизм заңына бағынатыны дәлелденген соң, қосымша деңгейіндегі бірліктері шын және шала жұрнақтарға жіктеліп тілдің дыбыстық табиғатына негізделген түсініктер беріледі. Автор шала жұрнақтарды сөз еткенде олардың дыбыстық табиғаты мен түбірге әсерін ашып көрсетеді.

Х.Досмұхамедұлы еңбегіндегі сингармонизмнің тағы бір көрінісі – тілдің осы заңдылық арқылы кірме сөздерді игеруі. Тілдің кірме элементті лексикасын игеруде автор кірме сөздердің арнасын анықтап (араб, парсы сөздері және ауропа сөздері) әдеби (әдебиет) тілдің түзілісіне төндіретін қаупін сарлайды. Түзілісін жаңа бастаған әдеби тілдің сингармонизм заңдылығымен сараланған қара тілге негізделуін көздейді, шұбарланған «шатақ» тілден сақтаған факторлар ретінде көшелі өмір салты мен ауызша айтылған әдебиет байлығын атап көрсетеді.

Қорыта айтқанда, Халел Досмұхамедұлы «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты еңбегінде қазақ тілінің әуезділік сипатын фонетика ғылымы аясында ғана емес, тілдің ұлттық сипаты ретінде танытты. Осы ұлттық ерекшелік белгіні графикада (шын және шала жұрнақтардың, қос сөздердің

жазылуы), әдеби тілдік норманың қалыптасуында да негіз етуді мақсат тұтты. Осы арқылы тілші ғалым тілдің фонетикалық сапа белгісін тек теория жүзінде ғана емес, іс жүзіндегі маңызын айқындап берді. Тіліміздің басты фонетикалық заңын ұлттық оқу ретінде меңгеріп алмай, өзге тілді оқу үлкен қауіп екенін шебер дәлелдеді.

1 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: «Ана тілі». 1998.

2 Ахметов Қ.Ә. Алаш зиялыларының 20-жылдардағы оқу-ағарту саласындағы қызметі // «Алаш және Әуезов» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары 2007 жыл, 8 қараша.

3 [https://kk.wikipedia.org/wiki/Үндестік\\_заңы](https://kk.wikipedia.org/wiki/Үндестік_заңы).

4 Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі – Алматы: «Сөздік – Словарь». 1999.

5 Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы – Алматы: «Арыс». 2009.

#### **Резюме**

**Аширов Ж.** – ст. преподаватель КазНПУ им. Абая  
**Лингвистическая наследия Халела Досмұмедұлы**

В данной статье рассматриваются фонетические особенности казахского языка в исследованиях Х.Досмұхамедұлы.

**Ключевые слова:** лингвистика, личность, научный наследие, термин, сингорманизм, фонема, графика

#### **Summary**

**Ashirov Zh.** – The Art. the teacher of KazNPU of Abay  
**Linguistic Harel Dosmumedula's heritages**

This article describes phonetic features of the Kazakh language studies H.Dosmuhameduly.

**Keywords:** linguistics, personality, scientific heritage, term, singormanizm, phoneme, graphics

УДК 321.022

## **ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ ОРГАНИЗАЦИИ И РАЗВИТИЯ МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ**

**Б.Л. Махмутов** – доктор философии (PhD), КазНПУ им. Абая

В статье рассматривается зарубежный опыт организации и развития местного самоуправления. Приводятся примеры нескольких типов организации и функционирования муниципальных учреждений зарубежных стран. На примере зарубежных стран автор пытается сделать выводы.

**Ключевые слова:** Зарубежный опыт, Вопросы местного значения, Государственное управление, Децентрализация, Местное самоуправление, Органы местного самоуправления, Самоуправление

В настоящее время наиболее существенными признаками системы местного самоуправления в зарубежных странах является их универсальная выборность и значительная самостоятельность в решении местных вопросов. Эта самостоятельность опирается на муниципальную собственность, право взимания и распоряжения местными налогами, возможность принятия широкого круга нормативных актов по вопросам местного управления, распоряжение местной полицией и т.д.

Местное самоуправление является неперенным атрибутом любого современного демократического общества. Зарубежный муниципализм знает громадное количество разнообразных моделей и типов организации местного самоуправления. Различия в построении систем местного самоуправления зависят от многих факторов: политического режима, доминирующей в стране идеи организации власти и управления на местах, государственного устройства и административно-территориального деления государства, национальных традиций и пр.

В настоящее время в научной литературе наиболее часто встречается классификация известных в мировой практике моделей организации власти на местах, в основе которой лежат отношения между органами местного самоуправления и органами центральной власти.

В зарубежных странах существует несколько типов организации и функционирования муниципальных учреждений. Среди них принято выделять: англо-саксонскую муниципальную систему, континентальную (французскую) модель местного управления, местное (коммунальное) самоуправление Германии, в рамках которых применяются различные формы и разновидности.

Англо-саксонская муниципальная система сложилась в Великобритании. Действует также в США, Канаде, Австралии, Новой Зеландии и других странах. Суть этой системы в том, что местные органы рассматриваются как автономные образования, действующие в пределах предоставленных им законом полномочий. Отсутствует прямое подчинение нижестоящих органов вышестоящим, на местах нет

уполномоченных центрального правительства. Наряду с представительными органами, которые непосредственно избирают населением административно-территориальных единиц, могут также избираться некоторые должностные лица. Контроль за деятельностью местных органов осуществляется косвенным путем - через центральные министерства и через суд. Для обозначения организации и деятельности местных органов в законодательстве применяется термин «местное управление», а само местное управление является составной частью механизма государства.

Местное самоуправление и управление в Великобритании характеризуется разнообразием и регулируется большим числом актов. В большинстве случаев самоуправление осуществляется через советы, избираемые жителями соответствующих политико-административных единиц. В Англии действуют советы графств, административных округов и приходов, в Уэльсе - советы графств, городов-графств и общин, в Шотландии - советы территориальных единиц местного управления и советы общин, в Северной Ирландии - советы округов и приходов. В приходах численностью менее 150 избирателей советы не образуются, а решения принимаются на общих собраниях избирателей.

Континентальная (французская) модель местного самоуправления применяется в большинстве стран континентальной Европы, франкоязычной Африке, в Латинской Америке, на Ближнем Востоке. Эта модель основывается на сочетании прямого государственного управления на местах и местного самоуправления. Существует подчиненность нижестоящих звеньев вышестоящим. Родоначальницей этой модели выступает Франция [1].

Во Франции традиционно существует высокая степень централизации местного управления и самоуправления, что проявляется в системе административного контроля центральной власти за местными органами. Поведенная во Франции в начале 80-х годов реформа несколько снизила такую централизацию, расширила полномочия территориальных коллективов, обеспечила им большую самостоятельность, но сохранила за центральной властью сильные позиции на местах. На местном уровне имеется специальный уполномоченный правительства, который осуществляет контроль за органами местного самоуправления. В каждом департаменте есть представитель государства (комиссар республики), осуществляющий административный контроль за законностью решений, принимаемых коммунами, которые являются основой местного самоуправления. Во Франции насчитывается более 36 тысяч коммун, 90 % из них имеют менее 2000 жителей. Каждая коммуна имеет совет, который избирает из своего состава мэра. Мэр - одновременно и государственный служащий и глава местного самоуправления. Органы территориально-местного самоуправления имеются также в 96 департаментах, 22 регионах и округах Парижа, Марселя и Лиона.

Местное (коммунальное) самоуправление в Германии рассматривается многими авторами в качестве самостоятельной модели. В рамках этой модели выделяются четыре типа общин: южногерманский; магистральный; бургомистерский; северогерманский.

Системы местного самоуправления в современных государствах строятся на основе административно-территориального деления страны. Само административно-территориальное устройство любой страны представляет собой важнейшую часть государственной организации. Это устройство в большинстве случаев носит сугубо консервативный характер. Оно обычно редко подвергается конкретной ломке, не испытывает на себе серьезных изменений даже в условиях принятия новых конституций и конституционных законов, затрагивающих другие аспекты в организации государства [2].

Административно-территориальное деление страны складывалось, как правило, под влиянием чисто географических факторов с учетом экономической, социальной и демографической ситуаций. Изменение этих факторов, особенно в условиях научно-технического прогресса, конечно, оказывает влияние на перестройку административно-территориального устройства страны, но касается это больше промышленных регионов. В крупнейших зарубежных государствах (США, ФРГ, Испании, Швейцарии и других) основы современной системы административно-территориального деления сложились еще в XIX веке, а в Великобритании эти основы восходят к эпохе раннего феодализма. Поэтому в системе административно-территориального деления зарубежных стран до сих пор могут сохраняться явно устаревшие территориальные единицы, небольшие по территории, потерявшие экономическую, а иногда демографическую основу для своего существования.

Система местного самоуправления в современных государствах может включать в себя по вертикали от двух до пяти звеньев. Двухзвенная структура административно-территориального деления (Дания, Коста-Рика и др.) и трехзвенная (Италия, Индия и др.) являются наиболее распространенными и удобными с точки зрения местного управления. Четырехзвенная и пятизвенная системы административно-территориального деления встречаются значительно реже. При этом, естественно, в различных странах существуют серьезные отличия в характере и роли отдельных видов административно-территориальных

единиц.

Органы местного самоуправления различаются по степени централизации взаимоотношений с вышестоящими органами. Одна система местного самоуправления построена на принципах прямого подчинения нижестоящих органов вышестоящим (Италия, Франция, ФРГ). Наряду с этим ряд стран придерживается откровенно автономной системы, при которой прямое подчинение по вертикали юридически отсутствует, а если на практике осуществляется, то в очень ограниченной форме (США, Великобритания).

Во втором случае органы местного самоуправления обладают довольно большой самостоятельностью по отношению к вышестоящим органам. В этом случае установлена и достаточно широкая система выборности этих органов. В некоторых странах прямая система соподчиненности осуществляется путем так называемой «координации» деятельности нижестоящих органов (Япония).

Иногда деятельность органов местного самоуправления поставлена под прямой контроль специальных государственных органов. Чаще всего они подконтрольны органам министерства внутренних дел (Великобритания), в других странах может создаваться даже специальное подразделение в составе правительства (министерство по делам местного самоуправления).

В ряде стран (Франция, Италия и др.) в административно – территориальные единицы назначаются полномочные представители правительства, которые осуществляют административный надзор за деятельностью выборных органов местного самоуправления и их исполнительных органов, что ставит эти органы под постоянный контроль со стороны центральных властей.

Представители центральных властей, осуществляя административный надзор в отношении органов местного самоуправления, могут проверить законность актов, принятых этими органами и их соответствие действующему законодательству. Иногда решения органов местного самоуправления не вступают в силу до ознакомления с ними председателя правительства. Если в специально установленный срок от него не поступает принципиальных возражений, решение вступает в законную силу. Отменить решение органа местного самоуправления администратор не имеет права, но может оспорить это решение в судебном порядке.

В свою очередь органы местного самоуправления могут в судебном порядке защищать свои права, объем своей компетенции в случае попыток нарушения автономии этих органов не только от председателя правительства, главы государства, парламента страны.

В административно-территориальном делении в современных странах наблюдается большое разнообразие, диктуемое во многом историческими традициями и экономической целесообразностью, поэтому и характерной чертой местного самоуправления является чрезвычайное разнообразие организационных форм их построения и прямая зависимость их от местных условий (географических, социально-экономических, производственных, демографических и т.д.). В американских штатах, например, основными административно-территориальными подразделениями являются графства, которых насчитывается свыше трех тысяч. Они различаются по численности населения и размерам территории. В ряде штатов графства делятся на тауны и тауншипы – т.е. свободный тип компактных городских и сельских поселений. Американские города, как правило. Относятся к типу муниципальных корпораций, в которых проживает около 2/3 населения всей страны. Административно-территориальная организация в США предлагает и особые подразделения в штатах – специальные округа, которые создаются для управления теми направлениями местной жизни, которые исключены из компетенции местных органов самоуправления. Специальные округа имеют свои органы управления или комиссии, которые или полностью избираются населением, или назначаются штатами или графствами, поэтому они выступают в роли проводников общей политики штата или графства (например, школьные округа). Школьные округа создаются для руководства школами и их финансирования. Кроме того, школьные округа создаются с целью вывести школы из сферы влияния политических партий. Специальные округа создаются и для выполнения самых разнообразных функций: пожарной охраны, жилищного строительства, водоснабжения, транспортных услуг и т.д. такие округа обычно создаются в условиях, когда органы местного самоуправления по тем или иным причинам не в состоянии обеспечить населению определенный вид тех или иных услуг.

В Великобритании территория делится на графства, а графства – на округа, охватывающие как городские, так и сельские поселения. Низовыми территориальными подразделениями в Англии являются приходы, а в Уэльсе и Шотландии – общины.

Во всех административно-территориальных единицах, кроме мелких приходов, имеются выборные органы местного управления – советы. В малых приходах функции органов местного управления осуществляют периодически созываемые собрания избирателей данного прихода.

В Японии территориальное деление включает в себя префектуры, причем префектуры различаются по

численности населения от полумиллиона до двенадцати миллионов. Префектуры включают в себя города (пункты с населением свыше 50 тысяч жителей), поселки и деревни. Крупнейшие города с населением свыше полумиллиона имеют особый статус. Органами местного управления в префектурах, городах, поселках и деревнях являются избираемые населением соответствующие собрания [3].

Муниципальные советы избираются в назначенные сроки. В США, например, органы местного самоуправления в зависимости от уровня избираются на 2-4 года, В Великобритании – на 4 года, причем состав муниципалитетов может обновляться по частям или переизбираться полностью. Численный состав органов местного самоуправления также различен, как правило, от нескольких депутатов до нескольких десятков. В муниципальных советах столиц государств, как правило, избирается более ста советников. Выборные муниципальные советы юридически возглавляют муниципальный аппарат управления, который осуществляет оперативную работу по руководству всей деятельностью муниципалитета. Срок полномочий депутатского корпуса органов местного самоуправления различен. В ряде кантонов Швейцарии он составляет 3-4 года, Швеции, Норвегии, Португалии, Испании, Великобритании, Дании, Голландии, ФРГ (ряд земель) – 4 года, в Ирландии, Турции, Италии, на Кипре – 5 лет, в ряде земель ФРГ, Австрии – 5-6 лет, в Бельгии, Франции, Люксембурге – 6 лет.

Законодательством ряда стран предусмотрены особые требования к лицам, намеревающимся занять должности в органах местного самоуправления: годность к военной службе, обязательное проживание или место работы в пределах территории органа местного самоуправления, уплата местных налогов и т.д. В латиноамериканских странах в соответствии с местным законодательством не могут быть избранными алькальдами и муниципальными советниками члены любых законодательных органов, министры правительства, государственные служащие, служащие в вооруженных силах и полицейских формированиях, служащие муниципалитетов, члены судебной власти, нотариусы их помощники, члены избирательных комиссий и другие лица. Важно отметить, что в ряде зарубежных стран законодательством предусмотрен порядок досрочного отзыва депутатов местных представительных органов посредством голосования избирателей. А характерной особенностью муниципального самоуправления Мексики, например, является то, что председатели и советники муниципалитетов, избранные прямым народным голосованием, не могут быть переизбраны на непосредственно следующий срок. Должностные лица органов местного самоуправления, назначенные на должность независимо от ее наименования, не могут быть избраны непосредственно на следующий срок даже на другую должность в данном муниципалитете.

В пределах своей компетенции органы местного самоуправления принимают решения, дают заключения, высказывают пожелания и рекомендации. Общий принцип заключается в том, что местные сообщества и выражающие их волю избираемые населением органы местного самоуправления обладают в рамках закона полной свободой действий при осуществлении своей деятельности по любым вопросам, которые не исключены из их компетенции или не переданы в установленном порядке какому-либо другому органу власти. Сами полномочия могут быть поставлены под сомнение или ограничены другим органом власти, центральным или региональным, только в рамках закона.

Конституция Испании 1978 года, например, в специальной главе «О местной администрации» гарантирует автономию муниципалитетов, которые обладают всей полнотой прав юридического лица. По конституции руководство и управление муниципалитетами осуществляется соответствующими муниципальными советами, которые состоят из алькальдов и советников. Советники избираются жителями муниципалитета путем всеобщего равного, свободного и тайного голосования в соответствии со специальным законом.

Рассмотрение опыта местного самоуправления в различных странах позволяет сделать следующие выводы:

- наделение органов местного самоуправления отдельными государственными полномочиями способствует вживлению местной публичной власти в систему государственного организма, их сращиванию и взаимному обогащению.
- существует реальная необходимость разработать необходимые дальнейшие шаги для развития системы местного самоуправления и закрепить их законодательно.
- учитывая многообразие субъектов правового регулирования, а также то, что новые законы по-прежнему должны работать в неподготовленной среде целесообразно не строить расчетов на одномоментное создание сразу по всей стране местного самоуправления, а двигаться к нему поэтапно.
- необходимо обеспечить представительство наиболее значимых общественных и других структур, действующих в пределах муниципального образования, в представительных органах местного самоуправления путем делегирования в них представителей от соответствующих структур.

Характерной чертой современного этапа развития Казахстана является поиск оптимальных путей со-

четания централизации и децентрализации системы управления, разграничения предметов ведения и полномочий Центра, регионов и органов местного управления – акиматов и маслихатов. В этой связи фактор самоорганизации территорий становится важнейшим условием дальнейшего осуществления реформ.

1 Ковалева Т. Местное управление: американский вариант // Народный депутат, 2001, - №8.

2 Лютер И. Децентрализация во Франции // Советское государство, 2006, - №10.

3 Фаизова К.К. Взгляд со стороны на некоторые вопросы местного самоуправления во Франции // Государственная служба. Информационный бюллетень, - №4, 1998, - С. 16.

#### Түйіндеме

**Махмұтов Б.Л.**- Философия докторы (PhD) Абай атындағы ҚазҰПУ

**Жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың әлемдік тәжірибесі**

Мақалада жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің әлемдік тәжірибесі қарастырылады. Автор әлемдік тәжірибедегі негізгі озық үлгілерге тоқталып, өзіндік қорытынды жасауға тырысады.

#### Summary

**B.Makhmutov** - doctor of philosophy (PhD), KazNPU named after Abai

**Foreign experience of organization and development of local self-government**

The article considers foreign experience of organization and development of local self-government. Examples for various types of organization and functioning of municipal institutions of foreign countries. On the example of foreign countries, the author tries to draw conclusions.

УДК 328.1

### СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И РАЗВИТИЕ МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ В РК

**А.А. Жумагулов** – КазНПУ им. Абая магистрант 2-курса по специальности 6М050200 – «Политология»

В статье рассматривается современное состояние и развития местного самоуправления в Республике Казахстан. А также основные направления совершенствования местного самоуправления в интересах местного населения в соответствии с государственной политикой Республики Казахстан

**Ключевые слова:** Вопросы местного значения, Государственное управление, Децентрализация, Местное самоуправление, Органы местного самоуправления, Самоуправление

В современном мире благополучие государства определяется эффективным использованием потенциала нации в целом и способностей отдельно взятых граждан. Поэтому большинство развитых стран стремится к совершенствованию моделей местного самоуправления.

Данный уровень власти наиболее приближен к населению, им же в основном формируется, ему подконтролен и решает вопросы по удовлетворению основных жизненных потребностей населения. При рациональном построении местного самоуправления не только оптимально расходуются местные ресурсы, но и заметно повышается доверие населения к власти.

На нынешнем этапе развития государства такая задача встала перед Казахстаном. Повышение эффективности и конкурентоспособности системы государственного управления требует передачи ряда функций непосредственного обеспечения жизнедеятельности местных сообществ в сферу регулирования местного самоуправления.

Однако этот процесс сдерживается нерешенностью многих вопросов и недостаточным законодательным регулированием. Основным недостатком попыток внедрения местного самоуправления в Казахстане явилось их фрагментарное осуществление без предварительной выработки целостной модели местного самоуправления.

В настоящее время правовой основой местного самоуправления в Республике Казахстан являются Конституция Республики Казахстан[1] и Закон от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан"[2].

В 2007 году в Конституцию внесены дополнения, которыми определено, что местное самоуправление осуществляется населением непосредственно, а также через маслихаты и другие органы местного самоуправления. Законодательством установлено, что аким, наряду с функциями государственного управления, осуществляет функции и местного самоуправления, а для обсуждения вопросов местного значения путем прямого волеизъявления могут проводиться собрания (сходы) местного сообщества.

На сегодняшний день сформированы аппараты акимов аулов (сел), поселков, городов районного значения, а также районов в городах (далее - акимы нижнего уровня управления) в организационно-

правовой форме государственного учреждения. При этом, они не имеют самостоятельного бюджета, но являются администраторами бюджетных программ. Эти расходы предусматриваются в составе бюджета района (города областного значения) и утверждаются соответствующими маслихатами. Данные расходы направлены на осуществление дошкольного воспитания и обучения, оказание социальной помощи на дому нуждающимся гражданам, благоустройства и озеленения населенных пунктов, хозяйственного учета и т. д.

За акимами аулов (сел), аульного (сельского) округа, поселка закреплена ряд функций, но они обеспечиваются финансами по остаточному принципу. В результате данные акимы не способны эффективно решать вопросы местного значения, что объективно вызывает недовольство со стороны населения.

Для решения данной проблемы на первоначальном этапе с 2012 года в рамках программы "Развитие регионов" [3] реализуется механизм финансовой поддержки регионов для решения актуальных вопросов местного значения. Важным звеном данного механизма является участие населения в отборе мероприятий и распределении выделенных средств.

В настоящее время создание самостоятельных бюджетов на самом нижнем уровне местного управления сдерживается тем, что большинство районных бюджетов является субвенционными. Следует ожидать, что бюджеты нижнего уровня управления в случае их формирования также могут быть субвенционными (к примеру: в Акмолинской области все 17 районов получают субвенцию из областного бюджета, в Карагандинской области из 9 районов 8 являются субвенционными).

Существует также ряд нерешенных проблем непосредственно в осуществлении местного самоуправления.

Действующим законодательством предусмотрено, что порядок проведения собрания (схода) и принятия решений определяется маслихатами областей, города республиканского значения и столицы, и при этом каждый должен принимать свой порядок проведения сходов.

Однако на сегодня предусмотренные законодательством нормы по участию граждан в обсуждении вопросов местного значения на собраниях (сходах) на практике не реализуются. Не регламентированы в законодательстве порядок формирования, проведения и полномочия собраний (сходов).

Одним из основных проблемных моментов, определяющих недостаточную самостоятельность акимов сельского уровня при осуществлении ими возложенных функций, является ограниченность прав владения и распоряжения собственными финансовыми средствами, имуществом и другими ресурсными возможностями.

Необходимо поэтапно расширять полномочия сельских акимов в принятии решений в хозяйственной и социальной сферах, в решении вопросов использования имеющихся местных ресурсов - земли, имущества, реального содействия росту малого и среднего бизнеса.

Для обеспечения устойчивого комплексного социально-экономического развития населенного пункта на нижнем уровне управления в действующие программы развития района (города областного значения) следует включить подраздел, в котором найдут свое отражение первоочередные нужды и потребности жителей данной территории, являющиеся основанием для формирования бюджетных программ по обеспечению жизнедеятельности местного сообщества.

Эффективность местного самоуправления во многом зависит не только от наличия всего комплекса необходимых законов, обеспечивающих правовую, организационную и экономическую основу самоуправления, но и от понимания населением своих прав и возможностей в системе местного самоуправления, от действительной способности осуществлять местное самоуправление.

Учитывая текущее состояние правовой грамотности населения в части понимания своих прав и возможностей в осуществлении местного самоуправления, в большей степени на селе, необходимо активизировать информационно-пропагандистскую деятельность по разъяснению населению роли и места самоуправления в обществе и государстве.

Мировая практика свидетельствует, что местное самоуправление эффективно функционирует в административно-территориальных единицах нижнего уровня, где население проживает компактно. В Казахстане - это аул, село, аульный (сельский) округ, поселок, город районного значения, район в городе. Наделять полномочиями органы местного самоуправления следует поэтапно, в противном случае органы самоуправления могут не справиться с поставленными перед ними задачами. Доверие к органам местного самоуправления как со стороны государственных институтов, так и со стороны граждан появится лишь в процессе их работы.

В Стратегическом плане развития Республики Казахстан до 2020 года определены приоритеты дальнейшей модернизации политической системы, в том числе развития местного самоуправления.



Ожидается, что к 2020 году в Казахстане возрастет значение представительной власти, будут созданы эффективные институты местного самоуправления и гражданского общества, соответствующие лучшим международным стандартам.

Исходя из положений Стратегии развития Казахстана до 2020 года, цель Концепции - определить основные концептуальные направления дальнейшего развития системы местного самоуправления в нашей стране.

Для достижения указанной цели с учетом вышеназванных ключевых проблем предусматривается решение следующих задач:

- на уровне аулов (сел), поселков, городов районного значения постепенно повысить роль населения в решении вопросов местного значения через собрания (сходы) местного сообщества путем стимулирования участия, заинтересованности и ответственности населения при принятии управленческих решений;
- на уровне городов для решения самых насущных проблем, которые волнуют местное население, внедрить механизм вовлечения части активного населения в процесс принятия управленческих решений;
- повысить роль маслихатов при назначении или избрании акимов в городах районного значения, аульных (сельских) округах, аулах (селах), не входящих в состав аульного (сельского) округа;
- расширить финансовую и экономическую самостоятельность нижнего уровня управления в решении вопросов местного значения.

Периоды реализации:

первый этап (2013-2014 годы) - расширение потенциала действующей системы на нижних уровнях управления;

второй этап (2015-2020 годы) - дальнейшее развитие местного самоуправления.

Ожидаемые результаты:

- обеспечение реализации конституционного права граждан на осуществление местного самоуправления в части выражения волеизъявления населения через собрания и сходы;
- введение выборности акимов в городах районного значения, аульных (сельских) округах, аулах (селах), не входящих в состав аульного (сельского) округа посредством их выборов маслихатами районов (городов);
- повышение роли населения, его участия в качественном решении вопросов благоустройства населенных пунктов, повышение заинтересованности населения в получении качественных жилищно-коммунальных услуг, улучшении санитарного состояния, общественного порядка посредством участия в принятии управленческих решений;
- активное вовлечение городского населения в решение местных проблем;
- участие местного населения в мониторинге использования бюджетных средств, выделенных на решение проблем местного значения;
- поэтапное и последовательное укрепление самостоятельности акимов нижних уровней в решении актуальных вопросов местного значения;
- повышение гражданской активности казахстанцев в решении важных проблем жизнедеятельности общества посредством проведенной информационно-разъяснительной работы.

В Казахстане будет создана эффективная система органов местного самоуправления, обладающих определенной экономической и финансовой самостоятельностью, способных оказать помощь государству в проведении социально-экономических преобразований и решать различные вопросы местного значения.

В настоящее время необходимо обеспечить участие органов местного самоуправления в осуществлении государственных функций. Это объясняется тем, что ряд вопросов государственного управления более целесообразно решать на местах. В свою очередь такая схема взаимоотношений между органами местного самоуправления и органами государственной власти ведет к перераспределению полномочий между уровнями управления, при этом соблюдая унитарное устройство нашего государства, и обеспечивает совместное участие этих органов в решении региональных задач.

Важным показателем в определении значения органов местного самоуправления служит тот фактор, что в их деятельности непосредственное участие будет принимать население.

Для обеспечения эффективного функционирования местного самоуправления и жизнеобеспечения населения местные органы самоуправления постепенно будут наделены соответствующим объемом материально-финансовых ресурсов.

Это придаст новый импульс социально-экономическому развитию страны и формированию полноценного гражданского общества.

Принятие Концепции позволит реализовать конституционные нормы, создать законодательные

основы организации и деятельности местного самоуправления, провести реальные реформы в сфере демократизации власти, повысить роль населения в решении вопросов местного значения, создать условия для прямого участия населения в государственном управлении, снизить уровень проявлений бюрократизма и коррупции.

Результатом предлагаемых мер в конечном итоге будет реализация политики развития местного самоуправления, которая в свою очередь приведет к созданию системы взаимодействия населения, местного самоуправления и государственной власти, эффективное функционирование которой позволит обеспечить:

- повышение роли населения, его участия в качественном решении вопросов местного значения;
- повышение уровня жизни населения в каждом населенном пункте;
- повышение политической стабильности в регионе и государстве в целом.

На данном этапе развития местного самоуправления в нашей стране необходимо сформировать эффективно действующую, наиболее приемлемую для Казахстана организационную, финансовую, кадровую систему обеспечения деятельности органов местного самоуправления, а также механизм взаимодействия с государственными органами.

1 Конституция республики казахстан. - Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2002.

2 Закон республики казахстан от 23 января 2001 года №148-ІІ о местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан.

3 "Развитие регионов" //: <http://normativ.kz/view/35276/#z7>

#### Түйіндеме

**Жумагулов А.А.** - Абай атындағы ҚазҰПУ 6М050200 –Саясаттану мамандығы бойынша 2-курс магистранты

#### **ҚР-ғы жергілікті өзін-өзі басқару қазіргі жағдайы мен дамуы**

Мақалада Қазақстан Республикасының жергілікті өзін-өзі басқару жағдайы мен дамуы қарастырылады. Еліміздегі өтпелі кезеңде биліктің атқарушы тармағын күшейте отырып, өзін-өзі басқару органдарының сатылық қалыптасуы жүйесі анықталады.

#### Summary

**Zhumagulov A.A.** KazNPU named after Abai undergraduate 2-course specialty 6M050200 –political Science

#### **Current state and development of local self-government in the RK**

The article discusses the current state and development of local self-government in the Republic of Kazakhstan. As well as the main directions of improving of local self-government in the interests of the local population in accordance with the state policy of the Republic of Kazakhstan.

УДК: 811.512.122'373

### **САЯТШЫЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ «ТҰҒЫР» СӨЗІНІҢ ЭТНОЛИГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

**А.З. Абдыкадырова** – Абай ат. ҚазҰПУ, Филология институтының 2-курс магистранты,

**Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., аға оқытушы Ж.А. Қоқанова**

Бұл мақалада саятшылыққа қатысты «тұғыр» сөзінің этнолингвистикалық сипатын ашып көрсетуін мақсат қылып алдық. Сонау ықылым заманның түркі халықтарының сөздік қорынан қазіргі заманға дейін сақталып, қазақ халқының қазіргі тіл байлығын толықтырғанын сөз еттік. «Тұғыр» сөзінің фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер де қолданылуы, сонымен қатар қазіргі таңда қазақ тіліндегі мәдени лексиканы және мемлекеттік тілді этнотанбалық бірліктермен символдану, этномаркерлену құбылысында қолданылып жүргенін қарастырдық. Яғни «тұғыр» сөзінің қолданыс аясының кеңдігін көрсету мақсат болды.

**Түйін сөздер:** этнолингвистика, тұғыр, фразеологизмдер, тіл, мәдениет т.б.

Аңшылық пен саятшылық кәсібі қазақ жерінде өте ежелден мал шаруашылығынан бұрын қалыптасқан. Аң-құс аулаудың тәсілдері мен құрал-саймандары, ғасырлар бойы ел даланы еркін мекендеп, түз тағыларының тіршілік тәсілдері мен өмір сүру заңдылықтарын бақылаған халық тәжірибесінен туындады.

В.В. Радлов «Сібір жазбалары» атты еңбегінде: «Аңшылық еш жерде кәсіпшілік саналған емес, онымен тек саят үшін айналысады. Аңға бүркіт пен тазы салу аң атуға қарағанда кеңінен тараған. Аңға бүркіт салу күні бүгінге дейін ауқатты жастардың басты саятшылығы болып табылады, алғыр қыран құс аса жоғары бағаланады және қымбатқа түседі. Сондықтан аңшы құс – құсбегінің сүйіктісі, оны сүйікті атындай қастерлейді» [1, 91-б] - деп, аңшылықты көнеден келе жатқан дәстүр екенін айтады. Қазақ қоғамында құсбегінің статусы өте жоғары болған, халқымыз ондай адамдарды құрметтеген, ал Орта Азия,

Қырым, Еділ бойының хандары бірінші уәзірлерін «құсбегі» деп атағаны белгілі.

Аңшылық пен саятшышылық өнерді халқымыз ежелден жоғары бағалаған. Бұл өнер о баста тіршіліктің негізгі көзі болған. «Қоғамдағы адамдардың белгілі бір мамандықсыз тіршілік етуі мүмкін емес екенін ескерсек, кәсіп – әлеуметтің тіршілік тірегі, күн көрістің көзі болып табылады», - дейді Т.Өмірзақов. Уақыт өте келе кәсіптің бұл түрі өнердің бір саласына айналған. Саятшылық өнердің арқасында адамдар табиғаттың сырын ұғынып, онымен тығыз қарым-қатынасқа түсіп, эстетикалық ләззат алған. Топпен шыққан аңшылыққа, әсіресе қыран құс салып салбурынға қатысу – жігіт ағасының ең үлкен ермегі болған [2, 81-6].

*Бүркіттей қыран құс болмас,  
Баулуы жетпей бөрі алмас,  
Бидайықтан алғыр құс болмас,  
Бұйырмаса екеу түгіл бір де алмас.  
Сұңқардан сұлу құс болмас,*

Қауырсыны қатпай ұша алмас [3,41-6], - деп Шалкиіз жырау жырлағандай, қыран құстарды баптау әркімнің қолынан келе бермейтін өнер екенін көз жеткіземіз.

Қыран құстар түркі әлемінің киелі де, құрметті құстары, әсіресе бүркіт сонымен қатар осы құсқа байланысты құрал-жабдықтары да қазақ халқы үшін баға жетпес мұра.

Бүркітке байланысты халық арасында айтылатын аңыздар, орындалатын ырымдар өте көп. Соның бірі, боснып жатқан әйелдің үстіне бүркіттің өзін немесе оны баптайтын құралдарды алып кіретін ырым болған. Наным-сенім бойынша, осылайша, жаңа туған баланың рухын ұрлауға келетін мифтік құс – Қарақұсты үркітіп жіберуге болады екен. Баласы болмаған жағдайда, бүркітті үйге кіргізіп ұстайды. Ырымшыл халқымыз бүркіттің осы отырысының өзі-ақ перзент шақырады деп сенген. Осылайша халқымыз бүркітке қатысты нәрсенің барлығы – қауырсыны мен тұяғы, басына кигізетін томаға, отырғызып қоятын тұғыр, аңға алып шыққанда отырғызатын балдақ – барлығы да киелі саналған.

Жоғарыда аталғанның барлығы да бір этностың тарихы мен мәдениеті. В.Гумбольд еңбектерінен басталған тіл біліміндегі тіл мен мәдениеттің қарым-қатынасы зерттеу нәтижелерін Ж.Манкеева: «1) материалдық және рухани мәдениет тілде көрінеді; 2) кез-келген мәдениет ұлттық, ал оның ұлттық сипаты тілде көрінеді; 3) ұлттық рухтың көрінуі оның мәдениетінде; 4) тіл – адам мен оны қоршаған әлемді жалғастырушы аралық»[4, 82-6] - деп қорытындылады. Атап айтқанда, тіл мен мәдениет тығыз байланысты, тіл - мәдениет дерегі, тіл мәдениеттің жалпы сипатын танытады. Ал мәдениет этномәдени ақпараттар береді.

Осылайша, қазіргі таңда қазақ тілінің қолданысында саятшылық кәсібіне байланысты қолданылатын сөздер де кездеседі. Соның бірі – тұғыр сөзі.

**Тұғыр** зат. – 1. Қолға үйретілген саят құстарының ( бүркіт, қаршыға, ителгі т.б. ) қонақтайтын орны. *Сыдық қолындағы қаршығаны сырлы тұғырға қондырды (С.Бегалин).* [5, 262-6].

Биіктігі құс отырғанда шалғысы жерге тимейтіндей мөлшерде, шамамен 1,5-2 қарыс (30-40 см), жуандығы бір білем 3-4 сирағы бар ағаштан жасалады. Ұсақ құстардікі мұнан көп аласа, құс отырғанда шалғылығы жерге тимейтіндей ғана болады. Үстінде құс отыратын 25-10 см текше табаны немесе бір білемдей құсқонары болады. Текше табанды тұғырдың бүркіттің тұяғы білемдей ұстап, таймай отыратын кемері болады. Құс отыратын “құс басар” аталатын бөлігі киізбен қапталыады. Қарағай, терек, самырсын сияқты ағаштардың үш ашалы бұтағынан немесе тамырлы түбірінен шауып жасалған тұғыр берік болады. Оның арнайы қашап, сүргілеп дайындалғандары және таутекенің мүйізінен үш аяқты етіп, жиналып-құралатын түрлері де бар. Кейбір құсбегілер тұғырды сирағына құйма, көз орнатып сәндітеп дайындатады. Тіптен қасқыр, түлкі бейнесінде жасалған тұғырлар бүркітті алғыр етеді деген сенім болған. Орнықты тұғырда бүркіт мойнын қайырып отырып, екі аяғын кезекпен ішіне тартып көтеріп, сыңар аяқпен ұйықтайды. Еркін тыныстап, алысқа саңғып, денесі сергек болады. үйдің оң жақ босағасына қойылады әрі қастерленіп, мұрагерлікке қалдырылатын қасиетті бұйым саналады. Тұғырға шым, тас, саз пайдаланады: шым құс тұяғының өсіп-жетілуін, тас өткірленуін, саз құс денесін салқындатуға әсер етеді. Егер тұғыр мықты болса, отырғанына да ыңғайлы болады. Осыдан барып тілімізде *тұғыр* сөзіне байланысты адамға қатысты *«тұғырың мықты болсын», «тұғырдан тайды», «тұғырдан түсті»* т.б. сөз тіркестері қалыптасқан.

2. Ауыс. Бір нәрсенің астына қойылатын тірек, сүйеніш. **Тұғыр** зат – Мініске төзімді, жабы тұқымдас жылқы; жұмыс көлігі [5,262-6].

Р.Асылвананың «Аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулардың лингвомәдени мазмұны» атты ғылыми еңбегінде: «Қазақ тілінде мекен, орын мағынасын беретін *тұрақ*, *тұрық* (Қаратұрық) сөздерді де тұғыр түбір морфеманың негізінде жасалған қолданыстар. Бұл сөздің көне түркі тілінде де қолданыста болғандығына ғұлама ғалымның М.Қашқаридің еңбегінен байқауға болады. М.Қашқари сөздігінде *туруғ*

«таулардағы қамал», «ішкі бекініс», «бекінген қала», «тұрақ», «мекен» деген мәндермен белгілі сөз. Құсбегілер тіліндегі қолданылатын *тұғыр* термині жоғарыдағы келтірілген сөздерден метатеза құбылысы арқылы пайда болған (рық/ғыр) дегенді айтар едік»[2, 81-б] - деп көрсетеді. Яғни тұғыр сөзі негізгі мағынасын жоғалтпай, *тұрақ*, *тұрық* сөздерінің бір варианты ретінде қалыптасты. Ал қазір спорттық термин ретінде «тұғыр» сөзі тілімізде қолданылып жүр. Мысалы, тұғырдан секіру, жеңіс тұғырына көтерілу сияқты қолданыстар спорттық лексикада жиі пайдаланылады.

Сонымен қатар қазіргі таңда қазақ тіліндегі мәдени лексиканы және мемлекеттік тілді этнотанбалық бірліктермен символдану, этномаркерлену құбылысында қолданылып жүр. Ғалым Г.Смағұлова: «Қазақ ұлтының тәуелсіздік алумен қайта оянған ұлттық сезімнің көрінісі соңғы жылдары, әсіресе, жергілікті ұлт өкілдерінің ұлттық сезімінің ана тіліне қатысынан жақсы көрінеді. Ал осы ана тілге деген ерекше құрмет, оның бүгінгісі мен ертеңгісіне деген толғаныстар тілде небір сөз айшықтарының қалыптасуына негіз болады»[6, 159-б] - деп, ұлттық сезімге ерекше көңіл бөлген. Мысалы, «*үш тұғырлы тіл*», «*ұлт тұғыры – тілде*», «*тұғыры биік – Қазақстан*», «*Туған жер – тұғырың, туған тіл – қыдырың*» т.б деген тіркестер ана тілге деген ерекше биік сезімнің көрінісі және символдық қолданыс аясы кеңіп, қазақ ұлтының ана тілі үшін күрес сәттерінің бір белгісі болып, кейінгі ұрпақтарға жетеді.

Тілімізде «тұғыр» сөзіне байланысты мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестер де кездеседі. Мысалы, *Тұғырына саңғыған сұңқар оңбас, Үйірінен қаңғыған тұлпар оңбас* деген мақал айтылады. Өз үйірінен бөлек кеткен тұлпар да, тұғырына саңғыған сұңқар да түбі көп өмір сүре алмайтыны белгілі. *Тіл – білім, тәрбие тұғыры* немесе *Білім – биіктегі алтын тұғыр*.

Хәкім Абайдың мына сөзін айтпасқа болмайды:

*Анадан алтау туғанша,*

*жалғыз тұса не етеді – елге тұлға болғалы.*

*Қарағайға қарсы бұтақ біткенше,*

*еменге айыр бұтақ бітсе не етеді – құсқа тұғыр болғалы.*

Профессор Г.Смағұлованың «Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда» атты еңбегінде қыран құс және құрал-саймандарына қатысты жеке-дара өзгешеліктеріне қарай тұрақты тіркестерді, яғни фразеологизмдер тудыруға ұйытқы болғандығын және оның көп варианттылығын көрсеткен. **Тұғырдан түсті (таю), тұғырдан әл тайған:** а) қартайған бүркіттің тұғырда отыра алмайтындай халге жетуі; ә) баладан қалған, тоқтасқан әйел; б) әйелден қалған еркек; в) адамға байланысты мансап, қызметтен кетті, дәрежеден айырылды[6, 95-б]. *Жыл өткен сайын бұл аталарымыздың қатары селдіреп, қазір бір ғана ардагер қалды. Ол тоқсанға келсе де, тұғырдан тая қоймаған қадірменді Айса Сапанов ақсақал* (Ә.Жанғұттинова).

Қорыта келгенде, ұлт тілінің дамуына сол халықтың кәсібі мен шаруашылығының әсері мол. Демек, бұл тіркестердің жасалуында ұлттық тұрмыс-тіршілік және мәдени өмір суреттері бар. Қазақ тіліндегі құсбегілік, саятшылыққа қатысты атаулар мен фразеологизмдер халқымыздың дүниетанымдық ерекшеліктерінен хабардар етеді. Саятшылық – өнер. Саятшылыққа қатысты атаулар мен түрлі тіркестер, паремиялар ұлттың мәдени-рухани мұрасын өз бойына сақтап келеді.

1 Мұқанов С. Халық мұрасы. - Алматы, 1974. - 91-б.

2 Асыллова Р. Аңшылық пен Саятшылыққа қатысты атаулардың лингвомәдени мазмұны (кандидаттық диссертациялық жұмыс). - Алматы, 2009. - 121-б.

3 Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: «Жазушы», 1989. - 382-б. Т.І.

4 Манкеева Ж. Мемлекеттік тіл мен этнотанбалық бірліктер сабақтастығы // Қазақ филологиясы: Егіз-негіз. Ғылыми мақалалар жинағы. - Алматы, 2010. - 267-б.

5 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Ғалым, 1976-1986. Т.ІХ. - 262-б.

6 Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда. – Алматы: Арыс, 2010. - 277-б.

## Резюме

**А.З. Абдыкадырова** - КазНПУ им.Абая магистрант II курса, Руководитель: к.ф.н., старший препод. Ж.А.Коканова  
**Этнолингвистическое значение к слову «тұғыр» связанное с сокольничеством**

Целью этой статьи мы поставили задачу рассмотреть этнолингвистическое значение слова «тұғыр», связанное с сокольничеством. Мы отметили, что это слово осталось в словарном запасе тюркских народов с незапамятных времен и так же - это слово обогащает современный язык казахского народа. Рассмотрели фразеологизмы и использование слова «тұғыр» в пословицах и поговорках, а так же символизацию современной культурной лексики и государственного языка с этнознаковыми единицами и использование в случаях этномаркировки. В итоге нашей целью явилось показать широту использования слова «тұғыр».

**Ключевые слова:** Этнолингвистика, тугыр (насест), фразеологизмы, язык, культура

## Summary

**A.Abdykadyrova** - Kazakh National Pedagogical University named after Abay. The 2nd course Undergraduate student;  
Supervisor: candidate of philological science, senior lecturer: Zh.Kokanova

**Ethno-linguistic meaning to the word «tugur» associated with hunting**

The purpose of this article is to examine the ethno linguistic meaning of the word "tұғыр" associated with hunting. We noted that the word remained in the vocabulary of Turkic peoples since time immemorial and also - this word enriches modern language of the Kazakh people. We examined the idioms and the use of the word "tugur" in proverbs and sayings, as well as the symbolism of contemporary cultural language and the state language with ethno sign units and use in cases of ethno marks. In the end, our goal was to show the breadth of use of the word "tugur".

**Keywords:** ethno-linguistic, tugur\_phraseological, language, culture

УДК: 373.016:811.512.122'37

**ҚАБЫСА БАЙЛАНЫСҚАН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ СЕМАНТИКАСЫ**

**Қ.Е. Дүйсенова** – Абай ат. ҚазҰПУ, Филология институтының 2-курс магистранты,  
**Ғылыми жетекшісі:** п.ғ.д, доцент Р.С. Рахметова

Сөз тіркесін семантикалық тұрғыдан қарастырғанда қабыса байланысқан сөз тіркестерінің алатын орны ерекше. Қабысуда сөз тіркестері ешқандай жалғаулықсыз, тек қатар тұруы арқылы тіркеседі. Грамматикалық байланыс амалы – орын тәртібі. Басқа сөз тіркестерімен салыстырғанда, қабыса байланысудың лексикалануға бейімділігі байқалады. Соның ішінде зат есімдер арқылы байланысудың мүмкіндігі сөз етіліп, мағыналық топтарға жіктелді.

**Түйін сөздер:** сөз тіркесі, қабысу, семантика, орын тәртібі т.б.

Тіл білімін зерттеуші ғалымдар байланысу формаларының бес түрі (матасу, меңгеру, қиысу, қабысу, жанасу) бар деп көрсетсе, ал байланысу тәсілдерін синтетикалық және аналитикалық деп екі үлкен топқа ажыратады. Ал кейбір еңбектерде сөз тіркестерін байланыстыру тәсілдеріне қарай аналитикалық, синтетикалық тәсілдерді де қосады. Сондай-ақ синтетикалық тәсіл тілдегі төрт жалғаудың көмегімен жүзеге асады да, аналитикалық байланысу тәсілі көмекші сөздер, сөздердің орын тәртібі және интонация арқылы жасалынады деп көрсетіледі.

Сөз тіркесін жасауда, ең алдымен сөз, олардың лексикалық мағыналары себепші болады. «Синтаксистік қатынасты білдіру үшін кемінде толық мағыналы екі сөздің сабақтаса байланысқан сөз тіркесі дейміз» [1, 2-б.] деген қағида ұсталынған. Соңғы еңбектерде сөз тіркестерінің арасында сабақтастық байланыс қана емес, екі сөз тең дәрежеде тұру арқылы салаласа да байланыса алады деген пікірлер айтылып жүр. Бұл қағида әлі де болса егжей-тегжейлі қарастырылып, ғылымға сіңісіп кеткен жоқ.

Қ.Жұбанов «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулерінде» сөз тіркестеріндегі байланыстар туралы сөз қозғай отырып, сөздің орын тәртібі арқылы байланысы өзге тәсілдерден гөрі ерте пайда болғанын тілге тиек етеді. Аналитикалық тәсілмен сөздердің орын тіртібі арқылы байланысуын зерттеуші Е.И.Убрятова олардың мағыналарына және түрлі грамматикалық ұғымдарына сәйкес, атқаратын қызметіне байланысты үш топқа бөледі: 1) синтаксистік қатынастарды білдіретін сөз тіркестері; 2) морфологиялық ұғымды білдіретін сөз тіркестері; 3) лексикалық тұтастықты құрайтын сөз тіркестері.

Қазіргі кезеңдегі сөз тіркестерінің аналитикалық жолмен байланысы тек бір ғана сөздердің орын тәртібімен шектелмейді. Ғалым Т.Сайрамбаев «аналитикалық» деген термин грек тілінің *analytikos* «анализдің нәтижесінде жасалған», «ажыратушы» деген сөзінен жасалған деп түсіндіреді. «Аналитикалық тәсіл сөздің сыртында болады, яғни көмекші сөздер, сөздердің орын тәртібі және интонация тәсілдерін қамтиды» [2, 57-б.]. Аналитикалық тәсіл көбінесе ағылшын, француз, қытай, вьетнам, тибет, тай, болгар, парсы, т.б. индоевропа тілдерінде кездеседі. Бұл тілдерге тән қасиет: түбірге қосымша жалғанбауы, ол тілдерде омоним сөздердің көп болуы, олар бір-бірімен музыкалық екпінмен байланысуы, синтаксистік қатынастар орын тәртібі, интонация, көмекші сөздер арқылы берілуі.

Тіліміздегі аналитикалық тәсіл сөздердің орын тәртібі, көмекші сөздер, интонацияны қамтиды. Бұл аталған байланыстырушы тәсілдердің сөз бен сөзді байланыстырып, сөз тіркесін құрауда маңызы зор.

Профессор Б.Сағындықұлының пікірі бойынша, қазақ тілі полисинтетикалық кезеңді басынан өткерген. Яғни, қазіргі қазақ тілінде ертеден келе жатқан жалғаулықсыз сөз тіркесі, сөйлемдердің түрлері сақталған. Мысалы: Орхон Енисей жазбаларында орын тәртібі арқылы жасалған сын есімді сөз тіркестерін көптеп кездестіруге болады. Бұл жөнінде Е.Ағмановтың «Қазақ тілінің тарихи синтаксисі» еңбегінде де айтылып, бірқатар мысалдар келтірілген: «Сарығ алтын, оруң күмүш... көлтүрліті». Мұндағы орын тәртібі арқылы жасалған сөз тіркестері: *сары алтын, ақ күміс* [3, 18-б.]. Бұл сын есімді сөз тіркестердің қазіргі қазақ тіліндегі *ақ орамал, сары шапша тәрізді* тіркестерден грамматикалық жағынан болсын,

семантикалық жағынан болсын көп айырмашылық жоқ.

Қосымшалар арқылы байланысқа түскен сөздер орны жағынан біршама жылжымалы, еркін болатын болса, қосымшасыз байланысқан сөздердің орны тұрақты, орнықты болады. Мәселен бұйрық мәнді сөйлемдер құрамында кездесетін *елінді тап, қолыңды көтер, үйге келіңдер, үйден шық* тәрізді сөз тіркестерін *тап елінді, көтер қолыңды, келіңдер үйге, шық үйден* деп орны жағынан ауыстырып айтудан сөйлем мүшелеріне өзгеріс енбейді, басқаша айтқанда, өздерінің бастапқы толықтауыш, пысықтауыш және баяндауыш болу қасиетін жоймайды. Демек, бұл – жалғау арқылы байланысқан сөздердің орын тәртібінің грамматикалық мағынаға тигізерліктей әсері жоқ екендігін көрсетеді. Ал мұндағы инверсия (орын алмасу) құбылысы тек стильдік қызмет атқарады. Қосымшасыз орын тәртібі арқылы байланысқан сөз тіркестері құрамындағы сөздерді жоғарыдағыдай етіп орны жағынан ауыстыруға болмайды, ауыстырса, грамматикалық мағынаға өзгеріс енеді. [4, 28-б.] Мысалы, *биік тау, үлкен үй, жетім бала, алмас қылыш, өткір пышақ* тіркестері – анықтауыштық қатынасты білдірсе, *тау биік, үй үлкен, бала жетім, қылыш алмас, пышақ өткір* тіркестері предикаттық қатынасты білдіреді. Демек, сөздердің орын тәртібі тәсілі сөз тіркесіне қатысты грамматикалық мағыналарды айқындауда жетекші қызмет атқарады.

Қазақ тіл білімінде қабыса байланысқан сөз тіркесін ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастырған ғалымдар Мәулен Балақаев пен Талғат Сайрамбаев. «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында ғалымдар қабысуға былайша анықтама береді: «Қабысу – түркі тілдерінде, оның бірі қазақ тілінде өте жиі қолданылатын синтаксистік байланыс формасының бірі. Егер қиысуда бағыныңқы сөз басыңқы сөздің грамматикалық тұлғасына бейімделсе, тиісті жалғауда айтылып байланысса, қабыса байланысқан сөз тіркестері өзара ешқандай жалғаулықсыз, тек қатар тұруы арқылы тіркеседі. Сонда қабыса байланысқан сөз тіркестерінің грамматикалық байланыс амалы сөздердің орын тәртібі болады» [2, 42-б.].

Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің құрамы әр түрлі болып келеді. Оның бағыныңқы сыңары зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, есімше, көсемше, үстеу болады да, басыңқы сыңары зат есім, субстантивтенген сын есім мен сан есім болады.

Кез келген сөз екінші сөзбен байланыса бермейді. Олардың арасында семантикалық мағыналық байланыс болуы қажет. Бұл семантикалық байланыстың жалпы халықтық танымда танылған ұғыммен, ұлттық таныммен тікелей байланысы бар. Айталық, *алтын сағат, жібек орамал* деген сөз тіркестерін жасауға болады. Өйткені халықтық таным-түсінік бойынша, алтыннан сағат жасалады, жібектен орамал тоқылады. Ал *алтын орамал, жібек сағат* деген ұғым жоқ, мұндай тіркестердің құралуы логикалық жағынан мүмкін емес, сондықтан осындай сөз тіркестері тілде жасала алмайды.

М.Балақаев пен Т.Сайрамбаевтың «Қазіргі қазақ тілі» зерттеу еңбегінде қабыса байланысқан сөз тіркестерінің жиі қолданылатын түрін айқындайды. Зерттеушілердің көрсетуінше, екі зат есім атау күйінде қабыса байланысып, сөз тіркесін құрау үшін, алдыңғысы соңғысына бағынып тұрады, әрі мұндай тіркестер тілімізде жиі ұшырасады. Өзге сөз таптарымен салыстырғанда, зат есімдер арқылы қабыса байланысудың молдығы, оның ішкі семантикалық мүмкіндігіне байланысты. Зат есімдерден құралған сөз тіркестері мынадай мағыналық топтарға жіктеуге болады:

1. Заттың неден, қандай заттан жасалғанын білдіреді: ағаш қасық (ағаштан жасалған қасық), темір есік (темірден жасалған есік), былғары етік (былғарыдан тігілген етік), т.б.;

2. Салыстыру, теңеу мағынасында жұмсалады: салпы ерін ат (аттың ерні салбыраңқы келеді, дене бітіміне байланысты), жібек жүн (жүні жібектей деген мағынада), құрыш білек (құрыштай қатты білек деген мағынада), т.б.;

3. Бір затты басқа затқа арнау мағынасында қолданылады: ат қора – ат тұратын қора, мал қора – мал қамауға арналған қора, шай кесе – шай ішуге арналған кесе;

4. Бір зат екінші затты мекеніне қарай анықтайды: тау теке, көл бақа, желке тамыр, төс қалта, қалта сағат т.б.

а) сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары жер-су атауы болып, басыңқысы заттың сонда өсіп-өнетінін (мекенін) білдіреді: тау ешкі, су жылан, көл бақа, т.б.;

ә) қабыса байланысқан топтағы екі сөз де жалпы есім болып, бірі екіншісінің қай жердегі, қай орындағы зат екенін анықтайды: мойын ет, желке тамыр, ауыз үй, тамақ бау, т.б.;

5. Заттың өлшемдік мағынасын білдіреді: бір қора қой, екі саба қымыз, бір қап астық, бір асым ет, т.б.;

6. Кәсіп, дәрежені білдіру: инженер қыз, шәкірт бала, қойшы ағай, т.б.;

7. Адамның жынысын білдіреді: қыз бала, ұл бала, т.б.;

8. Даралау мағынасында жұмсалады: қайың ағаш, алма ағаш, нар түйе, т.б.

Байқап отырғанымыздай, қабыса байланысқан сөз тіркестерінің әрбір сыңары өзіндік жеке лексикалық мағынасын сақтап тұрады. Демек, қабыса байланысқан сөз тіркестерінің мынадай өзіндік ерекшеліктері

бар:

1. Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің әрбір сыңары жеке сұраққа жауап береді.
2. Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің әрбір сыңары өзіндік мағыналық дербестігін сақтайды.
3. Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің әрбір сыңары сөйлемде грамматикалық сипатына байланысты түрлі қызмет атқарады. Көбінесе бағыныңқы сыңарда тұрған сөздер анықтауыштық қызметте, басынқы сыңарда тұрған сөз сөйлемдегі орны мен қызметіне, грамматикалық сипатына қарай бастауыш, баяндауыш, толықтауыш т.б. болуы мүмкін.

Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің байланысу сипатында жалғау болмағандықтан, олар атауыш сөз жасауға икемді. Яғни басқа сөз тіркестерімен салыстырғанда, қабыса байланысудың лексикалануға бейімділігі, термин жасауға бейімділігі байқалады. Қабыса байланысудың өзіндік принциптері бар. Олар өзара тіркесу үшін мағыналық және грамматикалық жағынан сәйкестікте болуы қажет. Мағыналық жақтан байланысы бар сөздердің басын құрастыруға ұйытқы сөздің қай сөз табынан болуының үлкен мәні бар.

1 Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі грамматикасы: Синтаксис: Университеттер мен пед. институттардың студ. арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 1971.

2 Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Рауан, 1991. - 200 б.

3 Азманов Е. Қазақ тілінің тарихи синтаксисі. – Алматы: Рауан, 1991 - 237 б.

4 Аблақов А. Қазақ тіліндегі барыс жалғаулы сөз тіркестері. - Алматы: Мектеп, 1973. - 159 б.

### Резюме

**К.Е. Дуйсенова** - КазНПУ имени Абая магистрант II курса, Руководитель: д.п.н, доцент Р.С. Рахметова

#### **Семантика словосочетания слов со связью примыкания**

При рассмотрении словосочетания с точки зрения семантики примыкание занимает особое место в казахском языке. В примыкание словосочетания взаимодействуют без союзов, лишь выстраиваются цепью. Способы грамматической связи – порядковые. По сравнению с другими словосочетаниями, примыкание способно адаптироваться лексически. Были обсуждены, в том числе возможности контакта с существительными, а так же сгруппированы семантически.

**Ключевые слова:** словосочетание, примыкание, семантика, порядок слов

### Summary

**K.Duisenova** - Kazakh National Pedagogical University named after Abay, The 2nd course Undergraduate student; Scientific supervisor: doctor of philological science, assistant professor of KazNPU named after Abai R.S.Rahmetova

#### **The semantics of the phrase words with communication junction**

When considering collocations from the point of view of semantics the adjunction is a special place in the Kazakh language. In the adjunction of phrases to interact without unions, just line up the chain. The grammatical connection methods – serial. In comparison with other phrases, the junction is able to adapt lexically. Were discussed, including the possibility of contact with the nouns, and semantically grouped.

**Keywords:** phrase, contiguity, semantics, word order

ӨОЖ 654.19

## **БҮГІНГІ ҚОҒАМ ДАМУЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ЖАҒАНДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ, РӨЛІ МЕН МӘНІ**

**Э.О. Қырықбаева** – Нұр-Мұбарак Египет Ислам Мәдениеті университетінің доценті, т.ғ.к.,

**Н.Е. Сұлтанова** – әл-Фараби ат. ҚазҰУ, «Журналистика» факультетінің I-курс магистранты

Бұл мақалада бүгінгі ақпараттық қоғамдағы жаһанданудың рөлі мен маңызы, мәнін анықтау негізгі мақсат етілген. Жаһанданудың әлемдік ғылыми аренада пайда болғанынан бастап, БАҚ саласының жеткен жетістіктері мен әлі алар белестері көзделген. Сонымен қатар жаһандық ақпараттық ағындар ұлттық ерекшеліктерді жоюдағы негізгі рөлі де анықталған. Жаһанданудың аталған оң және теріс жақтарын саралай келек, ақпараттық-коммуникациялық жаһандану терминінің анықтамасы берілген. Оған коммуникациялық мүмкіндіктерді дамыту және ғарыштық кеңістікті ақпарат беру үшін пайдалану; жаһандық ақпарат желілерінің пайда болуы және тез дамуы; адамзат тұрмысындағы көптеген үрдістердің компьютерлендірілуі жатады. Сонымен қатар, келешекте екі бағыттағы ғарыштық жүйелерді басымдылықпен дамыту; байланыстырудың жеке жүйесі мен жаһандық позицияланудың дамуы; ақпараттық коммуникациялық кешендердің негізінде бизнесті, өндірістік үрдістер мен үй шаруаларын басқарудың жаһандық жүйесін құру; өмір сүру үрдістерінің мейлінше үлкен бөлігін компьютерлендіру мен роботтау сынды үрдістерді де кірістіруге болатындығы айтылған. Жаһандану кезеңінде ақпараттық қарым-қатынастың жақсаруы арқасында мемлекеттегі ақпараттық кеңістіктің, мәдениеттің мен экономиканың әлемдік экономикалық және ақпараттық кеңіс-

тікке интеграциясы іске асады деген қорытынды жасалған.

**Кілт сөздері:** баспасөз, телевидение, ақпарат, технология, жаһандану, талдау, бәсеке

«Баспасөз – саяси ықпал жасаудың ықпалы» деп Елбасымыз атап өткеніндей, қай қоғамда болмасын ақпарат құралдарының алар орны ерекше. Бүгінгі жаһандану заманында да БАҚ саласының маңызы бұрынғыдан арта түспесе, кемімейтіні түсінікті. Бірыңғай әлемдік ақпараттық кеңістік ретінде қалыптасатын ақпараттандыру ғаламдық желілік қоғам орната отырып, адамдарға бүкіл рухани иігіліктер мен материалдық байлықтарға жол ашады, интеллектуалды ресурсын молайтады, соның арқасында тұрақты дамуға негіз болатын барлық ресурстарға жол ашылады. Басқа жағынан қарастыратын болсақ, ақпараттық технологиялар шексіз игілік көзі болып табылмайды: олар мемлекетаралық қарсы күрес аясында ақпараттық құралдармен өте жақсы қаруланған мемлекеттер тарапынан ішкі және сыртқы саясатқа қатты әсер ететін жаңа тиімді тетіктерге айналады, соның салдарынан ұлттық құндылықтарға қауіп төнетін болады. Сонымен қатар жаһандық ақпараттық ағындар ұлттық ерекшеліктерді жоюға алғышарт болады.

Жаһандануға деген ұмтылысты қаржыгерлер элитасының жаңа өкілдері жүзеге асыратын болады, оларды Ж.Аттали «жаңа көшпенділер» деп атайды. Олар – сауда құрылысының жаңа түрін әкелушілер, олар – әлдебір ұлттық немесе мәдени пайымдаулардан алшақ келетін әлемнің жаңа азаматтары. Ж.Аттали бұл адамдар туралы: «Олар өмір ырғағын теріс айналдыра түсіп, адамның мәдениетке, ғылымға, отбасына, Отанға, әлемге деген қатынасын түбегейлі өзгертетін болады» [1, 22] деп жазады. «Қаржыгерлер, Ж.Атталидің көзқарасы бойынша, әлемдік үкіметке айнала отырып, мемлекеттен үстем және ұлттан да үстем болып келетін элита ретінде асқақтайтын болады. Заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, олар планетаны бірыңғай қаржы-экономикалық кеңістікке айналдырады, мұнда адамның өзі тауарға айналып кете барады».

Адамзаттың жаңа тарихында жаһанданудың талпыныстары ретінде Ұлы Француз революциясынан кейінгі Францияның жүргізген соғыстарын, Наполеон басқарған соғысты атап көрсетуге болады. Осы соғыс нәтижесінде Еуропаның басым бөлігін біріктірген Наполеон Бонапарт империясы құрылды [2, 30]. Жиырмамыншы ғасырда болып өткен екі соғыс та жаһандық сипатта болды. Сондықтан қазіргі таңдағы жаһандану феноменінің мән-жайын ұғыну үшін, жаһанданудың бұрын иеленген пішіндерін тану қажет болады.

Жаһандану мәселесіндегі негізгі түсінік – кезінде Иммануель Уоллерстайн және Фернан Бродель жазып өткен әлем экономикасы болып табылады. Француз тарихшысы Фернан Бродель бұл жөнінде былай деп атап өтеді: «капиталистік жаһандану саяси-географиялық кеңістікті моделдейді. Бір ғана орталықтың, қаланың, тыныс алушы организмнің айналасында «көлемі жағынан екінші маңызға ие жұлдыздар» әрекет ететін болады, мұндай кеңістіктік иерархияда орталық – шеткері аймақ (периферия) қатынасы басымдық танытады [3, 42].

Сондықтан мұнда негізгі мәселелердің бірі жаһанданудан кім ұтып, кім «жұтылады» деген сауалмен байланысты болып келеді. Әрине, мұнда бай елдер немесе индивидтер басым орынды иеленеді. Кейбір оппоненттер кірістердің жаһандақ конвергенциясы орын алуы мүмкін, өйткені кедей мемлекеттердің экономикасы бай елдерге қарағанда, жедел қарқынмен дамиды деген пікір айтады. Негізінде, жылдам даму барлық мемлекеттерге тән емес, экономикалық тұрғыдан нашар дамыған елдер бай елдерге қарағанда баяу қарқынымен ерекшеленеді. Соған орай олардың жаһанданудан алар пайдасы да аз болып келмек [7, 3].

Жаһанданудың оң және теріс жақтарына талдау жасай келе, малайзиялық танымал ғалым Музаффар Чандра оның бір ғана оң нәтижесі «жаңа өнімде» деп атап көрсетеді. «Оның нағыз себебі пайданы барынша көбейтуден көрінеді», - деп жазады ол, сондықтан жаһандану «бүкіл тарих бойында адамзат өркениетінің тұтастығына маңызды қауіп төндіретін қатерлердің бірі болуы мүмкін» [4, 22]. Алайда, «жаһандану дін мен мәдениет үшін белгілі бір оң элементтер әкелетіндіктен, одан толық бойды аулақ салудың да қажеті жоқ. Этикалық және моральдық ережелер қысқа мерзімдік және ұзақ мерзімдік стратегияда экономикалық қызмет атқару кезінде ескерілуі тиіс. Нарық этикалық принциптермен реттелініп отыруы қажет» деп санайды ол. Оның пікірінше, «ислам және басқа да дін интеллектуалдарына қарсы тұру дінмен үйлесе отырып, жаһандану үдерісіне енгізілген адамгершілік және экономикалық жағынан негізделген саясаттан көрінеді» [2, 55].

Егерде жаһанданудың артықшылықтары туралы айтар болсақ, жаһандану халықаралық бәсекелестікті өршіте түседі. Бәсекелестік пен нарықтың кеңеюі мамандану және халықаралық еңбек бөлінісін тереңдетуге әкеледі. Жаһанданудың тағы бір артықшылығы – өндіріс ауқымындағы үнемділік, мұның өзі ысырапшылыққа жол бермеу мен бағаның төмендеуіне, соның салдарынан тұрақты экономикалық дамуға әкеледі.

Егерде жаһанданудың оң жәге теріс жақтарын саралайтын болсақ, оның өзі әлемдік жүйенің сипатына байланысты болады. Егер әлем қактығыстарға толы болса, онда ол мүлдем теріс сипат алады. Керісінше,



әлем ынтымақтастыққа қарай бет түзесе, онда жаһандану оң әсер береді.

Ал ақпараттық-коммуникациялық жаһандану – қазіргі заманғы интеграциялық үрдістердің ішінде аса ықпалдысы. Оған: коммуникациялық мүмкіндіктерді дамыту және ғарыштық кеңістікті ақпарат беру үшін пайдалану; жаһандық ақпарат желілерінің пайда болуы және тез дамуы; адамзат тұрмысындағы көптеген үрдістердің компьютерлендірілуі жатады. Сонымен қатар, келешекте екі бағыттағы ғарыштық жүйелерді басымдылықпен дамыту; байланыстырудың жеке жүйесі мен жаһандық позицияланудың дамуы; ақпараттық коммуникациялық кешендердің негізінде бизнесті, өндірістік үрдістер мен үй шаруаларын басқарудың жаһандық жүйесін құру; өмір сүру үрдістерінің мейлінше үлкен бөлігін компьютерлендіру мен роботтау сынды үрдістерді де кірістіруге болады.

Бүгінгі күнгі ақпараттық жаһандану қоғамға біршама игі мүмкіндіктерді береді. Мысалы, 2015 жылдың үздік телеарнасы атанған «КТК» арнасын алуға болады. Аптаның 7 күні бойы бар ғаламның, еліміздің түкпір-түкпіріндегі халықтың хал-ахуалын, билік басындағылардың ойлары мен қыр-сырларын ашық түрде сипаттап, эфирге де, сайт жүйесіне де ұсынылып жүр. КТК телеарнасында тұңғыш қазақ тіліндегі ақпараттық бағдарлама «Бір күн» деген атпен 1998 жылдың тамыз айында шыққан. Бір айдан кейін «Күндерек» деп аталды. 2000 жылдан бастап «Күндеректің» сапасы арта түсті. Оған өзіндік үлесін Оразал Баймұраттың еңбегі ерекше. Телекеңістікке жаңадан «Шарайна» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы келіп қосылды [5]. Бұл хабардың сол кезде жаппай шығып жатқан апталық сараптамалық телебағдарламалар арасында өзіндік ерекшелігі болды.

Қазіргі күні телеарна қорында көрермендердің аса үлкен назарына ұшырап жүрген, рейтингі бойынша 3-ші орындағы «Апта қорытындысы» ақпараттық хабар, басында Артур Платоновтай ақиқатты сөзге тиек еткен «Портрет недели» бағдарламасы, саяси-экономикалық, әлеуметтік проблемаларға арналған «Другая правда», «Наша правда», «Очная ставка», «Черный квадрат» т.б. сынды еліміздің ақпараттық кеңістігінде ерекше орынға ие бағдарламалар санатына жатады. Сөйлесе сөздің түбін түсірген, іздесе оқиғаның ақиқатын іздеген Дина Төлепбергеннің «Астарлы ақиқат» хабарын атап айтпау мүмкін емес. Бағдарламада талай халықтың әлеуметтік жағдайы, мұң-күйі баяндалды. Қанша адамға шешілмеген мәселенің шешімін табуға жол сілтеді. Қазіргі күні ізденімпаз-журналист жаңа тың жоба «Экспериментті» қалың көпшілікке тарту етті. Әр хабарды түсіру барысын ол Инстаграм парақшасында жариялап, халыққа хабардың мәнін ұғындыруда. Бұл конвергенттік журналистиканың еліміздегі әлі де ілгері даму барысында екендігін айқындайды.

«КТК» телеарнасының жақын шетел Ресей мемлекетінің телеарналарымен терезесі тең күнге жеткенін ауыз толтырып айта аламыз. Мәселен, Ресейдің ең танымал рейтингі жоғары ақпараттық арналарының бірі - «Россия 24». Арна қорында да сан түрлі тақырыптарды қаузаптын бағдарламаларға толы. Оған дәлел «Мнение», «Политика», «События», «Мобильный репортер», «Вести», «Вести недели», «Экономика», «Факты», т.б. бағдарламаларды алуға болады [6]. Арнаның басқа арнадан ерекшеліктерінің бірі – ол ақпараттық тікелей эфирде оқиға орнынан сол мезетте берілетіндігінде және әр жарты сағат сайын эфирге жарияланып отыруында. Бұл көрермендер тарапынан үлкен қолдауға ие. Бұл телеарнаның біздің «КТК» арнасы сынды ақиқатты елге сол қалпында, бұрмалаусыз, ашық түрде беруге құмар арналардың санатында екендігін аңғару қиын емес. Сонымен қатар, телеарнаның ашық блогы арқылы халықтың әлеуметтік мәселелері де арна назарынан таса қалмайды. Блогта қолдау әрі көмекке зәру жандардың көптеп тілек-қалауларын қалдыратындығын бір көз жүгірткеннен анық. Арнадан өзге «Вести.ги» атты интернет-сайттың да танымалдығы ерекше. Сайт тек қана ақпараттық хабарды тікелей эфирді берумен тоқталмай, әр санат бойынша архивтегі немес одан да өзге мақалалармен танысуға мүмкіндік бар. Әліппе бойынша басталатын 64 бағдарламаға сілтеме берілген. Бұл әрине «КТК» телеарнасының сайтының үлгі аларлықтай артықшылығы екені анық. Сонымен қатар, сайтта бірнеше әлеуметтік желілерге қосылу арқылы, ыңғайлы әрі жылдам жаңалықтармен таныс болуға жағдай жасалған. Әрине, әлемдік жаһандық ақпараттық кеңістіктегі мұндай телеарналармен тең болуға әлі де болса елімізде жұмыстар жасалу керек. Бірақ та біздің де арналардың тура жолда, алар биігі әлі алда екені бәрімізге аян.

Жаһандану мемлекеттің өзіне де оның функцияларына да ықпалын тигізіп, өзінің ауқымдылығын күн санап арттыра түсуде. Қазақстан әлемдік қоғамның субъектісі ретінде амалсыздан ғаламдық ақпарат кеңістігінің бір бөлігі болып табылады. Демек, саясат пен экономикадағы жаһанданудың басты белсенділері болып табылатын алып ұйымдар рөлінің артуы жас тәуелсіз мемлекеттердің ішкі істеріне олардың ықпалының күшейіп, ақыры, бұл мемлекеттердің функциялық тәуелсіздігінен айырылуына әкеп соғуы мүмкін. “Біз қуатты сыртқы күштер келешегімізді айқындауда сөзсіз елеулі рөл атқаратын күннен-күнге өсе түскен ауқымдану мен ұлғайып келе жатқан өзара тәуелділік дәуірінде өмір сүріп отырмыз. Егер біз өз ниетімізді байсалды ұстансақ және пайымды да парасатты болсақ, өз дамуымыздың ішкі және сыртқы

факторларын бүкпесіз талдап-таразылауға қабілетті болсақ, онда біздің жалпы топтасуымыз, өз тарихымыз бен ерекше жағдайларымыз негізінде дұрыс жолды таңдап алу мүмкіндігіміз де бар”, – деп президент Н.Назарбаев “Қазақстан-2030” стратегиясында жазады [10].

Ақпараттық қарым-қатынастың жақсаруы арқасында мемлекеттегі ақпараттық кеңістіктің, мәдениеттің мен экономиканың әлемдік экономикалық және ақпараттық кеңістікке интеграциясы іске асады. Ақпараттық алаңды ары қарай дамытып, әлемдік ақпараттық қоғамдастыққа кірер кезде, ҚР президенті айтып өткен идеяның ең маңызды жерлерін естен шығармаған дұрыс. Ол үшін, қалыптасқан жағдайды әділ бағалап, қос стандарттардан бас тартып, дұрыс қорытынды жасауымыз тиіс. Мемлекеттің ақпараттық алаңында отандық өнімнің басым болуы басты басымдылыққа айналуы тиіс. Тек сонда ғана, Қазақстанда ақпарат нарығының маңызды және негізгі элементтері қалыптасты деп айтуға болады.

1 Даниленко В.П. Глобалистская картина мира, или глобалистика, глобализм, антиглобализм, глобализация и антиглобалистская борьба. Персональный сайт автора <http://www.islu.irk.ru/danilenko/articles/glob/htm>

2 Долгов Б.В. Процесс глобализации и развивающиеся страны.

3 Жак Ле Гофф. Труды и дни глобализации...

4 Музаффар Чандра. Глобализация и религия//[www.islam.kiev.ua](http://www.islam.kiev.ua)

5 <http://www.ktk.kz/>

6 <http://www.vesti.ru/>

7 Матвеев Р.Ф. Методологические и теоретические проблемы глобализации // «Новая» Россия: национальные интересы в глобальном контексте. Материалы межвузовской научной конференции/ «Новая» Россия: национальные интересы в глобальном контексте». 7-8 декабря 2001 г. - М.: РГГУ, 2001.

8 <http://el.kz/m/articles/view/content-1218>

### Резюме

**Э.О. Кырыкбаева** – к.и.н., доцент Египетского университета исламской культуры «Нур-Мубарак»

**Н.Е. Султанова** – магистрант I курса факультета «Журналистики» КазНУ им.аль-Фараби

#### **Значение и роль современного развития общества в информационных структурах**

Целью данной статьи является определение роли и значения глобализации в информационном обществе. Предусмотрены достижения и недостигнутые высоты в отрасли СМИ с момента возникновения глобализации на мировой научной арене. Определена главная роль глобальных информационных потоков в ликвидации национальных особенностей. Проанализировав положительные и отрицательные стороны глобализации, предложено определение термина «информационно-коммуникационная глобализация» как развитие коммуникационных возможностей и использование мирового пространства для передачи информации; появление и быстрое развитие глобальных сетей информации; компьютеризация многих процессов человеческого бытия. Кроме того, приоритетное развитие мировых систем в двух направлениях, развитие личных систем соединений и глобальных поисковых систем; на основе информационно-коммуникационных комплексов построение глобальной системы управления бизнесом, производственными процессами и домашним хозяйством; компьютеризация и т.д. большей части жизненных процессов. Делается вывод о том, что благодаря улучшению информационных отношений в государстве в период глобализации осуществляется интеграция информационного пространства, экономики и культуры государства в мировое экономическо-информационное пространство.

**Ключевые слова:** печать, телевидение, информация, технология, развитие, анализ, конкурентоспособность

### Summary

**E.Kyrykbaeva** – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor Egypt University of Islamic Culture "Nur-Mubarak"

**N.Sultanova** - 1st year undergraduate faculty "Journalism" in Al- Farabi Kazakh National University

#### **The importance and role of the modern development of society in the information structure**

The aim of this article is to define the role and importance of globalization in the information society. There are achievements and unreached heights in the media industry since the beginning of globalization on the world scientific arena. Identify the main role of global information flows in the elimination of national features. After analyzing the positive and negative aspects of globalization, it is proposed definition of "information and communication globalization" as the development of communications capabilities and the use of global space for communication of information; the emergence and rapid development of global information networks; computerization of many processes of the human being. In addition, the priority development of the world system in two ways, the development of personal systems connections and global search engines; based information and communication systems to build a global business management system, manufacturing processes and households; computerization, etc. most of the life processes. It was concluded that by improving information relations in the state in the period of globalization integrates the information environment, the economy and culture of the state in the global economic and information space.

**Keywords:** print, television, information, technology, development, analysis and competitiveness

## «ГҮЛІСТАН БИ-Т-ТҮРКИ» ДАСТАНЫНДАҒЫ МӘВЛА ҚАЗЫ МУХСИН

Д.Сулеймен – Абай ат. ҚазҰПУ, Филология институтының 2-курс магистранты,  
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к, аға оқытушы Г.Е. Есіркепова

Бұл мақалада Сәйф Сарайидың «Гүлстан би-т-түрки» дастанының соңында берілген өлең авторы Мәвля Қазы Мухсин туралы айтылады. Мәвля Қазы өлеңінің философиялық мәні талдалынады. Өлеңдегі көркемдегіш құралдардың қалай қолданылғаны сараланады. Біз бұл зерттеуімізде Мәвля Қазы Мухсиннің ақындық шеберлігін және Сәйф Сарайи шығармашылығындағы орнын талдауға тырыстық.

**Кілт сөздер:** Сәйф Сарайи, «Гүлстан би-т-түрки» дастаны, метафора, Аллаға деген махаббат

Алтын Орда дәуірі әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі – Сәйф Сарайи. Сәйф ақынның Сағди Ширазидан тәржімалаған «Гүлстан би-т-түрки» дастанының әдебиетте алар орны бөлек. Ақынның өз кезеңінен хабар беруге тырысқан әдебиеттанушы екенін дастандағы қамтылған мәліметтерден аңғарамыз. Дастанды ақын нәзирагөйлік дәстүрмен жырлап шыққан. Сарайлық Сәйфтің аудармашылық шеберлігін осы дастан арқылы байқай аламыз.

Қолжазбаның соңында XIV ғасырда өмір сүрген сегіз атақты ақынның бір-бір өлеңдері және оларға қайтарған Сәйф Сарайидің жауаптары мен өз өлеңдері берілген. Ол ақындардың аттары: Мәвля Қазы Мухсин, Мәвлана Исхақ, Мәвлана Имад Мәвләвий, Ахмад Хожа ас-Сарайи, Хоразми, Әбдулмәжид, Тұғлыхожа, Хасанұлы [1, 422 б.]. Бұл сегіз ақын туралы Сағди Ширазида кездеспейді. Сәйф ақын дастанның аяқталғаны туралы өлең жолымен сүйіншілеп, жинақтың соңында сегіз ақынның өлең жолдарын берген. Әр ақыннан кейін ақындар ойын өрбітіп, өлеңмен бағасын, пікірін және өзінің көзқарасын білдіріп отырады.

Дастандағы сегіз ақынның өлеңдері бір-бірімен мазмұндас. Адамгершілік, сабырлық, төзімділік, қайсарлық, қанағат сынды қасиеттерді жырлап жарысады. Әлемдегі бар асыл дүние суреттеп, осы кереметтерді жаратқан Алланы мадақтайды. Ақындардың өлең жолдарын оқи отырып, поэзиядағы «мінәжат» жанрына жататынын аңғарамыз. Өртүрлі жаман қасиеттерден сақтанып, дұға етеді.

Атақты сегіз ақынның бірі Мәвля Қазы Мухсиннің өлеңі мен Сәйф Сарайидың тура сол өлшемде жауап ретінде жазған өлеңіне назар аударайық. Мәвля Қазы Мухсин өз сүйгенін барша сұлудан да сұлу дейді:

**«Мәвля Қазы Мухсин айтады**

*Сүйгенім менің адамдардың жаныдүр,  
Барша сұлулар сұлуының сұлтаныдүр.  
Кешті Ләйлі, кешті Шырын сұлулығы,  
Міне, бүгін менің шахым дәуренідүр  
Пендесі (қызметшісі) дүр бойының сәрв пен шынар,  
Ай мен күн жүзіне қайран қалып тұр.  
Жүзі сұлуларға алма сатар,  
Ерні дерттілердің дәрісідүр.  
Неткен келбет, (ғашықтарды) таңғалдырар таза гүлі,  
Неткен ерін, Мысырдың шекер кенідүр.  
Иегі зынданына түскен тұтқын,  
Ол кім, бүгін кәңғандық Жүсіп еді.  
Қасы, көзі табынушыларды алдандырса,  
Мухсиннің рақаты - тәңірілік» [1, 156 б.].*

Өлең мәтініне назар аударсақ, көркемдегіш құралдарды өте ұтымды пайдаланған. Әдебиеттегі кейіпкеу, метафора тәсілдерін молынан пайдаланған. «Ай мен күн жүзіне қайран қалып тұр» деген өлең жолынан әдемілікке сүйсінген тірі аспан денелері көз алдымызға елестейді. Сұлудың ернін Мысырдың шекер кеніне балайды. Мухсин өз рақатын тәңірілікке ұқсатады. «Метафора – екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып жақындату арқылы астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі», - дейді академик З.Ахметов [2, 140 б.]. Ақынның метафора тәсілін ойын суреттеп жеткізуде шебер пайдаланғандығын байқай аламыз. Ал енді Сәйф Сарайидың берген жауабына қарайық:

**«Осы өлшем, осы ұйқаспен Сәйф Сарайи айтады**

*Ол жүзі ай кім жаһанның жаныдүр,  
Бұл замана сұлуларының ханыдүр.  
Ақжұпар дене, бойы сымбатты сәрв,  
Бұрымы жаннат бағының райханыдүр.  
(Оның) назының астында әлем тұтқын,*

*Көздері ай табақшасын (сәулесін) еліктіріп әкетуші.*

Кірпігінің оғына жандар нысана,

*Жай (садақ) сияқты қасының жаған құрбаныдұр.*

Күн әр таңда оның жағасынан туар,

Сол себептен бұл жаған жарқырап тұр.

Аяласын ғашықтар жанын бүгін,

*Өйткені күз(мезгіл) ай жүзді сұлудың дәуренідұр» [1, 156 б.].*

Сарайлық ақын Мәвла Қазы Мухсиннің ойы өрбітіп, әрі қарай көркемдей түскен. «Бір нәрсенің, көбінесе адамның мінезін, құлқын, ғамалын екінші нәрсенің мысалында көрсетіп айту – бернелеу болады. Қазақтың бернемен сөйлеп отыр дегені – осы бернелеу. Бейнелеу бернелеумен екі арасы жақын. Бейнелеу де, бернелеу де екі ұқсас нәрсенің бірін бірінің орнына айтудан шығады. Бейнелеу ұлғайғанда бернелеуге айналып кетеді» [3, 31 б.]. Ақын бұрымды Жаннат бағымен, көздерін ай сәулесін еліктіріп әкетушімен, қасын жаған құрбанымен, күзді дәуренмен бейнелік тұрғыдан ұқсатып беріп отыр. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, бұрым, көз, қас – дене мүшелерінің мінсіз жаратылғанын екінші нәрсенің мысалынан аңғарып отырмыз.

З.Қабдолов «айқындау, яғни эпитет – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз» деп берген. [4, 214 б.]. Ал Сәйф ақында «*ай жүзді сұлу*», «*ақжұпар дене*», «*бойы сымбатты*» деген сынды эпитеттермен Мухсин ойына үн қатқан. Дастандағы эпитеттерден сол дәуірге тән асыл дүниелер туралы мағлұмат аламыз. Мысалы өзге ақындар өлеңінен мынандай эпитеттер ұшырасады: *киік көзді, ай жүзді, сүйкімді сұлу, хош иісті қара меңді, алқызыл жүз, опасыз сүйікті, жалғыздық оты.*

«Мәула Қазый Мухсин, Мәулана Исқақ және Мәулана Үмәд Мәуләуи өз замандарының ірі шайырлары болса керек. Себебі, «Мәулана» сөзі атақ-дәрежесі бар құрметті, қадірлі, сыйлы адамдардың есімдерінің алдында «мырза» деген мағынада қолданылады» [5, 16 б.].

Екі ақын да Аллаға деген махаббатты жырлайды. Сәйф Сарайидың Алла Тағаланың жаратқанына таң қалғанын өлең жолдарынан аңғарамыз:

*«Сәйф Сарайи құл оны көргелі*

*Хақ тағала жсратқанына қайран қалып жүр» [1, 156 б.].*

Осындай сұлулықты жаратқан Жаратушының шеберлігін осылай суреттеген. Мәвла Қазы Мухсиннің ойымен Сәйф Сарайидың ойы үндесіп тұр. Екі ақында кездесетін иләһи махаббат өзге жеті ақында да кездеседі. Бұдан сол кезеңдегі ақындардың діни білімінің тереңдігін, тек сұлулықты, айналадағы жағдайларды ғана жырлап қоймай, адамдарды Алланы тануға шақырғанын көре аламыз. Сүйген сұлуды жаратқан Жаратушыны ұлықтайды.

Сегіз ақында сол дәуірдің атақты тұлғалары, әсіресе, пайғамбарлардың есімдері өлеңдерінен жиі ұшырасады. Әсіресе, сұлулық туралы айтқанда Жүсіп пайғамбарды, сабырлық пен тақуалықта Дәуіт пайғамбарды, байлық пен билікте әділ болған Сүлеймен пайғамбарды мысалға келтіреді. Нұқ, Лұт пайғамбарлардың қауымы жайлы да мысалдар келтіріліп жамандықтан тияды.

Сарайлық Сәйф Мәвла Қазы Мухсин туралы дастанында кірістірмегенінде, біз сол дәуірде көркем әдеби шығармаларды тудырған ақындар жайлы білмеген де болар едік. Бір өлеңі арқылы-ақ Мәвла Қазы Мухсиннің өз дәуіріндегі ақындардан ақындық тұрғысынан кем түспегендігін байқай аламыз. Қорыта айтқанда, дастанның жазылуы барысында қолдау көрсеткен Мәвла Қазы Мухсиндей ақындардың болғандығын түсіндік. Өлі де тарихи деректерден бұлардың қандай төл шығармалары және әдебиетке қосқан үлесі болғандығын саралау керектігін сезіндік. Мәвла Қазы Мухсин – діни, әдеби білімі мол өз дәуірінің сыйлы ақыны. Бүкіл дәуірдің бейнесін шығармашылықтарында сақтап, жеткізіп келеді.

1 *Әдеби жәдігерлер [Тех]: 20 томдық. - Алматы: Таймас, 2010. - Т.9: Сәйф Сарайи. Гүлстан би-т-турки / құраст. Ә.Керімұлы. - 480 б.*

2 *Ахметов З. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. - Алматы, 1996. - 240 б.*

3 *Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. - Алматы: Атамұра, 2003. - 280 б.*

4 *Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: «Санат», 2007. - 360 б.*

5 *Әлібекұлы А. Сайф Сарайи және сегіз ақын. - Кітапхана. - №2. - 15-20 бб.*

#### Резюме

Д.Сулеймен - КазНПУ им. Абая магистрант II курса, Научный руководитель: к.ф.н., старший пред. Г.Е.Есиркепова

#### Мәвла Қазы Мухсин в поэме «Гүлистан би-т-турки»

В этой статье рассказывается об авторе стиха Мавла Казы Мухсин в поэме Сайфа Сарайи «Гүлистан би-т-турки». А так же анализируются философский смысл стиха Мавла Казы. Следом в поэме рассматривается использование

эпитета, метафоры и т.д. В этой работе мы попытаемся исследовать умение поэта Мавла Казы Мухсин и его роль в творчестве Сайфа Сарайи.

**Ключевые слова:** Сайф Сарайи, поэма «Гулистан би-т-турки», метафора, любовь к Всевышнему

#### **Summary**

**D.Suleymen** - Kazakh National Pedagogical University named after Abay, The 2nd course Undergraduate student; **Scientific supervisor:** candidate of philological science, Senior Lecturer of KazNPU named after Abai G.E.Esirkepova

#### **Maula Kazy Muhsin in poem «Gulistan bi-t-turki»**

In this article we will discuss about poet Maula Kazy Muhsin, who talked in Seyf-i Sarayi's poem "Gulistan bi-t-turki". Also we are going to analyze philosophical meaning of Maula Kazy's poem. In this search we will be analyze art features of using in work. In this study we tried to explain poet's skill of Maula Kazy Muhsin and his role in Sarayi's works.

**Keywords:** Seyf-i Sarayi, poem "Gulistan bi-t-turki", metaphor, love to Allah

ӘОЖ 82-31

## **ШӘМСИЯБАҢУ СӘТБАЕВА «ШОҚАН УӘЛИХАНОВ – ФИЛОЛОГ» АТТЫ ЕҢБЕГІНІҢ ҒЫЛЫМИ МӘНІ**

**Н.Б. Айдосова** – *Абай ат. ҚазҰПУ, Филология институтының 2 курс магистранты*  
**Ғылыми жетекшісі:** *ф.ғ.к., аға оқытушысы Д.А. Сатемирова*

Адамзат дамуының заңдылықтарын зерттеу, зерделеу қиын-ақ. Кейде адам жанын түсініп, оның ішкі сырларына үңілудің өзі бір ғанибет. Баянауылдың тумасы, текті елдің ұрпағы болған, әкесінің өнегелі өмірін үнемі жадында ұстаған аяулы апамыз Шәмсиябану Сәтбаеваның бізге қалдырған мұрасы мол. Шоқантанушы ғалымдарымыздың бірі, бірігейі Шәмсиябану апамыздың бізге қалдырған өнегелі өмірі мен ғылымға толы өмірі сөз егіледі.

**Кілт сөздер:** әдебиет, байланыс, ғасыр мұрасы, ұлылар қалдырған сара жол

Ғалым жастайынан өмірін ғылым, білімге арнап, көптеген ғылыми еңбектер жазды. 1971 жылы доктор дәрежесін алып, одан 1988 жылы профессор атағына ие болды. Осы кездерде әдебиеттің сан қырлы тұстарын зерттеді. Сәтбаеваның еңбектерінде әлемдік сюжеттер, интермәтіндер, көркем аударма, әдеби сапарнама секілді компаративизм мәселелері қамтылған. Шәмсиябану Қанышқызы ғылыми ізденістер жетегінде жүріп Мәскеу, Ленинград кітап қорларын, қолжазбаларындағы қазақ халқы, оның мәдениеті мен әдебиеті туралы Батыс Еуропа елдерінде ерте замандардан бері жазылып, жинақталып қалған материалдарды тауып, ғылыми айналымға енгізді. Зерттеу нәтижесінде қазақ әдебиетінде күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпаған көптеген маңызды ғылыми мақалалар мен еңбектер жарық көрді. Ғалымның көп жылдар бойғы ізденісінің нәтижесінде жаңа деректерді қамтыған «XIX-XX ғғ. шетелдік саяхатшылар Қазақстан туралы» атты қолжазба жинақталды. Зерттеушінің монографиялық еңбектерінде Орта Азияда, қазақ даласында болған еуропалық саяхатшылар Плано Карпини, Вильгельм Рубрук, Марко Поло және тағы басқа Батыс саяхатшыларының қазақ халқының тарихы, мәдениеті, дәстүрі мен салт-санасы жайлы өз отандастарына жазған түрлі жазбаларынан деректер берілген. Сондай-ақ, әлем әдебиеті классиктері Даниэль Дефо, Джакомо Леопарди, Жюль Верн, Адам Мицкевич, Александр Дюма т.б. туралы мәліметтер де мол. Автор тек еуропалық саяхатшылардың қазақ елі жайлы жазған жолжазбаларын талдаумен ғана шектелмей, қазақ ағартушылары А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов сынды ойшылдардың Батыс өркениеті жайлы айтқан ой-пікірлеріне де ерекше мән береді. Ш.Қ.Сәтбаева түрлі іссапарлар нәтижесінде болып қайтқан бұрынғы Кеңес өкіметі, Шығыс және Батыс Еуропа, Азия елдері жайлы жазған жолжазбалары мен күнделіктері арқылы өзі де әдеби саяхаттардың озық үлгісін жасап берді. Ш.Қ.Сәтбаева Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабайұлы, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлының шығармашылық мұрасын зерттеу комиссиясының құрамында болып, кейін Ш.Құдайбердіұлының, А.Байтұрсынұлының шығармаларын жүйелеп бастыру ісін басқарып, олардың өмірі мен шығармашылығы туралы зерттеулер жазды.

Бұл еңбектердің қадау-қадау түйінін айтар болсақ:

– Ш.Қ. Сәтбаева Қазақстанда әдеби байланыстар мәселесін зерттеу ісінің басында тұрып, осы бағытта мектеп қалыптастырған алғашқы ғалымдарымыздың бірі.

– Ш.Сәтбаеваның Шоқан Уәлиханов шығармашылығы жайлы еңбектері әдебиеттану саласындағы шоқантануға қосылған бірден-бір ғылыми мәні зор зерттеулер.

– Ш.Сәтбаеваның Шоқан мұрасын орыс әдебиетімен байланыстыра зерттеуі қазақ әдебиетінің өзге ұлттар әдебиетімен әдеби байланысын зерделеу мақсатында жасалған алғашқы монографиялық еңбектердің бірі.

– Әдеби байланыстар мәселесін сөз ете отырып, ғалым қазақ әдебиетінің жалпы әлемдік әдеби процеспен үндестігін, байланысын жан-жақты ашып көрсеткен. Мұны ғалым қазақ әдебиеті үлгілері мен кейбір авторлардың шығармаларын жете зерттеу арқылы дәлелдейді.

– Ғалым шығыстық сюжетке құрылған дастандар, ондағы көркем мотивтер мәселесі, имагология проблемасын қазақ әдебиетінде алғашқылардың бірі болып сөз еткен, өзіндік соны пікірлер білдірген.

– Ш.Қ.Сәтбаева саяси қуғынның құрбаны болған Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы шығармаларының өз оқырманымен қайта қауышуына еңбек сіңірген алғашқы ғалымдар қатарынан табылып, орасан зор үлес қосты. Зерттеушінің аталған қаламгерлердің әдеби мұралары жайлы айтқан ой-пікірлері кейінгі зерттеу еңбектеріне бірден-бір негіз болып келеді.

– Қазақ әдебиетінде совет дәуірінде қалыптасқан өндірістік тақырыпқа жазылған шығармаларды кейінгі кезде көркемдігі төмен, әдебиетте жасанды образдардың тууына себеп болды деген біржақты бағалау айтылған-ды. Ш.Сәтбаева еңбектерінде бұл тақырыптағы шығармалардың туу тарихи және саяси себептері анықталып, мұндай туындылардың барлығының бірдей шынайылығы төмен, көркемдік деңгейі әлсіз еместігі дәлелденген. Ш.Қ. Сәтбаеваның қазақ әдебиет тарихы мен әдеби байланыстар мәселелеріне арналған іргелі зерттеу еңбектері – қазақ әдебиеттануына қосылған үлкен ғылыми мұра. Орта Азия және Қазақстан әдебиетінің тарихы"(1961) басылымында қазақ әдебиеті бөлімін әзірлеуге қатысты, "Әдебиеттер достығы" (1986) жинақтары мен "Қазақ әдебиеті тарихының" 3-томын шығаруға белсене қатысты. "Әдеби байланыстар", "Қазақ әдебиеті мен Шығыс "(1982) монографиясы жарық көрді. Ең үлкен еңбегінің бірі, бірегейі болған монографиялық жұмысы Шоқанды зерттеуі. Уәлихановты алғаш зерттеп, өнегелі өмірін, ғылыми еңбектерін жарыққа шығуына ден қойды. Ғалымның ғылыми мұрасын жан-жақты түбегейлі зерттеу 1940 жылы басталып, әлі де жалғасын табуда. Әр дәуір өзінің көрнекті Шоқантанушы ғалымдарын тудырды. 1917 жылға дейін шыққан шоқантанушылар Г.Н. Потанин мен Н.Н. Веселовский-лерді атаған жөн. Ал, бергін келе зерттеушілердің ең көрнектісі – академик Ә.Х. Марғұлан. Ш.Ш. Уәлихановтың фольклортануға сіңірген еңбегін қарастырған зерттеушілер Ә.Бөкейханов, Қ.Сәтбаев, М.Дулатов, М.Жұмабаев және тағы да басқалары болатын. Қазақ фольклорын зерттеуде ерекше еңбек сіңірген академик М.О.Әуезов Шоқан Уәлихановтың ағартушылық зерттеушілік қызметі, қазақтың халық әдебиетін зерттеудегі орны, ислам дініне қатысты көзқарасы, сол сияқты қырғыздың атақты эпосы "Манасты" алғаш жазып алуы туралы пікірлерін білдірді. Кейінде Әлкей Марғұлан бастаған зерттеушілердің іздестіру жұмыстарының нәтижесінде ғалым еңбектерінің 5томдығы жарық көрді.

Ал, Шәмсиябану Сәтбаеваның зерттеуі Шоқанды филолог ретінде қарастырып, монография жазды (1987). Хан тұқымынан шыққан Шоқанды қазақ аңыз-әңгімелерін, ертегі, дастандарын әжесі Айғанымнан тыңдап, бойына ұлттық құндылықтардан нәр алып өскенін айтады. Сәтбаева бұл еңбегін 6 тарауға бөліп қарастырып, жан-жақты аша білген. Бірінші тарауында: "Қазақ сахарасында "филология" деген сөзді, ұғымды ғылым мағынасында алғаш және бірнеше рет қалдырған да осы Ш.Ш.Уәлиханов "Ол...бүкіл халық аузынан айтылған шығармалар тарихтық, филологиялық және де психологиялық назардан тыс қалмауы керек ... " [1,19 б.]. Бұл терең тұжырымдар сөз өнері филология тұрғысынан зерттелу қажеттілігіне,зерттелгенде әр ғылым салаларына байланыстыра қаралуына қазіргі тілде айтсақ комплексті түрде,тұтастықта зерттелуін мегзейді.

Ғалым Сәтбаева Шоқанның қазақ қоғамына жаңа терминдер (мәселен, поэзия, проза, драма, эпос) алып келді. Және де еңбектері орыс тілінде жазылуы ол қазақ халқын орыс халқына таныстыру болатын. Біздің де осындай мол мұрамыздың бар екендігін паш ету еді. Шоқан Уәлиханов қазақ халқының әдебиетін, тілін терең зерттеп, кең талдау жасап, тарихи өмірмен байланыстылығын, идеялық-көркемдік қасиеттерін ашқан,жанрларына анықтама берген тұңғыш филолог ғалым. Осы тұста ғалымның ең ғылымға ден қоюы Сібір кадет корпусында оқып жүрген кезінде басталады. Ғалым туралы Сәтбаева деректерге сүйене отырып былай дейді: – ғажайып ғалымның өмірі мен қызметі орыс өмірімен,мәдениетімен,әдебиетімен тығыз байланысты өткені мәлім. Олай болуы заңды да еді, өйткені Шоқан өмір сүрген, қызмет еткен кез қандай да бір қиындық, кедергілік, күрделіліктер болса да қазақ халқының рухани өріс қалпы мен деңгейі биіктей дамуға бет алған, басқа жақын, алыс халықтардың нелер асылдарын танып, қабылдап, қажетіне қарай игеріп, өз қарым-қатынасын анықтай алатын сергек дәрежеде болатын". Иә, әрине, Шоқан орыс жерінде білім ала отырып, өз жерін, өз елін еш уақытта ұмытқан емес. Білім ала отырып тек орыс халқының ғана емес, сонымен бірге Еуропа елдерінің мәдениетін, әдебиетін біліп, елімізге керек жақтарын алып келу еді. Яғни, жастарға дұрыс білім беру еді. Ол тұста татар молдаларынан ғана білім алатын жастарды жан-жақты білім алуға дәріптеу болатын. Қазақ жастарын білімге шақыру еді. Шоқанның орысша білім алуына тағы бір әсер еткен нәрсе, әжесі Айғанымның Уәли қайтыс болғаннан кейін үлкен әулетті өзі басқарғаны. Айғаным өте беделді кісі болған. Айғаным қазақ халқы мен орыс халқының арасындағы дос-

тық қарым-қатынастарды нығайту мақсатын көздейді. Айғанымсыз ешбір орыс халқы арасындағы келіс-сөздер өтпейтін болған. Сол себепті де әжесінің орыс халқымен етене аралысуы да Шоқанға әсер етпей қоймасы анық. Сонымен Сібір кадет корпусында оқып жүрген кезінде Пушкиннің "Бақшасарай фонтаны", Лермонтовтың "Демон" поэмасы, "Палестина бұтағы" шығармалары Шоқанның қолжазбала-рында сақталған. Ғалым Шәмсиябану Сәтбаева Шоқан жасаған көп дүниелерді өз еңбегінде көрсетті. Олар:

- Уәлихановтың 1856-1857жылдары жазған "Қазақ шежіресі" деген еңбегі
- Орыс халық ертегілері мен қазақ ертегілерін салыстыра отырып, олардың арасында көп ұқсастықтар бары туралы (Афанасьевтың жинағы бойынша)
- Жылнамаларды зерттеп, өз ойын білдіргендігі
- Қазақтардың ішінен ғана емес, сонымен бірге Орта Азия халықтарының ішінен Пушкин, Лермонтов мұраларын зерттеуі

Қай халықтың болмасын ең алдымен фольклордан, ауыз әдебиетімен басталатыны белгілі. Шоқанның бала кезінен ауыз әдебиетіне құмар болуы әжесі Айғаным мен әкесі Шыңғыстың ертегі, аңыз-әңгімелерді көп айтқаны, оларды кейінде жинауы ғалымға зор ықпалын тигізді. Осы тұста Әлкей Марғұлан былай дейді: "Шоқан Уәлиханов қазақтың халық поэзиясына ерте жастан құмартып, оның классикалық үлгілерін жазып алып, өзінің ата-анасына дауыстап оқып жүреді. "Қозы Көрпеш – Баян сұлу" және "Ер Көкше" атты халық дастандарын, ол тіпті бала кезінде жазып алып кейін өзінің ұстазы Н.Ф.Костылецкийге берді. Қазақ әншілері мен жыршыларының Шыңғыстың үйіне жиі келіп жүргендігі де Шоқанның халық поэзиясын қастерлеу сезімінің ерте оянуына елеулі әсер етті" [2,206.]. Әрине, "Тәрбие тал бесіктен" дегендей балаға тәрбие жақсы берілсе, онда ол өмірде өз орнын таппақ. Ұлтымыздың мақтанышы болған Шоқанның озық ойыда осы болатын. Сөзімнің басында айтқандай, халқымыздың данышпан, кемеңгер екендігін басқа халыққа әсіресе, орыс халқына көрсету еді.

Шоқанның ағайын қырғыз халқының "Манас" жырын қағазға түсіріп, зерттеген бөлімдерін орысшаға аударғандығын, ғалым Сәтбаева монографияның екінші бөлімінде алға тартады. Шоқан: "Манас" – бір кезеңге және бір адамның Манас батырдың төңірегінде топтастырылған барша халық ертегілерінің, хикаялары мен аңыздарының, география, дін және салт-сана, әдеп-ғұрып жөніндегі түсініктердің энциклопедиялық жинағы. "Манас" бүкіл халықтың шығармасы, соның көп жылдық творчествосының жемісі - дала Илиадасы десе де болғандай", ... "Манасты" аяғына дейін тыңдау үшін үш түніңіз де жетпейді..." Қазақ ғалымы бұл жырдың тарихи негізін ашуға, қырғыз әдебиетінің барлық жанр түрлері барына, халықтық сипаттарына көп көңіл бөлген дейді, – Сәтбаева. Оның композициясына, сюжеттік желісіне, басты образдарына, тіліне талдау жасады, идеялық-көркемдік қасиеттерін ашты. "Манас" эпосының "Көкетай ханның асы" деген тарауын Уәлиханов орыс тіліне аударып, орыстың зиялы ойлы қауымының назарына ұсынды. Бәрімізге белгілі бұл "Манасты" зерттеуі шығыстану ғылымына қосқан бірден-бір зор еңбек. Сәтбаева – академик Әлкей Марғұланның осы Шоқанды сонымен бірге Манасты зерттеуде ол кісінің қосқан үлесін зор дейді. Себебі, көп жылдар бойы "Манас" жырының Ш.Ш. Уәлиханов жазып алған нұсқасы ғылымға белгісіз болып келгенде, Ә.Х. Марғұлан оны архив қазынасынан тауып, түсініктермен алғашқы рет ғалымның бестомдық шығармаларында жариялап, жырдың осы нұсқасы туралы бірнеше мақалалар, арнайы зерттеу жазды. Ол зерттеу және Шоқан жаздырып алған "Манас" жырының бөлігінің факсимилесі-фотокөшірмесін қоса "Шоқан және Манас" деген атпен жарық көрді. Бұл орасан маңызды еңбекте "Манас" дастанаының Шоқан Уәлиханов жазып алған нұсқасы мен жырдың тұтас өзі терең ғылыми зерттелді де манастануға зор үлес қосты.

Ғалым Сәтбаева Шоқанның зерттеген бұл мұрасын жоғары бағалайды. Яғни, Шоқан Уәлиханов "Манас" жырын қағаз бетіне алғашқы түсіруші зерттеуші екені тоғызтомдық "Бүкіләлемдік әдебиет тарихында" аталуының маңызы зор. Сонымен қатар Шоқанның келесі бір зерттеген саласын (яғни, осы тұрғыда білдірген ой-пікірлерін), ғалым Сәтбаева "Шығыс әдебиетінің кейбір шығармалары туралы ғалым пікірлері" атты тарауында шығыс дастандарынан да кенде емес екендігін жазды. Ш.Ш. Уәлиханов еңбектерінде араб, үнді, монғол, түрік, парсы, тәжік, қырғыз, өзбек, түрікмен, башқұрт, қарақалпақ, ұйғыр, бурят, қытай халықтарының тарихына байланысты деректерден басқа, олардың аңыз әңгімелері, ертегілері, өлеңдері, жырлары, мақал-мәтелдері кездеседі, ғылыми пайымдаулар айтылды. Сәтбаева айтады: "... Араб әдебиетінің орта ғасырдағы классикалық ескерткіші болып саналатын, үш жүздей аңыз әңгімелерден, ертегілерден тұратын "Мың бір түнді" Ш.Ш. Уәлиханов жақсы білгені одан кейбір аңыздардың мазмұнын келтіруінен, жеке кейіпкерлерінің атын, сипаттамасын қолдануынан байқалады. Уәлихановтың 1856жылы Құлжаға саяхат күнделігінің бір бетінен мынаны оқимыз: "... Сикырлы сақинасы бар Сүлеймен туралы, перілер аралында болып, бастары иттің басы сияқты күйеулеріне маймылдардың әйел патшасы ғашық болған амазонкаларды көргенде Бағдат шаһзадасы Сейфүлмәлік туралы ғажай-

ып ертегілер...". Демек, Уәлиханов бұл хикаяны білетіндігі және соны түрлі нұсқасын салыстырып, саралап өзіндік ой пікірлерін жазған. Тағы да "Ләйлі-Мәжнүнді", "Жүсіп-Зылиха", "Тоты-наме хикаяларын, Фирдоусидің "Шахнамесін", Әлишер Науаи шығармаларын оқып және осы дүниелердің әр елдерде тарап, әр түрлі өзгерістерге ұшырағандығын айтады [1,82-936].

Қорыта келе, Уәлиханов өмірі мен шығармашылығы жайлы жазылған еңбектер баршылық, бірақ ғалымның филологияға қатысты қыры, әлемдік халықтар әдебиетімен байланыстылығы жайын сөз етуімен ерекшеленеді. Осы еңбектері үшін Сәтбаеваға Ғылым академиясының Ш.Ш.Уәлиханов атындағы бірінші дәрежелі сыйлықтың берілуі де ғалым зерттеулерінің ғылыми дәрежесін танытады.

Ш.Сәтбаева еңбектеріндегі Шоқанның қазақ әдебиеті туралы зерттеулерінің мынадай бағытта өріс алғандығын атап өтуге болады:

- Қазақ ауыз әдебиеті,оның маңызы; эпостық жырлардың тууы,оның тарихи шындықпен байланыстылығы мен ерекшеліктері; қазақ халық поэзиясының жанрлық түрлері мен өзгешеліктері; аңыз, ертегілер,айтыстар, мақалдар олардағы этнографиялық көріністер.

- Шоқанның Манасты қағазға түсіріп, кейбір бөлімдерін орыс тіліне аударуы

- Шығыс әдебиетін білуі және олар туралы білдірген ой-пікірлері

Ғалым Шоқанның филолог ретінде биік ой тұжырымдарын, терең білімдарлығы мен халқының көркем сөз қазынасын, тілін ерекше сүйгендігінің, және басқа халықтардың рухани қорынан еш кем түспейтін қадір-қасиетін жоғары бағалағандығының айғағы деп таниды. Сол себепті де әдеби байланыстар мен әдебиет тарихының көптеген мәселелерін жүйелі, дәйекті зерделеуімен танылған бұл еңбектер бүгінде де өз құнын жоймай келеді. Осы ретте айтатын бір жәйт Сәтбаеваның ғылыми еңбектерін жинап, жарық көруіне атсалысқан шәкірті, филология ғылымдарының докторы, профессор Бейбіт Мамыраевтың азаматтық іс-әрекетін атап өткен орынды болар. Бейбіт Баймағамбетұлы келешек ұрпақ үшін үлкен келелі іс атқарды. Ұстазының ғылыми еңбектерін жарыққа шығару арқылы сол өскелең ұрпаққа әдебиеттану саласындағы Ш.Сәтбаеваның құнды еңбектерін жүйелеп беріп отыр. Ш.Қ.Сәтбаеваның ғылымдағы сара жолы өз алдына, өмірдегі адамдық кейпі де жастарға үлгі боларлық дара тұлға. Шәмсиябану Қанышқызы көрнекті ғалым, мейірімді ана, сүйікті жар, әке үмітін ақтай білген сүйікті перзент. Шәмсиябану Қанышқызы еңбектерінен ғылымға деген адалдықты анық байқауға болады.

1 Шәмсиябану Сәтбаева "Шоқан Уәлиханов - филолог" - Алматы, 1987 жылы.

2 Әлкей Марғұлан "Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың өмірі мен қызметі". Таңдамалы. Орысшадан аударған Әнуар Исмағамбетов. - Алматы, 1980 жылы.

### Резюме

Айдосова Н.Б. - КазНПУ им. Абая магистрант II курса, **Научный руководитель:** к.ф.н., стар.пред. Д.Сатемирова

**Научное значение работы Шамсиябану Сатбаевой "Шоқан Уалиханов - филолог"**

Изучение закономерностей развития человеческого, трудно учиться. Иногда понимание человеческой души, это приятно видеть внутреннего. Баянаульский является потомком стран природного происхождения, нравственной жизни своего отца, всегда хранить память о нашей дорогой матери Шамсиябану Сатбаева богатое наследие оставил нам. Чокановедение одного из ученых, уникальный Сатбаева оставил нам хорошую жизнь, и жизнь полна науки.

**Ключевые слова:** литература, коммуникации, век оставил в наследство величия отличным

### Summary

Aydosova N.B. - Abai Kazakh National Pedagogical University graduate student course II

**Scientific supervisor:** candidate of philological science, Senior Lecturer of KazNPU named after Abai D.Satemirova

**The scientific value of the work Shamshiyabanu Satpayev "Shokan Ualikhanov - philologist"**

The study of the laws of human development, it is difficult to learn. Sometimes the understanding of the human soul, it's nice to see the inside. Bayanaul is a descendant of natural origin of the moral life of his father, always keep the memory of our dear mother Shamsiyabanu Satbaeva rich heritage left to us. Chokanovedenie one of the scientists, the unique Satbaeva left us a good life, and life is full of science.

**Keywords:** literature, communications, century left a legacy of greatness excellent



## КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТКЕ СҰРАНЫМ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ МАРКЕТИНГ ТҮРПАТТАМАСЫ

**А.Ю. Аскарова** – Абай ат. ҚазҰПУ 6М051100 – «Маркетинг» мамандығының 1-курс магистранты

Мақалада тұтынушылардың қызмет көрсетуге сұранымын зерттеу негізіндегі қызмет көрсетудің әдіс тәсілдері қарастырылады. Мақсатты нарықты әзірлеудегі маркетинг қызметінің артықшылықтары мен кемшілік тұстары көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** Қызмет көрсету, сұраныс, тұтынушы, нарық, қызметті сатып алу, кәсіпорын, бәсекелестік, стратегия

Көрсетілетін қызметке сұраным, кез-келген басқа тауарларға сияқты, сатып алушылардың ақшалай қаражаттарымен немесе төлеу қабілеттіліктері қажетсінуімен қамтамасыз етілетін, қызметті қажетсіну бөлігін көрсетеді. Сұраным өндіріс пен тұтыну арасындағы байланыстырушы буын болып табылады, мұны оны зерттеу, талдау және фирманың маркетингілік қызметін болжау қажеттілігі анықтайды.

Көрсетілетін қызметке сұраным көптеген факторлар ықпалымен қалыптасады: экономикалық, әлеуметтік-саясаттық, демографиялық, мәдениеттік-тарихи, табиғаттық-климаттық, және халықтың табысының көлемі, нарықтық бағалар деңгейі, қызмет нарығының географиялық жағдайы, тұрмыс жағдайының дәстүрі, тұтынушылар тәртібінің ерекшеліктері және т.б. енеді. Басымдылық мәнге халықтың табысын дамытудың деңгейі мен беталысын шарттайтын факторлар ие болады, өйткені тек солар ғана тұтынушылардың төлеу қабілеттігі мүмкіндіктерін қалыптастырады.

Сұранымды тұрақты зерттеу және бағалау қазіргі маркетингтің өзекті элементтері болып табылады, олар қызмет көрсету саласындағы кәсіпкерлік қызметтің келешегін ашуға, маркетинг стратегиясын таңдау мен негіздеуге, күрделі конъюнктуралық міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Қызмет көрсету сұранымы бөлінеді:

- нарықта осы кезеңде болушы;
- әлуаттік (жасырын, бірақ белгілі бір жағдайларда пайда болады), сатып алушы қабілеттілікпен және әлуатті сатып алушылар санымен анықталатын қызметтер;
- фирма тұғырынан тілеулі, қызмет көрсетуші кәсіпорын пайдасының жоспарланған өсімін қамтамасыздандыратын қызметтер.

Қызметке сұранымды зерттеу негізінде қызмет нарығын тұтынушылардың біртекті топтарына бөлуді білдіретін, саралау идеясы жатыр. Қызмет нарығын саралау тауарлық нарықты саралау критериялары бойынша жүзеге асырылады: географиялық (территориялық), әлеуметтік, демографиялық, экономикалық, және т.б.

Қызмет нарығын саралаудың негіз салушы принципі болып территориялық принцип табылады. Соның негізінде қызметті көрсету нысаны, олардың таралу жағдайы және нарықта жылжытылуы, халықты көшірудің сипатымен детерминирленуі құралады.

Қызмет нарығында ерекше көңіл аударуды саралаудың тәртіптік принципі ие бола алады, оның шеңберінде тұтынушылық беталысының ерекшеліктері зерттеледі, ұқсас әлеуметтік-психологиялық сипаттамалы біртекті топтар қатарланады.

Қызмет көрсету кәсіпорыны, заң бойынша, адамның күнделікті қажеттілігін қанағаттандырады. Олардың қызметінің бағдары болып, көшірілу әдісі, климат, мәдени, ұлттық, әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктер және басқа факторлар ықпалымен қалыптасқан белгілі бір тіршілік стилі қызмет атқарады. Бұл кезде әлуаттік емес, нақты, қолданбалы тіршілік стилі айтылып отыр.

Тәртіптік ерекшелік жайғасымынан қызмет көрсету кәсіпорынының тұтынушы контингенті бірнеше жиынтықты, келесі тәуелділіктерге байланысты көрсетіледі:

1. Қызметті сатып алу уәждемесі.

Мұндай жиынтық айрықша кеңдігімен ерекшеленеді және шексіз. Ол қызметтің ассортименттік қатарының дамуы үшін база құрады және жаңалық-қызметтер іздеу үшін кең мүмкіндіктер береді.

2. Тұтынушылардың ізделіп отырған пайдасы.

Бұл саралаудың тиімді әдістерінің бірі. Бұл жердегі маңызды нәрсе тұтынушының қызметті сатып алу нәтижесінде ала алатын пайдасын дұрыс бағалау, қызмет сапасын тұтынушының өз жайғасымынан сипаттау. Және тек қана экономикалық пайдамен шектеліп қоюға болмайды, өйткені ізделіп отырған пайда әлеуметтік-психологиялық сипатта болуыда мүмкін. Мысалы, әуесқойлық шығармашылық бірлестіктер қызметін қолдану саласында, тұтынушы қажетсінуден қанағаттануды өзіндік дамудан, қоғаммен мойындалудан және т.б. түрлердегі пайданы алады.

3. Тұтыну қарқындылығы.

Бұл критерия бойынша бүкіл тұтынушы контингентті әлсіз, біркелкі және белсенді тұтынушыларға бөлуге болады. Мақсатты топ ретінде белсенді тұтынушыларды қарастырған тиімді. Тіпті олар нарықтың аз бөлігін құраса да, оларға қызметті пайдаланудың үлкен үлесі келеді. Мысалы, тұтынушы контингенттің 1/5 бөлігін құрайтын жасөспірімдер, ойын автоматтары мен компьютерлік ойындардың барлық дерлік қызметін толық пайдаланады.

4. Қызметтің жолын ұстаушылық дәрежесі.

Халықаралық тәжірибеде мұндай топтасуға тұтынушылардың төрт тобы бөлінеді:

а) Осы қызметтің сөзсіз жолын ұстаушылар.

Оларға өндірістік емес бір кәсіпорынның қызметтерін пайдаланатын, олардың сұранымдарын толық қанағаттандыратын, тұрақты тұтынушылар жатады.

б) Шыдамды жолын ұстаушылар.

Бұл тұтынушылар 2-3 өндіруші-бәсекелестер қызметін пайдалануды дұрыс көреді. Тек қана осы топтың, жеке қызметтердің тұтынушыларда жақсы немесе нашар бағалануының себептерін талдау барысында көңіл аударуы қажет. Тұтынушылардың тұрақтылығына қол жеткізу үшін, осындай қызметтерді жайғастыру әдісін жетілдіруге ұмтылу тиімді болады.

в) Тұрақсыз жолын ұстаушылар.

Мұндай тұтынушылар бәсекелес қызмет пен кәсіпорынды таңдауда тұрақсыздығымен ерекшеленеді. Мұндай сатып алудың сұранымы мен уәждемесін талдау, бәсекелес-кәсіпорындардың маркетингтік артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау үшін кең мүмкіндіктер береді.

г) «Жиыанкездер».

Бұл тұтынушылар бар қызметтердің ешқайсысына артықшылық көрсетпейді немесе олардың әртүрлілігін қалайды. Бұл тұтынушының барынша күрделі типі, ал маркетинг теориясында олардың сұранымын қалыптастыру бойынша айқын ұсыныстар әзірше жоқ.

5. Тұтынушының қызметті қабылдауға дайындық дәрежесі.

Оның шеңберінде тұтынушыларды келесідей бөледі:

- өндірістік емес саланың кәсіпорыны туралы тіпті хабарсыздар;
- ол туралы хабардарда болушылар;
- ол туралы кеңінен ақпараттанғандар;
- осы кәсіпорынның қызметтеріне мүдделілер;
- осы қызметтерді сатып алғысы келетіндер;
- оларды ізденіп алуға ниет етушілер.

Бұл топтардың сандық сәйкестігі барынша қозғалысты және өте қысқа мерзімде өзгеріп кете алады. Мысалы, күшті ынталандыру қызметті сатып алуға ниет етушілер, мүдделілер, сатып алғысы келетіндер санын жоғарылатады. Қызметті тұтынуға әртүрлі дәрежедегі дайындықты топтар қатынасы, маркетингтік стратегия мен тактиканы әзірлеуге қалыптаушы ықпал етеді. Мысалы, нақты тұтынушылар санын өсіруді күту жағдайында кәсіпорынның маркетингтік бағдарламасын, оның материалдық базасының өз уақытында және сәйкесті дайындығын ескере отырып тұрғызу керек.

Маркетингтік тәжірибе көрсетеді, қызмет нарығын жеңіп алу үшін бүкіл тұтынушы нарыққа бағдарлану міндетті емес (ол әншейінде мүмкін емес). Белгілі бір қызметтердің басты тұтынушыларын анықтап және өзінің әрекетін солардың сұранымын қанағаттандыруға бағыттау жеткілікті. Қызмет нарығы Паретто заңы аталатын әрекетке бағынышты, оған сәйкес басты тұтынушылар, олардың жалпы санының жуық шамамен 20% құрайды. Және де олар кәсіпорынның 75-80% қосынды табысын қамтамасыз етеді. Дегенмен тұрақсыз нарық жағдайларында басты тұтынушылардың меншікті салмағы бір немесе екінші жаққа қарай едәуір және жиі ауытқуларды байқатады. Тұрақты нарық жағдайларында Паретто заңы өте қатаң орындалады. Қызметке сұранымды зерттеудің негізгі мақсаты басты тұтынушыларды зерттеу құрайды, ол кеңейтілген маркетингтік зерттеу жүргізген кезде осы топқа сүйену үшін жасалады.

Саралау процедурасын аяқтағаннан соң, мақсатты нарықты таңдауға кіріседі.

Мақсатты нарық кәсіпорынның маркетингтік және бүкіл шаруашылық қызметі үшін ең жақсы мүмкіндіктері болатын және сол үшін маркетингтік стратегия әзірленетін нарықты (дәлірек айтсақ, тұтынушылық сегмент) көрсетеді.

Бұл кезде стратегия нақты жағдайлардағы мақсатты нарықтың қамтылуының максимал мүмкіндігіне бағдарланады, және нарықтың белгілі үлесіне ие болу кәсіпорынның бәсекелестік жайғасымын бекітуге мүмкіндік береді.

Мақсатты нарықтарды әзірлеу кезінде үш әдістің біріне жүгінеді.

#### 1. Жаппай маркетинг.

Бұл әдісті қолдана отырып, кәсіпорын өзінің қызметін жаппай өндіруге және барлық тұтынушы сегменттер үшін бір қызметті өткізуді ынталандыруға бағдарланады.

Әдістің негізгі жетістігі – төменгі шығындар. Дегенмен оны қолдану кезінде маркетингінің негізгі артықшылықтарының бірін өткізуге мүмкіндік болмайды – тұтынушылардың сараланған қажетсінулеріне бейімделуге.

#### 2. Сараланған маркетинг.

Бұл жағдайда кәсіпорын, сараланған сұранымға мейлінше келтірілген, қызметтердің түрлерін құра отырып, екі немесе одан көп, әртүрлі қасиеттегі, қызметтер көрсетеді.

#### 3. Мақсатты маркетинг.

Мақсатты маркетинг әдісі қазіргі тәжірибеде ең кеңінен таралған әдіс. Ол біртекті тұтынушы контингент шоғырланатын, бір мақсатты нарықты (кейде бірнеше) таңдауға мүмкіндік береді. Нақты мақсатты нарықты жеңуге бағытталған стратегияны әзірлей отырып, кәсіпорын барлық маркетингілік тәсілдерді қолдануға үлкен мүмкіндіктер алады: бағаларды түрлендіру, сұранымның барлық нюанстарын ескере отырып, қызмет көрсету нысандарын жетілдіру, үйлесімді жарнамалық әрекеттер жүргізу және т.б.

Мақсатты маркетинг әдісін қолдана отырып, қызмет көрсету кәсіпорыны өзінің міндеті ретінде нарықтың мүмкіндікті үлесіне ие болуды және таңдалған мақсатты сегмент шеңберіндегі кәсіпкерлік қызметтің концептуалдық негіздерін әзірлеуді қояды. Бұл міндетті шешу үшін маркетингінің келесі типтерін пайдалануға болады:

##### 1. Сараланбаған маркетинг.

Маркетингтің бұл типі ірі сегменттерде қолданбалы, ол жерде бір қызметке бірдей көңіл аударатын тұтынушылар саны жеткілікті жоғары. Мұндай маркетинг шеңберінде саралау процесі мақсатты нарықты таңдаумен аяқталады және ары қарай дамымайды. Мұндай тәсілдеме стандартталған қызметтерді өткізу жағдайында орынды (мысалы, коммуналдық және тұрмыстық қызметтерде).

Сараланбаған маркетингтің бірқатар кемшіліктері бар. Біріншіден, оның принциптерінде әрекет істеуші кәсіпорындар, алдымен көрсетілетін қызметті құрады, сонсоң тұтынушыны іздейді, ол барлық уақытта табыла бермейді. Екіншіден, ірі сегменттерде әрекеттене отырып, кәсіпорын бәсекелестіктің шиеленісуіне тап болады. Үшіншіден- сараланбаған майда сегменттерді елемеге әкеледі, олар көп жағдайда мейлінше тиімді және олардың сұранымын қамтымау мүмкіндігі болады.

##### 2. Сараланған маркетинг.

Кең саралану принциптеріне негізделген, ол жеткілікті біртекті мақсатты нарыққа қолданбалы және пайдаланылады. Бұл нарық шеңберінде сараланған маркетинг тар сегменттерді бөледі, әрбір тар сегмент үшін жеке ұсыныстарды әзірлеу көмегімен көрсетілетін қызметтердің түрлік алуандығын ұсынады. Мұндай стратегия мақсатты нарыққа барынша тереңдете енуді және осы кәсіпорынның бәсекелестік жайғасымын бекітуді қамтамасыздандырады.

##### 3. Шоғырланған маркетинг.

Маркетингтің бұл типі көрсетілетін қызметтің кеңеюімен және мамандандырылуымен байланысты. Өзінің қызметін саралауды аяқтағаннан соң, кәсіпорын тар сегментке арналған мамандандырылған бір (немесе бірнеше) қызметті өндіруге бағдарланады. Мұндай тәсілдеме, шектелген ресурстарды шашыратпай, күшті бір бағытта шоғырландыруға мүмкіндік береді.

### Резюме

**Аскарова А.Ю.** - КазНПУ им.Абая магистрант 1-курса по специальности 6M051100 –Маркетинг

#### **Современное состояние маркетинга и спрос на услуги**

В статье рассматриваются методы маркетинга в сфере услуг и теоретические основы организации маркетинговой деятельности, сущность, концепции маркетинговой деятельности, концепции управления маркетингом, обеспечение маркетинга стратегическое планирование, методы маркетинговых исследований

**Ключевые слова:** Сфера услуг, спрос и предложение, потребитель, рынок, предприятия, конкуренция, стратегия

### Summary

**Askarova A.Y.** - KazNPU named after.Abai undergraduate of 1st course specialty 6M051100 Marketing

#### **The current state of marketing and the demand for services**

The article discusses methods of marketing in the service sector and the theoretical bases of organization of marketing activity, the essence, the concept of marketing activities, concepts of marketing management, software marketing, strategic planning, marketing research methods.

**Keywords:** services, supply and demand, consumer, market, companies, competition, strategy

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ТӨЛ ТЕРМИНЖАСАМДАҒЫ КАЛЬКАЛАУДЫҢ ТӘСІЛІ

**Р.А. Кауменова** – Абай ат. ҚазҰПУ, Филология институтының 2-курс магистранты,  
**Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Н.О. Оралбаева**

Мақала қазіргі қазақ терминологиясы және ондағы терминдердің калька тәсілі арқылы қазақ тіліне ену мәселесі, аудармалануы жайлы жазылған. Терминдердің қолданылуы және терминжасамдағы қазақ тілінің сөздік қорын пайдалану қажеттігі айтылған.

**Кілт сөздер:** терминжасам, тілдік қор, тілдік білім, кәсіби лексикасы, сөзжасам, төл термин

Қазақ елінің Тәуелсіздігінің бір тұғыры – қазақ тілі. Қазақстан мемлекетінің Ата Заңында қазақ тілі мемлекеттік тіл атанды. Осы маңызды құжат ана тілінің өркендеуіне, мәртебесінің биіктеуіне, дамуына мүмкіндік туғызды.

Бүгінгі таңдағы басты мақсат пен мүдде де мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге, оның қолдану аясының кеңеюіне, бағышталған. Қазақстан білім беру кеңістігінің әрбір сатылары мен деңгейлерінде оқытудың технологиялары нақты қойылып, тілдік білім беруден коммуникативті-прагматикалы оқуға негізделді. Осымен байланысты келелі іс-шаралар да істелініп жатыр. Әсіресе, соңғы кезде өзекті мәселелердің бірі саналатын кәсіби тілдің (қазақ тілі) кәсіби лексикасы, сөйлем оралымдары, сөйлем үлгілері, сөзжасамы, мен ұлттық терминологиясының жағдайларына назар аударылып, жас мамандарды тілдік біліммен қаруландыру мақсат етіледі. Ол – егемен елдің ұлттық сипатын көрсететін сөзжасам және төл терминдердің қалыптасуын жандандыру, дамыту.

Лексиканы толықтыратын, әрі дамытатын – терминдер. Қазақ тілі білімінде 90 жылдардан былай қарай ұлттық ғылым тілінің даму үрдісі жаңа белеске көтерілді. Оның басты себебі – қазақ тілінің ғылым тіліндегі мәртебесін көтеру, қазақ тілінің ғылым тіліне қызмет ету мүмкіндігін жан-жақты қарастыру. Бұл ретте қоғамдық ғалымдармен қатар, техникалық ғалымдардың қазақ тілінде сөйлей бастауына жағдай туғызған түрлі ғылыми зерттеулер мен екі тілді сөздіктердің көптеп жарыққа шығуы деуге болады. Әсіресе, салалық ғылымдар бойынша жарық көрген оқулықтар мен сөздіктер және мақалалар көптеп саналады.

Қоғамда үздіксіз болып жататын өзгерістер мен жаңалықтар құралы болатын тіл – қашанда қоғамнан тысқары қалмауы, қоғаммен бірге дамуы табиғи құбылыс. Тілдің кейбір қабаттары ұғымдық атаулармен толығып, өзгеріп отырады.

Заман талабына лайық, қазақ тілінің табиғи заңдылықтарына сай, термин жасам саласын қалыптастыру бүгінгі күннің сұранысынан туындап отыр. Ұлттық төл термин – сол елдің руханы өркендеуінің, ғылымының дамуының көрсеткіші. Сондықтан бүгінде дүниеге келіп жатқан, қалыптасып жатқан терминдерге немқұрайды қарауға болмайды. Сондықтан жаңа ұғымдардың атауын жасаудың, жаңа төл термин сөздер қалыптастырудың жолдарын калькалау тәсілімен қарастыруға болады. Калька тәсілі – сөзжасамның және тілдің сөздік құрамын байытудың бір көзі. Себебі, қазақ әдеби тілдің кез келген даму және қалыптасу сатысында кальканың жағымды ықпалы жоғары болғанына ешкім дау айтпайды. Бұл, әсіресе, қазақ тілінде терминдік жүйенің жасалу жолдарына, семантикалық және синтаксистік құрылым құрылысына тигізген әсерінен байқалады. Бұл ретте салалық терминдерді қалыптастыру жағдайында, ғылыми оқулықтар жазуда кальканың орны айырықша. Кейде ғылым тілі калькалауды талап етеді.

Калька – тілдің сөзжасам жүйесін, үлгісін байытудағы терминдер мен терминдік тіркестерді жасаудың бірден-бір өнімді тәсілі екені ғылыми лексикада дәлелденген.

Калька жолымен аудару барысында, төл тіліміздегі бұрыннан бар сөздердің жаңа сөздерге балама ретінде жұмсалып, терминдік мәнге көнеді. Олардың ерекшелігі – табиғи терминдермен салыстырғанда аудармаға қатыстылығы.

Мұндай жолмен жасалған терминдерде өзге тілдің грамматикалық құрылымы байқала бермейді. Соңғы жылдары терминдерді зерттеу біраз жетістіктерге қол жеткізіп отыр.

Бұл жөнінде Ә.Қайдар «Калькирование является одним из ведущих и продуктивных способов образования новых терминов в казахском языке. Терминологические кальки по своему характеру делятся на два типа: смысловые и структурно-смысловые» деп калькалау тәсіліне сипаттама береді [1]. Түрколог ғалымдар калькалау тәсілі арқылы сөзжасам түркі тілдерінде кеңес дәуірінде кең өріс ала дамыды, оған себеп орыс тілінің тікелей әсері болды. Калька тәсілімен өнімді термин жасау: қазақ, қырғыз, азербайжан, түркімен тілдерінде ерекше байқалды деп атап көрсетті. Бұл тәсіл ана тілінің ішкі мүмкіншіліктерінен жасалғанын ескерсек, ол сөздер тізбегінде кірме сөздер деу қиындау. Қазақ тілінде калька жолмен жасалған

терминдер қатарын екіге бөлуге болады.

Дара терминдер: жарылыс (взрыв), шөгінді (осадки), ілмек (крюк), талдау (анализ), түйісу (контакт), түп (забой), араластыру (смещение), қабат (слой), қатпар (складка), дабыл (сигнал) т.б. тілде бар сөздер негізінде туындаған дербес сөздер. Дара терминдер орыс тіліндегі мұндай терминдердің морфологиялық құрылымын меңгере отырып, тілде бұрыннан бар сөздерінің негізінде пайда болған дербес терминдер.

Күрделі терминдер (тіркесті терминдер): сығу дәрежесі (степень сжатия), бұралқы су (сточная вода), құбыр басы (трубная головка), түпті бекіту (крепление забоя), айдау қақпағы (нагнетательный клапан), қысым өлшегіш (манометр), тоқ сызығы (линия тока), аумалы қысым (критическое давление).

Өткен жылдың көктем айларының бірінде ҚР Ұлттық кітапханасында Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, Ұлттық Ғылым академиясының академигі Өмірзақ Айтбайұлының 5 томдық таңдамалы еңбектерінің тұсаукесері өтті. «Қазақ терминологиясының мәселелері» [2] атты алғашқы кітапта терминологияның тіл құрылымындағы рөлі, жүз жылға таяу тарихы, жасалу көздері мен принциптері, әдеби тілді дамытудағы орны және т.б. өзекті мәселелер сараланып, ғалымның тың көзқарастары ұсынылған болатын.

«Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары» кітабында тіліміздегі тұрақты фразеологизмдердің және ауыспалы, астарлы мағынадағы перифраздардың әр алуан қолданыс ортасындағы табиғаты сөз болады. «Тілтірес» атты кезекті томда қоғам қайраткері Өмірзақ Айтбайұлының мемлекеттік тілді қалыптастыру хақындағы ойлары мен Халықаралық «Қазақ» тілі қоғамының тіл майданындағы ширек ғасырлық қызметі жан-жақты баяндалады.

Кез келген халық өзінің туған тіліне, оның тағдырына немқұрайды қарай алмайды. Алаштың азаматы Ж.Аймауытов: «Ана тілі – халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі», [3] – деп, қасиетті ана тілінің құдіретін үлкен шеберлікпен айтқан.

Ана тілі – халықтың рухани болмысымен біте қайнап, ұлттың тағдырына қызмет етіп, өмірмен өзектес жүріп отырады. Әр кезең, әр дәуір, өзіне қажетті жаңалықтарды туғызса, сол жаңа ұғымды жаңа атаумен қамтамасыз ететін тіл. Жаңа атаулар, жаңа терминдер, жеке сөздер күнделікті тілдік айналымға енді. Қазақстан мемлекетінің егемен елдігін білдіретін нышандарға қатысты қаншама атаулар, терминдер қалыптасты.

Елімізде *елтану*, *рәмізтануға* арналған ғылыми еңбектер жарық көрді. Кем дегенде екі сөзден құралып, байырғы сөздердің жаңа лексикалық мағынаға ие болуы: *атазаң*, *ар-ождан*, *әнұран*, *елорда* (столица), *ақорда* (резиденция) *елтаңба*, *елтану* (страноведение), *елтаңбатану* (геральдика), *елбасы*, *елұран*, *жұмыр жер*, *ғаламшар*, *нышансөз* (идиограмма), *ойсөз* (логограмма), *рәмізбаян* (блазон), *түбегі* (знаменосец), *тутанушы* (вексилнолог), *тұтұғыр* (флагшток), *ұрансөз* (девиз), медицина ғылымында: *көкжелек*, *көк жұлын*, *сегізкөз*, *көгала*, *көктүйнек*, *соқырішек* т.б. біртұтас жасалым ретінде қолданылады.

Сөздерді біріктіру – жаңадан сөз жасаудың, тілдің лексикасын байытудың өнімді тәсілдерінің бірі. Бұл тілдік бірліктер – нағыз *ұлттық бояумен* дүниеге келген жаңа жасалымдар. Мемлекеттік рәміздер – ел тарихының ажырамас бөлігі, белгісі, әлемдік деңгейде өркениетті елдермен терезесі тең келетін – бойтұмары.

Тіл – халықтың рухани болмысымен біте қайнап, ұлттың тағдырына қызмет етіп, өмірмен өзектес жүріп отырады. Әр кезең, әр дәуір, өзіне қажетті ұғымды туғызса, сол жаңа ұғымды жаңа атаумен қамтамасыз ететін – тіл. Осы тұста айта кететін бір жайт, қоғамдағы қарқынды өзгеріске сәйкес тілдің де дамуында серпіліс, жандану бар. Қазіргі тіліміздегі жаңа қолданыстағы туындылардың сәттісі де, сәтсізі де баршылық. Әйтеуір жаңа ұғымды осылай атау керек деген дәстүрмен аталым, термин жасау – қателік. Тіл – тазалықты, тұнықтықты, мөлдірлікті қажет етеді. А.Байтұрсынұлы тіл тазалығы жайында: «Тіл тазалығы – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау, басқа тілдік сөзді тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу», – деген ойы дер кезінде айтылған қағида. Кезінде А.Байтұрсынұлы ғылыми айналымға енгізген *көсемсөз*, *шешенсөз*, *қарасөз*, *заманхат* терминдері кезінде керемет дәлдікпен жасалған жасалымдар болатын. Әрине, Кеңес дәуірі тұсында бұл терминдердің орысшасы қолданыс тапты да, қазақша ұлттық терминдер шетқақпай болып, көлеңкеде қала берді. Ал, ғалым осы терминдердің мақсаты мен міндетін, қандай ұғымда жұмсалатынын айқындап көрсеткен еді.

Көсемсөз – «публицистика», қарасөз «проза» т.б. Қарасөз бен көсемсөздің басқа сөздерден айырмашылығын, мағынасын толық сипаттап көрсеткен. Бұл терминдер бірінің орнына бірі қолданылмай, әрқайсысының атқаратын қызметі мен ұғымды білдіру міндеті бір емес екенін ашып айтқан. Қазіргі таңда баспасөз, ақпарат беттерінен осы терминдердің қайтадан қолданыла бастағаны құптарлық жайт.

Бүгінгі күні термин сөздер мен атаулардағы ала-құлалықтың басты себебі бірінші кезекте, сөздіктер

десек, қателеспейміз. Әрине, бұған мерзімдік басылымдардың да қосып отырған «үлесі» аз емес. Бұл – қазір мемлекеттік тілімізді, оның ішінде ұлттық төл терминдерді қалыптастыруда пайдасынан зияны көп болып отырған тағы бір үлкен мәселе. Осының салдарынан жарыспалы сөздер жаппай етек алды. Бұрын қалыптасқан сөздердің жаңа баламалары пайда болып, жұртты шатастырды. Мысалы, «охрана» сөзі әуелде «күзет» деп алынған еді. Енді оны қазақ тілді басылымдар «қорғауыл», «сырттауыл», «сайдауыл» деп те алып жүр. «Семьяны» әлі күнге дейін «жанұя» деп жазады. Ол әлдеқашан «отбасы» деп қабылданып қойған. Бұл жерде «Қазаншының еркі бар қайдан құлақ шығарса» деген мәтелдің маңызы қазақ тілінде жүрмейді. Қазақ Алтайдан Атырауға дейінгі ұлан-байтақ жерді жайлап отырса да, тілінде диалектісі жоқ еді, енді сол диалектіні өзіміз қолдан жасап бергелі отырмыз.

Ал диалект сөздерді термин сөз ретінде мүлдем қолдануға болмайды. Бұл мәселеде тәртіп болмаса, қалың жұртшылықты былай қойғанда, термин жасаушы мамандарымыздың өзі көп ұзамай әбден шатасатынын, ал уақыт өте келе оны ретке келтіру өте қиынға соғатынын қазірдің өзінде сезіп отырмыз.

Қоғам өмірінің экономика, ғылым-білім, мәдениет пен өнер сияқты секторлары өз кезегінде сала-сала тарамдалып кететіні белгілі. Міне, осы салалардың әрқайсысында басшылыққа алынатын бір ғана сөздік болуға тиіс. Мейлі, ол «үлкен сөздік» деп атала ма, мейлі 2-3 кітаптан тұра ма, бәрібір, алайда ол бір ғана сөздік болуға тиіс. Оған сол салада шығып үлгерген барлық сөздіктердегі қамтылған сөздер ек-шеліп алынуы керек. Сөйтіп, ол баршамыз басшылыққа алуға тиісті міндетті басылым болуға тиіс. Бұл – үлкен жұмыс. Бір институттың жұмысы. Біліктілік пен білімді қажет ететін аса қиын әрі күрделі жұмыс. Алайда бұл – зәру қажеттілік. Онсыз қазіргі жағдайды және болашақта орын алуы ықтимал бейберекеттікті түзеу мүмкін болмайды. Ендеше, төл терминдерді қалыптастыру ісі де қазіргі күйінен арыла алмайды. Сондықтан терминографиядағы осы істі, қанша қиын болса да, қолға алатын уақытты өткізіп алмау керек.

Осы орайда А.Байтұрсынұлының: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін алмастыра-алмастыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан, мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің тіліміз таза болады» [4] деген пікірін естен шығарып алғандаймыз. Расында дайын сөздерді лек-легімен лексикамызға ала беру тіл тазалығына нұқсан келтірері сөзсіз. Сондықтан өркениет тілін тұлғасын өзгертпей қолдана беру біздің тіліміздің мүмкіншілігін пайдаланбау болып табылады.

Расында тілімізде жаңадан қалыптасқан терминдер бірден құлаққа сіңіп кетеді, олардың бәрі бірдей қолданысқа түсуге бейімді деуге болмайды. Мәселен, «сынып», «пайыз», «үрдіс», «үдеріс», «құжат» сөздеріне үйрену үшін белгілі уақыт өтті. Келе-келе құлаққа сіңіп, кеңінен қолданысқа еніп те кетті. Сондықтан сәтті шыққан терминдерді сұрыптап терминологиямызды қалыптастыру қажет.

Олай болса, ғылым мен техника саласындағы терминдерді ұлт тілінде қалыптастырып, төл терминге айналдыру – тіл білімі үшін, қазақ тілінің болашағы үшін, қысқасы ғылым тілін қазақша сөйлету үшін қажетті шаралардың бірі.

Ұлы ғалым А.Байтұрсынұлынан бастау алған осы көзқарас тіл жанашырларынан қолдау тапса, ғылым тілі қазақша сөйлейді. Алайда, оған қол жеткізу белгілі бір тарихи кезеңді қамтиды.

1 Қайдар Ә. «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» - Алматы: «Рауан» 1993 ж.

2 Айтбаев Ә. «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы» - Алматы: «Ғылым», 1988 ж.

3 Аймауытов Ж. «Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы» - Алматы, 2009 ж.

4 Байтұрсынұлы А. «Ақ жол» - Алматы, 1991 ж.

#### Резюме

Кауменова Р.А. - КазНПУ имени Абая магистрант II курса, Руководитель: д.ф.н., проф Н.О. Оралбаева

#### Оригинальное терминообразование способы кальки в казахском языке

В статье отражены влияния на развитие казахской терминологии научно-технических терминов. Автором затронуты проблемы перевода данной категории терминов. Выделяя один из важных и значимых методов перевода как калькирование. Так же подчеркнута важность и особое место калькирования в формировании профессиональных терминов, написании научных учебников и пособий на государственном языке.

**Ключевые слова:** терминообразование, язык складе, языковое образование, профессиональная лексика, словообразование, оригинальный термин

#### Summary

R.A. Kaumenova - Kazakh National Pedagogical University named after Abay.

The IIst course Undergraduate student The teacher of Kazakh language and Literature

#### Original ways derivation term tracings in the Kazakh language

Influence on the development of Kazakh terminology of Science and Technology is represented in this article. Such translation problems of terms are considered by the author. One of the important methods of translation is tracing, the author shows examples of their use. The importance of tracing on the formation of professional terms for writing books and text books in the state language is given.

**Keywords:** derivation term, stock language, language education, professional vocabulary, derivation, the original term

УДК 8100112/18

## МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ТІЛДЕСІМДЕГІ ЭТНОСТЕРЕОТИПТЕРДІҢ РӨЛІ

**Ф.Е. Ертаева** – *ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 2-курс магистранты*

Мақалада стереотиптердің түрлері, қалыптасу жолдары, мәдениетаралық тілдесімдегі рөлі қарастырылады және этникалық әзілдердегі түрлі мәдениет өкілдерінің стереотиптік образдары талданады.

**Түйін сөздер:** стереотиптер, мәдениетаралық тілдесім, этникалық стереотиптер, автостереотиптер, гетеростереотиптер

Қазіргі таңда бір немесе бірнеше мемлекет шегіндегі түрлі мәдениет өкілдері арасындағы байланыстар көптеген кикілжің мәселелер туындатып, жиі жағдайда түсініспеушіліксіз немесе мәдениетаралық тілдесімдегі қақтығыстардан алыстап кете алмайды. Көптеген жағдайда өзге мәдениет өкілдерін қабылдамау, жатсыну, тіпті олардың алдында қорқыныш орын алады. Бұл мәселенің барлығы мәдениетаралық байланыстарды анықтайтын стереотиптермен байланысты.

«Стереотип» феномені У.Липпман, И.С. Кон, Ю.А. Сорокин, И.Ю. Марковина, А.В. Павловская, Н.В. Уфимцева, В.В. Красных секілді көптеген зерттеушілердің зерттеу нысанына айналды. Философтардың, мәдениеттанушылардың және басқа сала ғалымдарының арасында «стереотип» терминінің мағынасын ашу, олардың пайда болуы және қоғамға таралуы, халықтар арасындағы қарым-қатынасқа әсер етуі жайы қызығушылық тудыруда.

«Стереотип» ұғымын батыс дискурсына 1922 ж. өзінің бірегей қоғамдық ой тұжырымын сипаттау мақсатында Уолтер Липпман енгізді. У.Липпманның анықтамасына сәйкес стереотип – «әлеуметтік тәжірибеге негізделген қоршаған орта туралы ақпаратпен танысу барысындағы қабылдау үлгісі [1,126 б.].

Ғылыми әдебиеттерде осыған байланысты көптеген терминдер кездеседі – ұлттық стереотиптер, этникалық нанымдар, этникалық танымдар, ұлттық бейнелер және т.б. осыған ұқсас түсініктер.

Әдетте стереотиптер эмоциялық бояулармен беріліп тұрақтанып қалады, әлеуметтік жағдай мен тәжірибенің әсерінен туындаған, қандай да бір құбылысқа қатысты адамның көзқарасын білдіреді.

Мәдениеттанушылардың классификациясы бойынша стереотиптердің келесідей түрлері болады: тілдік, этникалық, жеке, гендерлік, қоғамдық немесе әлеуметтік, отбасылық және т.б.

Этникалық стереотиптер – әртүрлі этностық қауымдастықтардың өкілдеріне тән моральдық, ақыл-ой, дене күш қасиеттері туралы біршама орнықты түсініктер. Этникалық стереотиптердің мазмұнында әдетте көрсетілген қасиеттер туралы бағалауыштық пікірлер жинақталған.

Этникалық стереотиптер екіге бөлінеді: автостереотиптер (өзінің ұлты туралы стереотиптер) және гетеростереотиптер (өзге ұлт туралы стереотиптер). Ж.Б. Абильдинаның пікірінше авто- және гетеростереотиптердің қалыптасуы ұлттық мінездің басым қасиеттеріне сүйеніп бірдей негізде жүргенімен, «өзгенің» жинақталған бейнесі «өзі» мен «өзгені» салыстыру арқылы жасалады. Салыстыруда стереотиптенетін топқа тән немесе оларда жоқ мінездер негізге алынып, уақыт өте келе халықтың санасында тұрақтанып қалады. Айта кететін жайт, этникалық автостереотиптер көбінесе жағымды бағалауға ие болады. Мұндағы негізгі мақсат – ұлттық мінездің ерекше қырын таныту. Мысалы, қазақтар өзін қонақжай халық десе, ағылшындар өздерін ұқыпты, қытайлар еңбексүйгіш халық деп есептейді. Гетеростереотиптер тарихи қарым-қатынас тәжірибесіне байланысты жағымды әрі жағымсыз мәнде болуы мүмкін [2].

Этникалық стереотиптерді белгілі бір лингвомәдени ортаның ұлттық-мәдени ерекшелігі көрініс тапқан әзілдерді, сюжетті мәтіндерді саралау барысында анықтауға болады. Әзіл мәтінінде салт-дәстүр, дүниетаным және әлеуметтік-психологиялық, этникалық көзқарастар сипатталады. Халықаралық үштік туралы, яғни түрлі ұлт өкілдерінің бірдей жағдайға тап болып, өзінің ұлттық мінезіне сай (көбіне сол әзілді шығарған елдің көзқарасы бойынша) мәселенің шешімін іздейтін әзілдер этникалық стереотиптердің негізгі көзі болып табылады.

Этникалық әзілдер басқа әзілдер сияқты бірнеше бөлімнен тұрады: кіріспе, байланыс, шарықтау шегі, шешімі. Әдетте оқиғаның басы «бір күні қазақ, орыс және неміс кездесіп қалыпты», «орыс, қазақ, өзбек

елсіз аралға тап болыпты», «ағылшын, қазақ, орыс ұшақта ұшып бара жатыр екен» «орыс пен қазақ дос болыпты», «ағылшын, орыс, қазақ тұтқынға түсіпті» секілді тұрақты қалыптасқан сөйлемдермен басталады. Байқап отырғанымыздар әртүрлі ұлт өкілдері көбінесе жабық кеңістікке тап болып, белгілі бір тапсырманы өз ұлтық мінезіне сай орындауға тырысады. Мәселен, мына бір әзілді талдап көрейік.

«2030 жыл, робот адамдарды жұмысқа қабылдауда. Сұхбаттасуға бірінші болып орыс кіреді. **Робот:** «Саламатсыз ба!» **Орыс:** «Саламатсыз!» **Робот:** «Темекі шегесіз бе?» **Орыс:** «күніне бір қорап» **Робот:** «Ішімдікке қалайсыз?» **Орыс:** «Мереке күндері» **Робот:** «Сау болыңыз!» **Украин:** кіреді. **Робот:** «Саламатсыз ба!» **Украин:** «Саламатсыз ба!» **Робот:** «Темекі шегесіз бе?» **Украин:** «Күніне екі қораптан артық емес» **Робот:** «Ішімдікке қалайсыз?» **Украин:** «Мен хахолмын ғой, онсыз қалай болады!» **Робот:** «Сау болыңыз!» Үшінші болып қазақ кіреді. **Робот:** «Саламатсыз ба!» **Қазақ:** «Асалаумағалейкум, ағатай!» **Робот:** «Сау болыңыз!». («Это просто смешно или зеркало кривого королевства», 92 б.) (қазақ тіліне ауд.: автор)

Бұл әзілдің күлкілі жері соңында. Орыс пен украин роботпен тілдескенде әңгімелері жай ғана сұрақ-жауап түрінде болады. Ал қазақтың «Асалаумағалейкум, ағатай» деп амандасуы, олардың кез келген жерде өзінің туысқанын іздеп тұратындығын көрсетіп күлкі тудырады. Бұл жердегі стереотип – қазақтар бір-біріне туысқан болып келеді деген көзқарас. Ал роботтың ешнәрсе сұрамай бірден «Сау болыңыз!» дегені бұл әзілде сол этностереотиптің бар екендігінің куәсі.

Келесі әзілде де осындай этностереотип көрініс тапқан.

«Ұлы отан соғысының уақыты. Гитлер: «Қазақтарды тұтқынға алмандар!» «Қайталаймын, қазақтарды тұтқынға алмандар!» «Олар түбі сіздің ағаңыз, жиеніңіз, нағашыларыңыз, құдаларыңыз немесе әйтеуір бір туысқаныңыз болып шығады!!!».

Келесі бір әзілдерде қазақтар «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүретін» халық ретінде бейнеленеді:

*«Бірде неміс, орыс және қазақтан кім қандай жануар болғысы келеді және не үшін деп сұрапты.*

*Неміс: «Барлығын басқарып жүру үшін аң патшасы арыстан болғым келеді»*

*Орыс: «Бәрінен жылдам және мықты болатын жолбарыс болғым келеді»*

*Қазақ: «Жылан»*

*Орыс пен неміс: «Не үшін?»*

*Қазақ: «Барлығын жатып істеу үшін: жатып тамақтанасың, жатып жүресің, жатып ішесің».*

Этникалық әзілдерде қазақ этнонимі қонақжай, бауырмашыл, етті жақсы көретін, біреуге ақыл үйреткіш, жалқау, ал орыс этнонимі көңілді, тапқыр, шыдамды халық бейнесінде сипатталады.

Мысалы:ағылшын мен орыс кездесіп қалыпты. Ағылшын: «Бізде қазба жұмыстарының кезінде XVIII ғасырдағы электр сымның үзіндісін тауып алыпты, бұл сымды телеграфтың болғандығының бірден бір дәлелі». Тапқыр орыс: «Ал бізде ешнәрсе таппаған, бұл сымсыз телеграфтың болғандығының дәлелі». («500 әзіл», 2008, № 4)

Ал неміс этнонимі этникалық әзілдерде өзінің кірпиязығы, тазалығы мен ұқыптылығының нәтижесінде күлкіге қалып жатады.

Мысалы:

*«Алматының ортасында неміс, ағылшын және израильдік кездесіп қалыпты. Көше бойымен серуендеп келе жатып, жолдың ортасында тұрған сөмкені байқап қалады. **Күдікшіл ағылшын:** «О, біреуді тонап кеткен шығар», – деп өзінің сөмкесіне жабысады. **Израильдік:** «Жақындамандар!» «Біреуің алдыңғы жақтан, екіншің артқы жақтан қозғалысты тоқтатыңдар! Ал мен полицияға хабар беремін». **Кірпияз неміс:** «Ретсіздік. Қоқыстың көшеде жатқаны дұрыс емес. Бірақ оны қандай қоқыс жәшігіне саламыз? Оны ашып, ішіндегісін іріктеуге тура келеді» («Анекдоты со всего света», 147 б.). (қазақ тіліне ауд. автор)*

Этникалық стереотиптер белгілі бір мөлшерде біржақты көзқарасты қалыптастырып, әлемді екі қарама-қарсы категорияға бөледі: таныс және бейтаныс. Нәтижесінде таныс – жағымды, бейтаныс – жағымсыз мәнде қабылданады.

Осы тұрғыда ғалымдардың арасында стереотиптердің шындыққа сай келуі жөніндегі пікір бірізді емес. Күнделікті тұрмыста объективті шындық ретінде қабылданса, зерттеулер стереотиптер толық шындыққа сай келеді немесе жартылай шындық деген қортындылар шығарады. Кейбір ғалымдар тіпті стереотиптерді қауіпті құбылыс деп таниды. Мысал ретінде, Майк Кордуэл құрастырған сөздіктегі стереотиптің анықтамасын келтіруге болады: «Стереотип – жесткое, часто упрощенное представление о конкретной группе или категории людей. Поскольку мы вообще склонны к упрощениям, то формируем стереотипы для большей предсказуемости поведения людей. Эти стереотипы часто имеют негативную



природу и основаны на предрассудках и дискриминации. Стереотипы не обязательно являются ложными; обычно они содержат некое зерно истины. Их разделяют значительное количество людей, что в целом способствует их укоренению. Стереотипы могут меняться со временем, но их носителям часто бывает трудно избавиться от усвоенных представлений» [3,85 б.]. Егер стереотиптерді нанымға негізделген көзқарас деп алатын болсақ, стереотипті белгілі бір тұлғаның бір топтың мүшесі екенін ескеріп ол туралы біржақты көзқарас қалыптастыру деп анықтауға болады.

Мәселен, [www.dartstur.ru](http://www.dartstur.ru) сайты түрлі халықтар туралы 10 стереотипке талдау жасайды, соның бірнешеуін келтірейік:

**1. Италияндықтар жақсы көңілде болса алады, бірақ жұмысқа ебі жоқ.** Егер италияндықтар ебсіз халық болса, күллі әлемді таңғалдырып отырған алып архитектуралық ғимараттарды осы күнге дейін кім басқарып, сақтап қалу үшін кім жұмыс істеп отыр деген сұрақ туындайды?

**2. Канадалықтар ішті пыстыратын, қызықсыз адамдар.** Канада жерінде дүниеге келген, қазіргі таңда голливудтық әзілкештер Майк Майерс, Джон Кэнди, Метью Перри, Юджин Леви, және Джим Керриді іш пыстыратын адамдар деп айта аласыз ба?

**3. Филиппиндіктер – оқымаған, арал адамдары.** 2007 жылы Yahoo! Веб-парақшасында «Филиппиндегі ең жақсы архитектуралы мектеп?» деген сұраққа бір әлеуметтік желіні тұтынушы: «Оларда мектеп бар деп ойламаймын, ол үшінші сұрыпты ел және ондағы халық өте нашар тұрады. Филиппин Африка секілді, тек жунглий бар» деп жауап берген. Бірақ, филиппин аралдарына демалуға барған шетел азаматтарына басқару пультін қалай пайдалану керектігін үйрететін тек филиппиндіктер.

**4. Француздар өркөкірек халық.** Стереотиптер мәселесіне келгенде француздар көп зардап шегеді. Бірақ, шынымен де француздар өркөкірек болып келе ме? Осы стереотиптердің туындауына себеп – француз бейтаныс адамға күліп қарамайды. Бірақ бұл оларды тым дөрекі халық деп сипаттауға ешқандай негіз бола алмайды. Егер, біле білсеңіз Франция қайырымдылық жасаудан АҚШ пен Жапониядан кейінгі үшінші орында тұр [4].

Көріп отырғанымыздай, стереотиптерді 100 пайыз шындық деуге келмейді. Бір этнос туралы стереотип аздаған қарым-қатынасқа, БАҚ құралынан, әдебиеттерден алынған, адамдардың санасына сіңіп қалған ақпарат қана. Адамдар басқа бір этнос өкілімен етене араласпаса да, олар туралы жалпы көзқарасқа сүйеніп қорытынды пікір шығарады. Бір этнос өкілдерінде қарым-қатынас жасау жиілігіне, жақындығына, жағдаятқа байланысты екінші бір этнос өкілдеріне қатысты түрлі стереотип қалыптасуы мүмкін.

Мәселен, Ж.Б. Абильдинова <http://tengrinews.kz> сайтындағы пікірлерді талдай келе мынандай мысалдар келтіреді:

**Қазақтар туралы жағымды автостереотиптер:**

Радик 2013-06-08 13:33 *Хороший пример ответственности премьера за граждан оказавшихся в сложной ситуации за границей. Казахстан своих не бросает.*

Семей 2013-06-08 13:38 *Вот как Государство должно заботиться о своих гражданах. Братским республикам на заметочку*

**Қазақтар туралы жағымсыз автостереотиптер:**

Serik 2012-08-04 18:50 *Менталитет нашего народа никогда не изменится! Уж так сложилось у нас друг друга давить, от зависти того что кто-то из нас умнее, сильнее, красивее и богаче! А правды искать? Кто правду ищет, у того и за правду взыщат!*

Наблюдатель 2013-03-10 12:16 *Что за менталитет!!! Ни капли чувства человеческого сострадания, одна мания наживы! Стыдно за таких!*

**Орыстардың қазақтар туралы жағымды гетеростереотиптері:**

Станислав 2013-06-09 14:35 *Молодцы МЧС, МИД и Правительство! Это та самая ситуация, в которой можно гордиться, что живешь в Казахстане! Моя жена и ребенок оказались в этот момент в Анталье, но, менее чем через сутки, они уже дома, в Астане. СПАСИБО!!!*

Сашка 2013-01-06 14:44 *У меня мама часто на поездах ездит. Приедет и рассказывает как казахи ее в вагоне всяким угощают. То баурсаками, то курочкой, то яблоком... Всегда ей с сумками помогают и место лучшее уступают, даже если не по билету Так что не надо тут писать чушь, мы многим этому народу должны.*

**Орыстардың қазақтар туралы жағымсыз гетеростереотиптері:**

Просто Костя. 2013-08-12 12:01 *Уже 8 лет живу в Астане, и до сих пор не понимаю ваш казахский менталитет. Эгоизм в высшем его проявлении наблюдаю в любом казахе. Сначала был удивлен, а теперь привык к тому что вы такие и не изменитесь.*

**Қазақтардың орыстар туралы жағымсыз гетеростереотиптері:**

кура 2013-01-27 22:23 да я вообще не смотрю КВН, мне русский юмор, кино, песни непонятны и чужды, так что наверное это естественно, я же азиатка и они наш юмор не понимают и вообще мы разные по ментальности по ценностям и поведению [2].

Көріп отырғанымыздай көп ұлтты социумдарда адамдардың өзара әрекеттесуі мен байланысына көптеген жағдайдар әсер етеді. Бұның барлығы кешенді зерттеу мен құрылымдық талдауды қажет етеді. Тілдік санадағы этностереотиптердің қалыптасу механизмі мен ортақ көзін анықтау аса маңыздылыққа ие.

Әр ұлтқа өзіндік артықшылықтар мен кемшіліктер тән, бұларды басқа этникалық топтар да әртүрлі қабылдауы мүмкін. Автостереотиптер – этникалық топтардың өздері туралы бағалаулар мен қортындылардың, көзқарастардың жиынтығы. Өзінің өткені, тілі, мәдениеті туралы ақпараттың бастауы түрлі халық аңыздары, көркем шығармалар және т.б. Әдеттегідей өзінің этникалық тобына қатысты тек жағымды мінездемелер мен сипаттар қалыптасады; өз этносының жетістіктері мен тарихи орны жөнінде асыра сілтеушілік болмаса да, оның жақсы жағынан, батырлығын, әділдігін немесе т.б. қасиеттерін атап көрсетіп, этносқа қарсы топты әлсіз, жағымсыз бейнеде көрсетеді. Гетеростереотиптер, яғни басқа этностар туралы көзқарастар, олармен тарихи қарым-қатынас тәжірибесіне байланысты жағымды немесе жағымсыз болуы мүмкін.

Стереотиптену барлық жағынан алғанда бір негізде жүзеге асатынын атап өту керек. Басқа этникалық топты сипаттай отырып, этнос бинарлы оппозиция қағидасы бойынша өзі туралы, өзінің мінезі туралы айтады. Егер «олар» – жалқаулар болса, «біз» – еңбек сүйгіштерміз, егер «олар» – арамза болса, «біз» – әділ, шыншылмыз және т.б.

Қоғамдық және жеке санада қалыптасқан этникалық стереотиптердің туындауының, тілдік санада тұрақтауының механизмі әртүрлі, және осыған сай оларды екі топқа бөлуге болады деп есептейді ғалым С.В. Гладких: стереотиптердің алғашқы тобы (мінез-құлық этникалық стереотиптері) көптеген жылдар бойы қалыптасқан; аңыздық сипатқа ауысып, мәдени өзгерістерге қарамастан тұрақты болып келеді. Стереотиптердің екінші тобы (ойлау этникалық стереотиптері) мәдениетаралық тілдесім, этникалық қақтығыстар үрдісінің нәтижесінде немесе бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен қадыптасады; өзгермелі болады. [5, 59-60 б.]. Алғашқы топтың стереотиптері бірнеше ұрпақ тәжірибесінен өткен, сыртқы факторлардың әсерінен өзгермейтін, нақты қалыптасқан білім ретінде қабылданады. Бала кезінде бойына сіңген мінез, көзқарастар мен әрекеттер, қоршаған ортаға көзқарас – барлығы этникалық стереотиптердің қалыптасуына негіз болып, кейіннен тамақ ішу үрдісінен бастап басқа этносқа деген көзқарасқа дейін көрінетін қасиеттерден көрсінс табады.

Стереотиптердің екінші тобы мәдени, саяси және экономикалық факторлардың әсерінен туындайды. Тұлғаға бұқаралық ақпарат құралдары арқылы танылатын этникалық стереотиптер (мысалы, этникалық қақтығыс жағдайында БАҚ саяси тапсырыс бойынша тараптардың біреуі туралы жағымсыз стереотипті қалыптастыруға тырысады) этносқа әсер ету мақсатымен туындап, өзгеріске бейім келеді. Кез келген этникалық стереотип тарихи даму мен әлеуметтік ұйымның, экономикалық жағдайдың өнімі. Мінез-құлық стереотиптер ерте замандардан бастау алады. Екінші топтың көптеген стереотиптері жағымсыз мәнде келеді, бұл идеологиялық мақсаттағы ақпараттың әсерінен де болып жатады. Жағымсыз мәндегі стереотиптердің болуының пайдасы мен зияны бірдей. Пайдасы – этностардың рухани мәдениетін сақтауға септігін тигізсе, зияны – мәдениетаралық қарым-қатынаста барьер ретінде қабылданып, тілдесімнің сәтті орнауына кедергі келтіреді, қақтығыстардың пайда болуына себебін тигізеді.

Қазіргі экономикалық және саяси кезеңде этникалық топтар өздерінің бірегейлігін танытып жатқанда мәдениетаралық қарым-қатынас біраз мәселелердің басын ашады. Басқа этносты қабылдау мінез-құлық және ойлау автостереотиптерінің сүзгісінен өтеді.

1 Lippmann W. *Public Opinion*. – Toronto, 1965.

2 Языковые средства эликации этнических стереотипов русских, казахов и немцев. [https://xn--90ax2c.xnp1ai/catalog/000200\\_000018\\_RU\\_NLR\\_bibl\\_1821251/](https://xn--90ax2c.xnp1ai/catalog/000200_000018_RU_NLR_bibl_1821251/)

3 Кордүүл М. Психологи А-Я. Словарь-справочник. – М., 2000.

4 [www.dartstur.ru](http://www.dartstur.ru)

5 Гладких С.В. Этнические стереотипы и проблемы межкультурного общения // Этнические проблемы современности: Сборник статей. – Вып.5. – Ставрополь, 1999. – С. 57-65.

#### Резюме

Ертаева Ф.Е. – КазНУ им. әл-Фараби магистратка 2-курса

#### Роль этнических стереотипов в межкультурной коммуникации

В статье рассматриваются виды, пути формирования стереотипов, их роль в межкультурной коммуникации и анализируются стереотипные образы представителей разных культур в этнических анекдотах.

**Ключевые слова:** стереотипы, межкультурная коммуникация, этнические стереотипы, автостереотипы, гетеростереотипы

#### Summary

Ertayeva F.E. - Kazakh National University. Al-Farabi magistratka 2-course

#### The role of ethnic stereotypes in intercultural communication

The article discusses the types, ways of formation of stereotypes, their role in intercultural communication, and analyzes the stereotypical images of different cultures in ethnic jokes.

**Keywords:** stereotypes, intercultural communication, ethnic stereotypes, autostereotypes, heterostereotypes

ӘОЖ 81.22

### «ДИУАНИ ХИКМЕТТЕГІ» АРАБИЗМДЕР

**Н.Т. Сафуллина** – Абай ат. ҚазҰПУ, Филология институты

6M011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты,

**Ғылыми жетекшісі:** ф.ғ.к., аға оқытушысы Н.С. Амиржанова

Мақалада Қожа Ахмет Иасауидің «Диуани хикмет» (Даналық кітабы) атты жазба ескерткішінде кездесетін араб тіліндегі діни терминдер жайлы мәліметтер қарастырылады. Діни-сопылық терминдер ең көп кездесетін шығарма – «Диуани хикмет». Соған байланысты «Диуани хикметте» кездесетін сөздердің көп бөлігі араб және парсы тілінен енген. Қарахан дәуіріндегі шығармаларының ішінде ең көп кездесетін арабша және парсыша сөздер «Диуани хикметте» жазылған.

Қолжазба тіліндегі сөздік қордың едәуір бөлігін араб, парсы тілдерінен енген кірме сөздер құрайды. Түркі тілдері тарихында араб, парсы сөздерінің қолданыс аясы кең және алар орны да ерекше екендігі даусыз. «Диуани хикмет» діни еңбек болғандықтан, арабизм мен фарсизмдердің мол болуы заңды. Аталған мақалада орта ғасырлық жазба ескерткіші «Диуани хикметтегі» діни терминдердің құрамын анықтау, олардың қазіргі әдебиеттегі көрінісін көрсету туралы айтылады.

**Түйін сөздер:** Даналық кітабы, хикмет дәстүрі, сопылық ілім, сөздік қор, кірме сөз, діни терминдер

Жаратылыстан бері бір ғана негізден тараған ел де, тіл де, жазу да жоқ. Ел мен елдің араласуы, өркениеттердің түйісуі, мәдени байланыстар әрқашанда өздерінің тарихи іздерін қалдырып отырады [1, 157-б.]. Әлемдегі кез келген тілдің сөздік құрамы, өздерінің ежелден келе жатқан төл сөздерінен және басқа халықтардың тілдерінен енген кірме сөздерден тұратындығы белгілі жәйт. Халықтардың тарихи, экономикалық және мәдени байланыстары, өмірдің түрлі саласындағы құбылыстар тілдің сөздік қорына ықпал ететіндігі даусыз. Сол секілді халқымыздың басынан кешірген сан қилы тарихи факторлардың тілімізге тигізген әсері де аз болмаған. «Диуани хикмет» тіліндегі араб-парсы сөздері осыған дәлел бола алады. Түркі тілдеріне араб, парсы сөздері әр түрлі жолдармен және ұзақ тарихи процесстер нәтижесінде енгендігі белгілі.

Қазақ тіліне еніп, орнығып, қазақ тілінің морфологиялық заңдылықтарына бағынған, яғни морфологиялық жағынан игерілген араб сөздері тіліміздің терминдік қатарынан молынан табылады. Мысалы, «Диуани хикмет» мәтінінде орын алған арабша терминдердің белгілі бір бөлігі қазақ тіліне еніп, сіңісіп кеткен. Олар: әлем (аләм), тәубе (тәубә), тағзым (тағзим), тақаппар (тәкәббур), тақат (тақат), тасаттық (тасаддук), сыр (сирр) т.б. Бұлардың бәрі Ислам дініне қатысты ұғым атаулары. Әдетте, бір тілден екінші тілге есім сөздер енеді. Олар қазақ тілінің заңдылығына бағынып септеледі, жіктеледі, қазақ тілінің сөз тудырушы жұрнақтарын қабылдап, жаңа туынды сөз жасауға ұйытқы бола алады. Кейде кірме сөздер қабылдаушы тілдің лексика-семантикалық жүйесінен орын алып, игерілгеніменен, фонетикалық және графикалық жағынан ассимиляцияға ұшырамайтындары да болады. Мұндай құбылыс тіл-тілдің бәрінде де бар [2, 175-б.].

Араб элементтерінің енуіне түркілердің ислам дінін қабылдауы едәуір әсер еткендігі сөзсіз. Ислам дінінің түркі топырағына жетуі VIII ғасырда басталғанымен, оның кең етек жаюы X ғасырда Қараханиттер мемлекетінің тұсында болды. Араб элементтері алғашқыда дінге байланысты ауысып, тек ислам дінінің айналасындағы сөздер ғана болды. Алайда сол дінді таратушы арабтардың жергілікті халықтар арасынан орын теуіп отыруымен бірге араб тілінің сөздері ене бастады [3, 175-б.].

Араб тарихшысы Әл-Омари және Элькалькашандидің хабарлауынша Берке хан (Алтын Орданың ханы) XIII ғасырдың 40 жылдары Ислам дінін ресми түрде қабылдаған. Әрине, бұл қадам ел өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Жошы ұлысы мұсылман әлеміне жақындай түсті. Мешіт, медреселер көптеп салынды. XIII ғасырдың соңынан бастап Түрік, Монғол, Араб, Славян тіл, діни мәдениеті, сауда-саттық

және қолөнері тоғысқан Еуроазиялық өркениет ошағына айналды. [4, 154-155-б.б.]. Ал кейінгі дәуірлерде Таяу және Орта Шығыс халықтарының мәдени өмірінде араб тілі халықаралық тіл қызметін атқарғаны белгілі. Яғни, бір кездері Батыс Европа халықтарына латын тілі қандай қызмет атқарса, шығыс халықтары үшін де араб тілі сондай болды [5, 45-б.]. Көптеген ортаазиялық ғалымдарымыз өз еңбектерін осы араб тілінде жазғандығын да білеміз.

Қазақ тіліне еніп, орнығып, қазақ тілінің морфологиялық заңдылықтарына бағынған, яғни морфологиялық жағынан игерілген араб сөздері тіліміздің терминдік қатарынан молынан табылады. Қазақ тіліндегі *азан, азап, айт, аруақ, пәтуа, дұға, қайыр, мадақ, сәлем, үкім*, т.с.с. толып жатқан сөздерді араб тілінен енген, бірақ фонетикалық-графикалық жағынан әбден игеріліп, сіңісіп кеткен сөздер деп айтуға болады.

Олардың ішінде түпнұсқа тілде, яғни араб тілінде көптік тұлғада тұрып, көптік мағынаны берген, бірақ олар қазақ тіліне енгенде осы көптік мағынасы ескерілмей жекеше тұлғадағы лексикалық бірлік ретінде түсініліп, қабылданғандары бар. Бір тілден екіншісіне лексикалық бірліктер қабылданған кезде, олардың сол тілдегі көптік тұлғасы ескерілмей, жекеше тұлғадағы бірлік ретінде ұғынылады. Мұндай сөздер қабылдаушы тіл – қазақ тілінің морфологиялық жүйесінің заңдылықтарына бағынады. Олардың саны көп емес, олардың қатарына *мұсылман, әнбие, ақылақ, әулие, ғұлама* секілді сөздер жатады. Мысалы, *ақылақ* сөзі тілімізде бұрын болған, бірақ пассив лексикаға ығыстырылып, соңғы кездері ғана екінші тыныс ала бастаған, қолданысқа енді түсе бастаған сөз. Бұрыннан тілімізде осы сөздің жекеше тұлғадағы көрінісі *құлық* сөзі (мінез-құлық) бар болатын. *Ақылақ* сөзі соңғы кезде *мораль* деген орыс тілінен енген терминмен жарыса, қатар қолданылып жүр.

Иасауи көзқарасында Аллаһты танудың шарифат, тариқат, мағрифат және ақиқат сатысы бар деп есептеледі. Шарифат сөздік мағынада «үлкен даңғыл жол», тариқат «бір аяқ жол» дегенді білдіреді. Ал діни терминологияда шарифат – дін, тариқат – хақ пен ақиқатқа жету жолындағы, дін ішіндегі арнаулы жол деген сөз. Себеп және құралмен тану осы шарифат сатысына жатады. Екінші сатысы – тариқат. Тариқат психологиялық жағынан кез келгенге жабық, тек қана “дидар талап” еткендерге ғана ашық. Сондай-ақ оларға бағыт беретін жол көрсетуші пірдің бақылауы арқылы кемелдікке жетуге болатын ерекше жол. Бұл – Аллаһты тануға көңілді, рухты дайындау сатысы. Мағрифат сатысы танымның ең дұрысы. Бұл сатыда көңіл «шабыт» ішкі интуиция арқылы Аллаһты таниды. Көңіл үшін Аллаһтың үйретуімен берілген білім, яғни, Аллаһты өзі арқылы тану нағыз мағрифат. Бұл хал ілімі арқылы жүзеге асады. Мағрифат, яғни құдайлық таным рухани тәжірибелер арқылы танылатын трансцендентальды, Аллаһтан рухқа енген нұр, құт. Ақиқат – орталық. Сопының мақсаты – эпистемиологиялық тұрғыдан болсын, онтологиялық тұрғыдан болсын осы ақиқатқа жету. Сопылықтың шарифат, тариқат, ақиқат сатылары бір жағынан діни құндылықтарға қатыстылығын, әрі адамның рухани жол арқылы жеткен кемелдік халдерін, әрі ақиқат тәжірибесінің онтологиялық қырын көрсетеді. Бұл тәжірибелер арқылы қалыптасқан интеллектуалдық жүйе тұрғысынан болмыс құрылымының онтологиялық иерархия ұғымдарымен берілетін метафизикалық доктринаның негізін құрайды [12, 71 б].

Сопылық ілім адамның құдайға оралуы (оны тануы) ойлау арқылы емес, ақыл-парасаттан тыс сыр ашу жолымен жасалады. Демек, «Диуани хикметтегі» діни терминология мен өзге де лексика-фразеологиялық бірліктерді, дәлірек айтсақ, бұл сөздердің мағыналарын осындай танымға қатыстырып түсіндіру қажет. Әрине, мұнда да басты фигура болып адам тұрғанымен, суфизмнің таным теориясы материалдық заттар дүниесін (солардың бірі – адамды) тануға емес, құдайды тануға саятындықтан, адам өзін тану арқылы құдайды танитындықтан бұл танудың, яғни құдаймен қосылудың, құдайға «сіңіп кетудің» жолын (әрекетін) сөз етеді. Бұл реттегі лексикалық бірліктердің дені араб, парсы болып келетіндігі аян. Түрік ғалымы проф. М.Ф.Көпрулу: «Иасауи «Хикметтерінің» тақырыбы дінге, осы діннің бір ағымы – суфизмге қатысты болғандықтан, мұнда Иасауи қалыптасып қалған терминдерді қолдануға мәбүр болды. Жаңа діни ағымға қатысты жаңа терминдердің түсініктерін парсы ғалымдарының шығармаларынан алды деген пікір айтады. [6, 80-81-б]

Енді солардың бірқатарын көрсетіп өтейік.

Қожа Ахмет Иасауи «Диуани хикметінде» өзінің ғұмырнамасын жазып шыққан, жыл-жыл бастан кешкен рухани тәжірибелерін егжей-тегжейлі көз алдымызға жайып салған. Қ.А.Иасауидің алпыс үш жасына дейінгі рухани тәжірибелерінің қандай екеніне шолу жасап шығайық. Алайда алдымен түсіндіріп өтуді қажет ететін бір мәселеге тоқталып кетуді жөн көріп отырмын. Қ.А.Иасауи он бір жасына дейін рухани әлемге қатысты ерекше сопылық жағдайларды бастан кешкен.

Адамның жан-дүниесіне қатысты осындай жағдайлар нақты ұғымға жатпайтындықтан, басқа біреу тарапынан расталуы қиын. Түсіну үшін дәл сол жағдайды бастан кешу керек. Міне, соған байланысты біз мұндай тәжірибелердің сопылық психологиясында түрлі адамдардың басынан өткендігін ескеріп «дұрыстығына» толық сенеміз. Яғни мұндай жағдайлардың болуы мүмкін.

Алайда осы жерде «Рухани әлемге қатысты мұндай жағдайлар мен дерексіз ұғымдар 0-12 жас арасындағы баланың басынан өтуі мүмкін бе?» деген сұрақ алдымыздан шығады. Міне, осы сұраққа біз болымсыз жауап береміз. Өйткені қазіргі таңда жүргізілген психологиялық зерттеулер бізге сәбилік шақтағы дерексіз ұғымның он бір жастан бұрын болмайтындығын көрсетеді. Бала кезде Жаратушы жайлы ойдың өзі дерексіз болып табылады. Сонда періште, жеті қат көк, рух секілді дерексіз ұғымдардың баланың ой-түсінігі мен жан-дүниесіне енуі мүмкін емес. Балалық шақта дерексіз ұғым мен ар-ұжданның жетілуі мүмкін емес. Бір адамда мұндай дерексіз ойлардың және ар-ұжданның жетілуі тек он бір жастан кейін ғана болады [7, 32, 75, 102, 109, 162-беттер].

Ғылыми жақтан мұндай құбылыстың мән-жайына қаныққаннан кейін, ойымызға мынадай ой келуі мүмкін: А.Иасауи секілді рухани ұстаздың жалған сөйлеуі мүмкін емес. Сонда оның айтып жатқан субъективті тәжірибелерін қалай түсіндіреміз? Міне, осы жерде біз сопылық терминологиясына жүгінеміз. Сопылықтағы «уәләдат» (туылу) ұғымы «мүридтің мұршидке (шәкірттің ұстазға) қол ұсынып, тарикатқа кіруі» дегенді білдіреді. Осы ұғым екінші туылу (уәләдат-сания), мағнауи туылу (уәләдат-мағнауия), рухани туылу (уәләдат-рухия) секілді атаулармен аталады. Әзірет Иса (а.с.) пайғамбарға қатысты бір сөзде адамның екі мәрте тумай рухани әлемге көтеріле алмайтындығы айтылған. Бірінші туылумен мына материалдық әлеммен байланыс құратын адам екінші туылумен рухани әлеммен байланыс орнатады.[8, 268-б]

А.Иасауидің хикметерінде айтқан рухани тәжірибелеріне осы жақтан қарағанда сөз болып отырған проблема біршама шешімін табады.

А.Иасауи – сопылықпен танылған жанұядан шыққан сопы. Оның әкесі Ибраһим шейх – Сайрамның атақты тұлғаларының бірі. Соған қарағанда, А.Иасауидің бірінші ұстазы әкесі болса керек. Жеті жасында Арыстан бабпен кездесуі оның сопылық өмірге бастауының жетінші жылында болуы мүмкін. Сондай-ақ А.Иасауидің дүниеге келісімен тоғыз сағат төзе алмай көкке ұшуын оның сопылыққа алғаш қадам басқан күні бастан кешкен тәжірибесі ретінде қабылдауға болады. Адамның рухани жетілуінде ғашықтықтың дерексіз ойға үйлесуінің ғылыми түрде он бір жасынан кейінгіге жататынын ескерсек, А.Иасауидің осы рухани туылуының материалдық туылуына қатысты он бір жасында немесе содан кейінгі жылдарда болғандығын айта аламыз. Бұл жағдайда Арыстан бабпен 18-20 жастарында кездескен және одан рухани аманатты алған. Бір адамның осы жаста рухани әлемде кемелдікке жетуі ақылға қонымды.

Енді А.Иасауидің өзінің жазғаны бойынша рухани жетілу сатыларын қолға алайық:

*Тоғыз сағат:*

*Тоқұз ай, тоқұз күндә ергә түштім*

*Тоқұз са'әт тұралмадым көкгә ұчтұм,*

*'Ари-Күрси пайәсіні барыб құчтым,*

*Ол сәбәбдин алтмыш үчдә кірдім ергә.*

Сопылықта лангаж мәселесі маңызды. Сопылықта метафораға негізделген түсініктемелер арнайы лангаж құрылымының салдарынан қызықты көріністер туындайды. А.Иасауидің «жерге түстім» дегені адамның өзінің жан-дүниесіне бет бұруының басталуын білдіреді, бұл, жоғарыда айтып өткеніміздей, рухани әлемде туылудың символы. Екінші тармақтағы «көкке ұштым» тіркесі рухани әлемде шарықтауға қабілеттілікті көрсетеді. «Көк» сөзі арабшада «сәмә» сөзінің баламасы, оның мағынасы «жоғарылау, көтерілу». Егер осы сөзді сөздіктегі мағынасымен қарастыратын болсақ, А.Иасауидің қанат қаққан құс секілді көкке көтерілуі деген мағына шығады, дегенмен бұлай болуы ақылға қонымсыз. Олай болса, бұл тіркес адамның өзінің ұлы орнына, яғни ұлы құндылықтар әлеміне көтерілуін көрсетеді. Өйткені 3-тармақтағы «арш пен күрсіні құшақтауы» оның жоғарылап тірелген нүктесін көрсетеді. Сопылық терминологиясында «арш» бүкіл жаратылыс әлемнің ең соңғы шегін білдіретін дерексіз мекен, бүкіл жаратылысты қамтитын ұлы орын, мүміннің жан-дүниесі секілді көптеген мағынасы бар ғашықтықтың аясына енетін ұғым. [9, 208-209-бб.] «Күрсі» сөзі болса, әмір мен тыйым жері [10, 244-б], фиғли (іс-әрекетке тән) сипаттар жаппай жарыққа шығатын, илаһи құдіреттің үкімі жүретін жер, жою-жарату мен әмір-тыйымның орындалу орны, тафсил (деталь) мен ибамның (белгісіздік) қайнар көзі [11, 106-б]. Міне, А.Иасауи осы «арш пен күрсіні құшақтау» деп бейнелеген рухани тәжірибені сулукинің (рухани шарықтауының) алғашқы сатыларында бастан кешкен болу керек.

*1 Малбақов М. Ортағасырлық түркі және қазіргі қазақ тілдерінің тарихи сабақтастығы мәселесін зерттеу жайында бірер сөз // Қазақ тіл білімі мен түркітану мәселелері: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 2007. – Б. 157-160.*

*2 Жиекбаева А.Б. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің терминденуі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. - Алматы, 2010.*

*3 Айдаров Т. Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері. – Алматы: Мектеп, 1975. – 175-б.*

- 4 Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы ұлысы. – Астана: Елорда, 2004 ж., – 150-б.
- 5 Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб, парсы кірме сөздері. – Алматы: Ғылым, 1982. – 45-б.
- 6 Сыздықова Р. Яссауи «хикметтерінің» тілі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 552 бет.
- 7 Сельчук Муалла, Чоужук егитимінде дини мотивтер, - Анкара, 1991 (2-басылым).
- 8 Әл-Хафни Абдулмуним, Мұғжаму мусталахатис-суфия, Каир, 1980.
- 9 Хасан әш-Шарқауи, Мұғжаму әлфазис-суфия, Каир, 1987
- 10 Ибн Араби, Истилахатус-суфия, - Каир, 1357.
- 11 Әл-Хафни, Мұғжам, - 106-б.
- 12 Баранов Х.К. Арабско-русский словарь. - М., 1958.

#### Резюме

**Сафуллина Н.Т.** – магистрантка 2 курса КазНПУ им. Абая, по специальности 6М01117 – «Казахский язык и литература», Научный руководитель: **Амиржанова Н.С.** – к.ф.н., старший преподаватель КазНПУ им. Абая

#### Арабизмы в Диуани Хикмет

В статье рассматриваются сведения о религиозных терминах на арабском языке, которые встречаются в памятнике письменности Кожы Ахмета Яссауи «Диуани хикмет» (Книга мудрости). «Диуани хикмет» является произведением, где встречается много религиозно-суфийских терминов. В связи с этим большая часть слов, встречающихся в «Диуани хикмет» заимствованы с арабского и персидского языков. Арабские и персидские термины, часто встречающиеся в произведениях караханидского периода написаны в «Диуани хикмет». Значительную часть словарного фонда рукописи составляют слова, заимствованные с арабского и персидского языков. Бесспорно, что арабские и персидские слова широко применяются и занимают особое место в истории тюркских языков. Так как «Диуани хикмет» является религиозным трудом, здесь встречается много арабизма и фарсизма. В данной статье речь идет об определении состава религиозных терминов памятника письменности средневековья «Диуани хикмет» и их месте в современной литературе.

**Ключевые слова:** книга мудрости, традиции хикмет, суфийское учение, словарный запас (фонд), заимствованные слова, религиозные термины

#### Summary

**Nazgul Safullina** – 2<sup>th</sup> course master speciality of Kazakh language and literature, Scientific supervisor:

**Amirzhanova N.S.** – c.ph.s., senior teacher KazNPU named after Abai

#### Arabisms in Diuani Hikmet

In the article information is examined about religious terms in Arabic language, that meet in the monument of the written language Skin of Akhmeta Yassau "Diuani khikmet" (Book of wisdom). "Diuani khikmet" is work, where many religiously-sufi terms are. In this connection greater part of words meeting in "Diuani khikmet" adopted from the Arabic and Persian languages. Arabic and Persian terms often meeting in works of karakhanidsky period written in "Diuani khikmet". Considerable part of dictionary fund of manuscript is made by the words adopted from the Arabic and Persian languages. Indisputably, that the Arabic and Persian words are widely used and occupy the special place in history of turkic languages. Because "Diuani khikmet" is religious labour, here is much arabism and farsizm. In this article the question is about determination of composition of religious terms of monument of the written language of middle ages of "Diuani khikmet" and their place in modern literature.

**Keywords:** book of wisdom, tradition of khikmet, sufi studies, vocabulary (fund), loan-words, religious terms

ӨОЖ 81.23

## ҚИМЫЛДЫҢ СОЗЫЛЫҢҚЫ ТӘСІЛІ

**Г.А. Оразова** – Абай ат. ҚазҰПУ, Филология институтының 2-курс магистранты,  
**Ғылыми жетекшісі:** ф.ғ.к., аға оқытушы **Ж.Қоқанова**

Бұл мақалада қазақ тіл біліміндегі қимылдың созылыңқы тәсілінің жасалуының ерекшеліктері нақты мысалдар арқылы талданды. Қимылдың өту сипаты етістіктің дербес грамматикалық категориясы ретінде түркітануда және қазақ тіл білімінде ХХ ғасырдың екінші жартысында ғана танылса да, қимылдың жасалуындағы түрлі ерекшеліктер түркі тілдерін зерттеушілердің назарына ертеден-ақ ілінген.

**Кілт сөздер:** қимылдың (амалдың) өту сипаты категориясы, қимылдың (амалдың) өту фазасы, созылыңқы сипат

**Созылыңқы қимыл тәсілі.** Күнделікті өмірде қимыл түрлі тәсілдермен жасалады, тілде қимылдың жасалуы түрлі тәсілдер арқылы беріледі. Мысалы, *Көзі шырадай жанып, біраз әл жинағандай болды. Әккі көкжал дыбысын білдірмей, жер бауырлап, жылжып келе жатыр екен (Ш.Мұртаза). Сөйттім де, ызаға шыдай алмай, айқай салып далаға атып шықтым (Қ.Жұмаділов). Манап суды уыстап Сараға қарай шашып-шашып жіберді (Б.Нұржекеев).*

Осы мысалдардағы етістіктердегі қимылдар әртүрлі жасалған. Мысалы, *жисағандай болды* дегенде белгілі бір қимылдың орындалмағандығы, яғни жасандылық сипаты байқалады. *Жылжып келе жатыр* дегенде іс-қимылдың әлі де болып жатқандығын білдіреді. *Атып шықтым* дегенде қимылдың күтпеген жерден, кенеттен, тез арада болғанын білдіріп тұр. *Шашып-шашып жіберді* дегенде қимылдың батыл әрі қысқа жасалуын білдірген.

Қимылдың жасалуындағы осындай алуан түрлі ерекшеліктерді дәлме-дәл көрсететін қазақ тілінің грамматикалық құрылысындағы арнайы категорияны Н.Оралбаева *қимылдың өту сипаты категориясы* деп атайды [1;257].

Қимылдың жасалуындағы ерекшеліктерді, оның өту шегін білдіретін қазақ тілінің грамматикалық құрылысындағы арнайы категориясы бар. Ол – қимылдың өту сипаты категориясы. Бұл категория орыс тіл білімінде «*способ протекания действия*» терминімен берілсе, түркологияда «*категория протекания действия*» деген термин қолданылады.

Қимылдың өту сипаты етістіктің дербес грамматикалық категориясы ретінде түркітануда және қазақ тіл білімінде ХХ ғасырдың екінші жартысында ғана танылса да, қимылдың жасалуындағы түрлі ерекшеліктер түркі тілдерін зерттеушілердің назарына ертеден-ақ ілінген. Оны А.Н. Кононовтың «Грамматика языка тюркских рунических памятников VII-IX вв.», (Л., 1980, 255 с.), И.Гигановтың «Грамматика татарского языка» (Санкт-Петербург, 1801. – 188 с.), В.А. Гордлевскийдің «Грамматика турецкого языка» (Избранные сочинения. – М., 1961., – 358 с.), А.Н. Кононовтың «Грамматика современного узбекского литературного языка» (М. –Л., 1960. – 449 с.) атты еңбектерінен байқауға болады.

Қазақ ғалымдарының ішінде қимылдың жасалуындағы түрлі ерекшеліктерді білдіретін кейбір тұлғалардың қызметіне алғаш көңіл аударған А.Байтұрсынұлы болды. «Тіл құрал» атты еңбегінде қазіргі кезде қимыл тәсілін білдіретін көрсеткіш ретінде танылған *-ғыла* жұрнағының қызметін дүркінді етіс, *-ыңқыра* жұрнағының қызметін өсіңкі етіс деп атаған. Аталған тұлғаларға берген анықтамасынан ғалымның олардың қызметін дұрыс ажырата алғандығын байқаймыз. Мысалы, «Дүркінді етіс дейміз – қайта-қайта істелетін істі: хат жазғылады, мылтық атқылады» [2;233]. Яғни, ғалымның *дүркінді етіс* деп отырғаны қимылдың қайталануы болды.

Қазақ тіліндегі қимылдың жасалуындағы түрлі ерекшеліктерді білдіру жайлы профессор Қ. Жұбанов айтқан пікірлер де әлі күнге өз құндылығын жойған жоқ. Ғалым «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты еңбегінде келе жатыр – күрделі көмекші етістігінің қимылдың басталуын көрсету үшін, ал бара жатыр – күрделі көмекші етістігі жалғасуын, үдеуін білдіру үшін қолданылатынын көрсетеді [3;89].

Қазақ тілі білімінде қимылдың өту сипаты категориясына жеке анықтама беріп, оны сыпат категориясы деп атап, оның өту кезеңдеріне жекелей тоқталған ғалым – Ы.Маманов. Профессор М.Оразов қимылдың өту сипаты категориясына қатысты ойларын кең түрде «Етістік» деген атпен жарық көрген еңбегінде баяндайды. М.Оразов амалдың (қимылдың) өту фазасын 4 түрге бөліп қарайды, ал қимылдың тәсілдерін 17 топқа бөледі [4;67].

Профессор А.Ысқақов 1974 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілі» атты оқулыққа етістіктің аналитикалық форманттарын кіргізген болатын. Онда *амалдың өту сипаты категориясы* да енгізілген.

А.Ысқақов: «Тіліміздің етістік формалары жүйесіндегі өзіне лайық ерекше мазмұны мен арнаулы морфемалары (көрсеткіштері) бар грамматикалық құбылыс *амалдың өту сипаты категориясы* деп аталады» [5;289], – деп анықтама бере келіп, бұл категорияның көрсеткіштері екі тәсіл арқылы жасалады дейді. Олар: синтетикалық тәсіл арқылы және аналитикалық форманттар. Алғашқы тәсіл арқылы жасалатын көрсеткіштерге мынадай жұрнақтарды жатқызады: «1)-*ла (-ле, -да, -де, -та, -те)* жұрнағы өзі жалғанған түбір етістіктің лексикалық мағынасына амалдың үсті-үстіне еселеніп, жиі орындалуын білдіретін реңк қосады». Бұл қатарға төмендегі жұрнақтарды қосады: *-қыла (-кіле, -ғыла, -гіле); -мала (-меле, -бала, -беле, -пала, -пеле); -ғышта (-қышта, -кіште, -гіште); -ыңқыра (-іңкіре, -ңқыра, -ңкіре); -ымсыра(-імсіре, -мсыра)*.

Ал аналитикалық форманттардың көптігін айта келіп, мына форманттарға тоқталған: *-п таста, -п жібер, -а қой, -а кет, -а қал, -п ал, -п бер, -п отыр, -а түс, -ған бол, -ғалы отыр, -ғалы жатыр, -п кеп жібер, -п кеп қал, т.б.* Аналитикалық форманттарды тарихи тұрғыдан шығу нұсқасын үшке бөлген: 1. Көсемшенің *-ып (-іп, -п)* және *-а (-е, -й)* жұрнақтары мен толымды көмекші етістіктерден құралатын форманттар.

Қазақ тіл білімінде қимылдың өту сипатының етістіктің өз алдына дербес грамматикалық категориясы екенін дәлелдеп, ғылыми-теориялық негізін көрсетіп берген – профессор Н.Оралбаева.

Біз де зерттеу жұмысымызда қимылдың өту сипаты категориясы туралы жоғарыда атап өткен ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, созылыңқы тәсілге тоқталуды жөн көрдік.

Қимылдың жасалуының ұзаққа созылуы – тілде бар құбылыс. Созылыңқы қимыл тәсілі тек түркітану ғылымында ғана емес, қазақ тіл білімінде де ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Қимылдың өту сипаты категориясының созылыңқы тәсілінің аналитикалық және синтетикалық тәсілдер арқылы жасалуы Ы.Е. Маманов, Н.Оралбаева, Қ.Мұхамеди, Қ.Бибек, А.Ысқақов және С.М. Маралбаеваның еңбектерінде көрініс тапқан.

Қазақ тіліндегі қимылдың созылыңқы тәсілі туралы зерттеген – С.Маралбаева. Ол **-п тұр, -п жүр, -п отыр, -п жат** аналитикалық форманттарын созылыңқы қимыл тәсілінің көрсеткіштері екендігін және оның осы мағынаны білдіруде жиі қолданылатындығын айтады [6].

Н.Оралбаева қазақ тіліндегі қимылдың созылыңқы тәсілін білдіретін форманттарға мыналарды жатқызады: **-е бер** (келе береді), **-е түс** (күте түс), **-й тұр** (шыдай тұр), **-а отыр** (айта отыр), **-а жүр** (айта жүрер), **-п қал** (отырып қалды) [7;38].

Созылыңқы тәсілді **-е бер, -е түс** дара аналитикалық форманттары жасайды. А.Алтаева өзінің еңбегінде: «Қимылдың, амал-әрекеттің ұзаққа созылуын, бірте-бірте күшеюін, кейде қайталануын білдіретін аналитикалық форманттар көп емес», - дей келе **-а бер, -а түс** форманттарын мысалдар арқылы көрсетеді [8;126]. Қимылдың ұзаққа созылуын білдіретін күрделі аналитикалық формант – **-п шыға бер**. Қимылдың ұзаққа созыла жасалуын осы жалғыз формант білдіреді екен деген ой тумауы керек, себебі ол қайталау тәсіліне де тән қасиет. Қимыл қайталана беру арқылы ұзаққа созылады. Қайталану тәсілінде негізгі мән есепке алынып, қимылдың созылуы көлеңкеде тұратын боғандықтан, оны бұл тәсілден бөліп қару қажет. Ал **-п шыға бер** формантының негізгі мағынасы – қимылдың созылуы, бірақ мұнда өзіндік реңк бар, ол – қимылдың жалғасуы. Мысалы, *танып шыға берді, жасап шыға берді, атап шыға берді, анықтап шыға берді, сызып шыға берді, ойнап шыға берді, өзгеріп шыға берді, қайқайып шыға берді, жайнап шыға берді, өсіп шыға берді, ұзарып шыға берді*, т.б.

**-е бер** форманты түркі туыстас тілдерде кең тараған. **-е бер** форманты қазіргі қазақ тілінде қимылдың созылуын білдіреді. Бұл үзіліспен ұзақ жасалатын қимылдарда көрінеді. Мысалы, *Жұбанышты жұрттан таппай, сол бір уыттан іздеп, ісіп-кепкенше іше берді. – Мен асығатын себеп бар, туысқан, – деді жігіт скамейкаға отыра беріп (Ш.Мұртаза). Қазір ойласам, ақ асау толқындай сапырылысқан, көз ұшынан мұнартып, борт-борт желген сағымдай елес жүректі жылытып, толқытып, балқытып жүре береді. Көзі ілініп бара жатып, әлсін-әлі шошып ояна берген. Сонан соң оқ тиген аңдай ыңыранып, етпетінен аунап түсті де, өзегі өртеніп бара жатқандай жанталасып, қолына ілінген шөпті жұла берді (Қ.Жұмаділов). Солардан бөлініп шықсын де ілгерілей бердім. Жүзін қырындау бұрып, Сара оған көз қиығын енді сала беріп еді, бетіне Манап таяу еңкеіп келіп тиер-тимес шөп еткізді. Бірақ білетін адамыңның да білмейтін жағы бола береді. Дымы құрып, тек тістене берді (Б.Нұржекеев).*

Бұл мысалдарда үзіліспен қайталану арқылы қимыл ұзаққа созылған. Жоғарыдағы мысалдарда *бола берді, сипалай берді, босата берді, жүре берді* қимылдары тоқтаусыз ұзаққа созылады да, ал *болды, сипалады, босатты, жүрді* қимылдары ұзақ уақыт бір қалыпта үзіліссіз жасалмайды.

Қазақ тілінде бұл – абстракцияланған өте жиі қолданылатын формант. Етістік талғамайды, салт етістікке де, сабақты етістікке де тіркесе береді.

Осы формалар етістіктің категориялары бойынша толық түрленеді. Бұл формалы аналитикалық етістікке ұқсас тілде күрделі етістік қолданылмайды.

**-е түс** форманты қазақ тілінде өте абстракцияланған, қимылдың күшеюін, әрі қарай созылуын білдіреді: *Әлі булығып, өксігімді тоқатата алмай, қайта солығым үдей түсті. Тым болмаса ашуымды содан алайын деп көздер-көздемес шүріппені басып кеп қалып ем – гүрс ете түсті. – Е, көзі үлкен болса мерген болмай ма екен? – деп Сәрсенкүл деген атуын қатын екілене түсті. – Қайтадан қос уыстас бөліп алайық, - деп шап ете түсті Аманжол. Жанында жатқан ұзын қамшыны ала салып, үйіріп-үйіріп, Ноянға қарай сілтеп кеп қалғанда, мылтық атқандай сарт ете түсті (Ш.Мұртаза). Маңдайынан тер бұрқ ете түсті (Қ.Жұмаділов). Оған жігіттің жаны кіріп, жаңағысын жиілете түсті. Жүзін қырындау бұрып, Сара оған көз қиығын енді сала беріп еді, бетіне Манап таяу еңкеіп келіп тиер-тимес шөп еткізді. Етек-жеңі таралып, балаң күй бүтінделе түсті. Зияш сәл тартынса, Қалидың қолы одан сайын орала түседі (Б.Нұржекеев).*

Бұл мысалдарда **-е түс** арқылы жасалған аналитикалық формалы етістік ашық райда да, басқа райда да қолданыла береді: *үдей түсті, гүрс ете түсті, шап ете түсті, жиілете түсті, бүтінделе түсті, екілене түсті, орындала түсті* т.б.

А.Ысқақов **-п жатыр** формантын жетекші етістікке амалдың белгілі жерде тоқталмай, үздіксіз, үнемі, ұзақ жүре я жүргізіле беретінін немесе дағдылы күйін білдіретін мағына үстейтінін мына мысалдар арқылы көрсетеді: айтып жатыр, оқып жатыр, істеп жатыр, келіп жатыр, көмек көрсетіп жатыр [5; 262].



Сонымен қатар біз **-п жатыр** аналитикалық формантының күрделі аналитикалық форманты ретінде **-п келе жатыр** формантын да алып отырмыз. Көркем шығармадағы қолданысы: *Сары ала күзде қызылша даласы тым жасыл боп жайқалып жатыр. Шешесінің өзін көтеріп келе жатқаны анық. – Ағатай, қамытты қайтып бер, – деді оған Ноян арбамен жағаласа шауып келе жатып. (Ш. Мұртаза). Өкіріп-бақырып Тентек-Халдай ағып жатыр. Әлде тау басына жаңбыр жауды ма, түсі бұзылып, тастан-тасқа соғып, жыртықши аңдай өкіріп, долдана ағып жатыр. Бұл қанды асу кімдердің басын жұтпаған? – деді өзенге қарай түсіп келе жатып. Сай-салада көлеңке қоюланып, тағы бір тынышсыз тұн қанатын жайып келе жатты (Қ.Жұмаділов).*

А.Ысқақов созылыңқы тәсілге жататын басқа да аналитикалық форманттарды көрсетеді:

**-п тұр** форманты жетекші етістікке амалдың өзгеріссіз, бірқалыппен жүретінін я үнемі болатынын немесе заттың бір қалыптағы күйін аңғартатын реңк қосады. Мысалы: *естіліп тұр, жанып тұр, жауып тұр, су ағып тұр, т.б.* Көркем шығармадағы қолданысы: *Шалы қасында, үш бірдей келіні қызметін істеп тұр. Хадия сонда байқады, қыздың әдемі мойыл көзіне жас толып, шүңілдеп тұр екен (Ш.Мұртаза). Тек қия жартастарды жарып шыққан қайсар қарағайлар ғана өңін бермей, тәкаппар басын тік ұстап, көкке шанышыла қарап тұр. Көш жолдарына, айдалған мал ізіне түсіп, тұмсықтарын көтеріп, ұзақ-ұзақ қарап тұрады. Сол йеннен өтіп, Күргейтастың ту сыртына шықса болғаны, айтулы кезең иек астында тиіп тұр. Қарт немересімен екеуі қаздар тобы көзден ғайып болып, аспан тұңғиығына сіңіп кеткенше кірпік қақпай қарап тұрды (Қ. Жұмаділов).*

**-п отыр** форманты жетекші етістікке амалдың үздіксіз я үздік-создық, жалпы алғанда созылаңдап, ұзақ болатынын немесе жалғаса беретінін аңғартатын мағына қосады. Мысалы: *айтып отыр, көріп отыр, хабарлап отыр, жазып отыр, сұрап отыр, қызмет көрсетіп отыр, т.б.* Көркем шығармадан келтірілген мысалдар: *Өзім болсам, Мақсұттың отын өшірмей, түтінін түтетіп отырмын. Қара жолдан боз ала шаң шұбатылып шағын табор батысқа қарай тартып отырды. Бір-біріне қарама-қарсы жайғасып отырысты (Ш.Мұртаза). Өзенге түсе берістегі алаңқайда демалып отырып, ол анадай жерде жатқан адамның құ басын көрді. Бір күні атып алған қояны мен кекілігін арқалап үйіне келгені сол еді, мұны екі полицей тосып отыр екен (Қ.Жұмаділов).*

**-п жүр** форманты жетекші етістікке амалдың (әрекетті) үнемі қозғалыс я көшу (ауысу) үстінде бір қалыппен жалғастырылып істеле беруін я қайталана беруін білдіретін мағына жамайды. Мысалы: *ойнап жүр, оқып жүр, күліп жүр, көріп жүр, кездесіп жүр, қызмет етіп жүр, т.б.* [5; 262]. Көркем шығармадағы қолданысы: *Хадия поэзга ілінгенінше шүкіршілік айтудың орнына бұрқылдап ұрсып жүр... Тек жапырақтан құрт терген зымыран шымшықтар ғана шиқ-шиқ етіп ұшып жүр (Ш.Мұртаза). «Біреуіне алдыра қоймасын» деп кісесінен үлкен қара кезгіден алып, қолына оңтайлап ұстап жүрді. Кезеңнің астындағы иек артпада бір топ арқар жайылып жүр екен. Қанжығасы майланып, табысы тәуір болған жылдары өзінен асып, көрші жарлы-жақыбайларға да қайырымы тиіп жүрді. Сілтегені тие бермей, мүлт кететін де боп жүрді. Қашан үйреніскенше, мектепке өзі ертіп апарып жүрді (Қ.Жұмаділов).*

Ескере кететін жағдай, ғалым А.Ысқақов **-п отыр, -п тұр, -п жүр, -п жатыр** форманттарын жетекші етістікке жалғанғанда, амалдың үздіксіз созылаңдап, ұзақ болатынын немесе тоқталмай үнемі бола беретінін білдіретінін көрсеткен. Ал Н.Оралбаева **-п отыр, -п тұр, -п жүр, -п жатыр** тілдегі кез келген етістіктен *нақ осы шақ жасайтын* аналитикалық форманттар ретінде көрсетіп, мынадай мысалдар келтірген: 1) **-п отыр:** оқып отыр, көріп отыр, тыңдап отыр, біліп отыр, естіп отыр; 2) **-п тұр:** көріп тұр, айтып тұр, аңдып тұр, сынап тұр т.б.; 3) **-п жүр:** келіп жүр, оқып жүр, сатып жүр, біліп жүр т.б.; 4) **-п жатыр:** оқып жатыр, өсіріп жатыр, біліп жатыр, қайтарып жатыр, беріп жатыр т.б.

Нақ осы шақтағы қимылдың қай субъектіге қатысты екенін білдіру үшін, бұл форманттарға жіктік жалғауы төрт формантқа тікелей жалғануының міндетті екенін баса көрсетіп кетеді [1;298]. Бірақ та «*Өзім болсам, Мақсұттың отын өшірмей, түтінін түтетіп отырмын*» деген мысалдағы **-п отыр** аналитикалық формантына жіктік жалғауы I жақта тікелей жалғанып тұр. Бұл сөйлемдегі **түтетіп отырмын** етістігі нақ осы шақта болып жатқан қимылды емес, үнемі бір қалыппен жалғастырылып істеле беруін, ұзақ болып жатқандығын білдіріп тұр.

**-п бар** форманты жетекші етістікке амалдың бірте-бірте үдеуін (дамуын, өнуін, өсуін), я бәсеңдеуін (солғындауын, азаюын) білдіретін реңк үстейді. Мысалы: *кетіп барады, тасып барады, тауысылып барады, кеш батып барады, ауыл көркейіп барады, т.б.* Көркем шығармадағы қолданысы: *Бұлар да жолдаушы ғой, кетіп барады. Туған жеріне кетіп барады (Қ.Жұмаділов).*

Бұл мысалдардан қимылдың бірнеше рет қайталауын немесе ұзақ мерзімге созылуын байқауға болады. **-п бар** форманты, әсіресе, қазіргі таңда жазылып жүрген көркем шығармаларға қарағанда, батырлар жырларында актив қолданылатынын айта кету керек.

Жоғарыда қимылдың созылыңқы тәсілінің аналитикалық форманттармен жасалуына тоқталып, мысалдар келтірдік. Қимылдың созылыңқы тәсілі тек аналитикалық тәсілдермен ғана емес, сонымен қатар синтетикалық тәсіл арқылы да жасалады. Ал созылыңқы сипаттың синтетикалық көрсеткіштері: **-ла/-ле, -қыла/-кіле, -мала/-меле, -ғышта/-гіште, -ыңқыра/-іңкіре**. **-ла, -ле** (сипала) қимылдың қайталану мәнін, **-қыла, -кіле** (кескіле) бұл да қайталануын, **-мала, -меле** (итермеле) қайталана созылуын, **-ғышта, -гіште** (түйгіште) қайталауын, бірақ қайталанудың сәл бәсеңдігі байқалады, **-ыңқыра, -іңкіре** (алыңқыра) қимылдың жалғаса түсуін білдіреді.

Ғалым Ы.Маманов **-ла/-ле, -да/-де, -та/-те, -қыла/-кіле, -ғыла/-гіле, -мала/-меле, -бала/-беле, -нала/-пеле, -ыңқыра/-іңкіре, -ңқыра/-ңкіре, -ымсыра/-імсіре/-мсыра** жұрнақтары етістік түбіріне жалғану арқылы **күшейтпелі етістік** жасайтындығын айтқан. Мысалы, *алыңқыра, жүріңкіре, бұрылыңқыра, оқытыңқыра, жуыныңқыра, т.б.*[9;50].

Ғалым А. Ысқақов **-ла (-ле, -да, -де, -та, -те)** жұрнағы өзі жалғанған түбір етістіктің лексикалық мағынасына амалдың үсті-үстіне еселеніп, жиі орындалуын білдіретін реңк қосатынын айта келіп, бұл қатарға төмендегі жұрнақтарды қосады: **-қыла (-кіле, -ғыла, -гіле); -мала (-меле, -бала, -беле, -нала, -пеле); -ғышта (-қышта, -кіште, -гіште); -ыңқыра (-іңкіре, -ңқыра, -ңкіре); -ымсыра(-імсіре, -мсыра)**. Н.Оралбаева созылыңқы тәсілдің синтетикалық көрсеткіштері көп дей келе мынадай қосымшаларды көрсетеді: **-ла/-ле, -қыла/-кіле, -мала/-меле, -ғышта/-гіште, -ыңқыра/-іңкіре**.

**-ла, -ле:** Дөнен мен бесті бір еді.

Арқа -басын сипалап,

Шұбарды бала ұстады...

...Арқа-басын сипалап,

Тұмарын тақты мойнына...

...Қалың топты аралап

Кеудесі жатыр орнында,

Қолымен санын сабалап

Ұстайын деп қалмақтар,

Кәлпаға қарай ұмтылды

Ортаға алды қамалап..

... Бірін-бірі сілкілеп,

Ат үстіне мұштады... («Алтамыс батыр» жырынан).

**-қыла, -кіле:** Тұқшыып, төмен қарап, жер шұқылайды, жерге кіргір Зуайда оның қырқылған толқын қара шашын саусағымен ары-бері ашып көріп, басынан күдікті бірдеңе іздегендей тінткіледі (Ш.Мұртаза).

**-ыңқыра, -іңкіре:** Мен бе, деп қыз өзінің қайда бара жатқанын жаңа ойлағандай дағдарыңқырап қалды. Қыз бұл сұраққа жауап бергісі келмегендей, қасын көтеріп, сызданыңқырап қалды да, үлкен ксінің сауалын жауапсыз қалдырмастан: - Валя, - деді. Валя өзіне құшақ жая, көзін тарс жұмып алып, аңырап келе жатқан ақ кимешекті кішкентай қара кемпірге қарап **состыыңқырап** қалды (Ш.Мұртаза).

Қорыта келгенде, тақырыпты зерттеу барысында созылыңқы тәсілдің синтетикалық көрсеткіштер арқылы жасалуына қарағанда, аналитикалық форманттармен жасалуы жиі кездесетінін аңғардық.

Қимылдың өту сипатының қай мағыналық тобы болсын, оның өзіндік ерекшелігі бар. Қимылдың тездік тәсілі – қимылдың тез, жылдам іске асуын, созылыңқы тәсіл-қимылдың жасалып жатқанын, процесс үстінде екенін, қайталанып жатқанын, үзіліссіз даму үстінде екенін, ұзақ болатынын немесе жалғаса беретінін білдірсе, ал соңғы кезеңі – сол қимылдың аяқталуыға жақындығын, аяқталуын білдіреді. Демек, бұл грамматикалық мағыналарды жасайтын тәсілдердің қимылдың өтуіне үстейтін өзіндік мағыналық реңкі бар.

1 Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – 390 б.

2 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 447 б.

3 Жұбанов Қ.Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999. – 581 б.

4 Оразов М. Етістік. – Алматы: Рауан, – 2000.

5 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991. – 382 б.

6 Маралбаева С. Семантика процессности действия и способы ее выражения в казахском языке. Дисс.канд. филол.наук. – Алма-ата, 1991. – С. 173.

7 Оралбаева Н.О. Қазақ тіліндегі етістіктің категориялары: тіркесімі, сөздегі орны. – Алматы, 1980. – 58 б.

8 Алтаева А. Көмекші етістіктердің семантикасы. – Алматы: Арыс, – 2006. – 143 б.

9 Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007. – 488 б.

## Резюме

Оразова Г.А. - КазНПУ им.Абая магистрант 2-курса

### Способы процессности действия

В данной статье определены особенности процессности протекания действий в казахском языкознании с помощью конкретных примеров.

**Ключевые слова:** категория протекания действия, фаза протекания действия, свойство процессности

## Summary

Orazova G.A. - Kazakh National Pedagogical University named after Abai undergraduate 2 - course

### Methods of process actions

In this article the peculiarities of the process flow operations in the Kazakh linguistics through specific examples.

**Keywords:** category of flow action, phase flow of the action, process property

УДК: 811.512.112.0

## МҰХТАР ШАХАНОВТЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫ

Е.С. Тұрғынов – Абай ат. ҚазҰПУ, Филология институтының 2-курс магистранты,

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., аға оқытушы Қоқанова Ж.А.

Шаханов қолына қалам алып, тұлға болып қалыптаса бастаған кезден-ақ өзінің өмірлік қағидаларын айтқандап, оны өзінің шығармашылығында еркін қолдана білген. Бұл үдеріс ақынның өз ойына тұсау салмау еркін кесілуіне зор мүмкіндік берген деп түсінуімізге болады. Жалпы айтқан да тілдік тұлға ұғымы айтылған сөзі арқылы адамды тұлға деңгейіне көтере алатын сөз авторын айтамыз. Кез-келген адам өз деңгейінде адам, азамат болуы мүмкін. Бірақ біз кез-келген адамды тілдік тұлға категориясы бойынша қарастыра алмаймыз. Себебі ол адамның сөзі уақытында қоғамдық ой тудыра алмаған және сол заманның сөйлеу мәдениетінің концептісін бере алмаған хабаршы. Ақын жазушылар мен зиялы қауым өкілдері және ғалымдардың айтқан сөздері мен пікірлері қоғамдық тудырса және ол кейіннен тарихи құнды пікір ретінде жұрт санасында тұрақтай алса, ол ойдың авторын тұлға деп танымыз. Сәйкесінше, сол тұлғаның пікірін когнитивтік тұрғыдан зерттеу тілдік тұлғаны тануға болады.

**Кілт сөздер:** Тілдік тұлға, когнитивтік лингвистика, концепт, тұлға

Көзі тірі қазақ ақындары арасындағы жыры жатқа оқылатын сөз зергерлерінің алғашқы тізімінде бой көрсететін Мұхтар Шаханов екені көпшілікке аян. Мұның басты бірнеше себебі бар. Ол біріншіден, поэзия әлеміне өзіндік дара стилмен келді. Сонымен қатар ол поэзияны парасат биігі деп түсініп, оқырманның жасерекшелігін талғамай жалпы аудиторияға бірдей түсінуге ыңғайлы өлеңдер жаза білді. Оның түсінігінде ақындық өлең шығару ғана емес, үлкен азаматтық.

*Өлең құрау ақындықтың көп қырының бір түрі,*

*Сол үшін оны ардақтау, жәнсіздеу әм күлкілі...*

филология ғылымдарының докторы, профессор Жамал Манкееваның пікіріне жүгінсек: Сөзді ойната білу шеберлік, шешендік болуы мүмкін, бірақ ойды ойната отырып, белгілі бір ұлттың концептуалдық дүниетанымындағы когнитивтік кеңістікті тілдік астармен әдіптеу кез келген суреткердің пешенесіне жазылмаған қабілет болса керек. Бұл – біз жоғарыда санамалап өткен талаптардың үддесінен табылатын тілдік тұлғаға ғана тән бірегейлік. ...Шынышыл ақын болу деген – азаптың ең азабы,

*Сол азапқа төзе білу – ғажаптың ең ғажабы...*

*Ақындық күш – айтылмаған ой-сезімдер жиыны,*

*Ол биіктен бой көрсету – қиынның ең қиыны!*

XX ғасырдың 70-80 жылдары өлең жаттау жастар арасында модаға айналғанын білу үшін бұл күндері 50 жас пен 70 жас аралығындағы аға-әпкелерімізден қонаққәдеге өлең сұрайтын болсаңыз, олардың басым көпшілігі М.Шаханов жырларын оқи жөнеледі. Және ақынның әлемнің 20 дан астам мемлекеттерінің оқулықтарына енген «Төрт ана» өлеңін білмейтін қазақ жоқ деп айтуымызға әбден болады.

*Ғұмырына етер мәңгі астана,*

*Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,*

*Болу керек құдіретті төрт ана:*

*ТУҒАН ЖЕРІ – түп қазығы, айбыны,*

*ТУҒАН ТІЛІ – мәңгі өнеге айдыны,*

*ЖАН БАЙЛЫҒЫ, САЛТ-ДӘСТҮРІ – тірегі,*

*Қадамына шуақ шашар үнемі,*

*Және ТУҒАН ТАРИХЫ,*

*Еске алуға қаниама*

*Ауыр әрі қасіретті болса да,  
Құдірет жоқ төрт анаға тең келер,  
Онсыз санаң қаңбаққа ұқсап сенделер.*

Мұхтар Шахановтың ақындығының одан әрі асқақтауына себеп болған жайт оның азаматтың күрескерлік қасиеті. Ол қай кезде де ұлтымыздың ұлтымен рухы үшін аянбай күрескен сол жолда өзінің ойын ашық айта білген ақын. Ақынның өз тілімен айтар болсақ, Шаханов ісі мен сөзінің арасына айырма салмаған ақын. Яғни ол қоғамдық істе де өлең жазуда да шынайылықты көздеген. Осы бір екі қасиеті бірін-бірі толықтырып отырған. Сондықтан да ақынның тұлғалық бейнесі жұрт алдында шынайы қалпын жоғалтпаған. Оқырман қауым сондықтанда азаматтық абыройына кір жуытпаған адамның шығармасын іздеп оқуы, тіл шұрайлы өлеңді жаттап алуы заңдылық.

Қазақ тілі білімінде XX ғасырдың аяқ кезінен бастап өзектеліп келе жатқан жаңа бағыттардың бірі когнитивтік ұстанымдармен тығыз байланысты. Ғалым Н.Уәли атап өткендей «Тілдің лексикалық байлығы тек атауыш сөздермен шектелмейді. Ана тіліміздегі сөздердің енді бір қатары халықтың таным – бірлігі, зерттеуі ой қорытуына байланысты пайда болған. Ондай сөздердің номинациялық ерекшелігінен гөрі қасиеті басым болады».

Дүние есігін қаққалы бері бірде-бір сөз естімеген 10 неміс, 10 ағылшын, 10 француз баласын бір бөлмеге жатқызып, әрқайсысының аузына емізік салады. Алғашқы кезде бәріне неміс тілінде жылы-жылы сөз айтады, ғұмырларына сәт сапар тілейді. Бұл кезде ағылшын, француз балалары ештеңе сезбегендей үнсіз жата береді. Ал неміс балаларының жүзіне өзгеше сипат, өзгеріс еніп, бәрі жапа-тармағай емізіктерін сора бастайды. Әлгі сөздерді ағылшын, француз тілінде айтқанда, сол ұлттың бөбектері де неміс балаларының қимыл-әрекетін қайталайды. Бұл жерде адамның генетикалық қабілеті жұмыс істеп жатыр. Ана тілі адамның бойына әкенің күшімен ананың сүтімен дариы десек, ол нәрестелердің әрекеті заңды құбылыс. Ғалым Ш.Сарыбаевтың тілімен айтсақ: «Тіл – ойдың анасы десек, ана тілінде ойлай алмайтын адамның сол тілде сөйлей алмайтыны баршаға аян. Демек, ондай адамдар ана тілінен айырылып қана қоймайды, сол тілде берілетін барлық ұлттық тәрбие тағылымнан, тарихи тарихи мұралардан мақұрым қалады».

Қазақ тіл білімі мәселелері; Алматы «Арыс» баспасы, 2000. – 624б

Р.Сыздық: «Тіл – адамды тұлға ретінде тәрбиелейтін күш, ана тілі – адамды белгілі бір ұлттың, халықтың өкілі етіп шығаратын құрал». Енді осы ойдың жетегімен Шаханов шығармашылығына үңілеміз.

*Абай ақын бір басқа,  
Мұхтар басқа,  
Менде досым ендеше басқа болам.  
Жол іздеймін әлі ешкім бастамаған.*

Шаханов әуелден кейіпкерлерінің жомарт, қайсар, кең пейілді және туған тарихына терең тамыр жіберген тұлға екенін бірден аңғарылады. Когнитивтік лингвистика бойынша айтар болсақ, бұл ақынның ойының сана сезімінің ішкі жан дүниесінің көрінісі.

*Ат басындай алтыныңды ал,  
Тосылма!  
Бірақ мына алтын алған қолыңды,  
Амал қанша, қалдырасың осында.  
Тек өзіңді санай көрме гарыпқа,  
Қатал жаза қолданды деп қамықпа.  
Өйткені сен қарсы шапқан жасудан да*

Қауіптісің халыққа – Сол арқылы да ол кез-келген шығармашысында кейіпкерлердің сол мінезіне сай өнегелі сюжет құра біледі. Ақын өлеңдері мен поэмаларын оқыған кезде басқа ақын-жыраулардың дауыс ырғағын қайталамай, ең ерекшелігі бір тыныспен оқып шығуға болады.

Мәселен, ақынның «Мені неге Мұхтар қойған?» деген өлеңін талдап көрелік. Бұл өлең аты айтып тұрғандай ақынға «Мұхтар» деген есімнің берілуі туралы сөз болады. Ақынның дүниеге келуімен оған әкесінің ұлы жазушы Әуезовтің есімін беруі Әуезов танылған елге әйгілі болған Шаханұлына ырымдап қойылған есіміне әжуалы күлкі келтіргендерден бастап, күрделі тағдыр жолын тандай отырып, бесікте жатқанда әкесі құлағына сіңірген ұлылық пен дархандықты бойына жинаған ақын өз заманынан үлесін алып болмай, және бұл жолда ешкімге көлеңке түсірмей, зорлық көрсетпей, тек өзінің күшін мойындату арқылы ғана адал жолмен жүру алдына қойған мақсатына жету үшін көрсетеді.

*Өткізбеймін ешкімге зорлығымды,  
Түсірмеймін ешкімге көлеңкемді,  
Заманымнан алғанша үлесімді,*

*Тоқтатпаймын тағдырмен күресімді. – Тілдік тұлға ұғымы тұлғаның жеке дара сана-сезімі және*

дүниеге көзқарасы мен тілдің өзара байланысын білдіреді. Кез келген тұлға өзін және өзінің субъектілігін заттық іс-әрекеті арқылы ғана емес, сонымен қатар тіл мен сөйлеусіз жүзеге асырылуы мүмкін болмайтын қарым-қатынас арқылы да көрсетеді. Адамның сөзі оның ішкі әлемін танытады, оның тұлғалық қасиетін танытатын мәлімет көзі қызметін атқарады. Сөзге құндылық сипат беру, бере алмау қабілеті тілді қолданушының ішкі дүниесінің дәрежесіне байланысты.

Мұхтар деген – киелі ат, марқұм әкем

Маған тегін қоймаған бұл есімді.

Мені осынау сенімнен айырма, Отан

Қастарым күшімді пайымдатам.

Өзім қанша мықтыны мойындадым,

Енді өзімді соларға мойындатам! – Біздің байқауымызша, прагматикалық деңгейде тілдік тұлға қоршаған ортамен тығыз байланысты және оған тәуелді болып келеді. Бұл объективті қажеттілік оның психикасында көрініс табады. Қажеттілік қызығушылыққа, ал қызығушылық идеалға айналады. Адам тұлға болып тұмайды, қалыптасады, оның мәні қарым-қатынас құндылығы деңгейінде ашылады. Ал, М.Шахановтың «Ұлт анасы – тіл» кітабынан мынадай үзінді келтіре кетейік. ... Енді ана тілінің құдіреті төңірегінде, жалпы, сөз қуаты жайлы өзім куә болған екі оқиғаға тоқтала кетейін. Бірде қазақ әдебиетінің көзі тірі екі классигін – Ғ.Мүсірепов пен Ғ.Мұстафинді көлігіме отырғызып, үлкен Алматы өзеніне алыпбардым. Бірақ уақыт өзен жағасында серуендедік, үлкен тастың үстіне газет жайып, тіске басатын ет, қазы, нан және бір шыны коньяк қойдым. Әңгіме қызды. Ойларымыз шартарапқа қанат қақты. Бір кезде әсет табиғат аясында көңілі шалқыған Ғабит аға Ғ.Мұстафинге қарап: «Әй, Ғабиден, енді екі жыл ғұмыр кешсек жетпей ме?» – деді. Ғабиден аға әзіл-шынын араластыра: «Артығымен жетеді!» – деп жауап берді. Жүрегім су ете қалды. Екі жылды қанағат тұтып отырғандары қалай? Адам боласы қай кезде өмірдің қызығына тойып еді?

Бір жылдан соң Ғабиден Мұстафин, өзі жоспарлы кесім айтқан екі жылға аз уақыт қалғанда Ғабит Мүсірепов о дүние сапарына аттанып кетті. Күні бүгінге дейін өзен жағасында әңгіме есіме түссе, ой-санам «сол жолы екі классик өз тағдырын абайсыз қатерлі сөз оғына байлап алған жоқ па?» деген секемді сұрақ жүріп өтеді.

Мұны жазып отырған себебіміз. Тіл адам ойының айнасы десек, айтылған не жазылған ой сөйлеушінің жалпы көзқарасын білдіреді. Адамның сөйлеп алып ойланбай, ойлан алып сөйлегені дұрыс. Осындағы ой нені меңзейді? Тілім бар деп аузына келгенін сөйлеу беру бұл есі дұрыс емес адамның әрекеті Есті адам көп ойланып, аз сөйлеп тыңдарманына тұшымды ой айтады. Міне осы соңғы үдерісте адамдар арасында коммуникативті байланыс орнап, филология ғылымдарының докторы, профессор Құсайын Рысалды: «Өз ана тілінен алшақтаған немесе мүлдем меңгермеген адам өзінің туған ұлтының ойлауы, дүние болмысты пайымдауы мен түйсіну деңгейінен ажырап қалады. Тіл ұлттық-қарым-қатынас құралы ғана емес, таным құралы да. Әлемдік тіл философиясының қайталанбас тұлғасы В. Фон Гумбольдт дүниелік болмыстың халық санасында қалыптасқан танымдық бейнесі ел рухының негізі ретінде сол ұлттың тілімен іштей астасып кететінін баса айта отырып, «тіл халықтың рухының тікелей сыртқы көрінісі, себебі, халықтың тілі – оның рухы, ал халықтың рухы – оның тілі, олардың арасындағы келісімдік пен үйлесімдікті өмірдің басқа қырынан байқау тіптен мүмкін емес», – дейді 30бет.

Жалпы айтқан да тілдік тұлға ұғымы айтылған сөзі арқылы адамды тұлға деңгейіне көтере алатын сөз авторын айтамыз. Кез-келген адам өз деңгейінде адам, азамат болуы мүмкін. Бірақ біз кез-келген адамды тілдік тұлға категориясы бойынша қарастыра алмаймыз. Себебі ол адамның сөзі уақытында қоғамдық ой тудыра алмаған және сол заманның сөйлеу мәдениетінің концептісін бере алмаған хабаршы. Ақын жазушылар мен зиялы қауым өкілдері және ғалымдардың айтқан сөздері мен пікірлері қоғамдық тудырса және ол кейіннен тарихи құнды пікір ретінде жұрт санасында тұрақтай алса, ол ойдың авторын тұлға деп танымыз. Сәйкесінше, сол тұлғаның пікірін когнитивтік тұрғыдан зерттеу тілдік тұлғаны тануға болады.

Қажет болса, тіл арқылы және әдебиет арқылы сол уақыттың психологиялық халін, тарихи жағдайын, әлеуметтік сатысын танып білуге төре жол. сол кезеңді зерттеуге адамдардың тұрмыс-тіршілігін біле аламыз.

Сол арқылы да когнитивтік лингвистиканың өзекті болып отырғаны біле аламыз.

Тұлға дегеніміз биологиялық қасиеті адам болғанымен өзі өмір сүріп отырған ортасында басқа индивидтерден озық ақыл-ойымен, ерекше қабілетімен қоғаммен байланыс қасиеттері жоғары және басқа да сипаттамалары жағынан биік парасат иесін танымыз.

Сонымен бірге тұлғаның өмір сүруінің негізін құрайтын, оның мақсаттары, ниеттері мен ұстанымдарын белгілейтін шығармашылық қажеттіліктері туралы да айтуға болады.

Елге ұстаздық еткен қарттан алғыр, құйма құлақты,  
Қонақтары сұрапты:

– Аға, неше балаңыз бар соңыңыздан самғаған?

– Бір жарым! – деп тіл қатыпты әлгі адам. –

Ал, дәл айтсам, үш ұлым бар зерек әрі білімді,

Үшеуі де ғылым қуып назарға ерте ілінді.

Сол үш ұлдың бірі ғана қайсар, ұшқыр арманын,

Техникалық санаты мен ғылыми өр талғамын

Өз ұлтының рухани байлығына жалғады,

Содан шуақ, қуат алып, ғаламдық ой толғады. – Тұлғаның қоршаған әлемге, айналадағы басқа адамдарға, өзіне деген қарым-қатынасы арқылы анықталынатын құндылықтар жүйесі, яғни адамның материалдық және рухани игіліктері мен мұраттары, белгілі бір әлеуметтік, мәдени және адамгершілік құндылықтарды таңдап алуының себептері оның танымындағы ғалам бейнесін ашу арқылы анықталынады.

Зерттеушілер тілдік тұлғаның қалыптасуы үш экстралингвистикалық фактордың: әлеуметтік, ұлттық-мәдени және психологиялық факторлардың ықпалына бағынатындығын атап көрсетеді. Жеке адам өмір сүретін кез келген жағдай алдымен қоғам реттеп отыратын нормалар мен заңдылықтарға бағынатын әлеуметтік жағдай болып табылады. Бір жағынан тілдік тұлға сол жағдайларға мойынсуға міндетті. Екінші жағынан алғанда өзі сол қоғамның мүшесі болып табылатындықтан, болып жатқан оқиғаларға деген жеке көзқарасын, тұлғалық ұстанымын білдіру үшін саналы түрде жалпы нормаларды бұзуға қабілетті.

Тілдік тұлға дегеніміз – тілді, оның заңдылықтарын, толық игерген, оны тілдесім әрекетінде қолдана алатын, жеке басының қызығушылығы бар, қоғамдық өмірге икемді, кәсіби әрекетінде сауатты, кәсіби әрекетіне шығармашылықпен қарайтын адам. Тілдік тұлғаның қатысымдық әрекет барысында сөйлей білу қабілетін, дағдысын жетілдіру үшін олармен жүйелі жұмыс жүргізу керек екені күмәнсіз.

Абай ақын бір басқа,

Мұхтар басқа,

Менде досым ендеше басқа болам.

Жол іздеймін әлі ешкім бастамаған.

Қарапайым ойға салсақ, егер сіз сөйлеп тұрған кезіңізде біреудің көңіліне тиіп кетер ме екенмін, біреуге ұнамай қалармын ба екен деп ойыңызға тұсау салсаңыз, сіздің ойыңыз нақты шықпайды. Тіл ойдың айнасы екені баршаға аян. Айтар ойыңыз шұбалаңқы немесе өтірік аралас яки түсініксіз ойдың авторы боласыз. Мұхтар Шахановтың басты артықшылығы ешуақытта өзінің ойын бұқпаламай, ашық жеткізе білген.

Психолог М.Мұқанов Уорфтың бұл пікірімен келіспейтіндігін білдіреді. Осы тұста Р.Адерсонның табиғи тілдің мүмкін болатын формаларына қандай да бір шектеулердің тілге тән нәрсе екендігі рас болса, бұл шектеулер неге қатысты – табиғи тілдердің универсальділік пішіндеріне ме әлде танымның универсальділік пішініне ме? деген сұрағын орынды қойылған өзекті мәселе деп ұғамыз. әртүрлі тілдерде үлкен айырмашылықтар бар болса да қандай да бір ұқсастықтары да болады.

Қазіргі уақытта жеке адамдардың тілдік тұлғасын терең зерттеу арқылы қоғамдағы тілге қатысты барлық маңызды мәселелерді өз ретімен шеше алатын боламыз. Бұл тұрғыда Мұхтар Шахановтың тілдік тұлғасын зерттеудің орны тіптен бөлек. Мәселен, қазақтың арғы бергі тарихында қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына өзінің азаматтығымен үлес қосқан Шаханов есімі қазақ тілі дамуымен қатар жүретін болады. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні Шаханов қазақтардың тілдік тұлғасы үшін қоғамдық алаңында, жазылмаған, бекітілмеген тіл білімінің саласының ерекше тұлға.

1 Оразалиева Э. Коннитивтік лингвистика: қалыптасуы пен дамуы, - Алматы, 2006 ж. «Ан Арыс» баспасы.

2 Әмірбекова А. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар – Алматы, 2011 ж. Елтаным баспасы.

3 Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі, - Алматы, 1968, Қазақ КСР «Ғылым» баспасы.

4 Жанпейісов Е., М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі - Алматы, 1976 ж., Қазақ КСР «Ғылым» баспасы.

5 Жұбанов Қ. Тіл ғылымы жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999.

6 Ратишева Ж. (Фил. ғыл. канд., Каримова. А «Қазіргі ғылыми парадигмадағы «тілдік тұлға» мәселесі» мақаласы.

7 Шаханов М. «Ұлт анасы – тіл» - Алматы, 2010 ж. «Жедел басу баспаханасы» ЖШС.

8 Қабатай Б.Т. п.ғ.к., доцент «Тіл ғылымындағы танымдық бағыттар» мақаласы.

9 М.Шахановтың әндері мен жұрт жатқа айтып жүрген жырлары - Алматы, 2014ж. «Дәуір» РПБК ЖШС.

#### Резюме

Магистрант II курса КазНПУ имени Абая, Тургунов Е.С., Научный руководитель: к.ф.н Коканова Ж.А.

**Языковая личность Мухтара Шаханова**

С того момента как Шаханов начал писать, он формировал себя как личность и определил свои жизненные принципы, свободно употреблял их в своем творчестве. Данный процесс можно расценить как большую возможность для поэта, для свободы своих мыслей и действий. Говоря в общем, через сказанное слово, понятие о языковой личности говорит об авторе слово, который может поднять личность человека. Каждый человек является человеком своего уровня, может быть человечеством. Однако, мы не можем рассматривать каждого человека по категории языковой личности. Потому что, слово данного человека не мог вовремя формировать общественное мнения и посланника, который не мог дать концепт культуры речи того времени. Слова и мнения поэтов, писателей и представителей интеллигентного общества и ученых могут формировать общественное мнение и, если оно сможет остаться в сознании людей в качестве исторического ценного мнения автора такого мнения мы узнаем его как личность. Соответственно, в исследовании с когнитивной стороны мнения той личности можно узнать языкового личности.

**Ключевые слова:** Языковая личность, когнитивная лингвистика, концепт, личность

#### Summary

Kazakh National Pedagogical University named after Abay. The 2 st course Undergraduate student Turgunov E.S.,  
Scientific supervisor. c.of.f.s Kokhanova Zh.A

#### Linguistic personality of Mukhtar Shakhanov

Since Shakhanov started to write, he formed himself as personality and determined life principles, freely used them in his work. This process can be seen as a great opportunity for the poet, for the freedom of his thoughts and actions. Generally speaking, through the spoken word, the concept of the language person says a word about the author, which may raise a person's identity. Each person is a man of his level can be mankind. However, we can not treat every person on the category of linguistic identity. Because the word of the man could not in time to form public opinion and the messenger, who was unable to give the concept of speech culture of the time. The words and opinions of poets, writers and intellectual society and scientists can shape public opinion and, if it is able to stay in people's minds as a valuable historical views of the author of this opinion, we know him as a person. Accordingly, in the study of cognitive side views of one person can learn the language of the person.

**Keywords:** Linguistic personality, Cognitive linguistics, Concept, person

821. 512 122 – 3.0

### Қ.МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫНЫҢ «ТАР КЕЗЕҢ» РОМАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТІЛІК

**Б.Н. Қанленова** – Абай ат. ҚазҰПУ, Филология институтының 2-курс магистранты,  
**Ғылыми жетекшісі:** п.ғ.к., доцент Тамаев А.

Мақалада қазақтың белгілі батыры, шешен, Байбақты руының биі Сырым Датұлы ерлігін суреттеген тарихи роман талданған. Романда Сырым батыр ерлігі, күресі арқылы қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы күресі кең ауқымда суреттелген. Автор көркем шығармаға арқау болған тарихи шындықты барынша ұтымды пайдаланған.

**Кілт сөздер:** тарихи дерек, көркемдік шындық, образдар, образдар эволюциясы, көркемдік, жанр, драматизм

Жазушының қиялы және көркем шығармадағы шындық дүние арақатысы – қашанда әдебиеттану ғылымы мен сын саласының күн тәртібінен түсіп көрмеген мәселе. Маңыздылығы, зәрулігі бүгінгі тәуелсіздік және демократия заманында тіптен артып отыр.

Тарихи шындықты көркем жинақтаудың биік үлгісі – Мұхтар Әуезовтің әлемге әйгілі «Абай жолы» роман-эпопеясы екендігін зерттеуші ғалымдарымыз, сыншыларымыздың бәрі айтты. XX ғасырдағы сол дәстүр бүгінгі тәуелсіздік жылдарында да үзілген жоқ.

Сол дәстүр Қажығали Мұқанбетқалиұлының Сырымдай батыр, би, дана тұлғасын бейнелеген «Тар кезең» романында жалғасын тапқан. Туындыда қазақ халқы ұлттық бет-әлпеті ерек, жан жүрегі жарқын поэзияға бөленген халық екені терең де тебіренер шыншылдықпен суреттелген. Сырымдай батырды жазушы асқақ, айбарлы, ауқымды мінез ерекшелігін көкейден кетпейтіндей етіп бейнелеген.

«Тарихи роман халықтың бұрынғысы мен бүгінгісінің жанды байланысын көркем бейнелер арқылы ашады. Мұндай шығармалардың танымдық мәні үлкен. Олардан халық өмірінің өткені мен қазіргісінің арасында қаншалық айырма бар екенін ілгерілеуіміздің сипатынан ұғамыз» [1, 63 бет]. Кеше мен бүгінгіні сабақтастырып, қайсар рухымен, тар жол тайғақ кешкен тағдырымен халық санасына жол тартқан Сырым батыр туралы қаламгер Қажығали Мұқанбетқалиұлының «Тар кезең» романы уақыт талабынан, дәуір сұранысынан туған шығарма деп есестеуге болады. Роман шын мәнінде жеке бір адамның ғана емес, сонымен қатар тұтас халықтың, ұлттың басындағы жағдайды, тағдыр тауқыметін, күресті, жеңісті, әлсіздікті, отаршылдықты, тұтас халықтың ерекшелігін, қадір-қасиетін паш ететін туынды.

«Романның тууы әдебиет кәметінің, өнердің марқайғандығының белгісі ғана емес, халықтың рухани

өмірдегі есеюінің көрсеткіші. Зады, жалпы роман жанрына тән қасиеттер мен заңдылықтар, романның ұлт әдебиетіндегі көрінісі бажайланып, тиянақты зерттелуі ләзім» [2, 163 бет] – дейді роман жанры жайында академик Р.Нұрғали.

Көркемдік жинақтау көзі – объективтік шындық. Сол шындықтың ішінен типтік құбылыстарды ажыраты білу, шығармашылықпен интуициямен сезініп, академик З.Қабдоловтың сөзімен айтқанда, «мидың мың градустық домнасында құрыштай қорытылып шыққан сөздердің» [2, 196-бет] эстетикалық игерілуі деп түсінуіміз қажет. Өмірдің мәнді, маңызды, объективтік құбылыстары мен сол құбылыстар туралы субъективтік түсініктерін типтік образда ұштастыра білетін талант иесі ғана көркемдік пен шындықты ұштастырып, әдеби шығарма туғызбақ.

Типтендіру құралы шындық дүниеден көрген білгенді сол күйінде түсіре салатын фотоаппарат емес. Типтендіру өмір фактілерін іріктеуден басталады. Көркем сөз өрнегіне елеусізсіз емес, елеулісі, мәнсізі емес, мәндісі іріктеліп салынбақ.

Жалпы XVIII ғасыр қазақтар үшін өте қасіретті ғасыр ретінде тарихтан белгілі. «тарихшы Алексей Левшиннің жазуынша және қазақ жырауларының жырларында айтылған жоңғария қалмақтары, жоңғария қалмақтары әрқайсысы 10 мың жауынгері бар, 7 қолмен қазақтарды шапқан. Екпіні қатты шапқыншылар Қазақтың оңтүстік аудандарындағы бейбіт елді аяусыз қырғынға ұшыратып, Түркістан, Сайрам, Ташкент қалаларын басып алды. Жоңғарлардың жойқын шабуылының нәтижесінде қазақтар шайқас даласында мыңдап жауынгерлерінен айрылды, ал қорғансыз халықтың шығыны одан әлдеқайда көп болған. Абылай ханның айтуынша, сол кезде әрбір он адамның төртеуі қаза тапты. Бұл деректі Ш.Құдайбердіұлы да қоштайды. Тарихта бұрын болып көрмеген алапат құбылыс – қазақтың үдере қашқан босқыншылығы туды. Жоңғар шапқыншылығынан күйзелген қазақ жеріне Еділ бойы Қалмақтары (торғауыттар), Жайықтың казак-орысы, Орал башқұрттары, Қокан бектері, Бұқар мен Хиуа хандары тұс-тұстан шабуыл жасады. Қазақ елі өз тарихында алғаш рет қасіретті зардабы өте зор зұлматқа тап болып, жер бетінен жоқ болу қаупіне ұшырады» [3, 120-бет] деп осы дәуірдегі ұлт басындағы қасіретті зерттеуші Сатемирова Д.А дұрыс көрсеткен.

XVIII ғасырдың соңы, XIX ғасырдың басы қазақ тарихында ең бір күрделі, қайшылығы мол дәуір. Себебі XVIII ғасырдан бастап патшалық Ресей империясының басқыншылық саясатының күшеюі халықтың саяси, әлеуметтік-шаруашылық жағдайын нашарлатып жіберді. Қазақтар өздерінің ежелгі ата-баба мекенінен, шұрайлы қоныстарынан ығыстырылып шығарылды. Қазақтар өздерінің саяси және экономикалық еркіндігінен айрылып, барлық билік барған сайын орыс патша үкіметінің Орынбор өлкесіндегі жергілікті орыс әкімшілігінің қолына шоғырлана берді.

Автордың пайымдауынша отаршылдықты ұстап отыруға әбден еті үйренген адамдар өзіне бодан болған елді соншалықты қорлағандарының себебі, олар үшін бодан халықтың барлық жасаған іс-әрекеттері, тіптен өмір сүрулерінің өзі де үлкен қылмыс. Сондықтан да автордың ұстанған бағыты, идеясы, әрине, тәуелсіздік идеясы Қажығали Мұқанбетқалиұлының осы шығармасы арқылы Ресей мен Қытай тәрізді алпауыт мемлекеттермен көршілес, Ресей тәрізді алпауыт мемлекетке бодан болып отырған қазақ халқының көрген зорлық-зомбылықтарын, бар қайғы-қасіреттерін өзіндік нақышпен, көркем сөзбен, алаш жұртшылығының тәуелсіздік жолындағы құрбан еткен өмірлерін бүкпесіз оқырман назарына ұсынады.

Жайық пен Еділ аралығындағы құнарлы, сулы-нулы жерлерге орналасып алған казак-орыстар қазақ ауылдарына үздіксіз шабуыл жасап, кіші жүз қазақтарының малдарын адамдарына қоса айдап әкетіп, Байұлы, Әлімұлы, Алаш, Беріш, Тама, Адай, Шеркеш т.б. кіші жүз руларына тоқтаусыз зорлық-зомбылық жасады. Оның үстіне патша өкіметінің жергілікті шенеуніктері қазақтардың байырғы жерлерін тартып алып, аса ауыр қысым көрсетті. Патша өкіметі қазақтарды Жайық сыртына, Еділ бойына өткізбей, оған тиым салды. Сонымен қатар Екатерина II қазақ жерінде басқыншылық билігін нығайту мақсатында жаңа заңнамалық құжаттар қабылдады. Мәселен, орыс-казактарға қазақтардың адамдары мен малын өз бетімен кез келген уақытта тартып алуға, күдік тудыратын кез-келген қазақты ұстауға ресми түрде рұқсат етілді. Осының бәрі халықтың наразылығын күшейтіп, жаппай көтерілуге әкеп соқты. Сонымен қатар азаттық қозғалысқа патша өкіметінің қысымына шыдамаған би, старшын және батырлар қатынасты. Осындай тарихи шынайы оқиғалар Қажығали Мұқанбетқалиұлының «Тар кезең» романына арқау болған.

Шығарманың өн бойынан сезіліп тұрған ащы қасірет, әділетті кек осының бәрі оқырманды тебіренпей қоймайды. Бұл туралы романда «Алдын ала келісім бойынша, Текенің казак-орыстары да қазақты шабуға ақпанның дәл 17-де – бұлармен бір күнде жлға шығуға тиіс болатын. Әскер тәртіптің аты - әскери тәртіп; Жайық қалашығындағы уәйіске кеңсесінің бастығы бригадир Акутин уағда бойынша бұл сапарға әскери ағамандар Колпаков пен Пономарев бастаған трядты дәл уақытында аттандырды да.

Содан... Колпаков пен Пономарев Теке мен Үйшік арасындағы бекіністерді ұзақ шарлап, ақыры



наурыздың бас кезінде ат басын Сарайшыққа кеп әрең тіреген. Текеден сырт көзге жау түсірердей боп аттанған осы отряд, Сарайшыққа келгенше, шыныныда да, сұп-суық сұсын жоғалтқан жоқ-ты. Бірақ наурыздың 15-і күні Сарайшықтан қырға қарай қозғалып, көз көрместей жерге ұзадық-ау дегенде, бұлар баяғы Жайық казактарының ескі әуеніне қайта басты. Көздеген жерлері – Жемді де, «Жем бойында жиылып жатыр екен» деген «ұры-қары қырғыз-қайсақтарды» да мүлде ұмытып... (құрысын, кілең жанкешті қырғыз-қайсақтар жиылып жатқан Жемде бұлар не жоғалтыпты?! Жемге барамыз деп жүріп, желкелері қиылып қалса қайтпек?!), оның есесіне осыдан бірер күн бұрын барлаушылар әкелген мәлімет бойынша, ер-азаматтары аламанға қосылып кетіпті дескен Құр Ойыл бойындағы ауылдарға қарай ат басын бұрысты.

Сөйтіп, бұл отряд төменгі Жайық шебіне қарасты Қаракөл, Қарабау деген жерлерде қанен-қаперсіз отырған Беріштер мен Адайлардың екі ауылын тәңірінің тал түсінде тас-талқан қылып шапты да алды» - деп жазады автор [3, 201 - б.]. Мұздай қаруланған орыс әскерінің бейбіт ауылды қан қақсатқан суреті, алмағайып кезеңнің шынайы бейнесін жазушы эпикалық жанрда ашуға ұмтылады. Жазушы шынайы тарихи деректі ала отырып оған түрлі позициядан сәуле түсіруге ұмтылады. Оқырманның зерде талқысына салып, ой таразысында салмақтауына ықпал етеді. Еш себепсіз қарусыз, панасыз, әлсіз қазақтар сақадай сай қаруланған, әпербақан орыс әскерінің талауына ұшырайды. Әлсіздің аты - әлсіз, күшті жонын күжірейтіп әлсізді жемтігіне айналдыра бере ме? Зұлымдық, қатыгездік ақылды, ойлы саналған адам қоғамында еш шімірікпестен бола бере ме? Осы мәселелерді жазушы оқырманының ой таразысында қалдырады.

Осы жорық туралы Урал Уәйіске кеңсесі Ресейдің Әскери Коллегия Президенті Птемкинге мынадай рапорт жолдайды:

«Колпаков пен Пономарев Жемге жорықты қоя тұрып, әлгі Беріштер мен Адайлардың қонысына қарай тартқан да, Мырзатайдың баласы Мәмбеттің бастауымен үш күннен кейін әлгі жерге жеткен. Қарсыласқан ұры қарылар біздің үш казқтың астындағы аттарын атып түсіріп, бір-жар адамды жарақаттанына қарамастан, отряд олардың біразын өлтіріп, көпшілігін тірілей қолға түсіріп, 102 адамды тұтқындаған. 2 955 жылқы, 83 түйе алынған... сының бәрін айдап, артынып-тартынып, төменгі Урал шептеріне жеткен отряд қазір де сол артынып –тартынған күйлерінде Орал қаласына қарай қайтып келе жатыр...» [3, 202 - б.]. Ашықтан ашық желіккен, қызылсыраған казак-орыстар барды да қазақ аулының адамын өлтіріп, малын айдап әкетті. Романды оқып отырып ызаң келеді. Бірақ бақ та, байлық та, күште көпте екендігін амалсыз мойындайсың. Шекарада мықты қаруланған қаптаған қалың орыс әскері... Бірақ зұлымдыққа, озбырлыққа қарсы тұрар, оны жеңер күш бар дегенді жазушы мұрат еткен. Бұл ыза оқырманның ғана ызасы емес, ол одан кейін романда суреттелер халық көтерілісінің негізгі себебі деуге болады.

Оқырманның басына саналуан ойлар келіп, неше түрлі сезім қамайды. Бұл шығарма әсерін, жазушы талантының қуатын көрсететін белгі.

Романда одан әрі желіккен казак-орыстар мұнымен тынбайды. «Ойбай, Колпаков пен Пономарев отряды қырғыз-қайсақтардың быт-шытын шығарып, мол олжамен келе жатқан көрінеді. Әрі кетсе бір аптада қалаға кіреді екен...» деген әлгі хабар гу ете қалды» [3, 203 - б.]. - дейді жазушы романда. Қазақтар арасында өскен, қазақ жайын өте жақсы білетін Даниило Дмитрич Донсков тәрізділер қазақ ішіне аттанар әскерлерді «... оларға жорықта алып жүруге жеңіл зеңбіректер береміз. Зеңбірек қазақтарды шыдатпайды!» [3, 206 - б.]. дегеніндей сол дәуірдегі озық соғыс техникасымен қаруландырып отырғаны сияқты тарихи шынайы деректерді жазушы шығарманың өн бойында ұтымды пайдаланып отырған. Отрядтың мол, тегін олжамен келе жатқанын естіген қаладағы қалған орыс-казактар екі алақанын сарт-сұрт ұрып, білек сыбанып қазақ ішіне жортуылға баруға сондай бейілді екенін жазушы реалистікпен бере білген. Казак-орыстар әрекеті жасандылықтан, боямадан ада. Романда сол дәуірдің еш боямсыз ащы шындығы шырқырап тұр. Адамзат қоғамындағы әділетсіздік, зұлымдық дегенде не дейсіз?

Орынбордағы Шекара істері жөніндегі экспедиция және Жайық қалашығындағы казак әскерлерінің Уәйіске кеңсесі бастығының орынбасары Даниил Донсков өзінің бастығы бригадир Акутинге казактардан жаңа отряд жасақтап шеп бойына жақын қыстаған қазақтарды Жайық бойынан көшпей тұрып ауылдарын шауып алуды, мал-мүлкін талап алуға қайта-қайта рұқсат сұрайды. Осы жағдайды жазушы мынадай диалог арқылы береді. Мысалы:

«- Әрине, жаңадан отряд жасақтау керек, Ваше высочорodie! – деді, қайтадан шақырып алып ақылдасқанда орынбасары Донсков. – Өткенде отрядқа ілікпей қалған казактардың біразы Сіз бен бізге өкпелі еді. Енді Колпаков пен Пономарев отрядының олжалы келе жатқанын естігеннен бері, тіпті іштері күйіп жүр. Жинайық соларды!..

- Жина! Жина да дереу жолға аттандыр! – деді енді Акутин.

Сол - сол-ақ екен, Данил Донсков жақында ғана шені жоғарылаған өзі жас, өзі қызуқанда офицер Петр Назаровты шақырып алып, қалада қалған казактардан 225 адамды іріктеп берді де, Жайық бойындағы қамалдар мен форпостылардан жолшыбай тағы 180 адамды қосып алуға рұқсат етілген қағазды қолына ұстатып, мұздай қаруланған отрядты екі жеңіл зеңбірегімен жолға шығарып та жіберді.

Қала сыртындағы күре жолдың басында тұрғанда ғана, отряд бастығы Назаровты оңаша алып шығып айтқаны:

– Бір нәрсе есінде болсын, Петруха! Осы жолғы олжаларыңның тек жартысы ғана өздеріңдікі болады. Естіп тұрсың ба, тек... тең жартысы ғана!!! Солай! Оған ренжімейсіңдер!

– Жарайды, Даниило Дмитрич! Түсінікті... – деп, аржағын айтқызбастан Назаров сақ- сақ күлді. – Бұл сапарға кімнің арқасында шығып бара жатқанымызды білеміз ғой! Сондықтан сіздің үлесіңізге ешкімнің де дау-далабасы бола қоймас. Қош-ш!!! – деді де, қаладай тістері ақсия күлген күйі, бағанадан бері ауыздықпен алысып, көзі шатынап әрең тұрған астындағы күреңқасқа аттың тізгінін қағып қалып, ұзап бара жатқан серіктерінің соңынан тасырлата жөнелді» [3, 209 - б.].

Бұл диалогтен Донсков, Назаров болмысы көрінеді. Полифониялық романға тән қасиет бұл шығармадан да көрінеді. Себебі, жазушы кейіпкерлер әрекетіне араласпайды, оны бағаламайды. Оларды бағалауды оқырманның еншісіне қалдырады.

Автор сол кездегі қоғамдық саяси мәселелерге кейіпкерлерін, табиғат көрінісін, кейіпкерлердің ішкі сезім толғаныстарын, арпалыстарын сай етіп бейнелейді. Тіптен, сол кездегі қоғамдық ортаны жан-жақты суреттегені соншалық, кейіпкерлер бейнесін, даралық сипаттарын шынайы көрсете білген.

Бас кейіпкер Сырымның шыққан тегі, ауыр тағдыры, тіршіліктегі шырғаландары эпикалық романға лайық дүниелер. ХҮІІІ ғасырдың соңы, ХІХ ғасырдың басындағы басындағы қазақтардың хал-ахуалы, «Ұлы орыстық шовинизм» саясаты, хан мен қарапайым халық арасындағы тартыс – тәрізді шындықты жазушы білгірлікпен көрсете алған.

Қаламгердің Сырым батырды: «Алдарындағы тірліктің беймағлұмдығынан ба, әлде әр пенденің тағдыры әзелден лаухыл-махфузда жазулы тұрады дегенмен, осынша жанның ертеңгі күнгі обал-сауабы еріксіз толғантты ма, әйтеуір батыр үстіндегі бадана көзді ақ сауытты айырып жіберердей алпамса кеудесін тіп-тік ұстап тұрғанмен, әлденеге бүгін кібірткітіреңкіреп, қабағы тас түйіліп, екі қасының арасындағы терең қос сызық қазылыңқырап, әншейінде кісіге шаншала да, сынай қарайтыншарасы кең, өткір қоңыр көзінің оты тұнжыр тартып, әдеттегідей емес...» [3, 253-б.] деп суреттейді..

Осы портреттің өзінен нағыз батырға тән сипатты көреміз.

Кіші жүздің ішіндегі он екі ата Байұлынан шыққан, халыққа кеңінен белгілі батыр Сырым Датұлы көтерілісті басқарды. Асқан ақылдылығы мен тапқырлығы үшін бала кезінде-ақ «Бала би» атанған батыр көтеріліс барысында шебер дипломат, әскери қолбасшы әрі көрнекті ұйымдастырушы екенін көрсете білді. Көтерілісшілердің жетекшісі Сырым Датұлы өз дәуірінде әрі шешен, әрі би ретінде қазақ ішіне ғана емес, башқұрт, қалмақ, ресей жұртына да кеңінен танылғандығын жазушы романды көрсете білген.

Сырым Датұлының ерлігі мен қайыспас қайсар батырлығы, ерекше ерік күші бүгінге дейін аңыз. Өз замандастарының арасында ат құлағында ойнайтын шабандоздығымен де ерекшеленетін. ХІХ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ағылшын журналисі Д.Ч. Бульжер былай деп жазды: «...Сырым батыр - жігерлі, терең ойлы, қайратты, батыл, тапқыр, айлалы ерекше тұлға. Ол халықтың сүйіспеншілігіне бөленген, халық оған табынған десе де болады».

Көтеріліске қарапайым ел адамдары тұтастай, олармен бірге старшындар, билер және батырлар белсене қатысты. Олардың бәрі де Кіші жүздегі барлық рулардың, әсіресе Ресеймен шектес жерлердегі рулардың өкілдері болатын. Өйткені жайылым тапшылығының ауыртпалығын көтерген де, Орал казак әскерлерінің шектен шыққан озбырлығын көрген де солар болатын. Көтерілісшілердің арасында сұлтандар тобынан шыққандар да бар еді. Мәселен, атакты батырдың жақын серіктерінің бірі Айшуақ сұлтанның ұлы Жантөре де осы көтерілістің басы қасында болған сұлтандардың бірі.

Көтерілісшілердің қойған ең басты талабы патша үкіметінің қазақ жерлерін тартып алуын тоқтату, сұлтандардың, ханның және олардың айнала төңірегіндегілердің озбырлығына тыйым салу болды.

Романдағы бүкіл оқиға дамуы, әрекет, өмір құбылыстары - бәрі де оның негізгі қаһарманы Сырым Датұлына байланысты дамиды. Сырым Датұлы романда әр қырынан көрінеді. Батырдың адамгершілік, ақындық, қайсар қайраткерлік, өжет күрескерлік қасиет-қабілеттері шығармада жарқырай көрінген.

Жазушы роман жазуға аса үлкен жауапкершілікпен, ұзақ жылғы дайындықпен келген. Шынайы дерек тарихи романның негізгі шарты дейді ғалымдар. Жазушы дерек атаулыны қиялмен қорытып көркемдік көрігінен өткізбесе, деректі сол қалпында бергеннен діттеген межесіне жетпесі анық. Шығарманың көркемдік күші, эстетикалық қуаты болмасы белгілі. Қ.Мұқанбетқалиұлының ұшан-теңіз деректерді әбден екшеп, іріктеп алғанын Сырым образынан да, оның қасындағы кейіпкерлерден, романдағы оқиға

желісінен де байқауға болады.

Сырым өзін қарапайым, сыпайы ұстап, халықпен ойлы, салмақты қарым-қатынас жасайды. Көп ортасында болады, сөз тыңдауға, адам тануға ұмтылады.

Оның осы жолдағы адамдық ізденістері, мінез-құлқын қалыптастыруы, толысуы ерекше қызықты. Романда сол кездегі ел өмірінің кең тынысымен астасып, жарқын бейнеленеді.

Романдағы Қараман Тана Малайсары би, Алашадан Өтеулі, Сапар, Азамат билер, Маскардан Дөнен батыр, Қызылқұрт Жанбай мен Жабан батыр, Тана Сұлтанәлі, Табын Құламан, Таламан, Жарас, Көней Сырымның өз бауырлары Атантай батыр, інілері Жандыбай, Барлыбай, Қалдыбай, Тамадан Қадыр мен Садыр батырлар бейнелерінде де әділдік аңсаған халық ойларының, даналықтың сипаттары жинақталған. Жалпы романда қазақтың дара, тектілік қасиеттері, ұлттық психологияға тән жақсылық пен жиренішті кемшіліктер сүйсіне, қазыла айтылады. Олардың көбі аталған халық өкілдерінің көзқарасымен сұрыпталып беріледі.

Романда игі істің басында тұрған Сырым батырмен бірге бірталай батырлардың жарқын образдары жасалған. Олардың ішінде Табын Барақ пен Тіленші, Шекті Көтібар батырлар ерекше көзге түседі. Ел қорғау, кек қайтару жорықтарында ерлігімен көзге түскен бұл батырлар нағыз халық қамқорлары ретінде суреттеледі. Ел тағдырын Сырыммен бірге ойлап, оның идеясының іске асуына тілек те, білек те қоса біледі.

Орыс ғалымы Белинский «Тарихшының міндеті – ненің болғанын айту, ал ақынның міндеті – соның қалай болғанын көрсету».

Тарихи драманың мазмұны тек қана мемлекет өмірінен алынуы керек» - деген болатын. Тарихқа көз жүгіртсек, Сырым Датұлы атақты батыр, ірі тарихи тұлға болғанын дәлелдейтін мәліметтер өте көп. Ол - өзінің ерлігімен, ақылдылығымен, әділеттілігімен бүкіл елді өзіне қаратып, соңына ерте білген адам. Ол - Емельян Пугачев бастаған шаруалар көтерілісіне де белсене қатысқан, әскери тәртіпті жақсы меңгерген батыр. Соғыс тактикасын, әскери өнерді жетік меңгерген. Сырымның айбарынан, қаһарынан қарсыластары қорыққан.

Жазушы романда толып жатқан факті, тарихи материалдар келтіреді. Ол материалдарды жалпылама тізбей оған суреткерлік тұрғыдан қарайды. Типтік ортана суреттеу арқылы типтік образдарды даралап көрсетеді. Адамдардың әр түрлі әрекеттеріне негіз болып отырған әлеуметтік, саяси себептерді ашады. Әрбір жеке тарихи деректің өзінен қоғамдық мәні бар қорытынды жасайды.

Роман – өміріміздің көлемді түрде жазылған бейнесі. Оның ішінде алуан түрлі адамдардың тағдыры, қарым-қатынастары, сезім-күйлері, қоғамдық, әлеуметтік, саяси қатынастар да бой көтереді. Осылардың барлығы да жоғарыда талданып өткен «Тар кезең» романында сөз етіледі. Бұл роман хроникалық сипатқа ие, тарихи фактілерге негізделген, әдебиетімізде өз орнын тапқан, оқырманның сүйсініп оқитын туындысына айналған дүние десек, артық болмас.

Қазақ әдебиетінде қазақ-орыс қарым-қатынасын суреттейтін, отаршылдық озбырлығын көркемдікпен көрсете білген «Тар кезең» романы өз ерекшелігімен, айқын идеясымен, шеберлік кестесімен дараланып тұрғаны кең тынысты туынды.

1 Бердібай Р. Тарихи роман. – А.: Санат, 1997. - 336 б.

2 Нұрғалиев Р. Талағыз, - Алматы: Жазушы, 1986 ж.

3 Сатемирова Д.А. ХҮІІІғасырдағы қазақ әдебиетінің даму ерекшеліктері, Абай ат. ҚазҰПУ хабаршысы, №4, 2014 ж.

3 Мұқанбетқалиұлы Қ. Тар кезең, - Алматы, 2012 ж.

4 Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық, - Алматы 2008 ж.

5 Қазақ әдебиетінің тарихы, он томдық, 4 том, - Алматы 2005 ж.

6 Қирабаев С. II томдық шығармалар жинағы, Бірінші том, - Алматы, 2011.

### **Резюме**

Магистрант 2- курса КазНПУ им. Абая **Қанленова Б.Н.**, Научный руководитель: к.п.н., доцент Тамаев А.

#### **Историческая достоверность романа К.Муханбеткалиева "Тар кезең"**

Статья посвящена исследованию исторического романа в современной казахской прозе. В качестве исследования выступает роман Кажығали Муханбеткалиева «Тар кезең», отражающий исторические события XVII-XVIII веков в Казахстане, период, который стал самым тяжелым временем в истории казахской нации. Рассматривается эволюция героического образа С. Датұлы – главного героя романа. Анализируя роман, автор делает существенные выводы и суждения о художественных особенностях романа К. Муханбеткалиева.

**Ключевые слова:** историческая правда, документальный источник, поэтический вымысел, образы, образные средства, жанр, драматизм

### Summary

Kazakh National Pedagogical University named after Abay. The 2 st course Undergraduate student **Kanlenova B.N.**,  
Scientific supervisor: associate professor **Tamayev A.**

### **Historical accuracy of the novel "Tar kezen" by K.Muhanbetkaliyev**

The article investigates the historical novel in modern Kazakh prose. As research is the novel Kazhygali Muhanbetkaliyev «Tar kezen» reflecting historical events of XVII-XVIII centuries in Kazakhstan, a period that was the most difficult time in the history of the Kazakh nation. The evolution of the heroic image of S. Datuly - the protagonist of the novel. Analyzing the novel, the author makes a significant conclusions and judgments about the artistic features of the novel K.Muhanbetkaliyev.

**Key words:** historical truth, documentary source, poetic fiction, imagery, shaped means, genre, dramatic effect.

ӘОЖ 81.23

## СИМВОЛ – МӘДЕНИЕТТІҢ ТҰРАҚТЫ ЭЛЕМЕНТІ

**А.А. Ақышева** – Абай ат. ҚазҰПУ, Филология институтының 2-курс магистранты,  
**Ғылыми жетекшісі:** ф.ғ.д., доцент **Есенова Қ.**

Бұл мақалада символ терминінің мағынасы мен әдебиеттегі, тілдегі қолданысы, символдың негізгі қасиеттері қарастырылған.

**Кілт сөздер:** тіл, этнос, символ, таңба, архетип

Қазіргі кезеңде “тіл мен этнос” мәселесіне қатысты тіл біліміндегі көптеген зерттеу жұмыстары тілдегі ұлттық сипатты, ұлттық танымды, ұлттық рухты тануға, танытуға негізделген. Халық танымының дерегі ретінде тілдік символдар әлі де болса жеткіліксіз қарастырылуда. Символ халықтың дүниені түйсінуден хабар беретін қойма, яғни ғаламның тілдік бейнесі ретінде ұлттың эстетикалық таным-талғамын, шаруашылық кәсібін, мінез-құлық, ырым-наным, салт-дәстүр, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухты, тек тілде ғана жан-жақты танытады. Мәселен, қазақ тілінің дыбыс символикалы сөздері фоносемантика тұрғысынан (К.Ш. Хұсайын), қазақ тілі дыбыстарының символикалық мәнін ашу мәселесі (С.А. Өткелбаева), сан атауларының символикалық мәні (І.Кеңесбаев, Қ.С. Дүсіпбаева, Р.Ә. Авакова), рухани мәдениет пен материалдық мәдениетке қатысты этнографизмдердің (Е.Жанпейісов, Ж.А. Манкеева), этнографизмдер мен түс атауларының символдық мағынасы (Ө.Т. Қайдаров, Б.Өмірбеков, З.Т. Ахтамбердиева), этномәдени атаулар мен символдық мәнге ие фразеологизмдер сипаты (Р.Сыздық, Н.Уәлиұлы, Г.Смағұлова), мифтік танымға негізделген символдар (Б.Қ. Ақбердиева), халықтық эстетика сұлулық символизмдері (А.Қ. Сейілхан) зерттелген. Ал символдың когнитивтік сипаты (Қ.Ә. Жаманбаева). Заттар мен құбылыстардың семиотикалық мәні, ұлттық символдар сипаты, мәдениеттің этнотанбалық мәні туралы тұжырымды көзқарастарды этнограф ғалым С.Мұқанов, К.Ш. Нұрланова, Ж.К. Қаракөзова, М.Ш. Хасановтың еңбектерінен табылады.

Қажеттілік символдар арқылы көрінісі береді. Сана сыртқы факторға таңдаулы түрдегі тәуелділігін немесе ішкі өсу, жетілу қажеттілігін белгілі бір модельдің, форманың бойына жинақтау арқылы шешеді. Символдың болмысын анықтау оның ең алдымен «лингвистикалық символ», яғни тіл, сөйлеу негізінде қарастырудан басталады. Бұл жағдайда ол тілдік нысан ретінде қарастырылады. Ал символды таңбалық жүйеде қарастырумен семиотика ғылымы айналысады. «Символ» ұғымы бұл ғылымның нысанына айналғанда, ол «таңба – символ» ретінде болады.

Таңбаның негізгі белгісінің бірі – оның еріктілігі, алайда тіл біліміндегі зерттеулерге зер салсақ, тілдік таңба уәжділік және бейуәжділік сипатқа ие. Таңба өзінің мағыналық мазмұнына ешбір қосымша мағынаны енгізбеуімен сипатталады. Егер тілдік таңба таңбалаушы мен таңбаланушы бірлігінен тұрса, символ тұлға бірдейлігі негізінде өз мазмұнын белгілі бір контекстке байланысты күрделендіреді. Жеке сөз терең негізді семантикалық құрылымдарды бейнелейтін дискурста қолданылып, одан кейін ол сөз арқылы берілген ұғымды адам метақұндылық ретінде бастан өткеретін болса, онда атау – сөз де жоғары формаға – символға айналады. Осыған орай белгілі бір халықтың материалдық және рухани мәдениет элементтері тілде эстетикалық символ ретінде қалыптасады. Мұның негізінде “әлемді тіл арқылы танудың” әр ұлт тілінде түрлі сипатқа ие екендігі туралы шешімге символдың тілдік сипатын ашу арқылы және әр ұлттың болмысын таныту негізінде келуге болады. Сондықтан да этномәдени атаулардың символдық мәнін қарастыру тіл мен таным, тіл мен сол тілді қолданушылардың тығыз байланысынан туған өзекті мәселенің бірі деп айтуға болады.

Тіл – адамзаттың қоғамдық тарихында жинақталған ақпаратты жеткізудің негізгі құралы. Тіл мен таным процесінің арақатынасы когнитивтік жүйе арқылы көрінеді. Тіл мен таным, тіл мен ойлау. «Символ» терминінің мағынасы – ойды тұспалдап жеткізудегі тілдік құрал. Ол – айтатын ойды тура айтпай, тұспалдап белгілі нышандар арқылы бейнелеп, астарлап, бүркемелеп жеткізу, шынайы бейненің елесі, ишараты символға тән қасиет және тілдік құралдардың бір қызметі. Символдың беретін мағынасы шындық болмысты белгілеуінде, сол арқылы алуан түрлі мағынаға ие болуында. Символ адамның санасы мен ойлау қабілетімен тығыз байланысты. Заттың тілдік белгісі сол заттың ақпараты, хабары ретінде түсініледі. Белгі мен мағына арасында тығыз қатынастық байланыс болуында. Халық өзін қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарға мән, мағына бере отырып, оның негізгі белгілерін салыстыру, ұқсату, абстракциялау т.б. арқылы қасиеттерін жинақтап, ортақ белгілерінің жиынтығы негізінде жаңа ұғымға атау қойған. Шындық болмыс үнемі қозғалыста және шығармашылық даму үстінде болуы заңдылық. Демек, символ да өзгеріс пен дамудан тұрады. Оны үш кезеңге бөліп қарауға болады: біріншісі – сезімдік қабылдау, екіншісі – абстрактылы ойлау, үшіншісі – тәжірибе, яғни қолданыс қызметі. Сөз мағынасына үңіле отырып, дүниені бейнелеу, түсінуден ақпараттар береді. Символдың басты да негізгі қасиеті – идеалды мағынасын айтылады, яғни шындық болмыстағы нысанның мәнін (смысл) ашатын, құрайтын ерекшелігінде.

Қазақстан энциклопедиясында символға: «Символ – белгілі бір нәрсені өз қалпынан өзге жанама сипатында алып көрсетуден туатын эстетикалық категория. Символданған образ көбіне айқындықтан айырылып, бұлдыр түсінік береді. Символ жалпы адам санасының даму тарихына сай өрбіген көне категорияның бірі. Алғашқы қиялдау, болжау, ертедегі түсініктер, наным-сенімдер – символдың шығуына әсер еткен құбылыстар» - деген анықтама беріледі [1977,10-том,1576]. Яғни, символдың шығу төркіні тереңде жатқанын аңғаруға болады. Символдың табиғаты жазу пайда болмай тұрған кезге жатады және өзіндік тереңдігімен сипатталады. Ю.М.Лотманның тілімен айтқанда: «Символ никогда не принадлежит какому-либо одному синхронному среду культуры – он всегда пронзаёт этот срез вертикали, приходя и уходя в будущее» [1,205]. Символ – адам санасының дамуымен байланысты, дүниетанымның тереңдеуінің нәтижесі болып табылатын ерекше құбылыс. Мәселен, символизм ағымының көрнекті өкілі А.Белый символды ойлаудың, өмірдің бейнесі ретінде таниды: «Символ – көрінбейтін, танымнан, сезімнен тыс, сөзге тән емес нәрсені нұсқау. Ол көркем образ, бейне, құпия сырлы әлемге апарар жол, ақиқат дүние категориясы» [2,5]. Яғни, символ адам танымынан тыс дүниені бейнелейді, сол себепті де символды адам танымы дамуының жемісі, соның көрінісі деуге болады. Символдардың пайда болуына қандай да халықтың болмасын тұрған ортасы, өмір сүру салты, дәстүрі, мәдениеті, жалпы алғанда дүниетанымы әсер етеді. Қандай халықтың символдар жүйесін алып қарасақ та, жалпы адамзатқа ортақ символдарды кездестіреміз. Әйтсе де, доминантты (басым) символдар тобына қарай олардың тек бір ғана ұлттық не аймақтық мәдениетке тән символдар жүйесі екендігін айқындауға болады [3,61].

Бір айта кететін жайт, символдар әр түрлі деңгейде беріледі. Олар өнер, семиотика жүйесіне де тән екендігі, символ табиғатын ашуда бір ғана ғылым саласының жетістігіне сүйену жеткіліксіздігі – символдың әмбебап категория екендігін көрсетеді. Ю.М. Лотманның сөзімен айтқанда, символ – «мәдениет жадың болып саналады. Өйткені, тіл таңбалар жүйесі ғана емес, ол – осы жүйені көмкерген мәдениет. Сондықтан да ол - әр халықтың ұлы мұрасы, ұлттың тарихи жетістігі. Мәдениет, бір жағынан, ұрпақтан ұрпаққа жеткен мәтіндер болса, екінші жағынан, ұрпақтан ұрпаққа жеткен символдар. Символ ешқашан да мәдениеттің бір ғана кезеңіне, яғни синхронды қабатына тән болып қалмайды, ол қашан да осы қабатты өткеннен болашаққа қарай кесіп өтеді. Символ – мәдениеттің тұрақты элементі. Ол басқа мәдениет дәуірінің елшісі ретінде, ежелгі мәдениет негіздерін жаңғыртушы ретінде қызмет етеді. Өйткені онда мәдени ақпарат ықшам түрде сақталған.

Символдың ең маңызды сипаттамасы – оның архетиптілігі, бейнелілігі, кешенді мазмұны, универсалдылығы (жалпылығы) және ұлттық ерекшелігінде. Лингвомәдениеттануда символдың жоғарыда көрсетілген сипаттамалары ішінде архетиптілігі ең маңыздысы болып табылады. «Архетип» дегеніміз символдың пайда болуына негіз алғашқы образдар. З.Фрейд бойынша «архаикалық қалдықтар». Әмбебап бейнелермен идеяларды білдіру үшін семиотикалық кодтардың бірі ретінде мифология қолданылады. Түр-түс символикасының пайда болуына да мифтік ойлаудың әсер етуі тілде көрініс тапқан. Яғни символдар өзінің бастамасын мифологиядан алады. Бұл фольклорда орын алған мифологиялық сюжеттер, мәдени жазба ескерткіштер негізінен символға негізделген деп тұжырым жасауға болады.

Символдардың негізгі бар қасиеті, өзге таңбалардан ерекшелігі – оның идеалды нысандық мағынасында, яғни физикалық әлемде жоқ объект мәнін құрайтын семантикалық айырмашылығында. Символдың осы қасиеті арқасында адам қажеттіліктеріне жарамды және құнды түсініктер көріне алады. Демек, халық

өзін қоршаған әр дүниеге ой көзімен, ұлттық түйсікпен қарап, көңіліне түйіп, модельдендіруге бейім келген. Мұның өзі қоршаған ортамен үндестікті бұзбау, әуезділікті сақтау ниетінен туса керек. Ал ол тілдің эволюциялық жолмен дамып өрбіген, соның негізінде туындаған символдарда көрініс табады. Яғни, символ тілдік жүйеде белгілі бір когнитивтік құрылым ретінде ғаламның тілдік бейнесін танытады. Сол себепті де, символдық мәнге ие сөздердің табиғаты ерекше. Өйткені, сөз символдар танымдық, ұлттық-мәдени, фондық мағыналарға ие бола отырып, халықтың дүниетанымымен тығыз байланысты болып келеді. Яғни, атауыш мағынадағы сөз нақтылыққа, даралыққа ие болса, символдық мағынадағы сөз жалпылыққа, біртұтастыққа ие. Осы қасиеті арқылы ол дүниені біртұтастыққа байланыстырып, көз алдына бүтін бір сурет бейнесін елестетеді. Әдетте, символдық ұғым кең мағынада белгілі бір мазмұнды басқаша формада (таңбалық формада) бейнелеу деп түсініледі. Символдар шетсіз-шексіз алып дүниеге форма береді, адамның ақылы, пайымы жетпейтін әлемге аяқ басуға құрал болады. Орыс символизмінің негізін салушы А.Белый «Символ менің санамның ең түпкірінде, санасыз аумақта тұнып жатқан тілсіз, көз жетпейтін дүниені менің жеке болмысымнан тыс жатқан тілсіз, ақылға сыймайтын екінші бір дүниемен байланыстырады, дейді. Ғалымның пікірінше, адамның жан дүниесін, көңіл күйлерін бейнелеу құралдарының тәжірибесі көркемдік символ туғызады. Нақты айтқанда, сөздің сыртқы яғни сезім арқылы қабылданатын, көзге көрінетін немесе құлаққа естілетін материясы идея-символда және символ арқылы іске асады. Ғалымның өз сөзімен айтсақ «Сөз-символ, ол мен үшін беймәлім екі мәнді жалғастырып, тұтастырып тұр. Олар: көзім жетіп көре алатын кеңістік пен ішкі сезімнің күңгірт естілген жаңғырығы. Оны мен шартты түрде уақыт деп атаймын [4,204]. Шын мәнінде, сөздер мен сөз-символдар ақпаратты беруші емес, олар тек тыңдаушының санасында бұрыннан бар лексикалық ұғымдарды өзектендіріп, сол арқылы белгілі бір ассоциация туғызады. «Сөз және сөз символ екі түрлі таңба емес, сол сөздің өзінің екі түрлі қызметтегі екі түрлі формасы, яғни лингвистикалық таңба символдық қызметті атқарғанда ғана оны символ деп атай аламыз [5,132].

«Символ» терминіне лингвистикада және әдебиеттануда әр түрлі анықтама беріліп жүр. Әдебиетте символ дегеніміз – ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипатқа ие балама бейне. Жалпыхалықтық тілде кездесетін символдар бір нәрсені өз қалпынан басқаша сипатта көрсетіп, нақтылы бір затты, нәрсені екінші нәрсенің, не ұғымның жай баламасы ретінде алу арқылы жасалады. Қорытындылай келе, тіл қолданысындағы когнитивтік негіздерге логика-философиялық тұрғыдан келіп, тілдегі эмоция, символ, тілдік сана ұғымдар адам баласына көмекке келетін психологиялық, әлеуметтік, рухани таңбалар – символдар. Бірақ, символ тілін түсіну үшін сана жетілу қажет» - деп символға «рухани таңба» ретінде қарайды.

1 Лотман Ю.М. *Внутри тысячи миров.* – М., 1996.

2 Белый А. *Символизм как миропонимание.* – М., 1994.

3 Ислам А. Қазақ мәдениетінің тілде көрініс тапқан символдар астары. // *Ұлт тағылымы*, 2003, - №4.

4 Белый А. *Символизм как миропонимание.* – М., 1994.

5 Қайырбаева Қ. *Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні. фил.ғыл.канд.дисс.* – Алматы, 2004.

#### Резюме

Магистрант II курса КазНПУ имени Абая **Ақышева А.А.**, Научный руководитель: д.ф.н., доцент Есенова Қ.

#### Символ – устойчивый элемент культуры

В этой статье предусмотрено смысл и использования символа в языке и в литературе и основные качества символа.

**Ключевые слова:** язык, этнос, символ, архетип

#### Summary

Kazakh National Pedagogical University named after Abay. The 2 st course Undergraduate student **Akysheva A.A.**,

Scientific supervisor: associate professor **Esenova K.**

#### Symbol – a steady element of culture

In this article it provided the meaning and use of symbols in the language and literature the main quality characters.

**Keywords:** language, ethnos, symbol, arxetip

УДК 821.512.122 – 1.0

## М.МАҚАТАЕВ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ САРЫН

Д.Б. Мұхамадиев – *ф.ғ.к., аға ғылыми қызметкер,*

Б.С. Бегманова – *ҚазМемҚызПУ, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.*

Мақалада М.Мақатаевтың философиялық сарынға құрылған жырлары талданады. Ақын жырларындағы өмір құбылыстары адамның көңіл-күйімен байланыстырыла қарастырылады.

Поэзия сезімге құрылады. Ол адамзатты поэзияға ғана тән белгісіз жұмбақ күш пен сезімнің алуан түрлі рахатына бөлейді. Адам баласының бойында кездесетін түрлі сезімдер – тұтастай алғанда адам жанының табиғи нәрі, рахат сәттері. Өйткені, мұн мен қуаныш сезімдерінің өзіндік ләззаттары бар. Поэзия сезінуге тәрбиелейді, адам жүрегінің кез-келген қара-байыр құбылысқа үн қоса бермейтін нәзік қылына жан бітіреді. Поэзияның «адам сезімінің айнасы» аталуы сондықтан.

Ақынның кез келген жыр жолдарынан автордың көңіл-күй сезімін байқауға болады. Адам басында жиі-жиі кездесіп отыратын сағыныш, аңсау, құмарту, сүйсіну, шаттану, қуану, ренжу, мұңаю, өкіну сияқты эмоцияны Мұқағали Мақатаев өлеңдерінен көптеп кездестіруге болады. Ақын жырларының өзі болашақтан үміттеніп, жақсылықты сарғая күткен сағыныштан тұрады. Осы сезімдерді өлең бойына сіңіре, кіріктіре жырлау Мұқағали Мақатаев ақындығының ерекшелігінде жатыр.

**Түйін сөздер:** образ, поэзия, лирика, жанр, стиль, жанрлық-стилдік палитра, талдаулар, әдебиетшілер, сыншылар, өлеңдер циклы

Сөз өнері ықылым заманнан бері халқымызбен бірге жасасып келе жатқан құндылықтар құбылысы. Қазақ халқының әр кезеңдердегі тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, басынан өткерген тарихи оқиғалары, елін, жерін жаудан қорғаған батырлар ерлігі мен бір ауыз сөзбен тоқтам жасаған хан, би-шешендердің сөздері жыр-дастандарға айналып бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр. «Басқа халықтар сияқты, қазақ халқының да өзіне тән тарихы, басынан кешкен кезеңдері, өсу, өрлеу сапары, әрбір дәуірге лайық мәдени мұрасы, асыл өнері бар. Сол асыл өнердің таза меруерттері ғасырлар бойы ел өмірімен бірге жасап келеді» [1, 12 б.].

Әр заман өз ақынын тудырады. Әр ақын өз заманының жаршысы. Заман жаршысы болуымен қатар өткенді жалғастырушы, жаңғыртушы, дамытушы өнер иесі. XX ғасырдың екінші жартысында поэзия әлемінде өзіндік үнімен танылып, заманының жарсышысы айналып ақынның бірі М.Мақатаев.

«Поэзия адамның жаны мен жүрегіне әсер етеді» [2, 226 б.].

Мұқағали Мақатаевтың жаны мен жүрегіне жақыны – өмір тақырыбы. Ақынның кез-келген тақырыпта жазылған өлеңінен өмірге деген көзқарасы, өмір жайлы толғанысын танысыз. Ал, арнайы тақырып етіп алып, жыр арнаған өлеңдерін атап айтар болсақ: «Өмірге серт», «Өмір толқыны», «Өмір», «Өмірге ерте құлаш сермегенмен», «Өмірден менің күткен үмітім сол», «Пай-пай өмір», «Өкпелетті дей алман...», «Өміріме», «Өмір дейтін», «Өмір деген біреу бар», «Өмір деген не десем», «Өмір», «Жас өмір, саған өкпем жоқ», «Өмір жайлы», «Өмірімді несіне жек көремін» т.б. Бұл жырларынан ақынның өмірге талпынысын, құштарлығын көреміз. «Кең дүние, құшағыңды аш, мен келемін» деп өмірге жар сала енген ақын өмірдің ащы-тәтті сыйынан да қашпайды. Керісінше, «Жер бетінде жақсы тіршілік етуге» талпынады. Өмірдің күрестен тұратынын мойындап, азабыңмен аянбай-ақ алысам» дейді.

Ақын М.Мақатаевтың сондай жырларының бірі «Өмір деген не десем» өлеңінде өмір жайлы ойларын нақты сұрақ-жауапқа негіздеген. Өмір жайлы түсінігін қысқа буындармен түйіндей жырлайды. Өмірге көзқарасын нақты пікірімен білдіреді.

*Өзіңе-өзің жүк артып,*

*Өмір деген – тер төгу.*

*Бір нәрсеге құмартып,*

*Бір нәрседен жеркену.*

*Біреулерді алдау да,*

*Біреулерден алдану.*

*Қор боп өтпей жалғанда,*

*Қолдан келсе жан бағу* [3, 154 б.], – деп жырлайды ақын.

Өмірдің өзі күрестен тұрса өмір сүруде ешкімге алданбай, өзің де алдамай өмір сүр. Ақын жырынан осы ойды ұққандаймыз. «Өмір деген не десем» алдау, арбау, тартыс, күрес, аяқтан шалудан тұрады екен деген танданысын да жасырмайды. Сөйте тұра ақын:

*Өмірді несіне жек көрейін,*

*Ауыр-жеңіл болса да өткеремін* [4, 25 б.], – дейді.

М.Мақатаев өмір жайлы өлеңдерін басқа қырынан да аша түскен. Оның «Өмір жайлы» өлеңі тағдыр тауқыметін көп тартқан бейнені сомдаса, «Өмір» атты жырында жастық шағын тентектікпен өткізген ел ағасын бейнелейді. Ақын шопан жігіт бейнесі арқылы өмірге талпынған балапан құстың тіршілігін суреттеген. Яғни, қарлығаштың тіршілігі астарында үлкен өмір бейнесі көрінеді. Шопан жігіттің сол өмірді бұзуға қиналған жан күйзелісі өлең жолдарында сәтті берілген. Шопан бейнесі арқылы жағымды лирикалық кейіпкер іс-әрекетін аша түскен. Қарлығаштың ұясын бұзуға қимаған лирикалық кейіпкер оған тек құстың ұясы ғана деп қарамай, ар жағында үлкен өмір бар деп сезінеді. Ақын осы көріністі шопан бейнесімен, оның сюжет бойындағы іс-әрекетімен бейнелейді. Ақынның қысқа ғана сюжетте құрылған бұл өлеңі өмірге талпынған құс бейнесі мен шопан іс-әрекеті арқылы ашылса, оқырманына ой тастар мағыналылығымен, салмақтылығымен басым көрінеді. Яғни, құс пен шопан бейнесі арқылы өмірді көрсетеді. Оны өлең жолдарында шынайы көрсетеді. Ақынның шопан мен құс әрекетін бейнелеудегі алдына қойған мақсаты – өмір сүрудің қасиетін терең сезінуге тәрбиелеу. Құс екеш құстың да өмір сүруге талпынған бейнесін сомдай отырып, адамдарға ой салу, өмірдің мәнін терең сезіндіре білу.

«Өлеңде ой көмескі нәрсені жарқыратып, бірден жалаулап бетке ұрмай, әрірек, тереңірек жыр астарында жатып та оқушыға құбылыстың құпия сырларын түсінуге жол ашып бере алса ғана өзінің лайықты қонысын, көркемдік мәнін тапқандығы» [5, 52 б.], – дейді белгілі сыншы З.Серікқалиев. Бұл орайда ақын М.Мақатаевтың поэзиядағы талантын, өмір асуларындағы тағдыр теперешін әртүрлі құбылыспен астарлай бейнелеудегі шеберлігін атап айтуға болады. Мысалы, ақын «Жас өмір, саған өкпем жоқ» өлеңінде өмірді табиғатпен байланыстыра жырлайды. Жаратылысы ерекше ақын өмірді табиғатпен бейнелеуде тапқырлық танытқан. Себебі, жүрегі нәзіктікті сезетін әрбір жанға табиғат әр түрлі өмір бейнесін береді. Ақын М.Мақатаев жырларында да көктем мезгілін жастық шаққа, күз мезгілін өткен өмірге теңдестіре бейнелеген өлеңдері көптеп кездеседі. «Жас өмір, саған өкпем жоқ» өлеңінде жастық шақтың алып ұшқан мінезін дәл жеткізген. Өмір өзеннің ағысы алып – ұшқан көңілді тасқа соққанда ғана сананың салмақтанған тұсын лирикалық кейіпкер бейнесімен суреттейді. Жастықтың алып-ұшқан сәтіндегі адамның іс-әрекетін ақын:

*Қапыда кейде қан құсып,*

*Қасқырмын дедім, қасқырмын!...*

*Кеудеме мына нан пісіп,*

*Басыммен барып тасты ұрдым* [6, 145 б.], – деп бейнелейді.

Өлең жолынан жастықтың буымен «Кеудесіне нан піскен» лирикалық кейіпкерді көреміз. Ақын «Өмір» менің уысымда, алақанымда деген түсініктегі лирикалық кейіпкер бейнесін нанымды көрсете білген. Алайда, өмірдің үнемі олай болмайтынын «Басыммен барып тасқа ұрдым» деп түсіндіреді. Аз ғана сөзге көп мағына сыйғызып, өмір ауыртпалығын жырға қосады. «Шашырады ұшқын көзімнен» деп ақын лирикалық кейіпкер әрекетін тікелей өмірмен шынайы байланыстырып жібереді. Күнделікті өмірдегі үлкенді – кішілі кездесіп жататын соққыны ақын өмірдің соққысымен өте шебер байланыстырған. Сол соққыдан есін жиған, өмір қасиетін түсінген лирикалық кейіпкер ойын

*Жасарып ылғи жан-жағым,*

*Тұратын еді көктем боп.*

*Жарқ етіп өткен арманым,*

*Өкпем жоқ саған, өкпем жоқ* [6, 145 б.], – деп түйіндейді.

Ақын жырында өмір бейнесі өте әдемі суреттелген. Ақынның өмір мен өлеңді байланыстырудағы шеберлігі ерекше сипатқа ие. Ақынның лирикалық кейіпкері өмірден көргенін өлең жолында баяндай келе, тәубасына түскен бейнені сомдайды. Сөз тіркестерін де өлең жолдарында орынды қолдана білген. Мысалы: «Кеудесіне нан піскен» тіркесі ешкімді менсінбей, көкірегін көтеріп, өзін ерекше сезінген адам бейнесін береді. Ақын осы сөз тіркесі арқылы жастық шақ бейнесіндегі лирикалық кейіпкердің мінезін аша түседі. Қазақ халқының сөздің мағынасын ұғындырудағы мұндай сөз тіркестері ақынның басқа жырларында да көптеп кездеседі.

Жыр жолдарында ақын өмір бейнесін басқа да суретті сөздермен салыстыра берген. Мысалы:

*Өмір, сені ешкім жетіп алмаған,*

*Сен бір жүйрік кең жағанды шарлаған* [7, 49 б.], деп жырласа, өмір жайлы келесі бір өлеңінде:

*Өмір деген – бір жарқ еткен найзағай,*

*Өмір деген – көк аспанның күркірі* [4, 16 б.], – деп бейнелейді.

Өмірді жер жағанды шарлаған жүйрікке теңеуі де, аспандағы найзағайдың жарқылына балауы да сәтті шыққан. Өйткені, өмірдің жүйріктігі адам баласына жеткізбей, сағымдай сырғып өте шығатын құбылыс



екендігі. Адамға өмір бір-ақ рет беріледі. Сол көріністі ақын:

*Пай, пай өмір!*

*Өтесің-ау бір күні* [4, 16 б.], – деп жырлайды.

Алайда, ақын өтеді өмір деп таусылмайды, мұнаймайды. Тек қимастығын білдіріп:

*Шіркін өмір, қымбатсың-ау дегенмен,*

*Алданыш боп біраз күнге келгенмен.*

*Айналсоқтап кете алмайды еш пенде,*

*Жапа шегіп, қасірет уын жегенмен* [7, 49 б.], – дейді ақын.

Пендеге бақыт пенен сорын қатар тосатын өмір заңы өзгермейді. Сонда да адам баласы «Сокпағы көп сорға лайық» бұл өмірді қимайды. Сондықтан «өмір дейтін – тағатсыз бір қозғалыста» «арпалыспай тіршілікте кім жатсын». Барлық адам баласы өмір үшін күреседі. Ақынның да терең философиялық ойға құрылған өлеңдері өмір арпалысын бейнелейді. Лирикалық кейіпкер бейнесімен сол арпалыстағы өз ойын суретті сөздермен өлең жолдарында өрбітеді. Өмірдің ауыртпалығын қаншалықты көп тартса да, оған деген құштарлығы соншалықты арта түскенін жыр жолдарынан байқаймыз. Ақын еш уақытта қиыншылыққа мойымайды, керісінше, өмірде кездесетін қиындықтан сабақ алып, жанын қайрай түседі. Өмір сүруге ұмтылады. Бұл көріністер ақынның көптеген өлеңдерінде кездеседі.

«Өлеңді – өнер деп ұққан адамның рухын тану үшін, оның творчестволық жолын білуге керек. Сонда ақын тек қуанып қана қоймай, уайым-қайғының да дәмін татып, талай рет бас шайқап, бармақ шайнағанын сезінеміз. Сонда ғана ұйқысыз түндер, көңілді кішірейткен кірбеңдер өткенін ұғамыз. Сонда ғана ақын жаны дауылсыз, ақын ойы тұмансыз емес; гәп дарын – дарханда, шабыт – шалқарда» [8, 121 б.]. Ақын жүрегі нәзік. Ақын өлеңдері оның жанының нәзіктігімен қатар, қайтпас қайраттылығын, дұшпанына оңай мүжіле салмас мықтылығын танытады. Ақынды ақын етіп биікке көтерген де осы қасиеті. Осы асыл қасиеті жырларынан көрініп, халқының көңілінде жатталып қалды. Әлі де талай жыр сүйер қауымның жанына сая, дертіне шипа, көңіліне демеу болатынына еш шүбә жоқ. Себебі, ақын жыры түбі сарқылмайтын мөлдір бұлақ, тамырын тереңге тартқан алып бәйтерек, таусылмас рухани қазына. Мұқағали поэзиясының өміршең болуы – адам жанының толғанысын, өмір құбылысын уақыт шындығын, замана құбылысын табиғи қалпымен жыр жолдарына арқау ете отырып, ақиқат әрі әсем етіп бейнелеуінде. «Қуатты талант иесі қашан да өз күшін өнердің қилы-қилы қиын түрлерінде сынайды» [9, 68 б.].

Ол өлеңдерінде өмірді өнермен байланыстыра отырып, суретті сөз өрнектерімен маңызын арттыра түседі. Әрбір сөз адамның жан дүниесімен, көңіл күйімен астасып, сезім толғанысымен жырланып, мәні тереңдей түседі. Ақын жырларынан аңғарғанымыз – өзінің де, өзгенің де нәзік көңілдеріне ешбір қаяу салмайды, көлеңке түсірмейді. Керісінше, ақ пейілімен адалдықты, пәктікті сүйетін ақын жаны өмірге ғашық. Ол жарқырап атқан таңға, жер жағанға нұрын шашқан күнге, барша әлемге, дархан далаға, қыбырлаған тіршілікке ғашық ақын жүрегі. Туысына, досына, өскелең ұрпаққа, бұлақ суындай мөлдір жырларымен елге деген сүйіспеншілігін, сырын телегей теңіз етіп ақтарады. Сезімі сергек ақын жырларынан жалғандық пен сәуегейліктің бір мысқалын да байқамайсыз. Оның сыртқы әсем үлгіге, ішкі терең тебіреніске құрылған жырларында әрдайым басы артық сөз болмайды, керісінше, ықшамдылығымен, ой тұнығымен, шымырлығымен мазмұнын тереңдете түседі. Ақынның таланттылығы да осында болса керек.

М.Мақатаев поэзиясының ерекшелігі – адам көңіл-күйінің сезімдерін дөп басып жырлай білетіндігінде. Мұндай жырлар ақын өлеңдерінде молынан ұшырасады. Ақын өлеңдері өмір шындығынан құралып, қоғам көрінісін, ондағы адамның көңіл-күйін философиялық түйінмен шынайы әрі нақты бейнелей біледі. Мұқағали адам көңіліндегі ойды, мінезіндегі байсалдылықты, күйгелектілікті бойынан дәл байқап, көре алады. Сол көрініс ақын қиялында жырға айналып, оқырманның басындағы сезім, көңіл-күймен астарласып, бірден баурап әкетеді. Жырларында ақын бар болмысымен оқырманымен сырласып, өзінің көңіл сырымен бөлісіп отырғандай әсер етеді. Мысалы ақынның:

*Сауығып келем,*

*Жинап та келем есімді,*

*Сағынып қалдым,*

*Саламат өмір кешуді* [4, 107 б.], – деп шын жүрегімен ақтарыла, өзінің көңіл-күйін сенімен бөліскендей жырлайды. Бұл көріністен ақын оқырманның ең жақын сырласындай көрінсе, келесі жырында:

*Қасқа бұлақ, қасыңнан неге кеттім?!*

*Не деген жел айдаған көбелекпін.*

*Еркіндік, еркелікті місе тұтпай,*

*Тасқа әкеп өзімді өзім шегелепмін* [4, 83 б.], – дейді.

Бұл шумақтан ақын өкінішін сеземіз. Сағыныш, еркіндік, туған жеріндегі еркелік, қимастық сезімі бәрі астасып жатыр. Қасқа бұлақ – туған жерге деген сағынышы. Сол сағынышты өршіткен – ақын жанына түскен дерт. Аурухана төсегіне жіпсіз байланып, қасқа бұлағын аңсаған ақын жанының тебіренісі. «Тасқа

әкеп өзімді өзім шегелеппін» тармағынан ақынның қаладағы өмір-тіршілігін байқайсыз. Ақын бұл көріністі «тасқа» теңеп өте шебер суреттей білген. Ауру мендеп, жаны қиналған сәтінде де ақын өмірден, өлеңнен күдерін үзбейді, өмірге деген сенімін жоғалтпайды.

*Қиын ғой.*

*Қиын...*

*Көшіңді жолға доғарған,*

*Жана алмай бықсып, ошақта отың жоғалған,*

*Жаға алмай сөнсең жалын мен отты,*

*Сол арман,*

*Жалындап тұрып,*

*Өртеніп кетсең, жоқ арман! [4, 108 б.].*

Ақын арманы – көкірегіндегі жырын айтып кету. Барлық асыл арманын халқына арнау, жырымен жеткізу. Қиналатыны «Көшіңді жолға доғарған» дейді. Яғни, камал бұзар шағында орта жолда қалған жаман. Көкірегіндегі барлық арманыңның іске аспағаны өкінішті. Ақын тек осыдан қорқады. «Жана алмай бықсып» шала жанған ағаштай, ісің орта жолда қалса, одан өткен азап бар ма? Одан да жас та болсаң «Жалындап тұрып, өртеніп кетсең, жоқ арман» дейді. Ақын бар арманын жырымен жеткізді, сөйтті де өзі армандағандай «өртеніп кетті». Нағыз кемел жасында жалындап барып, жоқ болды. Алайда, артында мол қазына өзі жанындай жырлаған жырлары қалды. Ақын жыры - ақын жүрегінің сыры. Поэзия мен ақын сыры өлең жолдарында астасып, біріктіріле жырлады. Ақынның ішкі сұлулығы өлең бойына құйылып, поэтикалық ойымен астасып сол арқылы жалындаған поэзия күдіретін танытады. Ақын жалын атқан сезімін «Хал сұрама, жыр сұра» өлеңінде былайша танытады:

*Сен менен хал сұрама, жырды сұра!*

*Ырзамын өміріме, тұрмысыма.*

*Жырды сұра!*

*Ілесіп кетем бір күн,*

*Қайтадан оралмайтын жыл құсына.*

*Айдын көлден ажырап сағатында,*

*Арман кетер аққудың қанатында.*

*Арман қалсын, алайда жыр қалмасын,*

*Жердің мына жетіқат қабатында [4, 62 б.].*

Ақын өмірдің өтеріне қорықпайды, мазасы кетіп қамықпайды. Өмірдің заңы солай екенін сабырлылықпен түсіне біледі. Сондықтан да артында жырым қалса деп армандайды.

*Бас қатырып несіне күн кешемін,*

*Бәрі де өтер...*

*Ешкім де білмес емін.*

*Күнім батпай, алдымен жырым батса,*

*Бір сағат та жер басып жүрмес едім [4, 63 б.].*

Ақын өмірдің бітуін кешкі күннің батуына әдейі теңеген. Өткен өмір батқан күнмен бірдей. Оның емін ешкім де білмейді. Алайда, күнінен бұрын жыры батса, онда ақын үшін өмірдің босқа өткені. Ақын үшін алдымен өмір емес, артында қалар жыры қымбат.

Ақын поэзияның қымбат екенін жырлары арқылы дәлелдейді. Ақынның сезім күйіне шырмалып, өмірдің ауыртпалығын жаны ауыра сезінген сәттерін мына өлеңінен де байқаймыз.

*Еш нәрсенің керегі жоқ!*

*Керегі жоқ, шаршадым!*

*Басымда ұйып тұрып алды әлемдегі бар сағым,*

*Өніп-өскен топырағыма апарыңдар,*

*Тастаңдар,*

*Тауларымды,*

*Қара суды, Қарасазды аңсадым [4, 98 б.].*

Ауру мендеп, дертпен алысқан ақын, бір сәт өмірдің қатыгездігінен жаны ауыра, оған емді поэзиядан іздейді. Өлең ақын дертінің емі. Поэзияның күдіреті арқылы жанға дауа, дертке шипа табады. Бар сырын өлеңге айтып, мұңдасқанда ақын көңілі күн шуаққа бөленіп, жеңілдікті сезінеді. Ақын өлеңімен туған жердің қасиетін бейнелейді. Туған жер ақын үшін ең ыстық, жүрегіне жақын қасиетті жер. Ақын емінің шипасын көңілінің дауасын туған жерден іздейді. «Өніп-өскен топырағыма апарыңдар» деуі сондықтан. Оның ақындық шеберлігі жыр дүниесінің болмысын туған жердің қасиеттілігімен байланыстыра жырлай білуінде. Жаны қиналса да, ақындық күдіретпен өлеңнің мазмұнын әлсіретпей, көркемдік құнын төмендетпей, керісінше, бар күшін айтар идеясын терең ашуға жұмсап, жырлайды. Дерт қысқан ақынның

туған жерді аңсауы мазмұны жағынан терең ашыла түскен.

*Енді емделсем,  
Туған жердің топырағымен емделем,  
Ескек желмен ентігімді  
Басқанымды жөн көрем.  
Неге керек сән-салтанат, ию-қию, той-думан,  
Таудың ерке тағысымын, тағысымын  
Мен деген [4, 98 б.].*

Туған жердің қасиетін бар болмысымен жоғары бағалап жырлайды. Таудан соққан желдің самалы ақын көңіліне демеу, дертіне дәру, жанына шипа. Ақын өзін «Таудың ерке тағысымын» дейді. Өлең бойында ақынның туған жерге деген сағыныш сезімі өріліп жатыр.

Ақын болмысын, жаны, жүрегі ауыра күйзеліске түсіп, қиналған бейнесін «Шаршадым білем» өлеңінен байқауға болады. Алайда, бұл көрініс өмірден баз кешіп, безініп кету емес, керісінше, өлеңге, өмір сүруге өзін-өзі қайрау, қайраттылық таныту деп түсінеміз. Себебі, ақын үнемі ізденіс үстінде. Оқырманның көңілін дөп басатынын жырлары жанданып, түрленіп, өзіндік бояуымен айқындала түседі. Поэзиядағы асқақ үнімен оқырман қауымның ыстық ықыласына бөленген.

Үнемі тыным таппай ізденіс үстінде болғандықтан өлең-өнердің ауыр соқпақтарындағы қиындықтардан шаршаған ақын:

*Шаршадым білем,  
Жантая кеткім келеді.  
Миыңды жеген, құрысын бүйткен өлеңі!  
Күйзеліп тапқан көңілімдегі көрікті ой,  
Аузымнан түссе, адыра қала береді [4, 90 б.], – деп жырлайды.*

Ақын бір сәт «миын жеген» өлеңнен дем алғысы келеді. Бұл жолдар ақын осалдығын емес, керісінше, өлеңге деген жауапкершілігін, көзқарасының тереңдігін танытады. Өлеңнің «қиыннан қиыстыру» жолдарының қаншалықты ауыр екенін сезінесіз. Ақын осы жолдардан өткен. Поэзияға жеңіл-желпі карамай, терең сезіне отырып, өлең – сөздің сан түрлі құпия – қалтарысына үңіліп, ақындық сезімталдықпен, көкірек көзінің көрегендігімен жырлағанын аңғарасыз. Поэзияға деген үлкен талап, ыстық махаббат зор жауапкершілік жүктейді. Ақын соны сезінген, сондықтан да:

*Көрер едің,  
Шаламын ба, отпын ба?  
Білер едің,  
Ақынмын ба? Жоқпын ба?... [4, 123 б.].*

Екі жырда ақынның екі түрлі сезімі жырланған. Алғашқы жырында өлең-өнердегі ақынның үнемі ізденіс үстіндегі бейнесін көрсек, екінші жырынан поэзиядағы алаулап жанған ақын мінезін байқаймыз. Ақын бар сырын «Сырым да – осы, жырым да – осы, алдында» деп шын жүрегімен ақтарыла жырлайды. Бағасын халықтың еншісіне қалдырады.

М.Мақатаев поэзиясы жайлы белгілі ғалым Б.Кәрібаева: «Мұқағалидың ақындық лабораториясы шынында да күрделі. Өйткені, ол алдымен адам болып өмір сүрді. Онда да от пен судан жасқанбайтын, сәби көңіл, батыр қолды, ақын жанды жаратылысымен өмірлік ситуациялардың қайсысымен болса да бетпе-бет келіп жүрді. Ендеше ол үнемі муза қууға туған жан бола тұра өнерден гөрі өмірмен қоян-қолтықтасуға мәжбүр болды. Ақынның осы адалдығының өзі (өмірге) поэзиясына қолтаңба қалдырды. Ақын образын, стильдік бет алысын айқындады. Ақынды өлтірмейтін негізгі қасиеті – осы. Ақын өз поэзиясымен тірі тұлғасын сомдап кеткендей. Өмір мұраты – адамзат көшінен еш қалмайтын, ескірмейтін мәңгілік мәселе ғой. Осы тұрғыдан Мұқағали мұрасының ғұмыры ұзақ» [10, 130 б.], – деген пікір айтады. М.Мақатаев ғұмыры өлеңімен әлі сан ұрпаққа жалғасары даусыз. Қай жырын алып қарасаңыз да өмірмен етене байланысқан, тіпті, жымдасып кірігіп кеткендігін айтады Б.М.Сұлтанова. Ол бүкіл творчествосында өмірге ғашық болған жан. Өлеңдері өмірдің өзіндегідей адамды бір жылатып, бір күлдіріп, бір ысытып, бір суытып, оқырманын сан түрлі толғанысқа түсіреді. Оның отты жырларынан өмірге соншама қимас көзбен қарайтын үлкен ақын жүрегінің лүпілін сезгендей боласыз. Мұқағалидың жаратылысы, жан дүниесі, сыры мен шыны, мұңы, өмірге көзқарасы, дүниетанымы, азаматтық позициясы, яғни, барлық болмысы оның жырларынан көрінеді. Өмірді өлеңмен өзектестіріп, сырлы да сұлу сөздерге жан бітіре өре білген ақынның сезініп, жүрекпен ұғына білу керек. Ақынның барлық қасиеті өлеңдерінде көрініп тұр.

1 Сүйінішәлиев Х. Ғасырлар поэзиясы. – Алматы: Жазушы, 1987. – 216 б.

2 Сыдықов Т. Мұрат пен міндет. – Алматы: Жазушы, 1987. – 316 б.

3 Мақатаев М. Соғады жүрек. – Алматы: Жазушы, 1982. – Т. 1. – 320 б.

4 Мақатаев М. Аманат. – Алматы: Атамұра, 2002. – 304 б.

5 Серікқалиев З. Ойлар, толғаныстар. – Алматы: Жазушы, 1967. – 186 б.

6 Мақатаев М. Өмір дастан. – Алматы: Жазушы, 1976. – 231 б.

7 Мақатаев М. Қарасаздан ұшқан қарлығаш. – Алматы: Жалын, 1999. – 220 б.

8 Тоқбергенов Т. Ай мүйіз. – Алматы: Жалын, 1990. – 336 б.

9 Әлімбаев М. Қалам қайраткері. – Алматы: Жазушы, 1976. – 224 б.

10 Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы. – Алматы: Жазушы, 1998. – 151 б.

11 Сұлтанова Б.М., Ілияс Жансүгіров лирикаларындағы алашшылдық идея, Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №2, 2015 ж.

#### Резюме

Мұхамәдиев Д.Б. - к.ф.н., ст. науч. сотрудн,

Бегманова Б.С. - Казахский государственный женский педагогический университет, к.ф.н., и.о. ассоц. проф

#### Философский мотив в лирике М.Макаатаева

В этой статье анализируется поэзия М.Макаатаева в философском направлении. Жизненные явления в поэзиях поэта рассматриваются в связи с человеческим настроением. Поэзия создается чувствами. Оно наслаждает человека разными чувствами наслаждения и неизвестным загадочным силой касающийся только поэзии. В основном, разные чувства человека это природный дар и миг наслаждения человека. Потому что, есть свойственные наслаждения чувств-печали и радости. Поэзия учит чувствовать, воздействует на сердце человека почувствовать влияния, которые оно не способен сам чувствовать. Поэтому поэзия называется «Зеркалом человеческого чувства».

С любых строк поэзий поэта можно замечать состояние автора. В стихах М.Макаатаева можно встретить чувства с которыми часто сталкивается каждый человек, такие эмоции как –тоска, желание, страсть, облюбование, радость, обида, грусть, сожаление. Поэзии поэта состоит из тоски ожидания хороших надежд от будущего. Эти качества поэта являются особенностью его поэзии.

**Ключевые слова:** образ, поэзия, лирика, жанр, стиль, жанрово-стилевая палитра, анализы, литературоведы, критики, цикл стихов

#### Summary

Mukhamadiyev D.B. - Cand.Phil.Sci., the Art., Begmanova B.S. - Kazakh state women's pedagogical university, Cand.Phil.Sci.

#### Philosophical motive in M. Makataev's lyrics

This article analyzes the M.Makataev poetry in the philosophical direction. Life phenomenon in the poetry of the poet is considered in connection with the human mood. Poetry creates feelings. It enjoys a person with different feelings of pleasure and unknown mysterious strength concerning the only poetry. Basically, the different feelings the person is a natural gift, and a moment of human enjoyment. Because there are inherent sense enjoyment, sadness and joy. Poetry teaches us to feel affects the human heart to feel the influence of which it is not able to feel himself. Therefore, poetry is called "Mirror of human feeling"

With any lines of the poet's poetry can ignore the state of the author. In M.Makataev verses can be found feelings that are often faced by everyone, such as the-melancholy, desire, passion, take a fancy to, joy, resentment, sadness, regret. Poetry is the poet of melancholy expectation of good hope from the future. These qualities are a feature of the poet of his poetry.

**Keywords:** image, poetry, lyrics, genre, style, genre and style palette, analyzes, literary critic, a cycle of poems

УДК 32.019.51

### KYRGYZ CLAN SYSTEM IN CONTEMPORARY ORAL SOURCES (CASE OF MADANIAT VILLAGE IN KYRGYZSTAN)

B.B. Isakov – PhD, Department of Sociology, Kyrgyz Turkish Manas University, Bishkek, Kyrgyzstan

This paper focuses on self-identification of the inhabitants of Madaniat village in Chuy region, Kyrgyzstan. Basing mainly on oral sources, it argues that pre-Soviet tribal confederation of Kyrgyz people totally transformed into the Soviet kolkhozes and this clanship emerged on the surface after the Soviet collapse. In the selected village, all the inhabitants consider themselves as the descendants of Zharban hero. But, investigating the geneologic tree of Jarban clan it makes clear the real picture of Jarban sublines and interrelations among the clan sub groups.

**Keywords:** Kyrgyz clan system, Kyrgyz tribal confederation, self-identification

After the Soviet collapse, due to the displayed symptoms of stagnation most Kyrgyz people forced to face the challenge of liberal market economy. In this case clan-based animal husbandry gained again its importance turned into the most-preferred livelihood strategy for the post-Soviet rural population of Kyrgyzstan. These gave a chance to rural people to fame their clan identities and create their own clan heroes. Currently almost all the households in rural Kyrgyzstan try to exalt their traditional clan heroes and leading personalities in the past. For the

fame of the clan and recognition around, they organize some traditional ceremonies (anniversary celebrations, heroic acts, etc.) including building of hero statues. Thus there is a tendency in some rural parts to go ahead making their clan names as their basic social identity within the villages.

The literature exploring the ways people have reoriented their social life on to clan system displays as a result of the economic changes following market reforms in post-socialist countries and the implications of changes for rural political organization, administrative arrangements, and power relations. Here, power relations directly relate to the clan-based power in many post-Soviet republics since in all five Central Asian countries power was affected deeply by clanship system almost all the spheres of the social and economic lives. Oliver Roy who has done research on those all five Central Asian countries says that clan system played significant role on the formation of Soviet kolkhozes as well since the pre-Soviet clan-based social structure preserved its shape and transformed into the Soviet local entities so-called *kolkhoz*. Consequently there formed bulk of 'one clan- one village' system in entire Central Asia.

Some domestic and international literatures also deal occasionally with the clan system of Kyrgyz people within the *post-Soviet studies* category. But, I would say that the domestic literature approaches to the subject mainly essentialist while the non-Kyrgyz scholars who deal with present-day condition of the subject evaluated the clan tradition on surface.

Bulk of Soviet scholars like S.II'yasov, (1955), M.Aitbaev (1957), G.Antipina (1958) and S. Abramzon (1971) dealt with clan system as well though their studies have been done being under the significant influence of Soviet ideology.

This article focuses on contemporary clanship practice of post-Soviet Kyrgyz people in the case of lineage groupings in Madaniyat village and argues that for the every village inhabitant being a member of the leading lineage grouping gives access to whole social and economic resources within the village. In other words, every village family try to show themselves as a descendant of leading lineage so-called *Zharban* in order to be in good relation with others and benefit from social and economic network of the village.

### Methodology

Fieldwork materials collected in 2006-2007 in Madaniyat village consist the main data of this paper. The Madaniyat village is in Chuy Province, northern part of Kyrgyzstan and in about 80 km away from capital city Bishkek. (See the map 1).



map 1: Madaniyat village. The map of Kyrgyzstan

Building on my previous research, a total of 42 families interviewed from the sampled village. The inhabitants of the village are ethnic Kyrgyzes so I had no difficulty in establishment of relation with locals. As for the clan system in the subject village, the village inhabitants call themselves as the descendants of Zharban. During the numerous field visits, I realized that the village inhabitants collected money and built monument of Zharban hero at the main entrance of the village. Even some villagers published a small brochure on the genealogy of Zharban hero and his heroic acts.

### Early Settlements

As it was in other regions in Kyrgyzstan, with the increased Russian transmigration into the Chuy region, locals learnt how to build immovable houses from their new neighbors. Initially lots of locals could not be addicted to the house type living that was immovable and irrelevant to their lifestyle. But in the course of time, they gradually got accustomed and started to use houses in their winter camps. To some extent, though house started to build, the settlement itself was scattered as it was in the figure below: (figure1).

As it is shown from the figure, settlement shape of locals in one place or in their winter camp was like this, from the end of 19th to the first quarter of 20<sup>th</sup> century. Blue lines on both sides are small streams. The mid of the two streams were winter quarters of Zharban descendants.

After 1920, the newly established Soviet regime started forcible settlement process of nomadic groups and as some informants from the Madaniyat village informed, there came some Russians and chose the place for village formation. Later locals were asked to move into the village and thus started settling into the kolkhoz in 1926-27 years. Again as the locals explained, this settlement process lasted for many years and the formation of village which currently called Madaniyat completed in 1940 years (Figure 2).

Now we need to come back to social structure, because actually we need to analyze social development and tribal establishment of the village. Currently there live over 140-150 households of Jarban clan in the village and they are divided into different lineages like: *Aksakal*, *Chetki*, *Kenjeke*, *Kubat*, *Manap*, *Monoldor*, *Jumash*, *Jakshulyk*, *Jetigen*, *Saruu* and others. The smallest of them has at least 4-5 families and the largest of them has over 20-25 families. Today walking in the streets of village, if you ask a question to any of villagers wishing to learn to which clan does he/she belongs, they answer that “I am from Jarban clan” or “All the villagers are from Jarban, why are you asking?”. Jarban or Jarban Baatyr was a Kyrgyz hero who fought against to Kalmuk invaders in 17<sup>th</sup> century. Everybody in the village knows about his acts of heroism and all of them believe that they are the descendants of this hero. After 1991, his heroism acts started to take part in textbooks and elderly ones in village made his heroism legendary. In 2003, in one corner of the village was built a monument in the name of Jarban Baatyr. Such kinds of pioneering activities of Jarban members carried out in Soviet period as well.





Figure 1: Scattered settlement of households before the formation of Madaniyat village

Once investigating the geneologic tree of Jarban clan I noticed some mixed parts, exactly I could not find Saruu lineage among the Jarban sublines. But there was a group called Saruu in the village which belongs to that clan. I carried out investigation but I could not find any information on Saruu and Jarban relation. I searched thoroughly all the *Sanjyra* (geneologic tree) works and the results of scientific research expedition which was organized by S.M. Abramzon in 1950-55 years. But any written materials confirmed legality of Saruu among Jarban lines.



**Figure 2:** Settling of households in the kolkhoz

Later, I talked with some Saruu members in village, but they told me that Saruu belongs to the clan. Their words mixed the condition further and then I continued investigating among elderly villagers. Actually lots of them did not know whether the Saruu group really a line of clan or not and just replied me ‘they are inside of clan’ instead of saying ‘They are a line of clan’. Later one of informants said that he didn’t know whether Saruu belongs to Jarban or not, but mostly the Saruu members did not say openly their line name’. This made me think and ask a question ‘do they avoid saying their line name frankly?’. Later I told a Saruu member about the nonexistence of Saruu among the clan sublines, he replied that Saruu was forgotten when the clan genealogy writing taken up. This was quite strange answer, because it was incredible to forget line name not in one but in other written materials.


The same situation appeared with another lineage *Chetki*. There are over 4-5 families of it in village. In the same way, according to the written materials and results of scientific research expedition, Chetki group does not belong to Jarban. Some of informants in village also confirmed that this group is out of the clan. But when I talked with some members of the group, they did not accept their illegality in the clan. Then I requested from one, to count his ‘seven ancestors’, in order to find out their real tie to the clan but he could not count it.

The other group members of *Manap* line are also showed themselves under Jarban clan identity. According to the written materials, Manap is not a line of Jarban, on the contrary Jarban is a line of Manap clan (**fig:).** But in one way or another, instead of Manap, Jarban has pioneered in the village. Lots of Manap members know that their line is bigger than Jarban, but in spite of that they say that they are from Manap and it belongs to Jarban clan”. These situation made me think differently on it, because it could be quite possible that for the formation of the last circumstance arised from Soviet policy which destructing former traditional heritages. Because among the traditional administrative positions like ‘biy’, ‘bek’ and ‘han’, there was another position called ‘Manap’ before the Soviet time. By the arriving of Russians, almost all kinds of cultural heritages started to change or put away and those administrative positions also removed. Because of being contrary of former titles expression to the regime, the clan Manap could lost their equality in social and political scene and could be fall into pieces and move in different clans.

In the end, I fixed lots of conditions on changing of clan identity in the village or in other words, as part of the above-mentioned groups, some other lineages like *Monoldor*, *Jetigen*, *Ayuke* and *Jakshylyk* in the village changed their identities as well. Even there was a man who were ethnically Kazakh and interestingly call himself that he is from Jarban clan. In his explanations, his father moved from Sailyk place to the village in 1932, with his neighbors who were from in the same clan. He made his family genealogy which leads him to *Aksakal* group which is inside of Jarban clan though some villagers secretly said that he was ethnically Kazakh whose parents came into Jarban clan during the ‘Kazakhs came’ or Kazakh famine in early 1930s.

As a conclusion, there could be stated followings points: first, the practice of *being within the network of Zharban* is the main reason why all the village inhabitants both Zharban and non-Zharban families. People prefer unity and harmony first than the clan belonging since this network bases on social and economic solidarity. Everybody in the village needs to be socially inside of the Zharban clanship and benefit from the network. If one say that his lineage does not belong to Zharban, he and his family should be treated as ‘other’ within the Zharban based social and economic life.





**Figure 3:** List of non-Zharban lineages

Secondly, the status of superiority, or the world practice clearly displayed that the right of minorities is usually neglected in front of majority. During the Soviet time, management and ownership of speech were in Jarban's power who constituted 80% of village population. The first chieftains and influential peoples of the village were from this clan. According to the Soviet system everybody was equal and everybody was able to use all the opportunities which was provided by the system, but in spite of that majority groups in the villages were morally superior than others. Monoldor, Chetki, Jetigen and Saruu groups were pleased of the general system of Soviet regime, so they should not try to defend their rights and break the unity in the village not to suffer from it later. This circumstances made the minor groups to be in one leading roof and they made the Jarban identity their own. Otherwise the attitude that means "If you are not a member of our group, so you are other one" could be appear anytime and this should limit their main necessities like membership to network, access to good things and of course authority.

1 Olivier Roy. *The new Central Asia. The Creation of Nations*. New York: New York University Press, 2005, p.18.

2 Beksultanova, Ch. & Bolponova, A. 2011. "O Progressivnosti Nomadizma", *Voprosy Istorii Kirgystana* 2011/1: 1-7; Bolponova, A. & Beksultanova, Ch., 2010. "Elementy Kochevoi Identifikatsii Kirgyzov", *Voprosy Istorii Kirgystana* 2010/4: 1-9.

3 Farrington, J., 2005. *De-Development in Eastern Kirgystan and Persistence of Seminomadic Livestock Herding, Nomadic Peoples*, vol. 9, no. 1: 171-197; Jacquesson, S., 2007. "Whom They are a Part of? Do they Split?: On Kinship and Descent among the Kirgyz". *Anthropological Workshop of the MPI for Social Anthropology*. Halle: [http://academia.edu/1709577/On\\_Kinship\\_and\\_Descent\\_among\\_the\\_Kirgyz](http://academia.edu/1709577/On_Kinship_and_Descent_among_the_Kirgyz) (25.05.2011); Yoshida, S., 2005. "Ethnographic Study of Privatization in a Kirgyz Village: Patrilineal Kin and Independent Farmers". *Inner Asia*, 7/2: 215-247.

4 Abramzon, S.M., Antipina, K.I., Vasileva, G.P., Makhova E.I., & Sulaimanov D. 1958. *Byt Kolkhoznikov Kirgizskikh Selenii Darkhan i Chichkan: Kolkhoz Imeni K.E. Voroshilova ("Ala-too") Pokrovskogo Raiona Issyk-Kul'skoi Oblasti i Chichkan*. Moscow: Akademia Nauk SSSR; Aitbaev, M., 1957. *Istoriko - Kulturnyye Svyazi Kirgizskogo i Russkogo Narodov (po Materialam Issyk-Kul'skoy Oblasti Kirgizskoi SSR)*. Frunze: Izdatelstvo AN Kirgizskoi SSR. Ilyasov, S. 1955. "O Sushnosti Patriarhalno-Feodalnykh Otnoshenii u Kochevykh Narodov Kirgizii (sodoklad)". *Materialy Obyedinennoi Nauchnoi Sessii, Posviashennoi Istorii, Srednei Azii i Kazhstana v Dooktiabrskii Period*. Tashkent: Izdatelstvo AN Uzbekskoi SSR: 43-49.

5 The place of village was in their winter camp or lots of villages in Kirgystan formed in the places where local people had their winter camps before.

6 Today this village is in Chuy raion, Chuy region, Kirgystan

7 Kenenbaev Kubat (birth:1924-); Arzymatov Kemelbek (birth:1931-); Abykeev Coldoshbek (birth:1947-); Chungyshbaev Talabidin (birth:1953-); Beysheev Ajiye (birth:1941-); Jamangulov Sabyrkul (birth: 1947-); Isagulov Kanybek (birth:1941-)) residents of Madaniat village, Chuy raion, Chuy region.

8 The names of other lineages in the village are: Ayuke, Eshmanbet, Kenjeke, Nurmanbet, Tultemir and Uku.

9 S. A. Alymkulov, "Madaniat Ailynin Taryhynan", Baardygy Ozubuzgo Baylamyshtuu, Bishkek 2005, p. 4.

10 Jamangulov Sabyrkul, (birth: 1947-), resident of Madaniat village, Chuy raion, Chuy region.

11 S. M. Abramzon, "Tunduk Kirgystandyn Kirgyz Kalkynyn Etnikalyk Kuramy", *Kirgyz jana Kirgystan Taryhy Boyuncha Tandalma Emgekter*, Bishkek 1999, p. 668.

12 Mukashev Salamat, resident of Madaniat village, Chuy raion, Chuy region; Sultan Eshbaev, resident of Madaniat village, Chuy raion.

13 S. M. Abramzon, "Tunduk Kirgystandyn", p. 668.

14 Kerimov Suyorkul (birth:1936-), resident of Madaniat village, Chuy raion, Chuy region



15 "Counting of Seven ancestors" is a traditional comprehension of people and the same time it is the moral confirmation of clan member legitimacy of male ones.

16 Esenkul Torokan Uulu, *Kyrgyzdyn Kyskacha Taryhy, I, Bishkek 1995, p. 197.*

17 Jamangulov Sabyrkul, (birth: 1947-), resident of Madaniat village, Chuy raion, Chuy region.

18 This place is over 25-30 km far from Madaniat village.

#### Резюме

**Исаков В.Б.** - PhD. отделение социологии, Кыргызско-Турецкий Университет Манас, Бишкек, Кыргызстан

#### **Оозеки маалыматтар боюнча азыркы Кыргыз кландык системасы**

#### **(Кыргызстандагы Маданият айылы мисалында)**

Бул макалада, Кыргызстандын Чүй облусундагы Маданият айылынын тургундары арасында байкалган идентификация маселесиндеги адаатан тыш көрүнүшкө көңүл бурулат. Өздөрүн Жарбан легендарлуу баатырдын урпактарыбыз деп эсептешкен айыл тургундары, өздөрүнүн чыныгы таандык болгон уругун жашырып келишкен. Аталган макалада, оозеки сурамжылоого таянып, жана жазма маалыматтарга негизделип, аталган маселенин себептери мисалдар менен талкууга алынат.

**Өзөктүү сөздөр:** кыргыз клан системасы, уруу конфедерациясы, идентификация

#### Резюме

**Исаков В.Б.** - PhD. отделение социологии, Кыргызско-Турецкий Университет Манас, Бишкек, Кыргызстан

#### **Кыргызская клановая система в современной устной истории**

#### **(на примере поселка маданият в Кыргызстане)**

Данная статья посвящена необычному явлению в самоидентификации кыргызских жителей поселка Маданият в Чуйской области, Кыргызстан. Жители данной местности, считающие себя потомками легендарного героя кыргызов Жарбан баатыра, представляют собой отдельный клан, члены которого скрывают свое настоящее происхождение. В данной работе рассматриваются причины и предпосылки появления этого явления на основе результатов устной истории.

**Ключевые слова:** Кыргызская, клановая система, клановая конфедерация, самоидентификация

ӨОЖ 821.512.122.09

## **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ПОСТМОДЕРНИЗМ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ЭСТЕТИКАСЫ**

**Абдул Рахманұлы Абдулкәрім** – *М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты және әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 2-курс магистранты*

**Ғылыми жетекшісі:** *ф.ғ.д., профессор А.Ісмақова*

Мақалада қазіргі әдебиет эстетикасы мен постмодернистік тенденциялардың генезисіне шолу жасалып, Отандық ғалымдардың ғылыми тұжырымдарына баға берілген. Мақаланың негізгі бөлігі әдеби ағым түсінігі, оның пайда болу, даму, құлдырау себептері мен жазушы-ғалым-оқырман үшбірлігі негізінде әдеби талғам мен сұраныстың өзгеру негіздері тарихи уақыт тұрғысынан бағаланады. Бүгінгі әдеби эстетиканың қалыптасуындағы басты себептерге шолу жасалынып, бүгінгі күндегі постмодернистік тенденциялардың пайда болу алғышарттары сипатталады. Осы тұжырымдар сүйене отырып жазушы Бақытжан Момышұлы шығармашылығына талдау жасалынады.

**Кілт сөздер:** постмодернизм, әдебиет эстетикасы, интертекст генезис

Әдебиет әрдайым жаңарып, түрленіп отырады. Оған тән бүгінгі тенденциялар ертең жаңа тенденциялармен толығып, алдыңғысы кейінгісімен ысырылып отырады. Кейде әдебиеттанудың қызметі осы тенденциялардың ізімен жүріп отырып, оларды тану, сипаттап беру ма деп қаласың. Нәтижесіз, мәнсіз жұмыс сияқты. Тауды тасқа көтермек болған ежелгі антикалық аңыздың кейіпкері сияқты өнімсіз шаруа істеп жатқандай көрінесің өз-өзіңе. Себебі бір тенденцияны танып болдым дегенде екінші тенденция туындап жатқанын байқайсың, одан да осы тенденциялардың туу, алмасу тарихын ұғуға талпыну мағыналы шаруа ма деп қаласың. Сондықтан да көптеген тенденцияларға сәл биіктен, тарихи циклдарды көзбен көріп отырғандай үлкен уақыт аралығын қамтып отырып баяндағың келеді, баға бергің келеді, ой тұжырымдағың келеді. Бүгінгі күндегі осындай тенденциялардың ең үлкені, ең күрделісі, әртүрлі пікірмен, көзқарастарға толасы постмодернизм екені анық. Біздің мақаламыздың «постмодернизм және әдебиет эстетикасы» деп аталуы да сондықтан.

Жалпылама алғанда постмодернизм ұғымы мен әдебиет эстетикасының байланысы аз, мағынасы алыс сияқты көрінеді. Әрине бұл жалпылыма алғанда ғана. Себебі, біздің бүгінгі мақаламызда қарастырылып

отырған постмодернизм ұғымы таза әдеби ұғым емес екені баршамызға аян. Бүгінде постмодернизмді постиндустриялды қоғамның мәдени ахуалы ретінде қабылдау кең тарап отыр [1] [2] [3] [4]. Ал, әдебиет эстетикасы талғам мен талап тоғысында туындайтын, прагматикасында рухани азық, ләззат ретінде ұғынылатын абстракциялы ұғым. Бірі жалпы қоғамдық мәдени ахуал болса, екіншісі әдебиет категориясы ғана. Осы ретте, «онда осы мәдени ахуалдың әдебиеттегі көрінісі қандай, оның әдеби эстетикаға қатысы қанша?» деген сұрақ туындауы орынды сияқты. Шама шарқымызша жауап беріп көрсек...

Ең алдымен постмодернизмдегі қоғамның мәдени ахуалының өзгеруі, жаңаруы оның рухани өмірдегі тенденцияларының, танымының, талғамының өзгеруімен байланысты. Ал, әдебиеттегі рухани талғам мен танымды танытатын, тенденциялардың бағытын белгілейтін әдебиет эстетикасы екені бәрімізге аян. Демек жалпылама алғанда қоғамның мәдени ахуалын білдіретін постмодернизмнің әдебиеттегі ең алғаш көрініс беретін жері де осы әдебиет эстетикасы екені анық. Постмодернизмнің жалпылама мәдени ахуалды білдіретін ұғым екенін ескеріп, оның осы призмалық көпқырлылығымен қамту мақаламыздың ауқымына сыймайтындығын, ол біздің міндетіміздің, пәніміздің аясына да кірмейтіндігін ескеріп (постмодернизм жалпы мағынасында мәдени ахуал болғандықтан мәдениеттанудың объектісі болып табылады), постмодернизмнің жалпылама табиғатынан гөрі әдебиеттегі табиғатын ашып беру үшін оны әдебиет эстетикасымен сабақтастыра отырып тануға тырысып көрмекпіз.

Постмодернизм де, эстетика да күрделі, көпмағыналы, концепциялық ұғымдар екені рас. Бұл ұғымдарды сабақтастыра алуымыз үшін осы екеуінің түйісетін тұстарын анықтап алу біздің ең бірінші кезектегі міндетіміз болса керек.

Қазірде әдебиеттегі постмодернизм терминін есіткенде ең алдымен интертекст, автор өлімі, хаос, белгісіздік (неопределенность), үзіп алынған сәт (фрагментарность) (А.Исмакова), деканонизация және т.б. сынды қым-қиғаш ұғымдар елес береді. Көпшілікті қинайтын да осыдан туатын сұрақ: «Постмодернизм дегеніміз өзі не, ол қайдан, қалай, не үшін туындап отыр, кімге қажет болып отыр?». Шетелдік ғалымдардың бұл ұғым жайлы көзқарастарын былай қойып өзіміздің ғалымдарымыздың, жазушыларымыздың көзқарасы үшке жарылады. Бірі постмодернизмді жақтап, қолдап отырса (Ә.Қодар [5], Ә.Бөпежанова [6], Т.Әсемқұлов [7]), екіншісі түбегейлі қарсы шығып, мойындамай отыр (Ә.Тарази [8], А.Әлімұлы [9]), ал үшінші топ ғылыми салқынқандылықпен оның бар болмысын тануға, танытуға талпынып отырған бейтарап топ екенін көреміз (С.Қасқабасов [1], А.Исмакова [10], Б.Майтанов [11], Ж.Жарылғапов [12]). Біз үшін ең табысты жол үшіншісі екені анық. Бірақ бұл жерде де біршама сұрақтардың жауапсыз екенін ескеруіміз қажет. Мысалы, академик С.Қасқабасов постмодернизм туралы: «Шынтуайтына келгенде модернизм дегеннің өзі – жаңа деген сөз. Постмодернизм – өндірісі қатты дамыған постиндустриялы елдерде кең таралған. Өйткені, олар бұрынғы классикалық әдебиеттен қол үзіп кеткен. Біз болсақ, классикалық реализмнен, классикалық әдебиеттен қол үзгіміз жоқ. Одан қол үзе алмайтын себебіміз, бізде әлі постиндустриялық қоғам құрылған жоқ. Ол үшін өндіріс өте мықты дамып, капитализмнің ең биік шыңына жетіп, бүкіл өмірдің бәрі индустриялануы керек, қалалық ұлт болып қалыптасуымыз керек. Сосын бүкіл қалалық өмір мен далалық өмір араласып, құжынап жатуы тиіс. Бірақ біз оған жеткен жоқпыз. Сондықтан постиндустриялық қоғам болмай тұрып, постиндустриялық қоғамның өмірін суреттей алмаймыз. Алайда, постмодернистік тәсілді меңгеріп алған біздің кейбір қаламгерлердің ісі сыртқы көрініс ғана. Кейіпкердің сандырақтауы, елес көруі, болмаса кейіпкердің басқа бір нәрсені ойлап, басқа бір әлемге шарлауы, осының бәрі шындап келгенде, өз әдебиетіміздің әсерінен шыққан нәрсе. Постмодернизмнің сыртқы көрінісі қандай деген сауалға жауап беретін болсақ, ол – өмірдің бейнесінен алыстап кету, ойда жоқ нәрсені айту. Я болмаса, елес қуып, адамның екіге бөлінуі, екі ойлы болуы, сандырақтап бір нәрсені айтуы [11,4]». Бәрі түсінікті бірақ кеудеде бірден туатын сұрақ «неге? не үшін?». Яғни, «өмірдің бейнесінен алыстап кету, ойда жоқ нәрсені айту, елес қуып, адамның екіге бөлінуі, екі ойлы болуы, сандырақтап бір нәрсені айтуы» не үшін әдебиетке келді, қандай қажеттіліктен туды? Ондай жазуды эстетикалық талап дәрежесіне жеткізген не? Дәл осы сұрақтарды ғалым А.Исмақованың: «постмодернизм – белгілі-бір ғылыми теориялық, философиялық, эстетикалық пайымдаулар кешені. Постмодернизм – қазіргі менталитеттің сипаттамасы, дүниетанымдық тәсілі». Постмодернизмде «...бәріне күдікпен қарау – әлемді танудың кілті іспеттес. Маңаймыздағының бәрі жалған, әрбір өтірік өзінің уысында шындықтың бір бөлшегін сақтауда, ал әрбір ақиқаттың өзінде бір тамшы болса да у бар деп санайды бүгінгі постмодернистік авторлар [10, 65]» – деген піріне қатысты да, ғалым Ж.Жарылғаповтың: «Постмодернизм – постәдебиет. Яғни дәстүрлі әдебиеттен кейінгі құбылыс. Бұл – антижүйе. Бұрынғы әдебиеттен оқырман өзінің арман-аңсарларын табатын, жазушы өмірдің мәнін түсінуге көмектесетін. Қазір тек қана әдебиеттің дүниесі, мәтіндердің жиынтығы болып қалды. Мұндай шығармалардың тәрбие-лік, гуманистік ролі туралы да ойланатын кез келді [12]» – деген пікіріне қатысты да, ғалым Б.Майтанов-

тың: «постмодернизмдегі ең басты дүниетанымдық ерекшелік – керітартпа романтиктердегі сияқты өзіне таныс өмір сиқынан түңілушілік. Олар айналаны өзгертуге де тырыспайды. Бәрін шарасы таусылған көзбен, тіпті бейтараптықпен, қадыры кетілген көбінесе өзіне қаратылған ащы мысқылмен (самоирония, тіпті самопародия) топшылайды. Үкім айтуға ұмтылмайды. Сырт қарап қана ілбіп отыратындай. Шын мәнісінде бұл сияқты бетперденің (маска) ішінде керемет қарсылық тулап жатады [11]» – деген пікіріне қатысты да қоя аламыз. Атпағымыз, постмодернизмді алыстан бағалап, оның әдебиет алаңында туындауына әсер еткен тарихи-әлеуметтік аспектілерді ескермей, дәл осы уақыттағы ғана кейпін оған қарама-қарсы тұрып сипаттаумен, түсінуге талпынумен барлық сұрақтың жауабын тауып, постмодернизмнің табиғатын ашып берудің беймүмкін екендігі болып отыр. Жоғарыдағы пікірлердің бәрінде постмодернизмді қазірде әлемдік мәдени-эстетикалық қуатты құбылыс ретінде емес, қозғалыссыз хал үстіне жатқан науқас сияқты сипаттау басым. Постмодернизмнің «өмірдің бейнесінен алыстап кету, ойда жоқ нәрсені айту, елес қуып, адамның екіге бөлінуі, екі ойлы болуы, сандырақтап бір нәрсені айтуы» болсын, постмодернизмде «...бәріне күдікпен қарау – әлемді танудың кілті іспеттес» болсын, «постмодернизм – постәдебиет, яғни дәстүрлі әдебиеттен кейінгі құбылыс» деуіміз болсын, «бәрін шарасы таусылған көзбен, тіпті бейтараптықпен, қадыры кетілген көбінесе өзіне қаратылған ащы мысқылмен (самоирония, тіпті самопародия) топшылайды» деуіміз болсын постмодернизмнің неге, неліктен туғанын, не үшін қажет екенін танытпайды, эстетикалық мотивировкасын түсіндіріп бере алмайды. Бұл біз постмодернизм құбылысындағы әдебиет эстетикасымен сабақтастыра отырып жауап таппақ болған сұрақтарымыздың, қызығушылығымыздың бірінші қыры, себебі болатын. Ал, екінші қырынан келгенде, жоғарыда постмодернизм постиндустриалды қоғамның мәдени ахуалы дедік. Оның әдебиеттегі көрінісі көбіне әдеби ағымдардың табиғатына жақын болып келеді. Бірақ бұл ретте постмодернизмді ағым ретінде қарастыру біршама қиындық та тудыратыны бар. Мысалы, ағым атаулының арнасы болады, бағыт бағдары болады, шегі, шекарасы болады, белгілі бір шарттылықтары болады, ал постмодернистік таным атаулы шектеу мен шекараға, арна атаулыға, шарттылық атаулыға жаны қас болып келеді. Бұл ретте постмодернизм қабылдауға қанша қиын болса да арнасыздықты басты арна ретінде алып отырғанын көреміз. Сол себепті оның белгілі бір шарттылықтарын атап берудің өзі беймүмкін. Әрине бұл оны тану мүмкін еместігін дәлелдемейді. Тек дәстүрлі әдістердің бұл арнада қабілетсіздігін көрсетеді. (Сондықтан да кейде постмодернизмнің барлық мақсаты да осы дәстүрдің қауқарсыздығын таныту деген тұжырымдар кезігіп жатады, тіптен жоғарыдағы сұрақтардың туындауы да осы дәстүрлі әдістің қауқарсыздығынан да болуы мүмкін). Біз бұл кезекте, жоғарыда айтқандай, постмодернизмнің әдебиеттегі табиғатын оның арнасын, шекарасын тану, «белгілеу» жолындағы әрекеттер барысында емес, осы арнасыздықты тудырған эстетикалық талаптар тұрғысынан қарастыруға, тануға, талдауға тырысамыз.

Сонымен жазушыларға интертекст, елес қуу, ойын элементтері, мифтік элементтер, фрагментарлық, бәріне күдікпен қарау не үшін қажет болды, неліктен эстетикалық талап дәрежесіне көтерілді? Рет ретімен жауап беріп көрсек.

Интертекстуалдылықтың жазушылар шығармашылығында көрініс табуының алғышарттары не болды? Біріншіден, ғалым А.Ісмакова айтқандай: «негізінде постмодернизм постструктурализмнің теориясын, деконструктивизмнің әдеби-сындық талдауын (Йель университетінің) бүгінгі өнердің көркемдік тәжірибесі тұрғысынан тоғыстырады [10, 93]». Ал постструктуралистік эстетика бойынша автор мен оқырман тең құқылы, тіптен кей тұста оқырманның шығармаға қатысты құқығы жоғары болып есептелінеді (Р.Барт, «Автор өлімі»). Және де постмодернистік таным бойынша: «творчество, гениальность, талант сегодня состоят не в том, чтобы создать неповторимый шедевр, поделиться уникальным опытом или раскрыть индивидуальный мир художника, а в том, чтобы открыть текст множеству различных прочтений, чтобы его смыслы заключались не внутри него, а конструировались читателем (зрителем) извне [2, 184]»(дәл осы таным постмодернизмдегі тіл ойындарына да, елес қууға да қатысты) болып табылады. Бірақ бұлардың барлығы ғалымдар пайымдап, қоғам тарапынан қабылданған толыққанды концепциялар болғаны белгілі ал жазушылардың еңбегіндегі интертекстуалдылық элементтері бұдан әлдеқайда алдын көрініс бергенін білеміз және жоғарыдағы концепциялар олардың неге қажет болғандығын да таныта қоймайды. Постмодернистік әдебиеттің белді өкілі ретінде қарастырылатын Х.Л. Борхес өзінің «Пьер Менар, Дон Кихоттың авторы» (1960) атты романында интертекстуальдық, яғни Сервантес «романының кейбір тарауларын ешбір әрпін де өзгертпей» қайта жазып шыққаны айқын көрініп отырады. Әрине, бұл жерде Борхес интертекстуалдылық әдісін қолдануды мақсат тұтқандықтан бұл қадамға бармайды(оның үстіне интертекст термині аталған роман жарыққа шыққан соң жеті жылдан кейін ғана алғаш рет қолданылған болатын). Біздіңше Х.Л. Борхесті мұндай қадамға итермелеген ақпараттанған қоғам мен шығармалардың соншалықты көптігінен олардың сюжеттік желісі басталмай жатып кульмина-

циясын танып қоятындай мүмкіндікке жеткен оқырманға, 30 жылдардағы дағдарыстардан кейін Америка мен Еуропа елдерінің экономикасының тек қана өндіріске ғана емес, тұтынушылық қоғамға да бейімделе бастағандығының нәтижесінде туындаған әдебиеттің де саудаға айналуына, көптеген оқырманды тарту мақсатында жазылатын беллетристикалық романдарға, жанрлық атауы бүкіл болмысын танытып беретін туындыларға (детектив, фантастика) деген эстетикалық қарсылық болса керек (қазірде бұл аталғандардың барлығы бүгінгі постмодернистік мәдени ахуалды тудырып отырған аспектілер деп түсіндіріліп жүр [2] [3] [4]). Бұл біздіңше Борхестің жазушы ретінде оқырманның пассивтілігіне қарсылық танытып, дайын, қабылдауға жеңіл, интеллектуалдық еңбекті талап етпейтін дүниелерді оқудың эстетикалық мәні жоқтығын танытуға тырысуының ерекше үлгісі болса керек. Екінші жағынан бұл шығармашылық процессіне оқырманды да қатыстырудың, оған осы процессті, оның маңызын танытудың ұтымды үлгісі болғандығы да анық. Тағы бір қырынан постмодернистік жазушылардың модернистік жобаға, оның идеалдарына деген көзсіз сенім нәтижесінде туған бірінші, екінші дүниежүзілік соғыстарға, ол жобаның эволюциялық дамуы негізінде пайда болған марксизм, сталинизм, фашизм, тоталитаризм мен коммунизм сынды саяси жүйелерге деген қарсылықтары сол дәуірдің бастауында тұрған, соларға сенген жазушыларға, олардың аңғалдығына (наивность) деген әжуамен (ирония), өзінің де көсемсі, ділмәрсі алмайтынына деген әжуамен (самоирония) (плюралистік қоғам талаптарына сай) және қоғамдық құндылықтарға, ақиқатқа деген сенім дағдарысын (кризисный характер постмодернистского сознания) танытудың, жеткізудің жолы классикалық шығармаларды қайта қарастырғанда ғана мүмкін болды. Нәтижесінде жазушылар шығармашылығында интертекстуалдық әдістер көрініс таба бастады. Әрине осы ретте: «кризис все сделал **хрупким и обреченным**. Упомянутые и другие события и явления и вызвали переход современности в постсовременность. Результатом осмысления происшедших изменений в обществе и культуре стал **постмодернизм**. В самом общем виде он означает **утрату веры в человека, гуманизм, разум и прогресс**. В каждой конкретной области он проявляет себя по-разному [4]».

Әрине бұлар постмодернистік эстетиканың, оған әсер еткен аспектілердің, оның көркемдік әдіс-тәсілдерінің, эстетикалық талаптарының бір бөлшегі ғана. Бірақ осының өзінен постмодернизмнің табиғатын, әдебиеттегі эстетикалық мотивировкасын шамалауға болатын сияқты. Қорыта келгенде ешқандай жаңа тенденция ырықсыз туа салмайды, өзіне дейінгі тізбектің логикалық жалғасы болып табылмақ. Маңыздысы сол тізбекті нақты тани алсақ, түсіндіре алсақ болғаны.

1 Қасқабасов С. «Қазақ әдебиеті», №13, 10 сәуір, 2009 ж.

2 Модерн. Постмодерн. Культура. / Нуржанов Б.Г. – Алматы: «Өнер», 2012. – 336 стр.

3 Ильин И.П. Постмодернизм от истоков до конца столетия: эволюция научного мифа. – М., 1996.

4 Эпштейн М.Н. Постмодерн в русской литературе: Учеб. пособие для вузов / М.Н. Эпштейн – М.: Высш. Шк., 2005. – 495 с.

5 «Әлемдік мәдениеттану ой-санасы» Он томдық. 7-том «Постмодернизм және мәдениет» – Алматы: Жазушы, 2006. – 496 бет. // Постмодернизм жөнінде бірер сөз. Ә.Қодар.

6 Бөпежанова Ә. «Гүлдер мен кітаптар» - мәдениет құбылысы Дидар Амантайдың жаңа романы туралы /Ә.Бөпежанова// Қазақ әдебиеті. – 2005. – 9 қыркүйек. – 12 б.

7 <http://adyrna.kz/> Таласбек ӘСЕМҚҰЛОВ. ИНТЕРТЕКСТ (Ербол Алишынбайдың бір дастанын оқығанда туған ойлар).

8 <http://adebiportal.kz/> Әкім Тарази: «Модернизм, постмодернизм» деп зарлай бастаған білгішті көрсеңіз – маңайынан безе қашыңыз. Демек, ол – дарынсыз».

9 <http://kazgazeta.kz/> МОДЕРНИЗМ... ПОСТМОДЕРНИЗМ... ОДАН КЕЙІН ҚАНДАЙ... ИЗМ?!

10 Исмақова А.С. Асыл сөздің теориясы. – Алматы: «Таңбалы», 2009. – 376 бет.

11 Майтанов Б. Тәуелсіздік – күрес мұраты: зерттеулер мен мақалалар(60 жылдық мерейтойына арналған). – Алматы: «Құс жолы», 2012. – 490 бет.

12 <http://writers.kz/journals/Әдебиет> бұл күндері кіммен егіз?

#### Резюме

Абдул Рахманұлы Абдулкерим – магистрант 2-курса КазНУ  
им. аль-Фараби и Институт литература и искусство им. М.Ауезова

#### Постмодернизм в современной казахской прозе и эстетика литературы

В данной статье оценены научные выводы и исследования современной эстетики и постмодернистских литературных тенденций. В основной части статьи рассматривается понятие литературного течения, его возникновение, развитие и причины распада. На основе триединства писатель-ученый-читатель оцениваются литературные предпочтения и причины изменения спроса на литературу с течением времени. В статье сделан обзор основных причин формирования литературной эстетики и описываются предпосылки возникновения современных постмодернистских тенденций. Опираясь на вышесказанные выводы, проведен анализ произведений Б.Момышулы.

**Ключевые слова:** постмодернизм, литературный эстетика, интертекст, генезис

#### Summary

**Abdul Rahmanuly Abdulkarim** – 2 st year undergraduate faculty  
Мультимедиялық программалар сөйлейтін энциклопедиядан бастап, бейнеклиптік мәліметтер базасын жасау жұмыстарын толық қамти алады. Мультимедияның бағдарламалық жағы қолданбалы бағдарлама және мамандандырылған бағдарлама деп бөлінеді. Қолданбалы программа – 1) пайдаланушының қолданбалы мәселелерді шешуге арналған программасы; жұмыс істеуші адамның нақты тапсырмасын орындайтын дестелік файлдағы программа. 2) нақты есепті шығару үшін қолданылатын программа. Мамандандырылған бағдарлама; Ол мультимедиялық бағдарламалар – компьютерлік ойындар. Олар мультимедиялық технология жоғары графикалық кескін, анимация, музыкалық және дыбыстық сүйемелді пайдаланатын танымал, кең таралған бағдарламалық өнім[1]. Мультимедиа-ақпарат мәтін, графика дәстүрлі статистикалық элементтермен қатар, бейне, ауди және анимациялық тізбектер динамикалық элементтерді де қамтиды.

### **Қозғалыссыз көріністер.**

Бұл векторлық графика және растрлық картиналар. Адам көбіне, 95% пайызға жуық ақпаратты сырттан визуальды, көрініс түрінде, яғни “графиктік” түрде қабылдайды. Мұндай ақпараттарды табиғатта қабылдау көрнекі де, жеңіл, мәтіндік түрдегі ақпаратты қабылдау ауырырақ.

Қолданыстағы байланыс каналдарының өткізу мүмкіндігі төмен, сондықтан графиктік файлдарды өткізу едәуір уақыт керек. Сондықтан деректерді сығу технологиясын ұолдану қажет.

Оптимизация (сығу) – графиктік ақпаратты тиімдірек тәсілмен көрсету, яғни деректердің көлемін азайту. Графикалық ақпараттарды сығуды түрлі көптеген тәсілдер бар. Міндетті емес деректердің болуы, жоғалтуды (“JPEG жоғалтуды қамтитын сызу”) қамтып кодалау тәсілін қолдануға негізделген. Мысалы, адам кездейсоқ өз көзімен көрген суреттің дәлдігін, дәл сипаттап айтып беру немесе суреттеу арқылы дәл ақпарат алу мүмкін емес, сондықтан жоғарғы түстік мүмкіндікті көрсететін деректер болмауы да мүмкін [2].

Бұл теория, ал практикада: Интернетте жариялауға арналған графиканы алдын-ала оптимизациялап, көлемін сығу қажет.

Бейне және анимация. Цифрлық бейнесигналдармен жұмыс кезінде ақпараттың үлкен көлемін өңдеп, сақтау қажеттілігі туындайды, мысалы, SIF мүмкіндікті (VHS сәйкес) және true color (миллион түстер) түстік берілісті қамтитын цифрлық бейнесигналдардың бір минуты  $(288 \times 358)$  пиксельді  $24 \text{bit} \times 25 \text{кадр} / \text{с} \times 60 \text{с} = 442 \text{Мб}$  орынды алады, яғни қазіргі кездегі ДК-де қолданылатын компактдиск (CD-ROM,  $650 \text{Мб}$  -тай) немесе қатты диск (бірнеше гигабайт) сияқты тасымалдағыштарды уақыт бойынша толық бейнелерді жазу мүмкін емес. MPEG – сығу көмегімен бейнеақпараттар көлемін азайтуға болады.

Дыбыс. Цифрлық жазу, редакциялау, дыбыстық деректердің толқындық формаларымен жұмыс (WAVE), сондай-ақ цифрлық музыканы фондық айналу қазіргі кезде мүмкін. MIDI порты арқылы жұмыс қарастырылған. Конвертор аудио деректерді WAVE, PCM, AIFF (Apple ауди файлдар форматы) форматтары арасында түрлендіру жүргізе алады. Соңғы уақытта Mp3 форматы кеңінен танымал. Оның негізіне адамның құлақпен қабылдау ерекшелігі (“псевдоакустикалық” модульге берілетін) белгіленген (MPEG-1 Layer III).

WAV – дыбыстық файл, MPEG-1 Layer III форматына түрленген, ағындық жылдамдығы (bitrate) 128




Кбайт/сек – винчестерде 10-12 есеге аз орын алады. 100-мегабайтты ZIP-дискеталарда бір жарым сағаттық дыбыстық ойнау, компакт - дискіде – 10 сағатқа жуық дыбыстық ойнау орналасады. 256 Кбайт/сек жылдамдықты кодалау кезінде компакт – дискіге 6 сағаттық музыка жазуға болады. Мәтін Microsoft басшылығында мәтіннің үлкен көлемін енгізу және өңдеу жабдықтарына ерекше көңіл бөлінген. Мәтіндік құжаттарды түрлі сақтау форматтарының арасында түрлендіру программалары мен әдістері ұсынылған: құжаттар құрылымдары, мәтіндік процестердің басқарушы кодалары, сілтемелер, гипербайланыстар (бастапқы мәтінге тән) және т.б. ескеріледі. Сканерленген мәтінмен жұмыс мүмкіндігі қамтылып, символдарды оптикалық танып – білу жабдықтарын қолдану қарастырылған.

### Компьютерде цифрлық бейнелеуді ұйымдастыру.

Мультимедиа - өнімінің арлық мәтіндік фрагменттерін тұтас гипермәтіндік құрылымға біріктіру. Гипермәтін дегеніміз не? Қысқаша түрде оны қиылыспалы сілтемелермен байланыстырылған, мәтіндік ақпараттар массиві деп анықтама беруге болады. Қажетті ақпаратты іздеудің қарапайым тәсілі индекстік іздеу болып табылады. Барлық деректер белгілі бір принцип бойынша жинақталып, сұрыпталып, реттелген болуы керек. Бұған кітапханадағы алфавит бойынша немесе тақырыптың принциптері бойынша ұйымдастырылған кітаптар каталогы мысал болады. Бұл жағдайда іздеу ақпараттық бұтақ бойынша қажеттіні тапқанға дейін жүреді [3].

Ақпаратты өңдеу жүйесінің көзтұрғысынан қарағанда, гипермәтін – бұл жүйе, қарастырылатын салалық деректерін көрсетудің қалыптасқан моделін талап етпейді. Оның орнына ақпарат фрагменттерінің арасындағы семантикалық (мағыналы) байланысты қолданылады, оның формальды сипаттамасы болмайды, дегенмен осы байланыстардың негізінде ақпараттарды қарауға, талдауға, жаңа фрагменттер құруға болады.

Гипермәтін.



Сурет-1

1-суретте көрсетілгендей, гипермәтіндік тәсілдің дамуы гипермедиа ортасы болып табылады, ондағы сілтемелер: сурет, дыбыс, бейне және табы басқа мультимедиа - компоненттердің түрлі типтерін қамтиды. Компьютерлерге көріністерді көрсетудің екі түрі бар: растрлық және векторлық графика. Маңызды сипаттамасы: биттер санымен анықталатын түстік мүмкіндігі, әр пиксельдің түсін кодалау үшін қолданылды (оны биттік жазық саны деп те атайды). 2-суретте көрсетілгендей, файлда биттік жазық неғұрлым көп болса, оны сақтау үшін дискіде соғұрлым көп орын талап етіледі.



Сурет-2

Екі өлшемді анимация кадрлық анимация бойынша дәстүрлі тәсілді қолданады. Кей жағдайларда

твининг қолданылады, (tweening) - аралық кадрларды автоматты генерациялау. Сондай-ақ морфинг, көріністі сығу, түрлі оптикалық эффектілер мен циклдық түрде өзгеріп отыратын түстер қолданылады.



Сурет-3

3-суретте көрсетілгендей, үшөлшемді анимация қуыршақ технологиясын еске салады: объектілер каркасын құру, материалдарды анықтау, бір сценаға (сахнаға) жинақтау, жарықты және камераны орнату сонан соң фильмдердегі кадрлар санын беріп, қозғалысқа келтіруге болады

Қазіргі уақытта бейненің екі түрі бар: аналогты және цифрлық. Цифрлық бейнефайлдардың көлемін кішірейту үшін деректерді сығу тәсілі қолданылады, ол бейне сигналдағы ұқсас деректерді топтау, орташа деңгейге жеткізу, алып тастаудың математикалық алгоритмдеріне негізделген. Сығудың түрлі алгоритмдері бар: Compact Video, Indeo Motion – JPEG, MPEG, Cinepak, Sorenson Video.

Мультимедиа жүйені құру үшін қосымша техникалық қолдау қажет: аналогты аудио және бейне сигналдарды цифрлық эквивалентке немесе кері аудару үшін цифрлық – аналогтық түрлендіргіштер, қарапайым телевизиондық сигналдарды дисплейдің электронды сәулелік трубкасына қабылданатындай түрге түрлендіруге арналған бейне процессорлар, телевизиондық стандарттарды түрлендіруге арналған декодерлер және т.б.

Дыбысқа жауап беретін барлық жабдықтар дыбыстық картаға, ал бейнеге жауап беретін жабдықтар бейне карталарға біріктіріледі [4].

Дыбыстық карталар.

IBM біріккен компьютерлерінің дыбыстық карталары үшін мынандай тенденция анықталады.

- Біріншіден, дыбысты шығару үшін жиілікті модуляцияның (FM) орнына көбіне кестелік (wavetable) немесе WT синтез қолданылады, осы жолмен алынған сигнал инструменттің өзінен шығатын дыбысқа көбірек ұқсайды, FM синтезде мұндай мүмкіндік аз.

- Екіншіден, дыбыстық карталардың бірігушілігі.

- Үшіншіден, қазіргі кезде дыбыстық карталар компоненттерінің бірі сигналдық процессорлар DSP (Digital Signal Processor), оның мүмкіндіктері: сөзді танып білу, үшөлшемді дыбыс шығару, TW синтез, аудиосигналдарды сығу және декомпрессиялау.

- Төртіншіден, жүйелік платада дыбыстық карта функцияларын интеграциялаудың қалыпты тенденциясы.

- Бесіншіден, дыбыс табиғилығын жоғарылату үшін өндіруші фирмалардың көлемді немесе үшөлшемді (3D) дыбыс шығару технологияларын қолдануы.

- Алтыншыдан, CD-ROM приводтарын қосу.

- Жетіншіден, карталарда DualDMA режимінің, яғни жадыға қосарланған тікелей қатынас құру режимін қолдануы.

Дыбыстық қатарлар 90%-да, көбіне ойын үшін алынады, қалған 10%-н мультимедиа программаларда қолдану үшін алынады.

Дыбысты енгізу, шығару құрылғыларының ең бастысы аудиоадаптер. Оған: кірістер-сызықтық кіріс, микрофонды кіріс, CD ROM-ға арналған кіріс, сигналдарды микширлеуге арналған тәуелсіз кіріс; MIDI-сигналдар үшін кіріс және шығыс; қалыпқа келтіруші кіріс күшейткіштері-сигналдарды кіріс араластырушылары-микшер; аналогты кіріс дыбыстық сигналдарды цифрлық кодтарға түрлендіруші аналогты-цифрлық түленгіштер (АЦТ); арнайы дыбыстық эффектілерді (көлемді дыбыс, жаңғырық және т.б.) ойнату және дыбыстық сигналдарды өңдеудің күрделі тәсілдерін (шуылды басу, DOLBY жүйесі және т.б.) жүзеге асыратын, сондай-ақ, цифрланған дыбыстық сигналдарды компрессиялау /декомпрессиялау жүйесін аппараттық жүзеге асыруға арналған DSP сигналдық процессоры (немесе ASP); цифрлық кодаларды (файлдарда сақталған) қайтадан аналогты сигналдарға айналдыратын цифроаналогты түрлендігіш (ЦАТ), электромузыкалық аспаптар мен олардың интерфейстеріне MIDI стандартын қанағаттандыратын музыкалық дыбыстар синтезаторы, бұл FM-синтезаторы немесе музыкалық дыбыстарды кестеден таңдайтын (кестелік синтезатор деп те аталады) толқындық синтезатор; стереофондық шығыс күшейткіші және микшер.

#### **Лазерлік дискілер, CD ROM**

Бұл құрылғы, жалпы дискілер қымбат емес, өте сенімді, ақпараттың үлкен көлемін сақтай алады,

сондықтан олар программаларды, деректердің үлкен көлемін жеткізуге өте ыңғайлы, деректерге: каталогтар, энциклопедиялар, оқытатын, демонстрациондық, ойын программаларын жатқызуға болады.

### **Бейнекарталар**

IBM PC біріккен компьютерлерінде бейнесигналдармен жұмысқа арналған құрылғылар өте көп. Бірнеше түрге жіктеуге болады: бейнетізбектерді (Capture play) енгізу және ұстау құрылғылары, фрейм грабберлер (Framegrabber), TV-тюнерлер, VGATV және MPEG-плейерлер сигналдарын түрлендіргіштер.

### **TV-тюнер**

Бұл карта немесе бокс (шағым коробка) түріндегі құрылғылар. Олар кабельдік телевидене, бейнемагнитофоннан немес комкодерден (camcorder) келіп түсетін аналогты бейнесигналдарды түрлендіреді. TV-тюнерлер MPEG-плейерлер немесе фрейм граббер. Сенімді басқа да құрылғылардың құрамына кіру мүмкін. Олардың кейбіреулерінде дыбысты түрлендіруге арналған тіркелген микросхемалары болады. Кейбір тюнерлер телемәтінді шығару мүмкіндігінде қамтиды.

### **Фреймграбберлер**

Графикалық, аналогты-цифрлық микросхемаларды қамтиды, ол бейнесигналдарды дискреттеуге, көріністің жекелеген кадрларын буферге сақтауға (оны алдағы уақытта дискіге немесе монитор терезесіне шығару үшін) мүмкіндік беретін бейнесигналдарды өңдеуге арналған.

### **VGA-TV түрлендіргіштер**

Бұл құрылғы VGA көріністің цифрлық түрдегі сигналын аналогты сигналға аударады, оны алдағы уақытта телевизиялық қабылдағышқа енгізуге болады. MPEG-плейерлер компакт дискіге жазылған, бейне көріністерді (фильмдерді) VNS сапасымен ойнатуға мүмкіндік береді. MPEG кодермен шешілетін тапсырманың негізгі күрделілігі мынада: әр ағын үшін (I)ntra, (P)redicted, (B)idirectional көріністер арасындағы оптималды қатынасты анықтау қажет.

Бейнеұстау платасын бағалау өлшемі. Телевидение жүйесіндегі платаның маңызды көрсеткіші телевидениенің қандай жүйеде жұмыс істейтіндігінде. Плата мультижүйелік болуы керек, яғни PAL, NTSC, SECAM-ды қолдану қажет.

Компрессия – платаның бейнесигналдарды цифрлау сапасын анықтайтын параметрлерінің бірі.

Overlay режимі – егер плата осы режимді қолдаса, онда компьютер мониториянда толық экранды “тірі” бейне көруге болады. Бұл мүмкіндік жұмысты көрнекі және қарапайым жасауға көмектеседі және бейнематериалды қарау үшін бейнемонитордың болуын міндетті емес.

Дыбыстық мүмкіндіктер – дыбыс бейнеұстау платасының өзіне тіркелген жағдайда ғана дұрыс.

Программалық жабдықтар және жылдамдатқыштар – сызықты емес монтаждауда қолданылады (бейнені цифрлау үшін).

Ол үшін бейнемонтажды пакеттер қолданылады, олар бейнематериалдарды эффектілермен, фильтрлармен, титрлармен және т.б. безендіруге көмектеседі.

Мультимедианың программалық жабдықтары үш компоненттен тұрады:

- Жүйелік программалық жабдықтар;
- Инструментальды программалық жабдықтар;
- Қолданбалы программалық жабдықтар.

Болашақ маман даярлауда кеңістіктік компьютерлік графиканы пайдалану студенттердің жалпы ғылыми әдістері туралы түсінігін қалыптастыру төрт кезеңге бөлуге болады [5]:

1. Бірінші кезең оқытудың мақсаттары мен міндеттері
2. Екінші кезең оқыту мазмұнын іріктеу
3. Үшінші кезең оқу материалын іріктеу
4. Төртінші кезеңде ұсынылған оқу-бағдарламалық құжатпен оқу-әдістемелік құралдарды тәжірибелік-эксперименталды мақұлдау.

1 Хакимова Т. *Инновационные методы обучения информатике (учебное пособие)* – Алматы: Издательство "NURPRESS", 2013 г. - 270 бет.

2 Хакимова Т. *Білім беру жүйесін ақпараттандыру // ИНФОРМАТИКА НЕГІЗДЕРІ. Республикалық ғылыми әдістемелік журнал 2014 №2, 2-4 бет.*

3 Хакимова Т. *Компьютерлік 3d-графика үшөлшемді виртуальды модельдерді оқытудың атқаратын рөлі, - Алматы, 2015 г. - 4 - стр.*

4 Оқу үрдісінде компьютерлік анимация технологиясының атқаратын рөлі – Ақтобе, 2015 г. - 6-стр.

5 Тюлепбердинова Г.А., Адилжанова С.А. *Web бетін jsr технологиясы арқылы жасау. Вестник КазНТУ, 2015 г., №2, 478-480 бет.*



Хакимова Т.Х., Тюлепбердинова Г.А., Адилжанова С.А., Газиз Г.Г. – Преп-ли КазНУ им аль-Фараби, Алматы

### **Роль обучения организации цифрового образа на компьютере**

Интеграция современной науки и образования и информационных материалов на основе образования, основанный на использовании новых технологических достижений ведущих роль в использовании пространственной компьютерной графики образования играет важную роль. Эта статья пространственное Цель преподавания использование компьютерной графики в учебном процессе, целей, теоретических основ организации учебных технологий.

**Ключевые слова:** образование, интеграция, пространственное, компьютерная графика, 3D графика, мультимедиа и анимации

### **Summary**

Khakimov T.H., Tyulepberdinova G.A., Adilzhanova S.A., Gaziz G.G. - Lecturers KazNU named after Al-Farabi, Almaty

### **The role of education to organize the digital image on the computer**

The integration of modern science and education and information materials on the basis of education, based on the use of new technological advances leading role in the use of spatial computer graphics education plays a role. This article spatial purpose of teaching the use of computer graphics in the educational process, the objectives, the theoretical foundations of the organization of the training technologies.

**Keywords:** education, integration, spatial, computer graphics, 3D graphics, multimedia and animation

ӨОЖ: 378.016: 547

## **ОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯ КУРСЫНДА КІРІКТІРЕ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

**Ж.Қ. Қорғанбаева** – Абай ат. ҚазҰПУ, Жаратылыстану және география институты, химия кафедрасының аға оқытушысы, химия ғылымдарының кандидаты,

**А.Қ. Сәтімбаева** – Абай ат. ҚазҰПУ, Жаратылыстану және география институты, химия кафедрасының магистранты

Қазіргі кездегі инновациялық педагогикалық технологияны пайдалануда, білім жүйесінің дамуы, шығармашылық ізденістің жетілдіру тәсілі тез қарқынды дамуымен ерекшеленеді. Бұл мақала кәсіптік колледжде химия курсына кіріктіре оқыту технологиясын қолдануға арналған. Сонымен қатар, проблемалық оқыту технологиясының мәні мен маңыздылығы қарастырылып, осы технологияны пайдалана отырып білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерін дамыту жайлы баяндалған.

Қазақстандағы білім беру жүйесі білім беру бағдарламаларының мазмұнына қарай жалпы және кәсіптік білім беруді қамтиды. Елімізде, орта білім алу міндетті және жалпы білім беру орта және орташа кәсіптік, бастапқы кәсіптік болып бөлінеді. Бастапқы кәсіптік білім 2-3 жыл мөлшерінде кәсіптік колледждерде, лицейлерде негізгі жалпы білім беру базасында жалғасады.

Қазіргі таңда кәсіптік білім беру барысында оқытушылар, жүйелі кәсіптік білім берумен қатар жалпы міндетті білімді байланыстыра отырып, мамандықтың қыр-сырын ашу арқылы, білім алушылардың біліктілігін, машықтылығын, қызығушылықтарын, шығармашылық шеберліктерін бір-бірімен терең ұштастыра отырып, алған білімдерін болашақта меңгерген мамандықтарында қолдана білуге тәрбиелейді.

Педагогикалық тәжірибе нәтижелерін сараптай келе, химия курсына оқытуда, сабақтың жүру барысын және жоспарын білім алушылардың өз бетінше ізденулерне ыңғайлап құрастыру арқылы, олардың танымдық белсенділігін арттыруға болады деген қорытындыға келдік. Сабақ барысында білім алушылар қаншалықты оқу-танымдық іс-әрекеттер жасаса, соншалықты олардың іс-әрекеттері рационалды және мақсатты, оқу еңбегі де қарқынды болмақ. Сондықтан да, химия курсына оқыту барысында білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруда кіріктіре оқыту технологиясын қолданудың маңызы зор.

**Түйін сөз:** педагогикалық технология, кіріктіре оқыту, органикалық химия

Білім беру жүйесін жаңарту мақсатында кіріктіру үрдістерін қолдану кең бейімді, жоғары білікті мамандар дайындаудағы жетекші бағыттардың бірі.

Білім беру барысында пәндерді кіріктіре отырып оқыту – студенттердің оқуға қызығушылығы мен танымдық белсенділігін арттыруға, олардың өздігінен ізденушіліктерін, ойлау қабілеттерін дамытуға, оқу үрдісін ұйымдастыру кезеңіне тән қарама-қайшылықтардың тиімді шешілуіне септігін тигізеді.

Біз өз зерттеуімізде пәндер арасындағы байланысты пайдалана отырып, кіріктіре оқыту идеясының дамуы мен жүйеленуіне және осы үдерісті тиімді пайдалану мүмкіндіктеріне көңіл бөлдік. Осы орайда пәндерді кіріктіре отырып оқыту мәселелеріне көптеген ғалымдардың еңбектері арналғандығын байқадық.

Классикалық педагогикада пәнаралық байланыс негізінде кіріктіре оқыту идеясы Я.А. Коменскийден басталады. Ұлы дидакт: «Бір-бірімен байланысы бар заттар, сол байланысы көрсетіле отырып оқытылуы

кажет» - деген болатын [1]. Осы идеяны көптеген педагогтар дамытты. Классикалық педагогиканың келесі ұлы өкілі, педагог К.Д. Ушинский пәндер арасындағы байланысты пайдаланып кіріктіре оқытудың тиімділігін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан негіздеп, оның дидактикалық маңызын көрсеткен. К.Д. Ушинский пәнаралық байланыс негізінде кіріктіре оқыту идеясын жүйелеп оқытудың бір бөлігі деп қарастырады [2].

Ұлы педагогтың кіріктіре оқыту идеяларын В.Я. Стахарин, Н.Ф. Бунаков, В.И. Водовозов т.б. педагог-ғалымдар жалғастырып, пәндерді кіріктіре оқыту әдістемелерін жасады [3]. Өткен ғасырдың прогресшіл әдіскерлері мұғалімдердің кәсіби біліктілігі олардың әртүрлі пәндердің мазмұнын кіріктіре отырып оқыта алу мүмкіндігін меңгеруінде деп көрсеткен. Пәндерді кіріктіре оқыту үшін пәндер арасында мазмұндық байланыс болуы тиіс. Пәнаралық байланыстың 30-дан астам анықтамалары бар.

«Пәнаралық байланыс» ұғымына берілген анықтамалардың әртүрлілігі бұл бағытта жүргізілетін зерттеу жұмыстарына мол мүлік береді, бұл ұғымды әр алуан аспектіде қарастыруға жол ашады [4].

Кіріктіру – «интеграция» ұғымының қазақша аудармасы әрі баламасы. Бұл термин қазіргі кезде педагогикада көп пайдаланылып жүр.

А.А. Бейсенбаев «Интеграция – бұл екі ғылымның жай қосылуы емес, ол табиғат заңдылықтарын терең түсінуге мүмкіндік беретіндей дәрежеде ойластырылған, жаңаша жүйеленген ішкі бірлігі», - деп көрсетеді [6].

Кіріктірудің мәні мен қызметтік маңызы С.И. Архангельский еңбектерінде қарастырылған. Ол оқытудың жүйелілік принципін жүзеге асырудың бірден- бір жолы кіріктіру деп санайды [7].

Білім алушылардың өз мамандықтарына деген қызығушылығы, сүйіспеншілігімен қатар, білімділігін арттыру, олардың болашақта сапалы білімді меңгерген нағыз өз мамандықтарының шебері, білікті маман болуларын алдымызға мақсат-міндет ете отырып Алматы электрмеханикалық колледжінде органикалық химия курсын оқытуда кіріктіре оқыту технологиясын қолдандық.

Біз тәжірибе жүргізген Алматы электрмеханикалық колледжінде білім алушы студенттер 1-2 курста химия пәнін оқиды. Әр түрлі мамандықты тереңдетіп оқытын топтардың ішінен 2 топқа деңгейлік тапсырмалар беріп тәжірибе жүргізуге тандап алдық. Бірінші топ бақыланатын екінші топты тәжірибелік топ ретінде алып сауалнамалар жүргіздік. Тандалынып алынған топтардағы дәріс сабақтар пәнаралық байланыс арқылы құрастырылды және оқытылған тарауларды қорытындылау кезінде, алынған білімді бекіту мен бағалауда деңгейлік тапсырмалар қолданылды.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты – әрбір оқушының өзінің даму деңгейіне байланысты оқу материалын меңгеруін қамтамасыз ету. Бірінші жүргізілген бақылау жұмысында алынған деңгейлік тапсырмалар білім алушылардың алдыңғы тарауда оқытылған материалдар негізінде жалпы білімдерін тексеру мақсатында құрастырылды. Осы тапсырмалардың қорытындысына қарап отырып тандалған топтар (0910000 «Электрлік және электрмеханикалық жабдықтар» және 0910032 «Жарық беру және жарықтандыру жүйесін электромантаждаушы») ары қарай тәжірибеге қатыстырылды.

Химиядан білім беру барысында басқа пәндермен сабақ үстінде әр тақырыпты өткенде жан-жақты байланыстыра отырып білім беру үшін материалдарды сұрыптағанда қоршаған ортадағы болып жатқан әр түрлі құбылыстарды жалпы және жеке заңдар мен ережелер негізінде түсіндіруге бастаса, білім алушыларда қоршаған орта жүйесіндегі түрлі үдерістерге танымдық көзқарас қалыптасып, ол жалпы білімнен мамандықтарына қатысты кәсіби білімге ұласады. Ал мұндай білім беру жүйесін іске асыру үшін, ең алдымен пәнаралық байланыста оқытылатын пәннің мазмұны оқытудың мақсатын, нәтижесін анықтайтындай оқу бағдарламасында көрініс табуы қажет [8].

Химия және биологияны білім алушыларға кіріктіре отырып оқытқанда кез-келген тақырыптағы мәліметтер бір-бірімен байланысып отыратыны анық. Соның әдісін тауып, білім алушыларға ұғындыру, жан-жақты терең білім беру пән бойынша нәтижесін береді. Және тақырып үнемі жаңғырып отырады.

Химияны биология және экологиямен пәнаралық байланыста оқытуда келесі міндеттер іс жүзіне асырылады: химияның жаратылыстану пәндерімен байланысын үздіксіз қолдана отырып, экологиялық білім алуда және әр курс деңгейіне өткенде материалдарды жаңғыртып отыру, зертханалық, сарамандық жұмыстарға шығармашылық деңгейде көңіл бөлу; зертханада, өндірісте, қоршаған ортада, табиғатта және күнделікті тіршілікте байқалатын сандық, сапалық өзгерістерді бақылауда өзінің білімін қолдана білу және сол арқылы экологиялық проблемалардың мәнін түсіну; пән бойынша алған білім жүйесін басқа пәндерде алынған білім қорымен байланыстырып, табиғат туралы материалистік көзқарас қалыптастыра отырып, алған білімді оқу үрдісінде, өмірде, қоғамға пайдалы еңбекте жүзеге асыра білуге үйрету; тұлғаның экологиялық білім, білік қалыптастырудағы шығармашылық дербестігін қалыптастыру, табандылығын тәрбиелеу, сонымен қатар тұлғаның пәнге көзқарасын, қызығушылығын пәнаралық байланыс негізін-

де экологиялық білім бере отырып дамытып, мамандықтарымен байланыстыра отырып білім беру [8-10].

Білім беру барысындағы іс-әрекет нәтижелерін сараптай келе химияны оқыту барысында сабақты жоспарлауда білім алушылардың белсенділігі мен өз бетінше ізденулерін ескеру керек деген қорытындыға келдік. Сабақ барысындағы білім алушылардың оқу танымдық іс-әрекетінің қаншалықты белсенділігі үрдістің соншалықты мақсатты және рационалды, оқу жұмысының қарқындылығының жоғары болуына кепіл. Сондықтан да химияны оқытуда кіріктіре оқыту технологиясын қолдану білім алушылардың танымдық белсенділігінің артуына көмектеседі деп есептейміз.


Органикалық химия [5] курсынан көмірсутектер тарауын оқытуда бірнеше проблемалық-ізденушілік дәрістер мен кіріктіре оқыту технологиясын қолданып дәрістер мен практикалық сабақтар өткіздік. Дәрістер мен практикалық сабақтарды биологиямен және экологиямен байланыстырып құрастырдық. Колледжде арнайы бекітілген жоспарға сәйкес екі тарауға модуль құрастырдық (кесте-1). Әр модульдегі бөлімдерге құрастырылған дәрістер Блум токсономиясы негізінде және пән аралық байланыспен оқытудың интербелсенді әдіс тәсілдеріне сүйеніп құрастырылды.

1-кесте. Берілген сабақтар кестесі

| модуль   | бөлім                                                        | тақырып                                                                         | сағат саны |
|----------|--------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------|------------|
| Модуль 1 | <b>XV-бөлім.<br/>Күрделі<br/>эфирлер<br/>және<br/>майлар</b> | Күрделі эфирлер. Этерификация реакциясы. Күрделі эфирлердің гидролизденуі.      | 1          |
|          |                                                              | Майлар. Сабындану реакциясы.                                                    | 1          |
|          |                                                              | Практикалық жұмыс №6 «Сабын синтетикалық жуғыш заттар-дың қасиеттерімен танысу» | 1          |
| Модуль 2 | <b>XVI- бөлім.<br/>Көмірсулар</b>                            | Глюкоза және сахароза. Адам өміріндегі көмірсулардың қасиеттері.                | 1          |
|          |                                                              | Крахмал және целлюлоза. (дисахаридтер және полисахаридтер)                      | 1          |
|          |                                                              | Практикалық жұмыс №7 «Крахмалдың иодпен әрекеттесуі, гидролизі»                 | 1          |

Мысалға «Майлар. Сабындану реакциясы» тақырыбының сабақ барысынан үзінді келтірсек. Дәріс (сабақ 90 минутқа жоспарланған) Блум токсономиясына негізделіп жасалды. **Білу** (10 минут) - қарапайым сұрақ: Дәрісті бастамас бұрын ой қозғау немесе миға шабуыл тәсілін қолданып сұрақтар беру. **Түсіну** (20 минут) - нақты сұрақ: Тақырып бойынша өтілген негізгі сөздерге анықтама беру және тест сұрақтарын беру **Қолдану** (10 минут) – тәжірибелік сұрақ: Бейне жазба бойынша көрсетілген жағдаятты талқылап, мәселені шешу жолдарын қарастыру **Талдау** (10 минут) – интерпретациялық сұрақ: Венн диаграммасы негізінде екі топқа бөлініп табиғи майлар мен синтетикалық майлардың ұқсастығы мен айырмашылығын талдау **Синтез** (кубизм әдісі 25 минут) – шығармашылық сұрақ: Топқа бөліп (1-топ жасанды майлар және 2-топ табиғи майлар) майлардың алынуы, химиялық қасиеті туралы постер қорғау. **Бағалау** (15 минут)- бағалау сұрағы: Майлардың адамзат өміріндегі орны қандай (табиғи және жасанды майлардың тұрмыстағы рөлі)?

Дәріс барысында жаңа сабақты түсіндіру қойылған SMART-мақсатқа сәйкес жүргізілді. Түсіндіру кезінде ассоциограмма қолданылды. Төменде 1-суретте көрсетілгендей пән аралық байланысты пайдаланып майлардың физика-химиялық қасиеттері, алынуы, қолданылуынан бөлек тұрмыстағы маңыздылығы мен адам ағзасына әсері және техникада қолдану мүмкіндіктері туралы мәліметтер берілді. Одан бөлек ассоциограммада берілген ұяшықтарда жеке-жеке гиперссылкамен әр май туралы мәлімет келтірілген, мысалы: физика-химиялық қасиеттері, алынуы, қолданылуынан басқа майлардың тұрмыста қолданылуы, адам ағзасындағы рөлі, техникада қолдану ерекшеліктері туралы мәліметтер, биология мен экологиямен байланысты мәселелері қарастырылады.



Сурет 1. Табиғи майлар туралы ассоциограмма

Педагогикалық тәжірибе нәтижелерін сараптай келе, химия курсын оқытуда, сабақтың жүру барысын және жоспарын білім алушылардың өз бетінше ізденулерне ыңғайлап құрастыру арқылы, олардың танымдық белсенділігін арттыруға болады деген қорытындыға келдік. Сабақ барысында білім алушылар қаншалықты оқу-танымдық іс-әрекеттер жасаса, соншалықты олардың іс-әрекеттері рационалды және мақсатты, оқу еңбегі де қарқынды болмақ.

1 Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения / Под ред. А.А. Красновского. – М.: Учпедгиз, 1955 - 652 с.

2 Ушинский К.Д. Избранные педагогические сочинения. В 2-х т. / Под ред. В.Я. Струминского. Т. 2. – М.: Гос. Учпедгиз, 1954. – 734 с.

3 Зверев И.Д., Максимова В.Н. Межпредметные связи в современной школе. - М.: Педагогика, 1998. - 81-159 с.

4 Нұрманұлы И. Химияны оқыту әдістемесі. - Алматы. 2004, 9. - Б. 27-28.

5 Мансуров Б.А. Органическая химия. Учебник для 10 классов. – Алматы: Мектеп, 2000.

6 Абуова Б.Д. Педагогикалық оқу орындарында биология мен химия пәндерін ақпараттандыру негізінде кіріктіре оқытудың әдістемелік ерекшеліктері: Пед. ғыл. канд., дис. афтореф. - Алматы, 2009.

7 Құрманғалиев М.Қ. Қазіргі педагогикалық технологиялар. – Алматы, 2010 ж. – 210 б.

8 Иманғалиева Б.С. Жаратылыстану пәндерін кіріктіре оқыту. ҚР Химия және биология мұғалімдерінің I Съезі, өскемен, "Қазақстан мектебінде", - №3, 2012 ж., - 8-11 б.

9 Бейсебеков М.Қ., Әбілов Ж.Ә. Органикалық химия (биоорганикалық химия элементтерімен): оқулық. - Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 339 б.

10 Педагогические технологии / под общей ред. В.С. Кукушкина. – М.: Ростов н/Д.: ИКЦ «МарТ»: Издательский центр «МарТ», 2006. – 336 с.

### Резюме

**Корганбаева Ж.К.** - КазНПУ им.Абая, к.х.н., старший преподаватель кафедры Химии,

**Сатымбаева А.Қ.** – КазНПУ им.Абая, магистант

### Особенности применения интегрированного обучения в курсе органической химии

Современный процесс развития системы образования отличается высокими темпами творческого поиска в усовершенствовании методов обучения в использовании инновационной педагогической технологии. В статье рассматриваются особенности преподавания химии в профессиональном колледже с применением новых педагогических технологии. Так же рассматривается суть и значительность интегрированного обучения и изложено о повышении познавательной дееспособности учащихся используя данную технологию. Среднее образование в Казахстане является обязательным и включает среднее общее, начальное профессиональное и среднее профессиональное образование. Начальное профессиональное образование в Казахстане приобретает за 2-3 года в профессиональных колледжах и профессиональных лицеях на базе основного общего образования. В настоящее время перед профессиональной школой ставится задача не только дать учащимся профессиональную систему знаний, умений и навыков, но и в процессе формирования этой системы развить их мышление, умение творчески оперировать приобретенными теоретическими и профессиональными знаниями, научить способами самостоятельного приобретения новых знаний и применения их в будущей профессии. Анализируя результаты педагогической деятельности, можно прийти к

выводу о необходимости планирования уроков так, чтобы обеспечить познавательную активность и самостоятельность учащихся при изучении химии. Чем больше учебно-познавательных действий и операций выполнено учащимися за урок и чем более они рациональны и целесообразны, тем выше интенсивность учебного труда. Поэтому мы считаем, что использование именно интегрированное обучение в химии поможет достичь роста познавательной активности учащихся.

**Ключевые слова:** педагогические технологии, интегрированное обучение, органическая химия

#### Summary

**Korganbaeva Zh.K.** – candidate of chemical science, senior teacher of chemical chair of KazNPU after Abay

**Satymbayeva A. K.** – KazNPU after Abay, master student

#### The application features of integrated of learning course in of organic chemistry

Modern development of an education system differs high rates of creative search in improvement of methods and receptions of training, the contents, in use of innovative pedagogical technology process. The article discusses the peculiarities of teaching chemistry in a professional college using new pedagogical to technology as a integrated learning. Just consider the nature and significance of the problem of learning technologies, and set out on promotions cognitive capacity of students using this technology. Secondary education in Kazakhstan is compulsory and includes general secondary, primary and secondary vocational education. Initial vocational education in Kazakhstan acquired in 2-3 years in professional colleges and vocational schools on the basis of general education. At present, the professional school seeks to not only give students a professional body of knowledge and skills, but also in the formation of this system to develop their thinking, the ability to creatively manipulate the acquired theoretical and professional knowledge, self-taught ways of acquiring new knowledge and their application in future profession. Analyzing the results of pedagogical activity, we can come to a conclusion about the need to plan lessons so as to provide a cognitive activity and independence of students in the study of chemistry. The more training and educational activities and operations carried out by students for the lesson and the more they are rational and feasible, the higher the intensity of academic work. Therefore, we believe that the use of precisely the integrated learning in teaching chemistry will help to achieve the growth of cognitive activity of students.

**Keywords:** educational technology, the integrated learning, organic chemistry.

ӘОЖ 377.3

### ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕРІ

**С.М. Бегманова** – Абай ат. ҚазҰПУ, Филология институтының 2-курс магистранты,

**Ғылыми жетекшісі:** п.ғ.д., профессор **Т.Қ. Жұмажанова**

Мақалада қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін оқыту тәжірибесі, оны оңтайлы әдіс арқылы үйрету жолдары ұсынылып қарастырылады. Ауыз әдебиеті – әрбір халықтың рухани мұрасы, сарқылмас қазынасы, байлығы. Осы ауыз әдебиетін оқытудағы тиімді әдістер қатарымен қоса, мәтінді оқудағы жаттығу түрлері, оларды тыңдаушыға жеткізу жолдары, заманауи техникалық құралдарды мүмкіндігінше кеңінен қолдану, сөйленіс дағдысына шығаратын амал-тәсілдері т.б. осылардың барлығы студенттің тақырыпты тереңірек әрі нақты түсінуіне ықпал етеді.

**Тірек сөздер:** халық ауыз әдебиеті, жанр, әдіс-тәсіл, көркем мәтін

Қазіргі жаһандану заманында әрбір білім алушы азамат білім мен қатар тәжірбиені де жақсы меңгерген болуы тиіс. Алынған білім тек теория жүзінде ғана емес қалып қоймай, іс барысында жүзеге асса онда адам мен қатар қоғамда гүлденер еді. Адамның ой-санасының өзгеруіне білім әсер етпей қоймайды. Ал, білім нәрін себетін адам ол – мұғалім.

Білікті ағылшын философы, әрі педагогы Дж.Локктың «Баланың ақылы да, жаны да туғанда таза тақтайдай болып туады. Таза тақтайға қандай жазу жазса да жазушының еркінде» - деген. Бұл сөзден ұққанымыз балаға білім мен тәрбие беретін ата-ана мен мұғалім және қоғам. Сондықтан балаға білім беретін орта ол – мектеп. Яғни, мектептегі тәрбие ісі де, оқыту ісі де жеке тұлғаның ерекшеліктеріне қарай ескеріледі.

Білім алушыны оқыту барысының нәтижелі, жемісті болуы мұғалім әдістемесіне, шеберлігіне де байланысты болады. Әдіс-тәсілдер деген не? Білім беру үрдісінде мынадай екі түрлі қызмет жүзеге асады. Бірінші мәселе – мұғалім оқытуы, екінші мәселе – оқушының оқуы. Мұғалім мен оқушының осы арақатынасы әр түрлі оқу қызметтері, оқыту әдістеріне жатады. Мысалы, мұғалімнің әңгімелесуі — әңгіме әдісі немесе кітаппен жүргізетін жұмыс түрлері – кітаппен жұмыс әдісі, оқушының жауап беруі оқушы білімін тексеру әдісі деп аталады. Сонымен, әдіс-тәсіл мұғалім мен оқушы арасындағы жұмыс түрлеріне байланысты әр түрлі болып келеді. Орта білім беру жүйесінде қазақ әдебиеті пәнін оқыту үрдісі әртүрлі әдістер арқылы жүзеге асады. Қазақ әдебиеті пәнінде білім алушының деңгейін ескере отырып, тақырыппен сабақ түріне сәйкес мұғалім әртүрлі әдістерді өз қалауынша қолданады.

Белгілі әдіскер ғалымдар А.Көшімбаев, Т.Ақшولاқов, Қ.Бітібаева еңбектерінде қазақ әдебиетін оқыту әдістері мынадай түрлеріне бөлінген. Әдебиетті оқытуда сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, тәжірибелік әдіс, түсіндірмелі – иллюстративтік әдіс немесе репродуктивтік әдіс, эвристикалық (ішінара іздендіруші) әдіс, зерттеу әдісі, өзіндік жұмыс әдісі, проблемалық баяндау әдісі, мәтінді көркемдеу, мәнерлеп оқудың орны ерекше [1, 65].

Мұғалім өте көп қолданатын әдістің бір түрі – баяндау әдісі. Әдебиет сабақтарында баяндау әдісі деп мұғалімнің монологті сөзі арқылы оқу материалдарының түсіндірілуін айтады. Мысалы, ақын, жазушының өмірбаяны, өтілгелі тұрған шығарма жайындағы тарихи-әдебиеттік түсініктеме, түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіру, көркем шығарманы талдау, т.б. жағдайларда баяндау әдісі көбірек қолданылады.

Сөздік әдіс - берілетін білім ақпараттық сипаттау болғанда, білімді қалыптастыру, соның ішінде теориялық білім беру, жаңа ұғымдарды білім алушыға жеткізуде бұл әдіс өте тиімді. Сөздік әдіс, әсіресе, қазақ әдебиеті пәнінің күре тамыры деуге болады.

Көрнекілік әдіс – берілетін білім мазмұны көрнекілікті тілеп тұрғанда, уақыт үнемдеуде, әсіресе, білім алушы психологиясына әсер ету мақсаттарында өте тиімді болады. Сондай-ақ білім алушыны сабаққа қызықтыру, ынталандыру мәселелерінде де маңызы зор.

Көркем сөз мәтінін мәнерлеп оқу әдісі – көлемі шағын шығармаларды (қысқа өлең-жырлар, әңгімелер, көлемді шығарманың үзінділері, мысал өлеңдер т.б.) мәнерлеп оқу (алғашқы оқу, талдау барысындағы оқу, қайталап оқу).

Түсініктеме бере отырып оқу әдісі. Бұл әдіс көлемі шағын шығармаларды немесе қысқа үзінділерді мәтіннің мазмұн жігіне қарай бөліп оқи отырып, жол-жөнекей талдау жасап отыру мақсатымен қолданылады. Мұнда мәнерлі әуез екінші орынға шығады да, бірінші кезекте көзделген мақсатты ашу үшін қажетті түсіндіру атқарылады.

*Әңгіме әдісі.* Әңгіме әдісінде қойылатын сұрақтар үш жүйеге бөлінеді.

Шығарманың тақырыбын, жоспарын, кейіпкерлерінің, образдарының құрамын, сюжетін айқындауға арналған сұрақтар – бір жүйе. Бұларды *бағдарлау сұрақтары* деп атайды. Шығарманың жалпы идеялық мағынасын, образ-характерлерін, олардың өзара байланысы мен қарым-қатынасын, композициялық құрылысын, тіл ерекшеліктерін айқындауға, талдауға арналған сұрақтар – бір жүйе. Бұлар – шығарманы талдаудағы аса маңызды орын алатын сұрақтар. Сондықтан олар *талдау сипатындағы сұрақтар* делінеді. Ал тағы бір жүйе шығарманың қоғамдық, әдебиеттік маңызын ақын, жазушының стилі мен көркемдік шеберлігінің өзгешеліктерін, жалпы шығарманы талдау жұмысын жинақтап, қорытындылауға арналған сұрақтардан құралады. Сондықтан бұлар *жинақтау сұрақтары* деп аталады. Әдебиет пәнін оқытудың осы үш жүйесіне арналған сұрақтар тарихи-әдебиеттік курстың мақсат-міндеттері мен талаптарына сай болуы шарт.

Практикалық әдіс - бұл білім алушының теориялық білімін практикада пайдалана білу дәрежелерін жетілдіреді. Бұл әдіс кітаппен жұмыс түрлері кезінде жазушы тілі, стилін анықтауда өте тиімді.

Зерттеу әдісі – берілетін білімнің ғылымилығын арттыру, қосымша материалдармен байыту білім алушыларды іздендіру, өз беттерімен проблема шештіру мәселелерінде тиімді. Білім алушыларды өздігінен ойлануы мен іскерлігін, өз беттерінше қорытынды шығару дағдыларын жетілдіруде өте пайдалы.

Лекциялық әдіс. Тарихи-әдеби шолулар, ақын-жазушының өмірі мен шығармашылық қызметіне сипаттама, әдебиеттің тарихи мен теориясына байланысты мәселелерді жинақтап қорыту, көркем шығарманы тұтастай түсіндіру т.б. түрлерде білім алушылардың дайындық деңгейіне қарай таңдалынып алынады.

Лекциялық сабақтардың бір түрінде мұғалім лекциялық материалдың күрделі жоспарын тізеді, жоспар негізгі бөліктер мен тармақ-тармақшаларға бөлінеді. Жоспарда баяндалатын мәселелер айтылу рет тәртібіне қарай жүйеленіп тізіледі, қажетті даталар мен цитаттар т.б. жоспардың тиісті жерлерінде көрсетіледі. Кейде білім алушыларды оларға таныс емес шығарманың идеялық тақырыптық мазмұнымен жол-жөнекей таныстырып кетуі қажет болып қалады. Бұл ретте де мұғалім ондай шығарманың мазмұнын көркемдеп әңгімелеу түрімен қысқаша айтып беруге тиіс [2, 45].

Орта білім беру жүйесінде әдебиетті оқытуда әдіс-амалдардың бұлардан басқа да түрлері бар. Мысалы, сөз жарысы, пікірталас баяндама жасау, теріп мазмұндау проблемалы баяндау-әңгімелеу жазба жұмыстар т.б.

Қазақ әдебиеті аспектілік пәні сабағында қолданылатын негізгі материалдар қоры: мәтін, бейне және аудиовизуалды материалдар. Қазіргі сабақтың алуан түрлілігі мен олардың шығармалық сипаттары әдебиет пәні бойынша ұйымдастырылатын сыныптан тыс жұмыстарымен үндес, мақсаттас болып келеді.

Сыныптан тыс уақытта жүргізілетін жұмыстар білім алушылардың әдебиет сабағында алған білім қорын молайтып, ой-өрісін дамытып, дүние тану қабілетін арттырады. Сыныптан тыс уақытта жүргізіле-

тін жұмыстар әр алуан. Олар: түрлі үйірмелер, әдебиет газеті мен қолжазба журналдар, әдеби-көркем кештер, спектакльдер, әдеби көрмелер, серуен, экскурсиялар, театрға бару, кино, мұражайларға бару, сыныптан тыс көркем шығармаларды оқу, әдебиеттік музыкалық клубтар, оқырмандар конференциялары т.б. сөз өнеріне тарту, көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру, эстетикалық талғамын, сезімін дамыту сияқты білім мен тәрбие берудің басты-басты мәселері сыныптан тыс жұмыстарда одан әрі жалғасын табады. Бұлардың қайсысын қашан, қайда және қалай қолдану әдебиет мұғалімінің еркіне беріледі [3, 86].

Қазақ әдебиетін оқыту барысында фольклор бөлімін бастағанда, біріншіден, халық ауыз әдебиетімен таныстыратын мәтіндер оқып, ауыз әдебиеті деген не? сынды сұрақтардың жауабын түсіндіріп, оның үлгілері және түрлерімен таныстырамыз.

Ауыз әдебиеті – халық шығармашылығының ерекше саласы, ауызша шығып, ауызша таралған көркем-әдеби туындылардың жиынтығы. Қазақ халқының мұндай сөз өнерін ғалымдар ауыз әдебиеті деп атаған.

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы ауыз әдебиетінің шығарушысы да, таратушысы да, тыңдаушысы да – халық. Сондықтан ол, шын мәнінде, халықтың өз еншісі болып табылады [4, 21].

Ауыз әдебиеті жанрлық құрамы жағынан да сан-салалы болып қалыптасты. Тұрмыс-салт өлеңдері (еңбек-кәсіп, аңшылық, үйлену, жерлеу салты, наным-сенім т.б.), ертегілер, аңыздар, әпсаналар, жырлар, тарихи өлең, қара өлең, лирикалық өлең, өтірік өлең, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, айтыс, шешендік сөздер, жаңылтпаштар, драмалық үлгідегі шығармалар – міне, ауыз әдебиетінің негізін құрайтын осы бір жанрлардың өзі әрі қарай түр-түрге бөлініп кете береді. Бұлардың қай-қайсысы болса да сөзбен айтылатын шығармалар және олардың негізгі құралы сөз. Сондықтан ауыз әдебиеті, ең алдымен, сөз өнері. Ауыз әдебиеті үлгілерін білім алушыларға оқытуда әртүрлі сызба-кесте, слайд түрлерін пайдалану өте тиімді. Соның негізінде төменде арнайы кестелі слайдтар берілді. Жоғарыда айтылғандай, ең алдымен ауыз әдебиетіне толық анықтама беріліп, түсіндіріліп содан кейін түрлерімен таныстырылып, нәтижесінде төмендегіше кестелі слайдтар негізі құрылады.

Ауыз әдебиетінің келесі бір түрі – айтыс. Айтыс – ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы. Айтыс – синкреттік жанр, ол тұрмыс-салт жырларынан бастау алып, келе-келе ақындар айтысына ұласқан. Айтыста осыған орай лирикалық, эпикалық, драмалық сипаттар мол ұшырасады [5.35].

Айтыс – халық ауыз әдебиетінің ерекше бір түрі. Сонымен бірге аудиторияда айтыстың түрлерін топтастырып, слайд түрінде көрсетіп таныстырамыз. Және де қазіргі заманғы айтыстың түрлерімен салыстырып көрсетіп, аудио-визуалды материалдар қолданамыз. Айтыстың түрлері: жұмбақ айтыс, бәдік айтыс, өлі мен тірі айтысы, жар – жар айтысы, салт айтысы – қыз бен жігіт айтысы; ақындар айтысы, жануарлар мен адамдар айтысы.

Айтыс туралы тақырыпты бекіткен соң, білім алушылар өз ойын ортаға салу, пікірін білдіру сынды монологтық тапсырмалар орындауды ұсынамыз. Яғни тыңдаушы өз елінде осы айтыс өнеріне ұқсас келетін ауыз әдебиетінің түрімен таныстырып, оның қазіргі уақытта халық арасында кең тараған немесе тарамғандығын, сонымен қоса бұл өнер түрінің жойылған жойылмағандығын айтып өтеді. Осындай тапсырма түрлері оның жаңа тақырып бойынша алған білімін шыңдап, есінде мықтап сақталуына ықпалын тигізеді.

Лиро-эпостық жырлар ғашықтық жырлар – лирикалық әрі эпикалық шығарма. Оқиға желісі бірін-бірі құлай сүйген екі жас арасындағы махаббатқа құрылады. Көпшілігінің оқиғасы сүйгеніне қосылуды аңсаған, жастарға ескі салт-сана қарсы тұрып, мерт қылумен аяқталады. Лиро-эпостық жырларларда халықтың тұрмыс-салт, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, көңіл-күйі көбірек суреттеледі. Лиро-эпостық жырларда кейіпкерлер батырлар емес, қарапайым адамдар. Екі жастың бір-біріне деген сүйіспеншілігін жырлайтын эпостарда, негізінен, махаббат отына жанған қыз бен жігіттің қосыла алмай, трагедияға ұшыраған тағдыры баяндалады. Әдетте, олардың бақытына кедергі болатын нәрсе – ата-аналардың қарсылығы немесе қызға ғашық басқа жігіттің жауыздығы, не болмаса екі рудың араздығы болып көрсетіледі.

Ғашықтық жырлар көп вариантты болып келеді. Оның себебі көп замандар бұл жырлар ауыздан-ауызға тарап, біреуден біреу жаттап алу арқылы кейінгі ұрпаққа жетіп баспаға іліккен.

Қазақ халқының лиро-эпостық жырлары: «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», Айман-Шолпан», «Күлше қыз», «Күл мен қыз», «Мақпал қыз», «Есім-Зылық».

Бұл бөлімде де техниканың көмегіне жүгініп, көрнекілік материалдар әзірленіп қолданылады. Сонымен бірге мәтін бойынша жұмыс кеңінен жүргізіледі. Мұндай тапсырмалар білім алушының ойын еркін, нақты жеткізуіне, пәнді оқуда алған білімін пайдалануға, мәтінді қандай дәрежеде түсінгендігін

тексеруге үйретеді.

Кез келген шығарманы оқыту барысында мәтінді дұрыс талдай және мәтінмен дұрыс жұмыс жүргізе алу сауаттылық пен шеберлікті талап етеді. Осы қасиеттер болғанда ғана сабақтың алдына қойған мақсаттарына оңай әрі дұрыс жетуге болады.

1 Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. - Алматы: «Рауан», 1997.

2 Ақшолоқов Т. Көркем шығармаға талдау жасау. - Алматы: «Мектеп», 1983.

3 Көшімбаева А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. - Алматы: «Мектеп», 1969.

4 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті. - Алматы: Мектеп, 2001. - 230 б.

5 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. - Алматы, 1974. - 201 б.

#### Резюме

**С.М. Бегманова** - КазНПУ им. Абая магистрант II курса, научный руководитель: д.п.н., проф Т.Қ. Жұмажанова  
**Концептуальная система Методы, используемые для обучения литературы в средней школе**

В статье рассматриваются современные методы преподавания казахской литературы, а именно устного народного творчества. Устное народное творчество – это духовное наследие, бесценный источник и богатство каждого народа. Наряду с указанными эффективными методами обучения анализируются некоторые виды упражнений при работе с текстами, рассматривается использование широкого спектра современных технических средств. Все эти действия способствуют формированию у обучаемых коммуникативных и аналитических навыков для полноценного и глубокого понимания студентами представленных текстов. Вместе с этим, широко рассматривается сравнительный метод обучения в аспектном преподавании казахской литературы в аудитории, так как этот подход способствует правильному и точному пониманию прочитанного текста. А также в данной статье на примере слайд-шоу презентации рассматриваются трудности восприятия устного народного творчества.

**Ключевые слова:** устное народное творчество, жанр, метод, художественная литература

#### Summary

**S.M. Begmanova** - Kazakh National Pedagogical University named after Abay,  
The 1 st course Undergraduate student, Research leading: d.p.n, prof. T.Q. Jumajanova

**The conceptual types of The methods used to study literature in high school**

In the article modern methods of teaching Kazakh literature namely folklore are considered. Folklore is a spiritual heritage, an invaluable source and wealth of each people. Along with the specified effective methods of training some types of exercises during the work with texts are analyzed, use of a wide range of modern technical means is considered. All these actions promote formation at the trainee communicative and analytical skills for full-fledged and deep understanding of the presented texts by students. Together with it, the comparative method of training in aspect teaching Kazakh literature in the foreign audience as this approach promotes the correct and exact understanding of the reading texts widely is considered. And also in this article on the example of slideshow presentation difficulties of folklore perception are considered.

**Keywords:** folklore, genre, method, fiction, art literature

ӨОЖ 81.367.7

### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ТЕРМИНДЕР ЖҮЙЕСІ

**А.Е. Сатыбалдиева** – Абай ат. ҚазҰПУ, Филология институтының 2-курс магистранты,  
**Ғылыми жетекшісі:** ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) м.а. **С.А. Жиренов**

Бұл мақалада автор терминология мәселесін қарастырған. Тіл білімі саласының терминдерінің тууына, жасалуына, қалыптасуына тікелей атсалысқан А.Байтұрсынұлының еңбектеріне тоқталған. Ғалымның тілдік терминдерді ұлттық санаға лайықтап жасауымен дәлірек айтқанда, әдістемелік терминдер жүйесін жасағаны айтылған.

**Кілт сөздер:** терминология, сәулет өнері, кескін өнері, әуез өнері

Ғалым қазақ алфавитінің тұңғыш реформаторы, осы жетілген жазу үлгісімен еліне тұңғыш әліппесін, тіл құралын, әдебиет танытқышын сыйлаған, таза қазақ емлесімен шыққан тұңғыш «Қазақ» (1913-1918) газетінің тұрақты редакторы, көрнекті ақын аудармашы, публицист-журналист, ірі қоғам қайраткері ағартушы-ұстаз. Мұхтар Әуезовтың сөзімен айтқанда қазақ халқының «Рухани көсемі» болған А.Байтұрсынұлының ұланғайыр еңбегі сан - салада көрінеді.

А.Байтұрсынұлының сан-салалы мұрасын игеру ісі енді ғана басталды. Оның ағартушылық қызметі, ғылыми ізденістері, жазушылық жалыны, ақындық дарыны, аудармашылық өнері қоғам қайраткері ретінде ісі т.б. толып жатқан қоғамдық қызметтердің қай - қайсында да ол өзінің өшпес ізін қалдырды.

А.Байтұрсынұлы өзінің өмір-баянында былай дейді: «Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен, екіншіден, қазақ алфавитін,



орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен, үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан арылтуға, ... термин жасау арқылы халықтың жанды тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым» дей келе, мұны өзі жасаған оқулықтар мен өзі басшылық еткен «Қазақ» газеті арқылы жүзеге асырғанын айтады.

Халықтың сана-сезімін ояту үшін жаппай сауаттандыру жұмысын жүргізу керек екенін ұққан ғалым. Өзі мақсат еткен мәселелерге ретімен тоқталған. А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда «Оқу құралы» деген атпен жарық көрген кітабы қазақша сауат ашатын тұңғыш әліппе құралы. Мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін «Тіл құрал» атты 3 бөлімнен тұратын оқулықтың I бөлімі фонетикаға

1914 ж, II бөлімі морфологияға, 1914 ж, III бөлімі синтаксиске 1916 ж арналған. «Баяншы» 1915 жылы Қазаннан жарық көрген еңбегі қазақ мұғалімі үшін әдістемелік құрал болса. «Әдебиет танытқыш» 1926 жылы басылып шыққан әдебиеттануға кіріспе еді. 1925 жылы «Әліпбидің» жаңа түрін жариялайды. Ғалым осындай құралдың ересектер үшін де аса қажет екенін ескеріп, «Сауаташқышты» жазады. Ол оқулық бірінші 1924 жылы Орынборда, 1926 жылы Семейде басылып шыққан. Осы оқулықтарды түзу барысында ғалым әрбір ұғым, түсінік, нәрсе, затқа әсіресе, грамматикалық категориялардың бас-басына қазақша термин береді. Ал оларды дәл, нақты, дұрыс тауып қолданғанын өмір уақыт сыны дәлелдеп отыр.

Қазақ терминдерін сөз еткенде, терминология мәселесінің тууына, жасалуына, қалыптасуына тікелей атсалысқан А.Байтұрсынұлының есімін бірінші алатынымыз белгілі.

«Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәрін жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын... Сондықтан сөзден жасап сөз шығару тегін әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді» [1], - деп, тілдің міндетін терең түсініп, оны термин шығармашылығында асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен жұмсай білген ұлы тұлғаның қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі ұшан-теңіз. Ғалымның тіл білімі саласындағы еңбектерін саралау, жүйелеу, оларға тарихи тұрғыдан баға беру бүгінгі тілші ғалымдардың еншісіндегі жұмыс. Тілші ғалым Ө.А. Айтбаев тұлғаның термин жасау тәжірибесін саралай келе, оны «қазақ терминологиясының атасы» [2], - деп бағаласа, 1988 жылдан бері, Ахметтануға өзіндік үлесін қосып жүрген тілші ғалым Рабиға Сыздықованың тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының, қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін салушы А.Байтұрсынұлының ірі ғалым екендігін былайша саралайды.

- Терминдік мәндегі күрделі атауларды ұсынуда А.Байтұрсынұлы тек ұғым дәлдігін ғана көздеп қоймай, сипаттама (характеризующий) компонентін әсерлі, үнді, тұлғалас сөздер болып келуіне қатты назар аударған. Әдебиеттану саласында жасалған терминдерінде бір тектес және сөздер мен әдемі әсерлі «ойнақы» компоненттер... көбірек кездеседі [3].

А.Байтұрсынұлы, төл терминдерді жасауда қазақ тілінің өз мүмкіндігін барынша сарқа пайдалану анық та айқын принцип ұстанды. Ол «пән сөзі (термин) ретінде тиісті ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөзін алу» принципін басты қағида етіп алды. Сол кездің өзінде-ақ ғалым кірме терминдердің талғаусыз қабылдау тіл үшін қандай қасірет алып келетінін көрегендікпен болжай білген.

Сөзіміз дәлелді болу үшін ғалымның өз пікірін келтіре кетейік: «Біз сияқты мәденит жемісіне жаңа ауыз тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың ішіндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдердің сөздерін араластырса ақырында ана тілдің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұртшылықтың тіліндегі пән сөздерінің даярлығына қызықпай ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек» [1]. Бұл пікір қазіргі кезде ХХІ ғасырдың басында да өз құнын жойған жоқ. Қайта бізге бағыт-бағдар беретін ағалы тұжырым болып отыр.

Жоғарыда айтқанымыздай, А.Байтұрсынұлы термин жасауды теориялық тұрғыдан ғана көрсетіп қойған жоқ, өз еңбектері арқылы іс жүзінде жүзеге асырды. Сондай еңбектерінің бірі қазақ тілінің өзіне тән табиғатына сай төл оқулығы «Тіл құрал» жайында былай дейді. «Тіл құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелі кезде сондай жат көрінер, өйткені қазақта бұрын болмаған жаңа зат... Халықта болмаған нәрсе жат көрініп, бірте-бірте ойы үйренген соң қалатын [1]. Шынында да ол жат болмақ түгіл, ана тілінің жүйесін танытқан бұл құрал ізі бүгінде бар қазақ тілі оқулықтарында сайрап жатыр.

Көрнекті ғалым, ҚР ҰҒА-ның академигі Р.Сыздықованың мына пікірі төл оқулық жайлы көп нәрсені аңғартады «Тіл құрал» тұңғыш оқулық болумен қатар, бастауыш мектепке яғни алғашқы 4-5 жыл оқитын шәкірттерге арналғанмен, бұл қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылысын талдап, жүйелеп танытып берген, қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми жұмыстың басы болды. Қазақ тілі фонетикасы мен грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша термин ұсынды» [1].

А.Байтұрсынұлының еңбектерінің құндылығының нәтижесінде әр жылда еңбектері толықтырылып

басылып отырған. Ғалымның «Тіл құрал» атты еңбегі 1914 ж, 1918 ж, 1920 ж, 1922 ж, 1924 ж, 1925 ж, 1927 жылдары, яғни 7 рет басылған. Қызылордадан 1925 жылы толықтырылып басылып шыққан А.Байтұрсынұлының «Тіл құрал» еңбегіне назар аударсақ. Ғалым:

**1. Тіл мүшелері** (сөйлеу мен сөйлем, сөйлем мен сөз, сөз бен буын, буын мен дыбыс)

**2. Қазақ тіліндегі дыбыстар:** олардың таңбалары

1. Жарты дауысты дыбыстар

2. Қатаң дыбыстар

3. Ұяң дыбыстар

4. Ымыралы дыбыстар

5. Ымырасыз дыбыстар

**3. Сөз түлғалары**

1. Түбір сөз

2. Туынды сөз

3. Қос сөз

4. қосалқы сөз

5. қосымшалар

**4. Сөз жазуының жалпы ережелері.**

**5. Жұрнақтар**

**6. Атауыш сөздер** (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік)

**7. Шылау сөздер** (үстеу, демеу, жалғаулық, одағай деп, олардың тарауларына ішкі топтарының жасалу туралы маңызды тұжырымдар жасап, жеке-жеке атаулармен атаған.

«Тіл құралындағы» сөз таптары мәселесінде сөздерді топқа бөлмес бұрын, ең алдымен атауыш және шылауыш сөздер деп үлкен екі топқа бөлген, ол топтарды «мағынасына» қарай тоғыз топқа жіктеген. Олар іштей *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғаулық одағай* [1], - деп алғашқы бесеуі, яғни *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік «атауыш сөздер»*, ал *үстеу, демеу, жалғаулық одағайлар шылау сөздер* қатарында қарастырылды [1]. Ғалымның атауыш сөздер дегені толық лексикалық мағыналы сөздер тобы болса, шылау сөздерге лексикалық мағыналары жоқ сөздерді топтастырған. А.Байтұрсынұлының тіліміздегі сөздерді топтастыруындағы жалпы жүйе негізінен өзгеріссіз күні бүгінге дейін қолданылып келеді.

«А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер жүйесі, бір карағанда, оп-онай болып көрінгенімен, ол өте күрделі де терең ізденістер нәтижесінде пайда болған ғылыми туынды. Өйткені іс оның күнделікті нақты - педагогикалық ұйымдастырушылық, оқытушылық жұмыс және ғылыми қызметімен тығыз байланысты жүргізіліп отырғанынан туындайды. А.Байтұрсынұлы үшін ең маңыздысы - жасалған терминдердің құрылымы мен семантикасы жағынан қазақ тілінің қарапайым лексикасына жақын болды», - дейді ғалым Ө.Айтбаев [2].

«Тіл-құралдың» морфологияға (сөз жүйесіне) арналған II бөлімі 1914 жылы жарық көрген. Еңбек әр жыл сайын толықтырылып өңделіп 1914 ж, 1915 ж, 1920 ж, 1922 ж, 1923 ж, 1924 ж, 1925 ж, 1927 жылдары, яғни 8 рет басылған. Бұның себебі: ғалымның еңбектері сол кездің өзінде керекті құнды кітапқа айналғанның дәлелдейді. Еңбектің Орынборда 1915 жылы басылып шыққан кітабында *зат есімді деректі-дерексіз, жалпы-жылқы, жекелік-көптік* мәнді түрлерге бөліп атаулар берген. Қазіргі грамматикамен «Тіл құралдағы» зат есімдердің мағыналық топтарының арасында да, атауларында да айтарлықтай айырмашылық жоқ. Бұл терминдер әбден қалыптасып, бүгінгі күні қолданылып жүр, қолдана береді де.

А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер мен жазған оқулықтар тек қазақ еліне ғана қызмет еткен жоқ, көрші халықтарға да үлкен қызмет көрсетті. Мысалы қырғыз мемлекетінің тарихын жазған академик Э.А. Измайлов қырғыз халқы А.Байтұрсынұлының «Тіл құралы» бойынша хат таныды деп жазған. Бұл оқулықтар ғалымның таза ана тіліндегі бастамасы және дұрыс жазылған еңбек болды. А.Байтұрсынұлы бір топ терминдерді ғана емес, бүкіл бір ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар жиынтығын дәлірек айтқанда терминдер жүйесін жасаған. Ғалымның осындай тұтас терминдер жүйесін қалыптастыруы - оның қазақ тіл білімінің терминдерін жасаушы екендігінің дәлелі бола алады.

Ұлттың сипаты мен ерекшелігі тілі болса, қазақ тілінің жүйесін алғаш рет зерттеген, қазақ тіл мәселерімен қатар әдебиет саласына да тың еңбектер жазған. Әдебиеттану саласында түрлі бағытта ой қорытып, пайымдау барысы әйгілі ғалымды «Тіл құралы» тәрізді тұңғыш оқулық түріндегі ғылыми еңбегінің екінші қанатындай етіп «Әдебиет танытқышты» жарыққа шығаруы.

«Әдебиет танытқыш» алғаш рет 1926 жылы Ташкентте басылып шықты. 1937 жылдары тиым салынып, 1989 жылы «Жазушы» баспасынан және 1991 жылы «Жалын» баспасынан ғылыми айналымға

қайта оралды. Қазақ тіліндегі әдебиет теориясы бойынша алғашқы оқулық болып табылатын бұл кітаптың басты ерекшелігі әдебиетке қатысты ғылыми терминдерді қазақша қалыптастырды.

«Әдебиет танытқышта» әдебиеттің міндеті былай түсіндірілген: Адамның жан қоштау керегінен шыққан нәрселер «Екеуіне жұмсалатын өнер түрін А.Байтұрсынұлы анықтап береді – тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері болады, соңғысы нәрселерге жұмсалатын өнер-көркемшілік үшін көрнек өнері болады» [4]. Көрнек өнерін А.Байтұрсынұлы бес тарауға бөліп қарайды.

1. «Сәулет өнері» (европаша архитектура)
2. «Сымбат өнері» (европаша скульптура)
3. «Кескін өнері» (орысша живопись)
4. «Әуез өнері» (европаша музыка)
5. «Нәрсенің жайын, күйін, түрін, ісін сөзбен келтіріп көркейту өнері.

Бұл сөз өнері болады. (қазақша асыл сөз, арабша әдебиет, европаша литература). Енді оның басқа ғылымдардан ерекшелігі. Өнердің ең алды сөз өнері деп саналады. «Өнер алды кызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадірінше сөз өнер атқара алады, қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіріттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзгелердің қолынан келмейді [3].

Сөз өнеріне қатысты барлық теориялық ұғымдар, түсініктер, терминдер «Әдебиет танытқышта» түгелімен қазақша атауларымен берілген. «Сөз өнері», «Шығарма сөз», «Мазмұн түрлері», «Сөз өнерінің ғылымы», «Тіл асылы», «Сөз толғау», «Тіл (лұғат) әуезділігі», «Өлең шығару», «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі», «Қара сөз», «Дарынды сөз», «Ауыз әдебиеті», «Қалып сөзі», «Жазу әдебиеті», «Діндар дәуір», «Сындар дәуір», «Толғау», «Айтыс-тартыс» деген тақырыптардың өзі көрсетіп тұрғандай тарау аттары түгелдей қазақша аталады. Ғылыми еңбектің өне бойында сақталатын бұл сипат әр тараудың іштей көріністерінде тіпті тереңдей түсіп, қазақ тілінің байлығын, қандай нәрсеге болса да балама табылатын қасиетін айқындай түскен.

Жазылғанына қанша уақыт өтсе де еңбектің бүгінгі күн тұрғысынан алғанда да көкейкесті болып отырғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Аталған оқу құралының басты ұстанымы бүгінгі білім беру сатыларында мектепте білім мазмұнында сабақтасып жатқандығын көруге болады және ол әлі де құндылығын жойған жоқ.

А.Байтұрсынұлы араб графикасы негізіндегі қазақ жазуын тұңғыш боп реформалады, оған сәйкестендіріп емле ережелерін құрастырған. Бұл жаңа жазу үлгісі ел көңілінен бірден шығады. 1912 жылы «Айқаптың» 8-санында М.Дулатов «Жазу тәртібі», деген мақаласында А.Байтұрсыновтың реформалаған жазуын құптап, өзі де біраз ұсыныстар жасайды. Ол «Қазақ» газетіндегі «Тіл құралына» жазған рецензиясында А.Байтұрсыновтың емлесіне жоғары баға берген: «Қазақ тілін қолына қалам ұстағаннан бері қазақша жаза бастаған Байтұрсынов қазақ емлесін шығарды, оқу құралдарын жазды. Осы екі жылдың ішінде «Қазақ» газетасының тіл, емле туралы жазылған қызметі көре көрінерлік болды. Екі жылдың ішінде де орта есеппен 250 мың дана «Қазақ» нөмері тарады; жаңа емлемен 15-тей кітап шықты, бұлар 45 мың данадай бар. Осының бәрі қазақ арасына тарап жатыр. Бұл емлені тосырқап түсінбейміз, оқи алмадық деген ешкімді естігеніміз жоқ. «Қазақ» емлесін мұсылман медреселерінде, орыс школдарындағы шәкірттер, учительдер, мұғалімдер жабыла қабыл еткендігі былтырғы «Қазақ» нөмерлерінің көбінен көрінеді.

А.Байтұрсыновтың ұсынған әліпбиін орыс ғалымдары «Байтурсиновский алфавит» деп атап, профессор Е.Д. Поливанов өз кезінде оған «... енді түзетуді қажет етпейтін, тарихи тұрғыдан алғанда кемелденген, жетілген ұлттық графика» - деп жоғары баға берген болатын. Поливанов Е.Д. Новая /казак-киргизская/ Байтурсиновская орфография. Н.Бюллетень Средне азатского госуниверситета, Вып. УШ. Ташкент 1924 с.36. [5].

Сондай-ақ, А.Байтұрсынұлы тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының ғылыми терминологиясын жасаумен бірге қазақ әліпбиін жазып шығарды.

Сөйтіп А.Байтұрсынұлы оқу-ағарту ісі, оқулықтар жасау, әліппе емле мәселелерімен қатар мәдениет пен әдебиет саласында, қоғамдық өмірде әлеуметтік мәні бар істермен айналысып, көп нәрсеге ұйтық болды. Тереңінен ой қозғап, байсалды пікірлер айтты. Ғалымның бұл жұмысы көпшілік тарапынан қолдау тауып, қайраткерлік, ғалымдық, ағартушылық қызметтерімен дарыны, таланты өз заманын да аса жоғары бағаланып, мойындалды.

Терминолог ғалымдардың пікірінше, А.Байтұрсынұлы жасаған кейбір терминдерді қолданыстан шығарып тастау, ауыстыру әрекеттері де болған. «Бірақ, деп жазады, Ө.Айтбаев – бұ әрекеттен ештеңе шық-

пады. Қайта бұдан артық үлгіні қанша әрекет еткенімен жасай алмайтындарына көздері жетіп, елдің бәрі А.Байтұрсынұлы терминдерін негізге алды. Күні бүгінге дейін мектеп пен жоғары оқу орындарында пайдаланып келе жатқан оқулықтардағы терминдік жүйе түгелімен Ахаң есімімен байланысты» [2] деп жазады.

Ал, ғалым Р.Сыздықова былай дейді: «қазақ тілін талдап, тануда А.Байтұрсынұлының еңбегін және бір бұл тұрғыдан ерекше бағалау керек. Ол термин жасаудағы іс-әрекеті, ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша термин ұсынды. Осы күні қолданып жүрген «*Зат есім, сын есім, сан есім, етістік, одағай, шылау, бастауыш, баяндауыш*» деген т.с. сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы А.Байтұрсынұлыкі. Бұлардың өте сәтті жасалғандығын күні бүгінге дейін қолданып келе жатқан өміршеңдігі дәлелдейді [3].

Қорыта келгенде, А.Байтұрсынұлы – ғылымның әр саласын қамтып, қалыптастыруға ат салысқан әмбебеп, дарынды ғалым.

Ұлт ұстазы атанған ғалымның жүріп өткен өмір жолы, қай қырынан алсақ та кейінгіге өнегекайраткерлігі, өнері, ғылымы тереңде жатқан мінсіз маржан іспетті. Бүгінгі мектеп оқулықтарындағы терминдердің барлығы ғалымның бізге қалдырған мұрасы. А.Байтұрсынұлы еңбектерін тиімді пайдаланып, өз тәжірибеміздің өзекті туы етіп ұстау, парызымыз деп санаймыз.

1 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: «Жібек жолы», 1 том. 2002 ж. – 208 б.

2 Айтбаев Ө. «Қазақ сөзі». – Алматы: «Рауан», 1997 ж. – 240 б.

3 Байтұрсынов А. «Ақ жол». – Алматы: «Аруана», 1994 ж.

4 Поливанов Е.Д. Новая казах-киргизская / Байтұрсыновская орфография.

5 Бюллетень Н. Средне азиатского госуниверситета, Вып. V.Ш. - Ташкент. 1924 г. - с 36.

#### Резюме

**Сатыбалдиева А.Е.** – КазНПУ имени Абая, 6М012100 – магистрант 2 курса по специальности Казахский язык и литература в школах с неказахским языком обучения,

**Научный руководитель:** кандидат филологических наук, и.о. ассоциативный профессор (доцент) С.А. Жиренов

#### Система методических терминов в использовании Ахмета Байтурсынова

В этой статье автор рассматривает проблемы терминологии. Им исследованы труды А.Байтұрсынова, непосредственно участвовавшего и внесшего неоценимый вклад в становление образования терминологии в области языкознания, в частности терминов в сфере образования, в соответствии с национальным мышлением казахского народа.

**Ключевые слова:** терминология, архитектура, живопись, музыка

#### Summary

**Satybaldiyeva A.E.** - Kazakh National Pedagogical University named after Abai, 6M012100-Master 2 course, specialty Kazakh language and literature in schools with non-Kazakh language learning;

**Supervisor:** candidate of philological sciences, associative professor S.A. Zhirenov

#### The system of teaching in terms of performances, Ahmet Baytursynova

In this article, the author considers terminology problems. He investigated works of A. Baytursynov who was directly participating and made an invaluable contribution to the formation of terminology in the field of Linguistics, particularly, in terms of education according to the cultural way of thinking of the Kazakh people.

**Keywords:** terminology, architecture, painting, music.

ӘОЖ 377.44

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ТАНЫМДЫҚ ТҮРҒЫДАН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ

**А.Қ. Серікқалиева** – Абай атындағы ҚазҰПУ, Филология институтының 2-курс магистранты

Бұл мақалада қазақ тілін танымдық тұрғыдан оқыту оқу жүйесін сапаландыру үшін тіл бірліктерін «этнос-тіл-мәдениет» үштігіне сүйеніп мәтінге тілдік ерекшеліктер тұрғысынан ғана емес, оның танымдық құндылығын, астарында жасырын жатқан мәліметті анықтауға, жорамалдауға жете көңіл бөлініп, студент үшін «Орыс» концептісі нақты мысалдар арқылы талданды.

**Кілт сөздер:** таным қабілеті, концепт, «Орыс» концептісінің құрылымы

Тәуелсіздігін алған мемлекетіміздің ертенгі болар болашағы – бүгінгі студент. Қазіргі ғаламдану дәуірінде оның жан дүниесін білімнің бүкіл әлемдік жетістіктерімен қаруландыра отырып, ұлттық дәстүр, оның рухани байлығы негізінде тәрбиелеу керек.

Когнитивтік лингвистика адамның ақыл-ой тәжірибелік қызметімен байланысты қарастыру мәселесін көтереді. Студенттердің танымдық көзқарасын байыту, өмірлік ұстанымын қалыптастыру оқытушының

шеберлігіне, шығармашылық қызметіне байланысты. Студент бойында кездесетін таным қабілеттері дегеніміз – білімді өз санасында белсенді және нәтижелі түрде бейнелеуі. Ол студенттердің сыртқы дүние туралы білімді меңгеру ептілігі және дағды мен әдеттерін қалыптастыру нәтижесінде жүзеге асады. Студенттің танымдық белсенділігін арттыру, таным қабілеттілігінің оянуына түрткі болу – оқытудың негізгі мәселесі (1, 162-165 б). Сондықтан қазақ тілін оқытуда когнитивтік лингвистика ілімі білім мазмұнының танымдық бағыттары мен аспектілерін әр түрлі қырынан ғылыми негіздейді және адамның таным үдерісіне қатысты білімін тереңдетіп, тәжірбиесін молайтады (2,10-15 б).

Когнитивтика лингвистика тіл арқылы қоршаған ортаны, адамзат қасиеттерін, қоғамдық құбылыстар мен жаратылысты танып білудің ғылыми теориялық негіздерін қарастырады. Таным ғылымы пәнаралық (ғылыми аралық) ғылым болғандықтан, әр саладағы ғалымдардың (тілші, әдебиетші, психолог, ойшыл (логик), философ, математик, программист, кибернетик, антрополог, этнолог, тарихшы т.б.) ой-пікірін тоғыстырып, адам болмысы, санасы мен ақыл-ойы туралы анағұрлым толыққанды *біртұтас ғылыми тұжырым жасауды мақсат етеді*. Когнитивтика лингвистика таным ғылымының бір бөлігі ретінде дәл осы мәселені тіл қызметімен байланыстыра қарастырып, тіл білімінің заңдылығын толықтырады, танымдық жағынан заңдылығын, ережесін, жүйесін қалыптастырады. Өйткені таным әрекеті, танымдылық (когниция) адам санасымен әлем, дүние туралы тану, білу, білім жинақтау дегенді түсіндіреді. Алайда бұл арада тек ғылыми бағытта ғана тану деген бір жақты ұғым қалыптаспау керек (4, 66 б.).

Білім беру саясатының тұжырымдамасына сай, шығармашылық тұрғыда ойлай алатын танымдық мәдениеті биік, ұлттық мәдениетті жете меңгерген, өзін-өзі үнемі дамыта алатын белсенді қабілетті студенттерді тәрбиелеуде қазақ тілін танымдық тұрғыдан оқытудың рөлі ерекше екені сөзсіз. Тілді, тілдік бірліктерді адами факторлармен, адами құндылықтармен бірлікте қарастыру қазіргі тіл білімінің алға тартып отырған басты бағыттарының бірі. Бүгінгі күні адами факторларға ерекше мән беріп, тіл иесінің тілдік бірліктерді дұрыс, ұтымды қолдану, мән-мағыналарын терең түсіну мәселесі ғылыми еңбектерде жиі көтерілуде. Қазақ тілін танымдық тұрғыдан оқыту тілді қарым-қатынас құралы ретінде игерумен бірге оны ерекше құбылыс есебінде қабылдануды, елтануды, өлкетануды қамтамасыз етеді.

Қазақ тілін танымдық тұрғыдан оқыту оқу жүйесін сапаландыруға, оның басты принциптерін жүзеге асыруға себептігін тигізеді. Сапаландыру - негізгі бір педагогикалық жүйеге бағынған кешенді әдістердің тоғысуы болып табылады. Кешенді әдістер мен когнитивтік процесстерді зерттеу мәселесі мына төмендегі талаптарды қажет етеді: когнитивтік қабілеттілік; қабылдау, меңгеру, мәмелені шеше білу, елестету, тапқырлық. Когнитивтік талдаудың сүйенетін басты негізі - концептер адамның тілдік санасында репрезенттелуі, миымен қабылданып, санада өңделуі (4.273-б.).

Студенттердің ынтасын арттыру сабақта зор жетістікке жетудің басты шарты болып табылады. Ал, сабақта ынтасын көтеретін нәрсе – сабақтың мазмұны мен оқытушының қолданатын әр түрлі әдіс-тәсілдері, яғни студентті сабаққа қызықтыру үшін жүргізетін жұмыстары. Демек, тіл бірліктерін «этнос (адам)-тіл-мәдениет» үштігіне сүйеніп оқыту тіл білімінің этнолингвистика, тіл арқылы ел тану, лингво-мәдениеттану, когнитивтік лингвистика сияқты жаңа бағыттарына жол ашты. Аталған бағыттардың негізінде адамның тілі мен мәдениетінің өзара байланысы мәселесі жатыр. Мысалы, «Орыс» концептісін талдап көрсету арқылы өзге елдің мәдениетін таныту. Тіл мен халықтың, оның мәдениетінің арасындағы тікелей байланыс халықтың рухынан, тілінен көрініс табады. Олай болса, тілді оқытқанда оны сол халықтың рухани байлығымен, мәдениетімен байланыстыра оқыту қажет. Сөйтіп, студенттерге қазақ тілін танымдық тұрғыдан оқыту туралы түсінік беру арқылы, зерттеу нысанына алынып отырған «Орыс» концептісін анықтап алмақпыз. Ол үшін тіліміздегі өзінің қолданылу жиілігімен де, жеке мәндік белгілерімен де ядролық өрісі кең қолданыстардың қатарынан орын алған «Орыс» концептісінің табиғатын тану үшін құрылымдық көрінісін талдаймыз.

«Орыс» концептісінің құрылымдық көрінісі:

|                          |                                                                                                                                                                                                                    |
|--------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Орыс - ұлт               | Ресей Федерациясының байырғы және негізгі халқы. Қазақтардың солтүстік, солтүстік-шығыстағы көршісі.                                                                                                               |
| Орыс елі                 | Қытай, Іле қазақ автономиялы облысында жасайтын Қазақстаннан ауып барған Албан, Суан т.б ұлы жүз руларының өкілдері осылай аталып кеткен. Бұлар 500-550 мыңдай жан                                                 |
| Орыс - мұсылман емес     | Кәрі орыс мұсылман болмайды. Басқа ұлттың дінін қабылдау, салтына көшу, әдетте адамның жас кезінде болатын жағдай; өз дініне, өз ұлтының дәстүріне берік мосқалды мұсылман қылуға болмайды деген ұғымды білдіреді. |
| Орыс - аққұлақ           | <b>Сол аққұлақ біздің кеңсеге кірмесе екен деп тілейтін болдым</b>                                                                                                                                                 |
| Орыс - оқу, білім - ояну | Орысша оқып ыңерлі болалық; оян, қазақ, көтер басты; құтылып надандықтан ғылым                                                                                                                                     |

|                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|----------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                      | тапса; қазақты ояталық етіп Һүммәт; қазақты төрге сүйреп жеткізші; ғылымның талиблары нұрын төкпей, жатпалық жастар.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| Орыс - өзге          | «Арақ ұрттап, қияр қажаған орыс адамы...».                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| Орыс - совет үкіметі | Біздің бала кезімізде үлкендер: «Әй орыс-ай» деп ризашылықпен таңдайын қағып отыратын. Себебі, бізге осы нұр шұғылалы бейбіт өмірді орнатқан, капиталистік жауларды жусатып, жуасытқан, әрі қазір де қорғап отырушы, оқу-білім, керек-жарақпен қамтамасыз етуші – мынау шекараның арғы жағындағы ұлы көрші Сәбет елі екен. «Сәбет деген не?» десең «орыс» дейтін. Сондықтан біз үшін сәбет пен орыстың айырмашылығы да, оны түсінетін деңгейіміз де жоқ еді.                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| Орыс - аға ұлт       | Орыс халқы – ұлы халық, аға халық сізге де, бізге                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| Орыс - мейірман      | Үлкендер: «Үйінен алыс жүрген бала ғой, орыс болса да», - деп, салқын сүтін, іркіт-айранын ішкізіп, жанторысығына құйып беріп жататын. Кетерінде әлгі солдаттар ризашылық белгісі ретінде балалар, біздерге әскери жұлдызша, значоктарын, тіпті кейбірі пилоткасын да сыйлап кетіп жататын еді. Значокты шымылдықтың желбіреуі-гіне тізіп, жұлдызшаны кепкімізге қадап алып маз болатынбыз. Әрине, сол кезде біз үшін орыс солдаттынан өткен мейірман адам жоқтай көрінетін.                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| Орыс - күйгелек      | Жаз болса ауыл үстінде ақ, қоңыр, көк түсті тікұшақтар қаптап кететін. Тынымсыз тыртылдап ұшып, кейде тым жақындап келіп өрістегі малды үркітіп «әзілдейтін». «Бұлар не істеп жүр?» деп сұрағанда үлкендер «күйгелектер ғой» дейтін. «Күйгелегі» не десек, Алтайдың қатпар тауларының қыртысын сығалап, кен іздеп жүрген геологтар екен ғой. Сол «күйгелектер» жермен де жүретін. Көршіміз Кәмалаш шалдың ұлы Биғұмар аға бір күні бірнеше «күйгелектерді» ертіп келгені бар. Әлгілердің арасындағы бір қасқа бас орыс бізге жағалай батончик кәмпит үлестірсін. «Берсең балаға бер», - дегендей әлгі қасқа бас күйгелектің берген кәмпитін ауыл балалары аузымыздың суы құрып әңгімелеп жүретін болдық. «Күйгелек» орыстар да ақкөңіл екен. |
| Орыс - ұлық, билеуші | Сыбан мен Тобықтының өмірі бітпеген жер дауының бірінде Құнанбай Кенжеғұлға сәлем айтады:<br>- Ертең орыс ұлығы келеді, таласты жерге билік айтады, отырған жерінен көшсін, - деп. Сонда Кенжеғұл:<br>- Құнанбай мені орыспен қорқытпасын, әркім өзі қазған көріне түседі, - депті.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |

Міне, «Орыс» концепт құрылымының ұғымдық бөлігін анықтау студентке беретін тапсырмаларды дәлелдейтін, түсіндіретін, пікірмен келісетін, келіспейтін, ұсыныс енгізетін, сын көзбен қарайтын, бір сөзбен айтқанда, тіл үйренушіні жан-жақты ойландыратын жұмыстар болуы керек. Таным – адамның жаңа әрі тың білімді игеріп, рухани байлығының өсуі. Тіл үйрету барысында жастардың дүниетанымын кеңейту – сол халықтың әдет-ғұрпы, салт-санасы, мәдениеті, тарихы, әдебиетін үйреніп, зерттеп-білумен тікелей байланысты. Таным – ақиқатқа жету, бұрын таныс семес шешімдерді іздеу, жаңалық ашу, оны іздеу. Соның нәтижесінде ғана оны практикалық өмірде пайдалануға жол ашылады. Осындай зерттеулер мәдениетаралық қатынастың төрінен орын алып, халықтардың бір-бірімен түсінісу барысын жүзеге асыруға кеңінен ат салысады. Танымдық оқыту арқылы студентті қызықтырып отырған мағлұматтар, іздестіріп отырған сұрақтарына жауап төңірегінде танымдық мәні, мағынасы бар ақпараттар беретін, студенттің дүниетанымын, білімін жан жақты кеңейтетін, көзқарастарын қалыптастыру керек.

1 Оразақынова Н.А. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры, п.ғ.д., Г.М. Кенжебаева Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы, п.ғ.к. ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕСІ Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филология», №3(49), 2014 г. 162-165 б.

2 Оразбаева Ф.Ш. Қазақ тілін танымдық тұрғыда оқыту. Қазақ тілі мен әдебиеті. 2007 ж., - №1, - 10-15 б.

3 Шақаман Ы.Б. Танымдық тіл ғылымы. Ғылыми зерттеулік еңбек (монография) - Павлодар. ПМПИ. 2012 - 66 б.

4 Әбілғазықызы А. Қазақ тілінің тарихы мен түркітану мәселелері. Көрнекті түркітанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Бабаи Әбілқасымовтың 80 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары – Алматы, 2011, - 273 б.

## Резюме

Магистрант 2-курса КазНПУ имени Абая Серікқалиева А.Қ

### Когнитивный аспект обучения казахского языка

Эта статья казахский язык и когнитивные изучения языка для обучения придали качественно новую систему единиц «этнических групп - язык культуры» на основе одного из трех не только с точки зрения лингвистических особенностей текста, его воспитательное значение, чтобы определить детали скрыты за, не является приоритетом для студента считаем, что концепция "Орыс" анализировали с помощью конкретных примеров.

**Ключевые слова:** познавательные способности, концепция "русского" концепции структуры

### Summary

Kazakh National Pedagogical University named after Abay. The 2 st course Undergraduate student **Serkaliyeva A.**

#### **Cognitive aspect of training of the Kazakh language**

This article Kazakh language and cognitive study of language learning gave a qualitatively new system of units "ethnic groups - the language of culture" on the basis of one of the three not only in terms of the linguistic features of the text, its educational value, to determine the details hidden behind, is not a priority for the students believe that the concept of "Russian" were analyzed by specific examples.

**Keywords:** cognitive abilities, the concept of "Russian," the concept of structure

ӘОЖ 37.062.1

### **САХНАЛЫҚ КОСТЮМ ОБРАЗДАРЫН ДАЙЫНДАУҒА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМУ**

**С.Охапова** – Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының  
6M010700 – «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының I-курс магистранты

Мақалада сахналық костюм образдарын дайындаудың кейбір мәселелері қарастырылған. Костюм, сахналық костюм, қызығушылық ұғымдарына анықтама берілген. Костюмның алатын орны мен ролі, шығу тарихы, өзіндік табиғи ерекшеліктері, қызығушылықты дамыту мәселелері жан жақты қарастырылған. Жалпы костюм образдарын дайындауда ЖОО ның студенттерінің көркемдік қызығушылықтарын дамытудың педагогикалық, өнертанушылық, эстетикалық негіздері мен бүгінгі жағдайы сипатталған.

**Түйін сөздер:** киім, қызығушылық, көркем, пішім, сахна, театр, сән, технология, дамыту, дүниетаным

*«Костюм – бұл актердің екінші қабығы, бұл оның жанды заттардан бөліп алынбайтын және ажырағысыз бірдеңесі, ол бұның бір бүтінге бірігіп тұтастай көрініп тұратын бір дүниесі және оның сахналық түрінің бет пердесі»  
А.Я. Таиров [1]*

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес білім беру жүйесін дамыта отырып, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырудағы негізгі бағдар - адамды қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани жан-дүниесінің дамуына, көзқарастары мен шығармашылық әлеуетінің, танымдық біліктілігі мен мәдени құндылықтарының жоғары деңгейде дамуына, жеке тұлғаның қызығушылығының дамуына жағдай жасау.

Білім берудің жаңа бағыттарының басты ерекшелігі - оқытудың нәтижесін алдын-ала болжап, студенттердің костюм образдарын дайындауға қызығушылықтарын дамыта отырып, ізденімпаздығын арттыру, білімі мен біліктерін жетілдіріп, оны сана «сүзгісінен» терең зерделей отырып, шығармашылық әлеуетін үнемі дамытуға және рухани толысуға ұмтылыстарын қалыптастыру мақсаты тұр.

Қазіргі кезеңдегі ЖОО білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында костюм образдарын дайындауда студенттердің көркемдік қызығушылықтарын дамытуда студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеттегі көркемдік қызығушылығына тікелей байланысты. Көркемдік қызығушылық болашақ жас маманның ізденімпаздық қабілет сапасын дамытудың негізгі өзегі болып табылады. Себебі өмірдегі құндылықтардың барлығы да жаңашылдық бағыттар арқылы ғана іс-әрекетке тұрақты көркемдік қызығушылық нәтижесінде танылып, болашақта өміршең де, жан жақты дамуына мүмкіндік алады.

Қызығушылық дегеніміз - бұл адамның саналы іс әрекеті. Қызығушылық қалай пайда болады? Жалпы адамның қызығулары бірнеше түрге бөлінеді. Қызығушылық туралы психолог-педагогтар көптеген еңбектер жазған. Олар мыналар: У.Мак Дугал (1871-1938), Э.Торндайк, И.Ф. Гербарт. Бұл ғалымдар қызығушылықты зерттеп қана қоймай оның беретін жетістерін де атап өткен. Мысалы қызығушылық қабілетті дамыта отырып, студенттердің көркем шығармашылық қабілетін арттыруға болады. Бұл мәселе бүгінгі таңдағы көкейтесті мәселелердің бірі болып табылады [2, 12 б.].

Костюм белгілі бір халықтың, дәуірдің тиянақты киім қалпы. Киім адамның өмір сүруіне аса қажетті құралдарының бірі бола отырып, белгілі дәрежеде олардың жас айырмашылығы әлеуметтік жағдайы мен этникалық ортасы туралы мағлұмат беретін белгі. Киім адамды қоршаған ортаның, табиғаттың түрлі әсерінен қорғап өзінің практикалық қызметін атқарса адам денесіне сән беріп - этникалық қызметін атқарған. Адам баласы алғаш пайда болып, үңгірлер, жартас қуыстарын паналап жүрген кезден бастап табиғатпен жақсы үйлесімін тапқан. Сол кезде ағаш жапырақтарынан, аң терілерінен дөрекі жамылғылар

жамыла бастаған. Адамзат палеолит - тас дәуірінде тігіссіз байланатын киімдерді пайдаланумен қатар сүйек ине, сүйек бізді қолданып, тері және тоқыма киім кешек жасап киіну мәдениеттің басқа да түрлерін қалыптастыра бастаған немесе түйірленетін болған. Неолит дәуірінде өру, иіру және тоқу кәсібі дамып иықтан, мықыннан келетін киім түрлері пайда болған [3, 27 б.].

Костюм - француз тілінен аударғанда «*costume*» деген мағынаны білдіреді. Ал ойын-сауықтарды көрсетілетін орынды «сахна» деп атаймыз. Сахналық костюм образдарын жасауда пайдаланатын киім-кешектер түрлі әшекейлермен безендіріліп, көркем образдар дүниесі жасалады. Жалпы сахналық костюм актерлерге сахна кейіпкерінің ішкі жан дүниесін ашуға көмектеседі.

Костюм дәуірдің эстетикалық идеяларын байқатады. Ол адамның екі немесе оданда көп заттан тұратын киім жиынтығы (сумка, аяқ киім, бас киім, қолғап). Жалпы костюм - өткір әлеуметтік, сатира-лық, трагедиялық, ертегілік т.б. образдар дүниесін жасаудағы театр суретшісі шығармашылығының жеке бір саласы. Костюм сахналық образдың ұлттық, әлеуметтік ерекшелігі мен мінез-болмысын айқындай түседі. Суретшілер спектакльге қажетті киім үлгілерін жасайды. Мұндай шығармашылық процесс кезінде әрбір киімнің қандай матадан тігілетіндігі, өлшемі мен үлгісі қатаң ескеріледі [4,67 б.].

Костюм актерге сахна кейіпкерінің ішкі жан дүниесін ашуға көмектеседі. Костюмге қосымша қажеттілік ретінде бет-жүзді арнайы опалау (грим) мен шашты үлгілеу қолданылады. Костюм әуелден дәстүрлі әдет-ғұрып пен ойын-сауықта, ежелгі дәуір мен орта ғасырлар театрларында, Шығыстың классикалық театрында (Жапония, Қытай, Үндістан т.б.) пайдаланылған. Ежелгі дәуірдегі және одан кейінгі театр түрлерінде Костюм шартты немесе өз дәуіріне лайықты үлгіде болды. Француз драматургі Мольер өз пьесаларын қойғанда, сол заманындағы түрлі адамдар тобының киім үлгілерін пайдаланды.

Костюмның рөлі декорацияда үнемі де әрқашан «қозғалмалылық» сияқты басты да негізгі көшбасшы болады. Оның уақытпен, тарихпен және актерлермен өзіндік арақатынасы мен көзқарасы өзгертіліп, сахнаны көркем безендірудегі және ресімдеуіндегі тікелей «серіктесі» бола алады десек те болады.

Сахналық театр костюмы - ол актердің сахналық образының құрамдас бөлігі, сонымен қатар кейіпкердің актердің түрленуіне және көркем образға айналуына көмектесуіне септігін тигізетін құрал мен форма бола тұра, оның сыртқы белгілері мен кейіпкерді бейнелеудегі тамаша мінездемесі бар, көрерменде көркем әсер тигізетін құрал екені баршамазға аян. Актер үшін костюм ол материясы, формасы мен мағынаны дәрттендірген негізгі рөлі болып табылады.

Театр сахналық костюмы ең алдымен бейнелеу құралдары арқылы туындалады яғни, эскиз арқылы жүзеге асады. Сахналық костюм-бұл бишілер мен әр түрлі театр қойылымдары мен мерекелері үшін пайдаланылатын киім. Біздің уақытымызға ерекше танымалдылық танытып жүрген ол карнавалдар мен би кештеріне кию үшін пайдаланылатын костюмдер. Қазіргі би ұжымдарының үлкен санына қарай, бүгінде олардың арасында қатаң бәсеке туындауда, олардың әрқайсысы болмасын билеп қана қоймай, сонымен қатар әртүрлі мерекелерде және би жарыстарында шоу жасағысы келеді.

Сән өтеді, сән қалады деп айтады, неге? өйткені нақты мода өтеді, оның тіршілік еткені, дизайн және моделдеу принциптері өнер шығармашылығындағы адам бейнелері қалады. Осының бәрі костюм мәдениетін құрайды. Сәнге еліктеп, шамадан тыс тырысқанша, адам өзіне жарасымды киінгені жөн. Пьер Карденнің мынадай сөзі бар «Жарасымды киінген адам деп - өзіме және басқалармен санасатын адамды айтуға болады». Осы сөзді еске сақтап қай жер болса да соған лайықты киіну керек [5].

Жалпы сахналық костюм образдарын дайындауда студенттердің сахналық костюм түрлерін, тарихы мен табиғи ерекшеліктерін танып білуге, технологиясын меңгеруге, игеруге және оның негізінде жаңа сахналық костюм образдарын сомдауға көмектесетін және адамның қызығушылық бағытта дамуына жан жақты көмектесетін руханилық құбылысының бірнеше іргелі салалардың бір-бірімен тығыз байланысынан өрбиді, түзіледі. Ал олардың арасындағы студенттердің бойына көркемдік қызығушылықты дамытуды қажет ететін негізгілеріне сипаттама берсек, төмендегілерді атап өтуге болады:

Студенттердің зердесін байытып, көркемдік қызығушылық деңгейлерінің белгілі бір деңгейге көтеру, дамыту арқылы ақиқаттың сан қырлы құрылымын түсіну үшін қолданылатын қажеттілік білімділік мәселелерді анықтап береді. Бұл бағыт білімді жүйесіз жинақтау үшін емес, адамның рухани дамуымен, оның жаратымпаздық қасиеттерін ашып, айқындай түсу үшін қажет. Ол студенттердің көркемдік қызығушылығын дамытуда зор мүмкіндігі бар.

Жалпы ішкі мен сыртқы дүниенің әсемдігін түсінумен, қабылдаумен, түйсінумен және қоршаған ортаға, айналасына әсемдік қатынас орнатумен байланысты руханилық эстетикалық мәселелермен тығыз байланысты. “Әсемдік әлемді құтқарады” деген ғұламадан қалған сөзге сәйкес, адам бойында сұлулықты көре білуге, ондағы үйлесімділікті бұзбауға үйрету. Бұл жерде адамның жан сұлулығы, ой тазалығы, іс-қимыл мен ниетінің ақтығы айтылатын іспетті. Ал үйлесімділік бар жерде сұлулық та бар. Жалпы табиғат



сонау бастан-ақ әсемділіктен құралған. Оның әрбір бөлігі қайталанбас керемет үйлесімдікпен қалыптасқан. Тек сол әсемдікті байқай білетін, сезе білетін жүрек керек. Ал, енді рухани деңгейі жоғары шебердің қолынан шыққан өнер туындысы адамдарға өте ыстық сезім сыйлайды. Өзінің ішкі күш-қуатымен көрермендерін сүйсіндіреді. Суретші тек табиғаттан үйренудің арқасында ғана шеберлікке жеткен. Ал рухани тоқыраудан шыға алмаған адам сомдаған өнер туындысы сырты көркем болғанымен, шын мәнінде тартымдылығы жоқ бос дүние болары анық Руханилықтың әсемдікпен байланысы міне осындай. Тек әсемдікті терең көре білген, сезе білген адам ғана қоғамның рухани әлемін өз тарапынан барынша толықтыра түсетіні сөзсіз. Сөйтіп, ол өз іс-әрекеті арқылы адамдар арасындағы сұлулықпен, үйлесімділікпен көмкерілген руханилықтың қалыптасуына, оның дамуына да өз үлесін қосады.

Адам жеке тұлға ретінде әлемді тануға ұмтылған кезде оны бейнелеп қана қоймайды, ол оны жетілдіріп, дамытуға да тырысады. Сондықтан өмірді жоғарғы рухтың, үйлесімділіктің өте нәзік заңдылықтарына сәйкес өзгертем, яғни оған өз тұрғымнан үлесімді қосам деген жеке адам барлық өмірін шығармашылық әлемінде өткізеді, өмірін соған сарп етеді. Бұл жерде, З.Фрейд түсіндіргеніндей, шығармашылықтың қайнар көзі тек қана сублимациялық үрдістерде дей алмаймыз. Өйткені, шығармашылық адамның рухани болмысымен астасып, оның мәндік түп тамырын айқындай түседі.

Әрбір өнер туындысы адам әлемін жаңа рухани күшке, рухани атмосфераға айналдыруы шарт. Ондай деңгейге көтерілмеген туындылар жалған құндылықтар мен үйлесімділікті шайқалтушы теріс құралдар болып табылады. Тарихи үрдіс өнерді уақыт таразысынан өткізеді, оның керектісін қалдыруда одан артық сараптаушы, електен өткізуші, сынақшы жоқ.

Берілген жүйенің айналасында туындайтын міндет студенттердің ынтасын, қызығушылығын аңғара білу. Сондықтан да сахналық костюм образдарын дайындау мен құрастыру мәселелерін бүгінгі өмірге жақындата білуіміз керек. Студенттердің осы мәселелерге деген қызығушылығын ояту сахналық костюм образдарының күнделікті және қазіргі өмірде алатын орнымен байланысты. Студенттердің бүкіл рухани ішкі дүниесі, жинақталатын білім жүйесі, оның дүниетанымына да тікелей әсер етеді. Студенттердің бойында сахналық костюм образдарына деген қызығушылықты дамыту, рухани дүниесінің ізетті, адамгершілігінің бағытты қалыптасуын қамтамасыз ету, берілген жағдайдағы педагогикалық проблеманың негізгі шарты болып табылады. Жалпы барлық жұмыс осы қызығушылықтың төңірінде жүрсе, оқытушы үшін жақсы нәтижелерге итермелейтін ыңғайлы, әрі тиімді жолдар ашылады. Ол үшін студенттер нені қажет етеді? Оны не қызықтырады?, ол нені қалайды? - деген сұрақтарды үнемі ұмытпауымыз керек...

Осы тұжырымнан шығатын қорытынды берілген педагогикалық тұжырымда сахналық костюм образдарын дайындауда студенттердің көркемдік қызығушылығын дамытуға бағытталған ізетті жол болып табылады. Студенттердің сахналық костюм образдарын құрастыру мен дайындауға деген қызығушылығын оқытушы әрдайым өз тарапынан байқап, аңғарып отырса, ол зор тиімділіктерге қол жеткізеді деген сенімдеміз.

1 Таиров А.А. *О театре*. / Ком. Ю.А. Головащенко и др. - М.: ВТО, 1970. - 603 с.

2 Жолдасбекова С.А. *Бастауыш класс оқушыларының сәндік қолданбалы өнерге эстетикалық қызығушылығын қалыптастыру, пед.ғ.к. ...дисс. авторефераты: 27.01.1993. - Алматы, 27.01.1993, - 25 б.*

3 Киреева Е.В. *«История костюма»*. - М.: «Просвещение» 1976 г. - С. 176.

4 Жолдасбекова С.А. *Костюм тарихы. – Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 2004 - 186 б.*

5 Бондаренко В.В. *Пьер Карден. «Мода - один из элементов вечности в человеческом времени»*. <http://afield.org.ua>

## **Резюме**

**Охапова С.** - КазНПУ им. Абая магистрант 1-курса

В статье автор рассматривает вопросы развития художественного интереса у студентов при подготовке театрально-сценических костюмных образов. А также автор анализирует историю возникновения костюма, его природные особенности, определяет роль и важность костюмов в жизни и в обществе, дает определение таким понятием как: сценический костюм, интерес, костюм. Автор всесторонне рассматривает некую взаимосвязь при подготовке театрально-сценических костюмных образов с такими направлениями как: эстетика, искусствоведение, философия (мировоззрения).

**Ключевые слова:** костюм, интерес, художественный, образ, сцена, театр, мода, технология, развитие, мировоззрение

## **Summary**

**Ohapova S.** – Undergraduate course 1 specialty 6M010700-Fine Arts and drawing KazNPU by a name of Abaja

**Development of artistic interest by students in the preparation of the theatrical stage costume images**

In the article, the author examines the development of artistic interest by students in the preparation of the theatrical stage

costume images. As well as the author analyzes the history of costume, its natural features, defines the role and the importance of costumes in life and society, defines this notion as: costume, costume. The author comprehensively considers a relationship when preparing a theatrical stage costume images with such lines as: aesthetics, art history, philosophy (ideology)

**Keywords:** costume, interest, art, image, stage, theatre, fashion, technology, development, worldview

ӘОЖ 37.022

## **БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Э.Уайдуллақызы** – Абай атындағы ҚазҰПУ, Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, PhD доктор,

**Г.М. Қамысбаева** – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің I-курс магистранты

Әлемдік өркениет үдерісіндегі білім құндылығының артуы жағдайында еліміздегі білім беру ісін одан әрі дамыту қажеттілігі туындайды. Ғылым мен білім дамуының жаһандық талаптарына орай, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев «...Заманауи прогрестің мәнін білуіміз керек. Қазіргі шындық мынадай: бүгінгі мемлекет өзінің интеллектуалды ресурстарымен бәсекеге түседі. «Интеллектуалды ұлт-2020» идеясының мақсаты – жаңа қазақстандықтарды тәрбиелеу. Елді адам капиталы арқылы бәсекеге қабілетті ету. Бәсекенің бастысы – білімнің бәсекесі. Бұл үшін біріншіден, білім жүйесінің инновациялық дамуына жол ашу керек, екіншіден, электронды қызмет көрсетуді жаңа заманға сәйкестендіру керек, - деп атап көрсетуінің өзі де бүгінгі қоғамдық үдерісте тұлғаның ғылыми-ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастырудың негізгі құндылығы болып табылады.

**Кілт сөздер:** ақпарат, мәдениет, ақпараттық мәдениет

Елімізде білім беру жүйесіндегі білім мазмұны сапасын арттыруға, оны ақпараттандыру мен болашақ мамандардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға және дамыта түсуге, ғылым мен білім беруді ұштастыруға ықыласы жоғары. Ақпараттық қоғам жағдайында экономика, техника, ғылым, саясат т.б. қоғамдық өмірдің барлық салалары ақпараттық кеңістікке еркін енуі қажет етеді. Бұл тұрғыда білім беру ісіне үлкен жауапкершіліктер мен міндеттер жүктелгендігі, үздіксіз білім беру жүйесіндегі ақпараттарға деген сұраныстардың артқандығын, білім беру жүйесі субъектілерінің жыл сайын өтетін ғылыми жобалар сайысына белсенді қатысуы ғылым кеңістігінде ақпараттық мүмкіндікті мәдениет деңгейінде игерудің түрлі педагогикалық тетіктерін туындатып отыр [1].

Болашақ мамандардың ғаламдық интернет жүйесін меңгеру арқылы дүниенің төрт бұрышындағы жаңалықтар мен өзгерістермен ақпараттандырыла орырып кәсіби білімін көтеруге үлкен мүмкіндік алады. Білім беру жүйесінің жаңа талаптарын меңгеру дамыған 50 мемлекет құрамына кіру үшін кез-келген сала маманымен қатар жеке пәндерден дәріс беретін оқытушы мен мектеп мұғалімі ғаламдық ақпарат жүйесіне кіре білуі қажет.

Екіншіден, алынған ақпараттарды тиімді пайдалана білу қажеттілігі туындайды, бұл мәселенің де шешімін шыға білу керек.

Үшіншіден инновациялық (жаңашылдық) процесті меңгеру қазіргі таңда болашақ мұғалімнің алдына қойылған басты мәселелердің бірі болып саналады.

Төртіншіден электронды оқулықтарды пайдалана білу оқушылар қызығады, мұғалім де электрондық оқулықтардағы материалдардан ақпараттық білімі болу керек. Оқыту процесінде оқушылармен ынтымақтаса отырып электрондық кітаптардың ішіндегі материалдарды талқылап, оқушының ой-өрісін дамытуға болады.

Бесіншіден қазіргі таңда ақпарат алу құралы көп, оны кейде пайдаланып үлгірмейміз сондықтан да болашақ маманның ақпараттық мәдениеті жоғары деңгейде болу үшін педагогикалық бейімділік, шеберлік, іскерлік қабілеті болуы керек.

Алтыншыдан, болашақ маман жан-жақты хабардар болуы керек сол себепті бұқаралық мерзімдік баспа ақпараттарын уақытылы пайдалану керек.

Жетіншіден болашақ мұғалім психологиялық- педагогикалық даярлықта болуы қажет.

Болашақ мамандардың ақпараттық мәдениеті мен педагогикалық компетенттік білімдендіру қызметінің барысында атқарылатын процесс әрі соның нәтижесі деп қарастыруға болады. Себебі, педагогикалық оқыту мен жеке тұлғаны тәрбиелеп дамытудың соңғы кездегі педагогикалық-психологиялық теориялары қолдануға негізделген.

Ақпараттық мәдениеттілікті қалыптастыру жолында барған сайын көлемі өсіп, ұлғайып отырған білім, іскерлік, дағдыларды меңгеруден гөрі қоғамның мәдени-тарихи дәстүрлеріне, әлеуметтік дамудың тенденцияларына байланысты кәсіби педагогикалық мәдени байлықтарды тұтас камтып меңгеру әлде қайда ұтымды нәтижеге жеткізбек. Мұндағы педагогикалық процесс әрекеттілік және жеке даралық-

тұлғалық қатынастар принциптеріне негізделіп ұйымдастырылады. Болашақ мұғалімнің өзін-өзі ұйымдастыруды басқару жоғары мектеп оқытушысының кәсіби қызметінің ерекше саласы болып табылады және төмендегі мәселелерді қамтиды;

а) шығармашылық қабілеттерін дамыту: ғылыми, көркем-өнер, техникалық, спорттық, ұйымдастырушылық;

ә) өзін-өзі ұйымдастырудың дағдыларын қалыптастыру. Оған магистранттардың психалық жағынан өзін-өзі бейімдеу, табандылық, оқуда және қарым-қатынаста рационалдық көрсету. Өмірде кездесетін жағыдайлардың шешімін табуға жігерлік білдіру сияқты дағдылар жатады.

б) денсаулығын сақтауға бағытталған дағдылар.

Болашақ мамандарды білімдендіруге бағытталған іс-әрекетінің негізгі бағыттарының тағы бірі өз-өзін танып білуге, өзін-өзі дұрыс бағалауға, қоршаған болмысты объективті қабылдауға, өз мақсаттарын қоршаған ротаның мақсат мүддесімен ұштастыруға жеке басының жетістіктерімен кемшіліктерін саралай білуге, мамандықты меңгеру жолындағы өз ісін жоспарлап ұйымдастыруға үйретеді.

Болашақ мамандардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру оқу-тәрбие жүйесінің құрамды бөлігі – ол сабақтан және аудиториядан тыс жұмыстары арқылы жүзеге асырылады.

Болашақ мамандардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға педагогикалық технология пәнінің маңызы ерекше. Болашақ мұғалім оқытудың педагогикалық технологияны меңгеру қажет.

Педагогикалық технологиялардың түрлеріне тоқталып өтер болсақ:

- ❖ дәстүрлі оқыту технологиясы;
- ❖ бағдарлап оқыту технологиясы;
- ❖ модульдік оқыту технологиясы;
- ❖ топтық оқыту технологиясы;
- ❖ іскерлік ойындар технологиясы;
- ❖ проблемалық оқыту технологиясы;
- ❖ қашықтықтан оқыту технологиясы;
- ❖ ақпараттық технология;
- ❖ инновациялық оқыту технологиясы;
- ❖ кредиттік-модульдік технология және т.б.

Қазіргі заманда болашақ маманға, яғни болашақ кәсіп иесін тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлуіміз керек, өйткені бүгінгі студент, ертеңгі қоғамның дамуы үшін қызмет жасайтын тұлға. Яғни, бүгінгі студент ертеңгі мұғалім қызметінің бірі баланы сүйе білумен қатар ұлттық мәдениетпен ұлттық тәрбиені де терең меңгергені жөн. Аталған мәселелерді де өз пәнінің ыңғайына қарай ақпараттандырылып отырылғаны да жөн деп есептейміз.

Университет табалдырығында студент ақпараттық мәдениетті төмендігідей іс-шаралар арқылы меңгереді:

1. Болашақ мұғалімнің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда СӨЖ-ның орны ерекше. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарындағы барлық ғылыми сабақ түрлері студенттердің өзіндік шығармашылық жұмыстарының дағдылары мен түрлі өзіндік жұмыстарға ынталандыру үшін құрастырылынған.

2. Өзіндік жұмыс астарынан, білімді іздеудегі ой қортындылауды, оны бекітуді, дағды мен іскерліктің дамуын және білімді жалпылау мен жүйелеуді, арнайы уақыт бөлінген дидактикалық мақсатты орындау барысындағы оқытушылар ұйымдастырған студенттердің белсенді әрекетін түсінуге болады.

3. Өзіндік жұмыс дидактикалық құбылыс ретінде, бір жағынан, студенттің әрекет объектісімен оның міндетті түрде орындау қажет оқу тапсырмасын көрсетсе, екінші жағынан, сәйкестендірілген әрекеттің пайда болу формалары: студенттердің тапсырманы орындау барысындағы есі, ойлауы, шығармашылық қиялы оны жаңа жетілген білімді меңгеруге немесе меңгерген білімінің тереңдеуі мен кеңеюіне алып келеді.

Студенттің өзіндік жұмысы бұл оқытудың құралы, ол төмендегі көрсетілгендерден тұрады:

- әрбір нақты жағдайды қорыту, нақты мақсат пен тапсырмаға сәйкес.
- белгілі бір танымдық тапсырмаларды шешудегі студент білімінің көлемі мен деңгейі, дағдысы мен іскерлігі әрбір белгіленген кезеңде қалыптасып отырады.
- жаңа танымдық тапсырмалар шешуде студенттер өз білімінің жүйелік қорындағы психологиялық құрылымын және үлкен ағыстағы ғылыми әрі қоғамдық ақпараттарды бағдарлай біледі.

Психология-педагогикалық ғылымда білімді өздігімен меңгеру ақыл дамуының бірден-бір көрсеткіші. Өзіндік жұмыс барысында студенттердің интеллектуалды белсенділігін қалыптастыруға үлкен мүмкіндік бар.

Өзіндік жұмысқа мыналар жатады:

- оқу әдебиеттерімен жұмыс;
- қосымша әдебиеттермен жұмыс;
- сөздіктер мен энциклопедияларды еркін бағдарлау;
- библиографиялармен жұмыс істеу;
- коллоквиум мен семинарларда өз көзқарасын білдіру;
- интернет материаларын өңдеу;
- эссе, шағын шығармашылық жұмыстар жазу;
- электронды оқулықтарды пайдалану;
- бұқаралық, мерзімдік басылымдарды пайдалану т.б. жатады.

Студенттердің өзіндік жұмысы оқу үдерісінің бір бөлігі болып табылады. Сондықтан бұл жұмысты әрекетке айналдыру өз білімін жетілдіру үшін, ұйымдасқан педагогикалық бағытты студенттің интеллектуалды белсенділігіне айналдыру.

Білімге ұмтылу және өзіндік білімін жетілдіру, белгілі дәрежеде тұлғаның келешектегі мақсатты нұсқауы. Оқытудың жетістігі оқытушыға тәуелді, дегенмен, студенттердің қалай жұмыс жасауы да жетімсіз дәрежеде болмауы тиіс [13. 66].

Болашақ маман өзіндік кәсіби біліктілігімен, ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда өзіндік ізденістерді де талап етеді.

Мысалы аудиториядан тыс әртүрлі өзіндік білім алатын СӨЖ-ның түрлері бар:

- дәріс материалдарын конспектілеу және оқулықтарды жүйелі талдау;
- түп деректерді конспектілеу;
- семинар сабақтарына дайындық жасау;
- үй жұмыстарын орындау;
- сынақ және емтиханға дайындық жасау;
- баяндамалар мен хабарламаларға дайындық жасау;
- реферат жазу;
- олимпиада және әртүрлі сайыстарға қатынасу;
- студенттік конференцияларына қатынасу;
- өндірістік және басқа да тәжірибелер кезінде мекемелерде дәріс оқу т.б.

Аталған мәселелерге ғылыми тұрғыдан дайындықпен келуі үшін әрбір өзіндік жұмысқа материал жинау, оны өңдеу үшін ақпараттық мәдениеттілік деңгей жоғары болу керек. Көбіне студенттің ақпараттық мәдениеті аталған тапсырмаларды орындау барысында да қалыптаса бастайды.

Ғаламдастыру жағдайында өз білімімен, мәдениетімен, мүмкіндіктерімен ерекшеленетін ұлт қалыптастыру – еліміздің басты саясаттарының бірі. Зияттылығы жоғары ұлт ретінде халқымыздың мәдениет деңгейінің көтерілуі, дамыған елу елдің қатарынан табылуға стратегиялық жоспарлар жасап ұсынушы елбасымыздың идеяларын қуаттайды. Ақпараттар тасқынын таңдамай, талғамай игеру мүмкіндігі жастарымыздың өмірлік ұстанымдарына кері ықпалын да тигізуі мүмкін. Сондықтан, ғылыми мен техниканың жетістігін өркениет жемісі деп қарайтын ұлт болашағына барлық ақпараттарды іріктеп, сұрыптайтын, өмірлік мұраттарымызға сай топтастыратын ғылыми-ақпараттық мәдениетке тәрбиелеу қажеттілігі айқын.

1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: Болашаққа интеллектуалдық секіріс // Егемен Қазақстан; жариял. 14.10.2009.

2 Педагогика негіздері - Алматы, 2005 ж.

3 Жаңа педагогикалық технологиялар (оқу құралы) - Алматы, 2006.

4 Серікқалиұлы З. Дүниетану даналығы. Ғылыми және көркемдік таным ерекшеліктері. - Алматы: Білім, 1994, - 224 б.

5 Баширова Ж.Р., Төлешова Ұ.Б. Педагогикалық технологиялар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы, 2003, - 60 б.

6 Андреева И.М. «Информационная культура личности» - новая вузовская учебная дисциплина // Информационная культура специалиста: гуманитарные проблемы: тез. Междунар. науч. конф., Краснодар-Новороссийск, 23-25 сент. 1993 г. - Краснодар, 1993. - С. 24-26.

7 Антонова С.Г. Информационная культура специалиста. Гуманитарные основания // Проблемы информационной культуры. - М., 1994. - С. 110-116.

#### **Резюме**

**Уайдуллақызы Э.** – КазНПУ им. Абая, PhD доктор, старший преподаватель кафедры Педагогика и методики начального обучения, **Камысбаева Г.М.** – магистрант 1-курса КазНПУ имени Абая  
**Развития информационной культуры будущих кадров**

В условиях развития образовательной ценности в мировом цивилизованном процессе зарождается необходимость в дальнейшем развить образовательную деятельность. В соответствии с глобальными требованиями развития науки и образования Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев отметил так: «... Мы должны знать суть современного процесса. Сегодняшняя правда такова, что сегодняшнее государство конкурирует с своими интеллектуальными ресурсами. Цель идеи «Интеллектуальная нация-2020» - воспитать новых казахстанцев. Сделать страну конкурентоспособным через человеческого капитала. Главная конкуренция – конкуренция образования. Для этого, во-первых, надо открыть путь к инновационному развитию образовательной системы, во-вторых, соответствовать электронные услуги с новым периодом». Из этого высказывания можно понять что формирование научно-информационной культуры личности в сегодняшнем общественном процессе является основной ценностью формирования конкурентоспособной нации.

**Ключевые слова:** информация, культура, информационный культура

#### Summary

Uaydullakzy E. - KazNPU Abaya, PhD doctor, senior lecturer of the Department of Pedagogy and methodology of primary education, Kamysbaeva G.M. - 1- course Master of Kazakh National Pedagogical University named after Abai

#### Development of information culture of the future frame

In the development of educational values in the civilized world process arises the need to develop further educational activities. Distribution in accordance with the global development of science and education, the President of the Republic of Kazakhstan N. And. Nazarbayev said: "... We must know the essence of the contemporary process. Today's truth is that the state competes with svoimi intellectual resources. The purpose of the idea of "Intellectual nation-2020" is to educate new citizens. To make the country competitive in human capital. The main competition is the competition of education. For this, firstly, it is necessary to open the way to innovative development of the educational system, secondly, to comply with the electronic services with a new period". From this statement we can understand that the formation of personal information culture in today's public the process is a core value for the formation of competitive nation.

**Keywords:** information, culture, information culture

ӘОЖ 373.45

### СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДАРЫНДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Э.Уайдуллақызы – Абай атындағы ҚазҰПУ, Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі  
кафедрасының аға оқытушысы, PhD доктор,

С.Нарал – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 1-курс магистранты

Еліміз өз тәуелсіздігін алғалы бері қоғамның рухани өмірінде көптеген өзгерістер болды. Бұл оң өзгерістер болашақ жастарды тәрбиелеуде жаңа мақсат-міндеттер жүктеп отыр. Жастардың рухани кеңістігін қалыптастырудың алғышарты бастауыш мектепте жасалынады. ХХІ ғасыр мектебінің мақсаты жас жеткіншектерді жауапкершілігі жоғары, парасатты, адамгершілік мәдениеті қалыптасқан, өмірге икемді, ұлтжанды тұлға қалыптастыру. Болашақ мұғалімдер осы мақсатты орындауға бейімделген маман болуы шарт.

**Кілт сөздер:** сын тұрғысынан ойлау, технология, бастауыш сынып, дарындылық

Елбасымыздың жолдауында «ХХІ ғасырдың табалдырығы алдында білім беру капиталға айналуға. Оның өзі мазмұны жөнінен стратегиялық ресурстармен бәсекелесе алады. Елдің даму деңгейі осы арқылы бағаланатын болады» - деп сапалы білім беруге ерекше назар аударылып отыр.

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі мектептегі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, білім беру мекемелерінің тәжірибесіне енуде. Жаңа технологияларды меңгерту мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Жаңа технологиялар теориялық тұрғыда дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтижелер беруде.

Әрбір мұғалім жаңа педагогикалық технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін, алдында отырған оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтік мақсатына, мүддесіне сай, өзінің шеберлігіне орай тандап алады. Бұл жаңа технологиялар-оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, терең ойлай білуін, теориялық негіздерін, эстетикалық көзқарастарын пайымдауын, баға беруін, танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған.

К.Д. Ушинский: «Біз жан-жақты жеке тұлға тәрбиелегіміз келсе, ол тұлғаны жан-жақты зерттеп білуіміз керек» - деп атап көрсетеді. Осы ой бүгінгі таңда мұғалім іс-әрекетінің тұжырымдамасына айналды. Соған байланысты оқушының тұлғалық құрылымымен басты белгілері мен сапаларын анықтаудың мәні зор. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз, педагогтың бағыттауымен оқушының өз бетінше білімді игеруі.

Субъект - таным объектісі ретінде сыртқы әлемге төтеп бере алатын ізденімпаз, іскер, мақсаткер адам. Субъектілік ұғымының мазмұны оқытуды басқару жүйесі мен білім беру жүйесіне жаңа көзқараспен қарауды талап етеді. Бұл ұғымның өзі объектіге, яғни балаға әсер етудің мәні мен мазмұнын өзгеріске алып келеді.

Дарынды және талантты балаларды ерте анықтау, оқыту және тәрбиелеу білім беру жүйесін жетілдірудің негізгі мәселелерінің бірін құрайды. Дарынды балаларды анықтау бастауыш мектепте оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін, сөйлеулерін, есін, логикалық ойлауын бақылау, оқып-зерттеу негізінде басталуы тиіс. Мұғалімдер дарынды балалармен жұмыс істеу барысында келесі қағидаларға сүйенуі қажет:

- сабақтан тыс іс-әрекеттің ролінің, маңыздылығының арта түсуі қағидасы;
- оқытуды дараландыру және саралау қағидасы;
- мұғалімнің сирек, аз қатысуымен оқушылардың бірлескен жұмыстары үшін жағдай жасау қағидасы;
- косымша білім беру қызметтерін, көмекті, тәлімгерлікті оқушылардың еркін түрде таңдау қағидасы.

Дарынды және талантты балалармен жұмыс жасау мұғалім тұлғасына өзінің белгілі-бір талаптарын қояды: стандартты емес жұмыс істеу; ізденіс белсенділігі; жан-жақты қызығушылықта болу; жеткіншек психологиясы мен дарынды балалардың психологиясын білу; мұғалімнің дарынды балалармен жұмыс істеуге даяр болуы. Шығармашыл емес мұғалім шығармашыл оқушыны тәрбиелей алмайды. Себебі, әрбір сыныпта интеллектуалдық даму көрсеткіштері жоғары 1-2 оқушы ғана болуы мүмкін, бұл дарындылықтың орташа статистикалық көрсеткішіне (3% популяция) сәйкес келеді.

Сондықтан сын тұрғысынан ойлау технологиясы негізінде бастауыш сынып оқушыларының дарындылығын арттыруда мұғалімнің атқаратын іс-әрекеттерінің жүйесін былайша ұсынуға болады:

1. Дарынды балаларды анықтау: оқушының ерекше табыстары мен жетістіктерін талдау;
2. Дарынды балаларға шығармашылық бағытын іс жүзіне асыруына көмектесу. Зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыру;
3. Дарындылардың және оқушылардың танымдық іс-әрекеттерінің дамуын бақылау;
4. Дарынды және талантты балаларды қолдау және ынталандыру;
5. Дарынды балалардың ата-аналарымен жұмыс: дарынды бала, ата-ана және мұғалімнің бірлескен практикалық іс-әрекеті;
6. Дарынды балалармен жұмыс істеу мәселелері бойынша оқыту семинарлары;
7. Дарындылықты дамытуға, арттыруға қолайлы жағдай жасау үшін қоғамдағы басқа құрылымдармен өзара әрекеттесу;
8. Олимпиадалық және шығармашылық конкурстар жүйесін дамыту.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы негізінде дарынды балалармен жұмыс істеу формалары: пән үйірмелері; өз қызығушылығы бойынша үйірмелер; конкурстар; таңдау курстары; олимпиадаларға қатысу; жеке жоспарлар бойынша жұмыстар; бейіндік сыныптардағы сабақтар; интеллектуалдық сайыстар.

Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдағы. Осыған сәйкес оқушыға белгілі бір көлемдегі білім, білік, дағдыларды меңгертумен бірге табиғат, қоршаған дүние туралы түсініктерін кеңейте отырып, олардың дарындылығын жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше [1.3].

«Сыни ойлау» - бұл американдық көптеген ғалымдардың алдыңғы қатарлы идеялары негізінде құрылған жоба, оның тұтас құрылымы болғандықтан технология деген негіз бар. Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің да сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сыни тұрғыдан ойлау - бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, талдауға, және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады.

Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешім қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді.

Бастауыш мектеп - баланы оқуға үйрету мен тәрбиелеу оның тұлға ретінде өзін-өзі ашуға, жалпы дамуының қалыптасуына жағдай жасайтын негізгі саты. Заман ағысына сай технологияларды қолдану ауқымы, түрлері өзгеріп отырады. Бірақ ең бастысы технологияларды тиімді, жүйелі қолдану керек. Ұстаз үшін ең негізгі мақсат – әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы – оқушыларға білім беру, тәрбиелеу барысында кеңінен қолданылып жүрген оқушылардың білім сапасын

көтеруде жағдай жасайтын сабақты тиімді ұйымдастыруға, атап айтқанда сабақ уақытын ұтымды пайдалануға мұғалім мен оқушылардың ойлай қабілетін дамытуға көп көмегін тигізетін технологияны тиімді қолдана білу. Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық. Солардың бірі сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Сын тұрғысынан ойлау стратегиясы бойынша жүргізілетін жұмыста оқушылардың:

1. Өз бетінше тұжырым жасау, қорытындыға келу.
2. Ұқсас құбылыстар арқылы арасынан тиімдісін таңдай білу.
3. Проблеманы шеше білу.
4. Пікір таласты жүргізе білуге қабілеті қалыптасады.

Бүгінгі таңда бастауыш білім беру жүйесінде жиі қолданылып отырған жаңа модулдің бірі – оқушылардың жазу мен оқуда сын тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Оқытудың осындай жаңа педагогикалық технологияларын сабаққа ендіру бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты болуы керек. Себебі, елімізге заман талабына сай қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл, дарынды азаматтар қажет. Сабақта тек білімділік мақсаттарды шешіп қоймай, балалардың жекелік қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастыруда дәстүрлі оқыту мен дамыта оқытудың айырмашылығын салыстыру кестесі арқылы көрсетуге болады. Мұғалім бұл жүйемен жұмыс жасағанда, үнемі оқушы санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның дамуын жан-жақты зерттей отырып, өз сабақтарын соған сай өзгертіп отыруы тиіс. Сыни тұрғыдан ойлау өзіндік, жеке ойлау болып табылады. Ал, сабақ сыни тұрғыдан ойлау қағидаларына негізделетін болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін және бағалауларын басқалардан тәуелсіз құратын болады. Сыни тұрғыдан ойлайтын адам басқаның көзқарасымен жиі келісе бермейді. Олар не ойлау керектігін өздері шешетін болады. Сыни тұрғыдан ойлауды дамытудағы әдіс-тәсілдерді қолдану сабақта көп нәтиже береді. Оқушының жеке басын дамыту үшін мынандай қағидаларды есте үнемі ұстап отыру керек:

1. Баланың бойындағы құмарлығын, қызығушылығын жойып алмай оны үнемі алға жылжуға деген талап тілектерін, сұраныс пен мұқтаждарын ескеру, шығармашылығын жетілдіру.

2. Білімді өз бетімен іздену арқылы ойлауға жағдай жасау.

3. Өзін-өзі қалыптастыратын тұлға қалыптастыру.

Жалпы алғанда оқу үрдісінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясының бірнеше стратегияларын қолдануға болады. Әрбір сабақ психологиялық дайындықтан басталады. Оқушылар бір-біріне жақсы тілектер айтып, өздерін сабаққа дайындап алады. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз, педагогтың бағыттауымен оқушының өз бетінше білімді игеруі. Нәтижесінде неғұрлым дамытылған оқушының жеке тұлғасы қалыптасады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының мақсаты сынауға емес, шындалған ойлауға үйрету. Бұл технология сабақ жүйесінде іштей үш кезеңге бөлінеді: Қызығушылықтарын ояту; Мағынаны тану; Ой толғаныс.

I. Қызығушылықтарын ояту – жаңа сабақты түсіндіру кезіндегі үйрету үдерісі. Бұл өткен сабақ пен жаңа сабақты ұйымдастырудан тұрады. Бұл үдеріс бойынша оқушы нені біледі, не айта алады, осы кезеңде «топтау», «миға шабуыл», «болжау» тәсілдерін пайдалануға болады. Бұнда ойды қозғау, ояту, ми қыртысына тітіркендіргіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін, ынта-жігерін арттыру. Бұл кезеңде оқушыларды сабаққа психологиялық тұрғыдан дайындай отырып, қызығушылықтарын арттырудың әр түрлі әдіс – амалдары қарастырылады. Мысалы: «Шаттық шеңбері», «Тілекті тізбек» немесе қызықты сұрақтар қою арқылы оқушыларды өтілетін сабаққа тарту. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады. Жұбымен, тобымен талқылайды.

II. Мағынаны тану, ажырату – бұл кезеңде оқушы жаңа материалмен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, әр түрлі тапсырмалар орындайды, яғни белсенді түрде оқу жүзеге асырылады. Бұл кезеңді іске асыру үшін бірнеше әдіс – тәсілдер бар. Олар болжау кестесі, ойлан, жұптас, ортаға сал, білемін, білгім келеді, үйренгенім, сұрақ қоя білуді үйрету, өзара оқыту, топпен болжау, топпен зерттеу т.б. Осы әдіс-тәсілдерді қолдану бұл кезеңді ең тамаша кезеңге, яғни оқушының өздігінен білім алу, өзін-өзі өзектілендіру, танымдық қабілеттерінің дамуы, шығармашылық іс-әрекеттерінің оянуы, бір сөзбен айтқанда, өзіндік еңбек ету кезеңіне айналдырады.

III. Оқуды қорытындылауы, Ой толғаныс кезеңінде Венн диаграмма, еркін жазу, бес жолды өлең, эссе т.б. стратегиялар қолданылады. Олар арқылы баланың дамуына, оның бойындағы жеке қабілеттердің ашылуына, шығармашылықпен ізденуіне жол ашылады. Оқушы алған білімін пайдалана отырып шешім қабылдайды, топпен бөлініп берілген тапсырмалары болса, өздері дәлелдейді, көрсетеді, бағалайды. Қазіргі оқыту үрдісінде оң әсерін көрсетіп жүрген әдістердің бірі – «топқа бөліп шығармашылық

тапсырмалар беру».

Бастауыш сыныпта негізгі міндет - оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыта отырып олардың дарындылығын арттыру. Бұл мәселені алуудағы басты мақсатымыз – оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы баланың кішкентай кезінен дүниеге өзіндік көзқарасының қалыптасуына жол ашу. Осы орайда дарындылықты арттырудың, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың сыннан өткен мынадай түрлерін алуға болады:

- тақырыпты мазмұнына сай жинақтау;
- арнаулы бір тақырыпта пікір-талас тудыру;
- сөз жұмбақ құрау, шешу;
- шығарма, шағын әңгіме мәтінін құрау;
- өлеңдер құрау, өтірік өлеңдер құрау;
- әңгімелердің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қою;
- елестетіп, қиялдау арқылы суретін салғызу, рөлге бөліп оқыту;
- мазмұндама түрлерін жазу;
- адасқан сөзді орнына қой т.б.

Ал, сыныптан тыс жұмыс кезіндегі дарындылықты арттыру түрі:

- мектеп шеберханасына, мұражайға апару;
- әр түрлі кездесулер ұйымдастырып, одан алған әсерлері бойынша шығарма, өлең жазу;
- суретті кітапша жасату, жазбаша баяндату;
- мектептегі үйірмелерге, сыныптан тыс жұмыстарға қатысуына жағдай жасау;
- газет-журналдарға жаздырып, оны оқу үрдісінде үнемі пайдалану;
- ауыз әдебиетінің түрлерін сабақтарда кеңінен пайдалану.

Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу дарындылықты арттыру, шәкірт бойындағы талант көзін ашып, тілін байыту, қиялын ұштау мен өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Жаңа буын оқулықтарын оқытудағы қазіргі педагогикалық технологияны қолдану дегеніміз - келешек ұрпақты еркін дамуына, белсенді, шығармашыл, дарынды болуына жағдай жасау. Осыған байланысты оқыту мазмұнын, түрін, әдісін дұрыс таңдай білу қажеттілігі туады. Баланың бойындағы қабілетін ашу, одан әрі жетілдіру дамыта оқытудың негізінде зерттеушілік білігін және оңтайлы шешімін қабылдауға ынталандыру арқылы баланың бойына еркіндік, мақсаткерлік, еңбексүйгіштік, белсенділік, өз пікірін саналы, шебер ортаға сала білу сияқты оқыта отырып жалпы дамытуды үнемі сабақта жүйелі жүзеге асырғанда жан-жақты гармониялық даму арқылы дарындылықты арттыру үшін негіз жасалады.

Бастауыш сыныптардағы дарынды балалармен сын тұрғысынан ойлау технологиясы негізінде ары қарай атқарылатын жұмыстар оқу үдерісін психологиялық тұрғыда сүйемелдеу қажеттілігін ұйғарады. Ол дарынды оқушылардың психологиялық дамуына мониторинг жасауды, қажетті психологиялық көмек көрсету мақсатында оқушыларға, олардың ата-аналарына және мұғалімдерге дарынды балаларды дамыту үшін, оқыту бағдарламасын түзету үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында жеке кеңес беру болып табылады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы негізінде бастауыш сынып оқушыларының дарындылығын арттыру бойынша сауатты ұйымдастырылған және жүйелі түрде жүзеге асырылатын іс-әрекет балалардың интеллектуалдық жетілуіне және өзіндік дамуына ұмтылысын арттырады, шығармашылық қабілеттерін, жобалық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамытады. Дарынды балалармен жұмыс жеке өзіндік еркіндікті, жалпы қабылданған стандартты қалып-күйден ауытқудағы, мәселені шешудің жаңа тәсілдерін іздеудегі жігерлілікті жандандыруы және қолдап-қуаттауы маңызды болып табылады.

1 Лейтес Н.С. Психология одаренности детей и подростков. - М.: Просвещение, 1996.

2 Юркевич В.С. Одаренный ребенок: иллюзии и реальность. - М.: Просвещение, 2000.

3 Бутенко А.В., Ходос Е.А. Критическое мышление: метод, теория, практика. - М.: Мирос, 2002. - 176 с.

4 Бастауыш сынып. - Алматы, 2003. - №12. - Б. 22.

5 Бастауыш сынып. - Алматы, 2004. - №3. - Б. 27.

#### **Резюме**

**Уайдуллақызы Э.** – КазНПУ им. Абая, PhD доктор, Старший преподаватель кафедры Педагогика и методики начального обучения, **Нарал С.** – Магистрант 1-курса КазНПУ имени Абая

**Пути повышения одаренности младших школьников на основе технологии критического мышления**



С момента обретения независимости, страна изменилась в духовной жизни общества. Эти позитивные изменения в образовании молодых людей в будущем, чтобы загрузить новую задачу. Молодые в качестве предварительного условия для формирования духовного пространства начальной школы. Цель двадцать первого века чтобы молодежь имели ответственность, честность, нравственной культуры. Будущие учителя должны быть адаптированы к целевой специалисту.

**Ключевые слова:** критическое мышление, технологии, начальных классов, одаренность

#### Summary

**Uaydullakzy E.** - KazNPU Abaya, PhD doctor, senior lecturer of the Department of Pedagogy and methodology of primary education, **Narad S.** - 1- course Master of Kazakh National Pedagogical University named after Abai

#### **Ways to improve the talent of younger schoolboys on the basis of critical thinking techniques**

Since independence, the country has changed in the spiritual life of society. These positive changes in the education of young people in the future to get a new task. Young as a precondition for the formation of primary school spiritual space. The purpose of the twenty-first century, the youth had a responsibility, honesty, moral culture. Future teachers must be adapted to target specialist.

**Keywords:** critical thinking, technology, primary school endowments

ӨОЖ 373.32

### **БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ**

**Э.Уайдуллақызы** – Абай атындағы ҚазҰПУ, Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, PhD доктор,

**А.Боранбай** – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 1-курс магистранты

Қазіргі уақытта Қазақстанның әлемдік озық отыз елдің құрамына кіру стратегиясының жүзеге асырылуы жағдайында және оған сәйкес әлемдік білім беру кеңістігіне ену қажеттілігі бүгінгі болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілікке ие, бәсекеге қабілетті, рухани-адамгершілік тұрғыдан жан-жақты дамыған маман болуын талап етіп отыр. Ал бұл болса, республикадағы педагог кадрларды кәсіби даярлау жүйесін жаңашылдықпен жаңғырту керектігін, соның ішінде білім беру мен тәрбиелеу саласындағы жаңа технологияларды жаңартуды қажет етеді.

**Кілт сөздер:** болашақ бастауыш сынып мұғалімдері, рухани-адамгершілік, бастауыш сынып

Балалар мен жастар – мемлекеттің жарқын болашағы болуы себепті олардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне бүгінгі күнде де баса назар аударылып отыр. Осыған байланысты Елбасы Н.Ә. Назарбаев жаһандану үрдісінде жастар саясатына ерекше көңіл бөліп, ХХІ ғасыр жаңару кезеңі, жастар қоғамды, экономиканы дамытушы, қозғаушы күш деп, айта отырып олардың *тұлғалық дамуына* аса мән беру қажеттігін көрсеткен болатын [1].

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңында мектептің міндеті оқушыларға тек білімнің жиынтығын беру ғана емес, оқушылардың өз бетінше білім алуына, өзіндік білім алудың тәсілдеріне үйрету де болып табылатындығы туралы айтылған. Сондықтан білім беру, оқу үдерісін ұйымдастыруға деген көзқарасты қайта қарап, білім, білік және дағдыны меңгертуде мұғалім құзыреттілігін дамытуға, оқушыға оқу ақпаратын беруде оқушылардың күтілетін нәтижелерге қол жеткізуіне мүмкіндік беретін оқу үдерісін жобалауға, оқушының әр пәнді меңгеру икемділігін қалыптастыруға қарай өзгерту қажеттілігі туып отыр.

Осы талаптарға сәйкес және әлеуметтік құндылықтар саласындағы басымдықтардың ауысуы жағдайында оқушының білім алуға ұмтылысын оятып, өзіндік бақылау, өзіндік бағалау, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, өзінің ішкі мүмкіндігін толығымен пайдалануға қабілетті тұлғаның қалыптасуына қолайлы жағдайлардың туғызылуы талап етілуде. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін барынша ескеріп, өзінің белсенді әрекеті арқылы оқыту – бүгінгі күннің қажеттілігінен туып отыр. Осыған орай «оқушы – білім беру объектісі» көзқарасынан, оқушының өз бетінше ізденіп, шығармашылықпен еңбектенуіне қол жеткізетін жолды таңдау маңызды. Ол үшін оқушыға сабақ беретін мұғалім бойында ізденімпаздық, ойлай білу, белгісізге ұмтылу, алдына қойған мақсатына жетуде табандылық көрсете алатын, оқушы бойына да осы қасиеттерді дарыта білетін, шығармашылықпен қызмет етуге дайындығын қалыптастыра алатындай сапалардың болуы маңызды. Осы орайда жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған, кәсіби құзыретті маман даярлау заңды құбылыс. Себебі жоғарыда айтылғандай қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді.

Сонымен болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауға қойылған осындай талаптардың бастауыш сынып мұғалімдеріне тікелей байланысты екендігі сөзсіз. Өйткені мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерге мектеп тынысын, оқу-білім үрдісін, тәрбие танымын алғаш таныстыратын да, білім беріп, тәрбиелейтін де – бастауыш сынып мұғалімі. Бастауыш сыныпта алған білім мен тәрбие әрбір оқушының өмір сүру негізі болатындығы ғылым саласында да тәжірибе жүзінде де дәлелденген. Сол себепті білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтардың алдымен болашақ бастауыш сынып мұғаліміне-рін даярлау үрдісіне ендірілуі шынайы құбылыс.

Тәрбие ықылым заманнан бастап зерттеу объектісінен түскен емес. Әл-Фараби - «тәрбиелеу дегеніміз - халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дамыту әдісі деген сөз», - деп ой тұжырымдаса [2], М.Жұмабаев «тәрбие деген не?» деген сұраққа, ол – «қандай болса да бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету», «...адам баласының әсіресе жанын тәрбие қылу керек деп ұғу керек. Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі ғұм құлық тәрбиесі. Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі толық болғаны» деген болатын [3]. Осы айтылып өткендер тәрбиенің құрамдас бөлігінің бірі рухани-адамгершілік тәрбие екендігін жоққа шығармайды.

Рухани-адамгершілік тәрбие идеялары қазақтың ұлы ойшылдары мен ағартушыларының еңбектерінде көрініс тапқан. Қорқыт ата, Әбу Насыр әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев және т.б. еңбектерінде жастардың рухани өрлеуі мәселесіне не кенінен мән беріледі [4].

Қорқыт бабаның ойлары қанатты сөздер, өсиеттер, аңыз-жырлар ретінде беріліп философиялық тұжырымдамасының негізін құрайды. Оның өсиеттерінің басты тақырыбы – өмір мен өлім жөніндегі толғаныстарына адам ғұмырының философиясы мен мән-маңызы, адамның адамгершілік қасиеттеріне арналған. «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман», «Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ», «Қонағы жоқ қараша үйден, құлазыған түз артық» деген нақыл сөздері студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиесіне арқау болады [5].

Ұлы бабамыздың пікірлерінің жастарды тәкаппарлықтан сақтандырып, үлкеннен ғибрат алу, ақылды, көпшіл, қонақжай болуға шақырған тұстары студенттерге ұлттық құндылықтарды дәріптеуде тәрбиелік мәні зор деп санаймыз.

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби «ғылым және ақыл, егер олар ішкі сеніммен және рухани-адамгершілікті идеалмен мөлшерлес болса, Аллаға, Жаратушыға жақындататын тәсіл бола алады» деп көрсетті [6]. Ғұламаның тұлғаның рухани-адамгершілігінің қалыптасуындағы ой, сананың қызметін тек адамзатқа ғана тән, білімділік, тәрбиелілік – адамның рухани жан дүниесінің, адамгершілігінің белгісі деген ойлары бүгінгі күнге дейін құндылығын жойған жоқ.

Қазақ ағартушыларының бірі Ы.Алтынсарин қазақ мектептерінің бірқатар мәселелерін көтере отырып, рухани-адамгершілік тәрбиесінің моральдық негіздеріне бауырмалдық, әдеп пен әділдік, қанағатшылық, жомарттық, тазалық, сабырлық, зейіндік және білімді еркін меңгеру мәселесіне ерекше мән бере білді. Ы.Алтынсарин адам тәрбиесінде рухани қарым-қатынастың, рухани мұралардың басты рөл атқаратындығын туындыларымен де өз ісімен де дәлелдеп көрсетеді, Ол «шынайы рухани құндылықтарды бағалау, олардың маңызын түсіну балалық шақтан басталатындығын» ескертеді [7].

19 ғасырдың заңғар биігі өз ұлтының қамын ойлаған ұлы ойшыл Абай Құнанбаевтың шығармашылығы қазақ елінің ғана емес, жалпы адамзаттық рухани мәдениеттің дамуы үшін де орасан зор құндылығы бар дүние. Өйткені Абайдың лирикалық өлеңдері философиялық толғаулар тұрғысында берілген және оның қандай шығармасын алсақ та, жақсыға ұмтылуға, сүйсінуге баулиды, үнемі тәрбиелік мәнге ие екендігін жоққа шығаруға болмайды. А.Құнанбаев адам тұрмысы туралы айта келе, адам табиғаттан тәні мен жаны арқылы ажыратылатындығын айтқан. Тән құмарлығымен өмір сүрген адамның жануардан аз ғана айырмашылығы болады, тек адамның өзін-өзі түсінуіне, мейірімділік жасауға, зұлымдықтан қашуға ұмтылысы адамды адам етеді деген. Қазақ ойшылдары ар-ұждан мәселесін алға шығарып, арлы адамның ардақтылығын басты тақырыптарына айналдырған. Олардың ойынша адамның адамгершілігі – оның жоғары қасиеті, былайша айтсақ, кісілігі. Оның негізгі белгілерінің бірі – адамдық, ар-намысты ардақтау, әр уақытта жақсылық жасауға ұмтылу, соған дайын болу, «Өзің үшін еңбек қылсаң, - дейді Абай, - өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың. Досыңа достық – қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол». Ақылды, мейірімді адам кез-келген уақытта өзгенің жақсылығын бағалағыш болып келетіндігін көрсеткен [8]. Бұл көзқарастың құндылығы адам алдымен жаман қылықтан арылып, нашар әдеттен тазарып, ізгі ой мен мейірімділік қасиеттеріне тәрбиелеу мәселесі алынған. Ғұламалар руханилықтың өзегін оқудан, білімнен іздеп, оны жақсы мен жаманды салыстыра отырып, қалың жұртшылыққа адамгершілікке тән мінез-құлықтарды

үлгі өнеге етуі – студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі негізгі ұстанымдар болып саналады.

Ш.Құдайбердиев «ар ғылымын» енгізуді ұсынды, арды түсіну үшін оған қарама-қарсы «арсыздық», «арамдықты» қарау маңызды. Бұл тұрғысынан А.Құнанбаев арамдықтың екі түрін көрсетті: екі жүзділік және надандық. Бүгінгі нарықтық экономика тұсында арамдық өркендеп тұрғандықтан білім беруді жалпы адамзаттық құндылыққа, рухани-адамгершілікке бағыттап күшейтуді талап етеді. Гуманист атаулының бәрі де дүниедегі ең асыл, бағалы нәрсе – адам деп түсінетін болса, сол адам бойындағы ең басты сипаттар неден тұрмақ дегенде әр дәуірдің ойшылдары өз ұғым-нанымы мен заман талабына орай түрліше жауап беріп келгендігін байқаймыз. Бұрын берілген тәрбие арды, мейірімділікті дамытуға саналы игерілген болса, олар толығымен, жетілдіріледі, өмірлік тәжірибе бұрынғы білім, біліктілік, дағдыларға қосылып, ой-санасының, білім көлемінің толыққанды болуына себепкер болып, нәтижеде өмірлік құндылықтарды бағалай біледі [9].

Адамгершілік тәрбиесіне байланысты мәселелер Кеңес және қазіргі кезеңдегі белгілі ғалым-педагогтердің еңбектерінде қарастырылған. Адамгершілік – адамның рухани арқауы. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Адам баласының мінез-құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек білім мен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін, күдіретті, қасиеті мол адамшылық атаулының көрінісі болады. Адамгершілік – жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады. Оның негізгі көрсеткіштері: басқаларға жақсылық жасау, жақсылыққа ұмтылу, ар-ұятты сақтау, имандылық пен рақымдылық, әділдік, қанағатшылық, өзін-өзі дамытып жетілдіру болып келеді.

Теориялық зерттеулердің нәтижесінде педагогикалық теорияда адамгершілік тәрбие үдерісіне бірнеше көзқарастар қалыптасқанын байқауға болады. Бірініші топта зерттеушілер болашақ ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеуде педагогтердің мақсатқа бағытталған және ұйымдастырылған тәрбие үрдісіне жетекші рөлін басымдылықпен көрсетеді.

Студенттердің өмірге белсенді көзқарасының бағыты педагогтің ықпал етуі арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары олардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру үрдісінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Тәрбиенің ең бастапқы формалары педагогтің студенттермен мазмұнды қатынасында, жан-жақты іс-әрекетінде, қоғамдық өмірдің құбылыстарымен танысу кезінде, оларға арналған тапсырмаларды орындау негізінде іске асады. Мұндай мақсатқа бағытталған педагогтік жұмыс еңбексүйгіштікке, ізгілікке, ұжымдық пен патриотизм бастамасына тәрбиелеуге, көп дүниені өз қолымен жасай алуды және жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегінің нәтижесін бағалауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды.

Студенттерде ортақ пайдалы жұмысты істеуге тырысу, бірге әрекет ету, бір нәрсемен шұғылдану, ортақ мақсат қою және оны жүзеге асыру ісіне өздері қатысуға талпыныс пайда болады. Мұның бәрі де студенттің жеке басының қоғамдық бағытын анықтайды, оның өмірге белсенді ұстанымын бірте-бірте қалыптастырып отырады.

Сонымен жоғарыда аталған зерттеулерге талдау студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиесі олардың адамгершілік дағдыларынан, кез келген ортада өзін-өзі ұстауынан, қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығынан көрінетіндігін дәлелдейді. Сондай-ақ, рухани-адамгершілік тәрбиенің адамгершілік, рухани құндылықтарға негізделіп, бірін-бірі толықтырып, адамның өзінің табиғи жаратылысы мен өзін-өзі тану, қабылдау, сезіну арқылы сарапқа түсіп дамыған, сыртқы ортаның ықпалы нәтижесінде қалыптасқан, тұлғаның тұрақтылығы мен жетілу деңгейін, қоғамдағы орнын, даралық қасиеттерінің сипатын айқын-дайтын ішкі құрылымдық жүйесі екендігін көрсетеді.

1 Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты // Егемен Қазақстан. - Астана, 2012, қаңтар - 28. - №41-42(27114).

2 Көбесов А. Әл-Фараби. – Алматы: Қазақстан, 1971. – 75 б.

3 Жұмабаев М. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1989. - 447 б.

4 Ғабитов Т.Қ. Қазақ мәдениетінің типологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. - 128 б.

5 Кішібеков Д., Сыдықов Ұ. Философия. – Алматы: Атамұра, 1994. – 344 б.

6 Көбесов А. Әл-Фараби. – Алматы: Қазақстан, 1971. – 75 б.

7 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Рауан, 1985. – 215 б.

8 Құнанбаев А. Екі томдық шығармалар жинағы. - Алматы, 1986. - 312 б.

9 Құдайбердиев Ш. Үш анық. – Алматы: Қазақстан, 1991. - 80 б.

#### **Резюме**

**Уайдуллақызы Э.** – КазНПУ им. Абая, PhD доктор, Старший преподаватель кафедры Педагогика и методики

начального обучения, **Боранбай А.** – Магистрант 1-курса КазНПУ имени Абая

**Будущих учителей начальных классов духовно-нравственное воспитание**

На сегодняшний день Казахстан в рамках реализации стратегии по вхождению в 30-ку развитых стран мира в мировой образовательной системе возникла необходимость в повышении квалификации преподавательского состава. Повышение их конкурентоспособности в самореализации. Это необходимо для подготовки республиканского педагогического состава и усовершенствования образования по средствам новых технологий.

**Ключевые слова:** болашақ бастауыш сынып мұғалімдері, рухани-адамгершілік, бастауыш сынып

**Summary**

**Uaydullakzy E.** - KazNPU Abaya, PhD doctor, senior lecturer of the Department of Pedagogy and methodology of primary education, **Kamysbaeva G.M.** - 1- course Master of Kazakh National Pedagogical University named after Abai

**Future primary school teachers of spiritual and moral education**

Today Kazakhstan in the framework of the strategy of entering a 30 -ku developed countries in the global educational system there was a need for professional development of teaching staff. Increased competitiveness in the self-realization. This is necessary for the preparation of the national teaching staff and improvement of education by means of new technologies.

ЭОЖ 373.34

**РОЛЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕОНТОЛОГИИ ПРИ ПОВЫШЕНИИ КАЧЕСТВА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ УЧИТЕЛЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ С ПРИМЕНЕНИЕМ АКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ**

**Э.Уайдуллақызы** – КазНПУ им. Абая, PhD доктор, старший преподаватель кафедры Педагогики и методики начального обучения,

**Д.Фурсанова** – магистрант 1-курса КазНПУ им. Абая

«Әдіс» – әдебиет сабақтарындағы мұғалім мен оқушының бірігіп атқаратын оқу-танымдық іс-әрекеті. Сабақ тақырыбына лайық дұрыс таңдалған әдіс арқылы оқушы жаңа білім мазмұнын игереді, жаңа білік-дағдыларға ие болады, қабілеті жетілдіріліп, белгілі бір дүниетанымдық көзқарасы қалптасады.

Тарихи романдарды оқыту әдістерінің жіктелуін тануда сюжеттік-композициялық талдау, бейне, стильдік талдау, шығарманың тарихи талдануы, шығарманы жазушының шығармашылық қызметі

аясында және басқа жазушылар шығармашылығымен салыстыра қарастырудың басқа да әдіс-тәсілдер алдыңғы орында тұратыны белгілі.

Тарихи романдарды оқытуда қолданылатын сапалы әдістер осы әдістің кішкене құраушы элементтері

болып табылатын амал-тәсілдердің алгоритмдік қолданысы арқылы жүзеге асырылып қолданылады. Тарихи романдарды оқытуда қолданылатын әдістерді былайша жіктеуге болады:

- ✓ эвристикалық әдіс;
- ✓ ізденіс әдісі;
- ✓ репродуктивтік әдіс;
- ✓ продуктивтік әдіс.

Эвристикалық әдіс – орта мектеп оқушыларына тарихи романдарды танытуда бірден-бір дұрыс әдістің бірі болады. Өйткені бұл тақырыптағы қазақ әдебиеті – оқушылардың осыған дейінгі меңгерген әдеби білімінің кеңейтілген, жоғарылаған, ғасырлар бойғы ата-бабаның мұрат етіп аңсаған арманының жүзеге асырылған кезеңінің бейнесін сомдаған әдебиет [2,86 б].

Эвристикалық әдіс арқылы көркем әдеби шығармаларды танып-талдау барысында оқушылардың сезімдік көркемдік қабылдауы санада терең иірімдерге бойлай отырып, олардың интеллектуалдық дамуы қарқынды түседі.

Осы ретте Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романын таныстыруда эвристикалық әдісті қолданудың беретін пайдасы мол екенін көрсетейік. «Соңғы парыз» романын ғалымдар идеялық-көркемдік өрісі кең шығарма деп бағалайды. Бұл диалогияда «Адам-Қоғам-Табиғат» өрістерінің өзара алмасып отыратын керемет байланысы мен қатынасы гармониялық тізбек пен желіде суреттелген. Ә.Нұрпейісовтің роман-диалогияда оқырманына жеткіземін деген мақсатын анықтау үшін мұғалім мынадай проблемалық-эвристикалық сұрақтарды алдын ала оқушыларға таратып береді:

1. Романдағы проблеманың деңгейі қандай деп ойлайсыз?

- А) жеке проблема,
- Ә) аймақтық проблема,
- Б) ұлттық проблема,
- В) жалпыадамзаттық проблема.

2. Биосфера проблемасын туғызатындар:

- А) табиғат,
- Ә) ауа райы,
- Б) адам,
- В) жел.

3. «Жәдігер» сөзінің мағынасын сөздіктерден анықтап келіңіздер.

Осындай және оған қоса жүргізілетін даярлықтан соң, эвристикалық әдіс арқылы мұғалім оқушылармен роман-диалогияның түпкі проблемасын талқылау-талдау жүргізе алады. Мұндай әдістің тиімділігі туралы, әрине, көп айтуға болады.

Ізденіс әдісі – білім беру үдерісінде ерекше мақсатты көздейтін әдіс түрі. Ізденіс әдісін қолданушы мұғалім тарихи романдар болмысындағы өзіндік белгілер мен жаңа қырларын ашатын және осы кезеңге дейінгі қазақ әдебиетінде болмаған жаңаша құбылыстар мен өзгешеліктерді танытатын амал-тәсілдерді қолдану екендігін жақсы түсінуі керек.

Қазақ әдебиеті тарихының осы кезеңге дейінгі даму барысындағы көркем туындылардағы еркіндік пен тәуелсіздік деген идеяның қолға бақыт құсындай қонғандығы оқушыларға ашық та еркін әңгіме барысында түсіндіріледі.

Ізденіс әдісін қолданудың бір үлгісі ретінде Қ.Жұмаділовтың «Дарабоз» роман-диалогиясын таныту үдерісін алуға болады. Қ.Жұмаділовтың «Дарабоз» роман-диалогиясында Абылай хан «Дарабоз» деп атаған Қаракерей Қабанбай бейнесі суреттеледі. Осы ретте мұғалім сабақты ізденіс үдерісі сипатында ұйымдастыру үшін, оқушыларға романның басты кейіпкерлері Абылай хан мен Қаракерей Қабанбай туралы нақты тарихи деректерді іздестіру туралы тапсырма бергені дұрыс. Романда бас кейіпкер – Қаракерей Қабанбайдың елі үшін атқарған ерлік істері көркем суреттеліп көз алдыңнан өтеді. Мұғалім ізденіс әдісін қолдана отырып, оқушыларға Қаракерей Қабанбай туралы тарихи деректер мен жазушы шығармасындағы көркем кейіпкердің іс-әрекетін, сөзін салыстырады, сол арқылы оқушылардың санасында Абылай хан мен Қаракерей Қабанбай батырдың ерен ерліктері жайында өшпес із қалдырады.

Репродуктивтік әдістер – тарихи романдарды оқытудың тиімді әдістерінің бірі болмақ. Репродуктивтік немесе көшірмелік әдіс арқылы мұғалім оқушыларға даяр білім мазмұнын жеткізеді. Негізінде, әдебиет сабақтарында репродуктивтік әдіс үлкен орын алады. Өйткені дайын көркем шығарма мәтінін оқу, түрлі талдаулар жасап, тапсырмалар орындау жұмыстары репродуктивтік әдіс арқылы жүзеге асырылады.

Репродуктивтік әдіс арқылы І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясын оқытуға болады.

Романнан үзінділер оқып танысу.

1. Шыңғысханның балаларына өсиеті



2. Абылай мен Бұқар жырау
4. Уали сұлтанның баласы Абылай
3. Батыр Баян мен Ноян
4. Абылайдың ақ бурасы
5. Абылайдың түсі
6. Абылайдың өлер алдындағы өкініші
7. Абылай хан мен сұрша қыз хикаясы

Венн диаграммасы

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. І. Есенберлиннің шығармашылық жолы қалай басталды?

2. Жазушының қандай кітаптары бар?

3. «Көшпенділер» трилогиясының идеялық мазмұны, үш кітапта суреттелген кесек кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен көздеген мақсаттары

4. Қай шығармасы үшін жазушы Абай атындағы мемлекеттік сыйлықты алды?

Репродуктивтік әдістің тиімді болып табылатын құраушы элементтері яғни мынадай амал-тәсілдерін атап кету орынды: мұғалім сөзі, баяндау, әңгімелеу, мазмұндау, шолу дәрістері, хрестоматиядағы көркем шығарма мәтіні, әдеби шығарманың түпнұсқасы, сұрақтар тізбесі, викториналар т.б. Сонымен қатар, интерактивтік тақтадан көрсетілетін көрнекіліктер молынан қолданылған дұрыс.

Продуктивтік әдіс – оқушының әдеби шығармаларды оқып-меңгеруі барысындағы жаңашылдыққа ұмтылысын ынталандыратын, өзгеріске толы заманның ағымында тез бағдар таба алатын, проблеманы көре алатын және оны шешуге қорықпай, шешім жолын іздеп таба алатын, ереше/оригиналды және шығармашылыққа толы идеяларды табуына ықпалын тигізетін әдіс.

Продуктивтік әдісті қолданудың бір жолын С.Досановтың «Жиырмасыншы ғасыр» атты романын талдау арқылы көрсетуге болады деп ойлаймыз. С.Досановтың «Жиырмасыншы ғасыр» атты төрт томдық романында бір ғасырдың көркем шежіресі төрт ұрпақтың тағдыры арқылы көркем берілген.

➤ Бірінші кітапта отаршыл орыстық саясаттың қазаққа әкелген қайғы-қасіреті суреттелген.

➤ Екінші кітапта Столыпин реформасынан кейін Қазақстан мен Ресей ара-сындағы күрделі қарым-қатынас, Қазан төңкерісі, аштық, сұрапыл отыз жетінші жыл оқиғалары суреттеледі.

➤ Үшінші кітапта жиырмасыншы ғасырдың соңғы онжылдықтарында қазақ елі бастан кешкен оқиғалар суреттеледі.

Төртінші кітапта тәуелсіздік жылдары суреттеліп, қиындықтарды еңсерген қазақ халқының жарқын болашаққа қол созған болмысы суреттеледі.

XX ғасырдың жүз жылында адамзаттың дамуы мыңжылдықтарды аттап өткендей деңгейге көтерілді. Осының барлығы оқушыларға «Қазақ халқы үшін XX ғасыр қандай ғасыр?» деген проблемалы сұрақты қойғызу одан әрі өз бетімен ізденуге түрткі болады.

Осы романдағы бір үзіндіні алып, сондағы проблемалық жағдаяттың шиеленіскен тұсын қарастырайық. «Құдайға шүкір, Нұрдәулеттің жағдайы жаман емес. Әкесі Бабаханға он мың жылқы бітіп еді, Нұрдәулет оны жиырма мыңға жеткізді. Әкесі орта жүз Арғын ішіндегі өз руы Қараманға ғана қожалық етіп еді, бұл өздеріне ең жақын ру Төлекті де қоса билеп отыр. Әкесі екі әйел алып еді, бұл төртеуін алды. Әкесі берісі Ұлытау, әрісі Қарқаралыда болғанын мақтан етеді. Бұл кең байтақ қазақ даласының төрт бұрышын кезгенін місе тұтпай, тым алыс Қырым асып, Кавказ басып, ту сонау Меккеге де барды, Түркия, Сирия деген елді бұл өңірде өзге түгіл он мың жылқы айдаған, жал мен жая шайнаған өз әкесі Бабахан да көрген жоқ.

Енді міне Бағдатқа барып келе жатыр. Дүниені шайқап жүр. Ұлы даланың сауырлы бір өңірін билеген атақты бай. Бай ғана емес, би. Орынбор мен Омбының, Мәскеу мен Петербордың шенеуніктерімен, қазақтың зиялыларымен ой жарыстырып, пікір таластырған білімпаз!»

Проблемалық сұрақ: Қазақтың байлары – қазақты дамытушылар болды ма, елді кері кетірушілер болды ма?

Тарихи романдарды оқытуда «Сыни тұрғыдан ойлау» технологиясын қолдануда қазақстандық мұғалімдер біршама жақсы тәжірибе жинақтап келеді. Көркем шығарманы талдаудың тәжірибеде кеңінен тараған әдістемелік жолдары мыналар:

- тұтастай (немесе автор ізімен) талдау;
- образ бойынша талдау;
- проблемалық-тақырыптық талдау.

Бүгінде оқытудың жаңа технологиялары кеңінен қолданылуда. Жаңа стратегиялар мен оқытудың жаңа

технологияларының көбі Қазақстанға «Сорос-Қазақстан» қоры тарапынан ұйымдастырылған «Оқу мен жазу арқылы сыни ойлауды дамыту» бағдарламасының жобасы арқылы жетті. СТО жобасының инновациялық мүмкіндіктері негізінде оқушыларды шығармашылыққа баули оқытудың максаты – ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, жаңашыл көзқарастағы шығармашылыққа бейім ортаны қалыптастыру [3, 55 б.].

Қорыта келгенде, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін жырлайтын, оқырманын еркін елдің азаматы дәрежесін көтере отырып, жан-дүниесін рухани қазынамен байытатын тарихи романдарды мектептерде оқыту әдістемесі жаңа даму сатысына көтеріліп келеді.

1 Елеуенов Ш. *Әдебиет және ұлт тағдыры* - Алматы, 1997.

2 Құрман Н. *Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері* - Астана, 2008.

3 Байтанасова Қ. *Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі* - Астана, 2011.

4 Бітібаева Қ. *Әдебиетті оқыту әдістемесі* - Алматы, 1997.

### Резюме

**Амантай Ә.Ә.** – студентка 4-курса по специальности 5В011700 – «Казахский язык и литература»

государственного университета им. Шакарима,

Научный руководитель, **Токсамбаева А.О.** – к. ф.н., доцент государственного университета им. Шакарима

### Особенности преподавания исторических романов в средних школах

В данной статье рассматриваются основные проблемы преподавания казахских исторических романов в средних общеобразовательных школах. Также разносторонне рассматривается художественное решение исторических события и учесть народа, методы преподавания будущему поколению поэтических особенностей романа. Конкретизируется методы и общепедагогические принципы и определяется их эффективность при преподавании исторических романов.

**Ключевые слова:** исторические романы, методы преподавания, общепедагогические принципы, новые технологии обучения

### Summary

**Aigerim Amantai** - 4<sup>th</sup> course master specialty of Kazakh language and literature, State University named after Shakarim

Scientific supervisor: **Toksambaeva A. O.** – k.f.sprofessor of State University named after Shakarim

### Features teaching of historical novels in secondary schools

This article discusses the main problems of teaching Kazakh historical novels in secondary schools. Also considered versatile artistic solution of historical events and people into account, methods of teaching the next generation of poetic novel features. Narrow methods and general pedagogical principles and their effectiveness is determined by the teaching of historical novels.

**Keywords:** historical novels, teaching methods, general pedagogical principles, new learning technologies

УДК 621.391.81

## ОСОБЕННОСТИ РАСПРОСТРАНЕНИЯ РАДИОВОЛН

**Д.А. Хожаев** – студент 4-курса Алматинского университета энергетики и связи, факультет радиотехники и связи, специальность «Радиотехника, электроника и телекоммуникации»

**Научный руководитель:** к.ф.-м.н., доцент – **И.Н. Федулina** (Республика Казахстан, г.Алматы)

В данной статье представлены общие законы распространения электромагнитных волн. Показано, что в разных средах радиоволны распространяются с разной скоростью. При этом, среда, в которой распространяются радиоволны, вызывает их ослабление в связи с поглощением энергии волн вследствие тепловых потерь и уменьшения напряженности поля волны при огибании препятствий. Кроме того отмечено, что дальность распространения электромагнитной волны зависит от частоты колебания переменного электрического тока. Также указано на свойства радиоволн распространяться в зависимости от их длины волны, а длина электромагнитной волны связана с частотой колебаний через скорость её распространения в вакууме (скорость света). В работе подчеркнута важная роль изучения влияния различных факторов на характер распространения электромагнитных волн в земной атмосфере, что на сегодняшний день является актуальной проблемой современной радиофизики.

**Ключевые слова:** электромагнитные волны, особенности распространения, радиофизика, радиоэлектроника, радиотехника

Особенности распространения радиоволн в свободном пространстве заключаются в том, что радиоволны распространяются не в свободном пространстве, как таковом, а – над земной поверхностью. Известно, что поверхность Земли сильно влияет на распространение радиоволн. При этом, сказываются

как её геометрическая форма (общая кривизна поверхности земного шара и отдельные неровности рельефа – горы, ущелья и т.п.), так и физические свойства поверхности (например, различия между морем и сушей). Это воздействие различно для волн разной длины и для разных расстояний между передатчиком и приемником. Способы распространения радиоволн существенно зависят от длины волны, от освещённости земной атмосферы Солнцем и от ряда других факторов [1, 2, 3].

Распространяясь над земной поверхностью, радиоволны испытывают ослабление, связанное с рядом причин. Энергия распространяется все в большем объеме по мере удаления от передатчика, поэтому уменьшается плотность потока энергии. Среда, в которой распространяются радиоволны, также вызывает их ослабление. Это происходит в связи с поглощением энергии волн вследствие уменьшения напряженности поля волны при огибании препятствий в виде возвышенностей или выпуклости земного шара, а также – тепловых потерь [1,4].

Распространение радиоволн подчиняется следующим общим законам [1, 5, 6, 7, 8]:

- **Прямолинейное распространение в однородной среде**, т.е. среде, свойства которой во всех точках одинаковы.

- **Отражение и преломление при переходе из одной среды в другую**. Угол падения равен углу отражения.

- **Дифракция**. Встречая на своем пути непрозрачное тело, радиоволны огибают его. Дифракция проявляется в разной степени в зависимости от соотношения геометрических размеров препятствия и длины волны.

- **Рефракция**. В неоднородных средах, свойства которых плавно изменяются от точки к точке, радиоволны распространяются по криволинейным траекториям. Чем резче изменяются свойства среды, тем больше кривизна траектории.

- **Полное внутреннее отражение**. Если при переходе из оптически более плотной среды в менее плотную, угол падения превышает некоторые критические значения, то луч во вторую среду не проникает и полностью отражается от границы раздела сред. Критический угол падения называют углом полного внутреннего отражения.

- **Интерференция**. Это явление наблюдается при сложении в пространстве нескольких волн. В различных точках пространства получается увеличение или уменьшение амплитуды результирующей волны в зависимости от соотношения фаз складывающихся волн.

Источником радиоволны может быть любой электрический проводник, в котором движется переменный электрический ток. На практике, источником радиоволны является высокочастотный генератор, колебательная энергия которого, распространяется в пространство через радиоантенну.

Первым изобретённым действующим источником радиоколесаний был радиопере-датчик-радиоприёмник Попова, использующий в качестве высокочастотного генератора высоковольтный накопитель с искровым разрядником (вibrator Герца) [9,10], подключенным на антенну (рисунок 1).




Рисунок 1 - Радиопередатчик-радиоприёмник Попова

Почему такая волна называется электромагнитной? Потому, что она состоит из электрического и магнитного синусоидального колебания (рисунок 2). Эти два вида колебаний ориентированы в пространстве друг относительно друга перпендикулярно – ровно на 90 градусов.




Рисунок 2 – Электромагнитная волна

Дальность распространения электромагнитной волны зависит от частоты колебания переменного электрического тока (электромагнитного колебания). На частотах от единиц до тысяч Герц, соответствующих звуковому диапазону волн, электромагнитная волна, созданная в пространстве с помощью индуктивности, распространяется на расстояние, не превышающее одного-двух десятков метров, поэтому полезного практического применения не имеет. На частотах от сотен килогерц и выше, что соответствует диапазонам радиоволн, электромагнитная волна способна распространяться более чем на тысячи километров. Дальность распространения электромагнитной волны так же зависит от мощности протекающего по проводнику тока [1, 9, 10].

Когда электрическая волна «горизонтальна» - сориентирована параллельно линии горизонта, а магнитная волна соответственно «вертикальна» - сориентирована перпендикулярно линии горизонта, тогда говорят, что электромагнитная волна имеет **линейную горизонтальную поляризацию**.

Когда электрическая волна «вертикальна» - сориентирована перпендикулярно линии горизонта, а магнитная волна соответственно «горизонтальна» - сориентирована параллельно линии горизонта, тогда говорят, что электромагнитная волна имеет **линейную вертикальную поляризацию**.

Если электрическая волна (соответственно и магнитная волна) имеет наклон относительно линии горизонта – угол не равный нулю или 90 градусов, тогда говорят, что электромагнитная волна имеет **линейную наклонную поляризацию**.

Существует так же другой вид поляризации, используемый для повышения дальности передачи (приема) и лучшей помехозащищенности радиоприёмной аппаратуры – **круговая поляризация** – вид поляризации электромагнитной волны (ЭМВ), при котором за один период электромагнитного колебания радиоволна делает полный оборот на 360 градусов (рисунок 3).




Рисунок 3 – Круговая поляризация ЭМВ

Один из видов круговой поляризации – **эллиптическая поляризация** – «приплюснутая» в одной из плоскостей круговая поляризация.

Все указанные виды поляризации определяются устройством и ориентированием радиоантенны.

Практическая важность поляризации заключается в том, что если радиопередатчик и радиоприемник настроены на одну и ту же частоту, но имеют разную поляризацию, например у передатчика вертикальная, а у приемника – горизонтальная, то радиосвязь будет плохой, или её вообще не будет.

Радиоволны распространяются в разных средах с разной скоростью. Скорость распространения радиоволн в вакууме приблизительно равна скорости света (300000 км/сек.). В связи с тем, что радиоволны в воздухе распространяются практически с той же скоростью, но чуть меньше, принята та же скорость, т.е. скорость света. Поскольку обыкновенная вода обладает электропроводностью, то её поверхность для радиоволн является отражателем, а часть энергии радиоволны тратится на нагрев поверхностных слоев воды. Металлы не пропускают радиоволны, отражая всю энергию электро-магнитных колебаний [9, 11].

Немаловажным, являются свойства радиоволн распространяться в зависимости от их длины волны. Длина электромагнитной волны связана с частотой колебаний через скорость её распространения в вакууме (скорость света) [1, 9, 10]:

$$f = \frac{c}{\lambda}$$

где:  $f$  – частота,  $\lambda$  – длина волны,  $c$  – скорость света, равная 300000 км/сек.

Радиоволны подразделяются на несколько диапазонов [1,12,13] (рисунок 4):




Рисунок 4 – Диапазоны радиоволн

- **Сверхдлинные «СДВ»** – частотой 3-30 кГц, с длиной волны 100-10 км;
- **Длинные «ДВ»** – частотой 30-300 кГц, с длиной волны 10-1 км;
- **Средние «СВ»** – частотой 300-3000 кГц, с длиной волны 1000-100 метров;
- **Короткие «КВ»** – частотой 3-30 МГц, с длиной волны 100-10 метров;
- **Ультракороткие «УКВ»**, включающие: метровые «МВ» – частотой 30-300 МГц, с длиной волны 10-1 метра; дециметровые «ДМ» – частотой 300-3000 МГц, с длиной волны 10-1 дм; сантиметровые «СМВ» – частотой 3-30 ГГц, с длиной волны 10-1 см; миллиметровые «ММВ» – частотой 30-300 ГГц, с длиной волны 10-1 мм; субмиллиметровые «СММВ» – частотой 300-6000 ГГц, с длиной волны 1-0,05 мм.

Диапазоны от дециметровых до миллиметровых волн из-за их очень высокой частоты называют сверхвысокими частотами «СВЧ». Кроме того, все перечисленные диапазоны радиоволн могут подразделяться на поддиапазоны.

Для передачи информации радиоволну необходимо модулировать сигналом, содержащим информацию. Длинные, средние и короткие волны обычно имеют амплитудную модуляцию (*amplitude modulation*) – «АМ». Ультракороткие волны обычно имеют частотную модуляцию (*frequency modulation*) – «ФМ» (рисунок 5).





Рисунок 5 – Модуляция радиоволны

Кроме деления радиоволн на диапазоны необходимо добавить, что в зависимости от направления и путей распространения радиоволн, они бывают **поверхностные** (земные) – распространяющиеся вдоль земной поверхности от радиопередатчика, до приемника, без использования верхних слоев атмосферы и **пространственные** – распространяющиеся через верхние слои атмосферы и с отражением от ионосферы [1, 3, 14] (рисунок 6).



1 – поверхностные радиоволны, 2 – пространственные радиоволны,  
3 – ионосфера

Рисунок 6 – Виды радиоволн в зависимости от направления и путей их распространения

Существует понятие, чем выше длина волны (меньше частота), тем она больше способна огибать препятствия. И наоборот, чем короче длина волны (выше частота), тем прямолинейнее радиоволна распространяется.

Длинные волны способны распространяться вдоль поверхности земли и воды, но едва достигают ионосферы. Это свойство используется для организации связи с морскими судами, когда связь имеется практически в любой точке моря. Средние волны распространяются вдоль поверхности земли и воды, а также отражаются ионосферой. Короткие волны распространяются «скачками», периодически отражаясь от ионосферы и земной поверхности. Ультракороткие волны и более высокие частоты распространяются прямолинейно, не способны изгибаться вдоль земного шара, ионосфера же для них прозрачна.

От одного и того же радиопередаточного устройства радиоволны, отраженные от земной поверхности, могут встретиться с неотраженными волнами, или волнами, отраженными от другого участка земной поверхности, или верхних слоев атмосферы. В этом случае, происходит **синфазное сложение радиоволн**, или **противофазное вычитание**. В результате, в вертикальной плоскости пространства образуется изрезанная **косекансная диаграмма направленности** антенны. При синфазном переотражении радиоволн от

земной поверхности на этих участках образуются зоны максимального переотражения – **зоны Френеля**. Если радиопередатчик имеет всенаправленную антенну (например, штыревую), то зоны Френеля будут представлять из себя много колец на поверхности земли различного диаметра, в центре которых находится антенна. Диаметр колец может быть от десятков метров, до нескольких километров [1, 8, 9].

Сильное влияние на распространение радиоволн оказывают препятствия [5,6,8,14]. Как правило, препятствия обладают отражающим свойством. В качестве препятствий могут выступать различные предметы как природного, так и искусственного происхождения. Как было написано ранее, радиоволны отражаются от земной поверхности. Стоит отметить, что если грунт сильно сухой, то отражение радиоволн намного хуже, чем когда земля сырая от дождя. Так, расстояние связи у одной и той же аппаратуры связи на море на 50-70 процентов больше, чем на суше. Отражают радиоволны деревья и облака. Перечисленные естественные препятствия являются хорошими отражателями, потому, что в их состав входит вода. К искусственным препятствиям, отражающим радиоволны относятся различные металлические конструкции, в том числе арматура зданий и сооружений.

**Заключение.** Таким образом, знание особенностей распространения радиоволн в свободном пространстве (над земной поверхностью) позволяет создать комплексное представление о возможностях изучения влияния различных факторов на процессы распространения электромагнитных волн радиодиапазона в земной атмосфере, что на сегодняшний день является актуальной проблемой современной радиотехники и радиоэлектроники.

1 Дубницев Ю.Н. *Колебания и волны: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений, обучающихся по направлениям подготовки «Приборостроение», «Оптомехника», «Фотоника и оптоинформатика» и специальностям «Лазерная техника и лазерные технологии», «Опτικο-электронные приборы и системы».* - Изд. 2-е, перераб. – СПб.: Издательство «Лань». - 2011. - 383 с.

2 Ponyatov A.A., Vertogradov G.G., Uryadov V.P. et al. *Features of superlong-distance and round-the-world propagation of HF waves // Radiophysics and quantum electronics.* – 2014. - N11. – Vol. 57, Issue 6. – P. 417-434.

3 Кравченко В.Ф., Сиренко Ю.К., Сиренко К.Ю. *Преобразование и излучение электромагнитных волн открытыми резонансными структурами: моделирование и анализ переходных и установившихся процессов.* – М.: Физматлит, 2011. - 316 с.

4 Moshkov A.V., Pozhidaev V.N. *Features of radio wave refraction in the near-polar regions. Journal of communications technology and electronics.* – 2014. – N 11. - Vol. 59, Issue 11. – P. 1107-1111.

5 Дорошенко В.А., Кравченко В.Ф. *Дифракция электромагнитных волн на незамкнутых конических структурах.* – М.: Физматлит, 2009. - 272 с.

6 Zakharov E.V., Ryzhakov G.V., Setukha A.V. *Numerical solution of 3D problems of electromagnetic wave diffraction on a system of ideally conducting surfaces by the method of hypersingular integral equations // Differential equations.* – 2014. – N 9. - Vol. 50, Issue 9. – P. 1240-1251.

7 Adekunle Titus Adediji, Mahamod Ismail, Jit Singh Mandeep *Performance analysis of microwave radio refractivity on radio field strength and radio horizon distance over akure, Nigeria // Wireless personal communications.* – 2014. – N 12. - Vol.79, Issue 3. – P. 1893-1909.

8 Temnov V.M., Uskov A.N. *A new approach to determination of the input impedance of a dipole antenna // Journal of communications technology and electronics.* – 2014. – N 11. - Vol. 59, Issue 11. – P. 1077-1086.

9 Савельев И.В. *Курс общей физики: Учебное пособие в 5-и тт. - Т.2: Электричество и магнетизм.* - Изд. 5-е, испр. – СПб.: Издательство «Лань». - 2011. - 342 с.

10 Ландсберг Г.С. *Элементарный учебник физики: Учебное пособие в 3-х тт. - Т.2: Электричество и магнетизм.* - 2011. - 487 с.

11 Peng Liu, Xing Fa Gu, Tao Yu et al. *The influence of rainfall on PR radar measurement of ocean surface wind speed and its calibration // Science china earth sciences.* – 2014. – N 10. - Vol. 57, Issue 10. – P. 2397-2407.

12 Jun-Jiat Tiang, Mohammad Tariqul Islam, Norbahiah Misran et al. *Design of a dual-band microstrip antenna using particle swarm optimization with curve fitting // Annals of telecommunications* – 2014. – N 12. – Vol.69, Issue 11-12. – P. 633-640.

13 Milkin S.S., Starodubov A.V., Venig S.B. *Modeling the microwave field and specific absorbed-power distributions in a sample of magnetic fluid // Technical physics letters.* – 2014. – N 10. – Vol. 40, Issue 10. – P. 860-863.

14 Frolov V.L., Bolotin I.A., Komrakov G.P. et al. *Generation of artificial ionospheric irregularities in the midlatitude ionosphere modified by high-power high-frequency X-mode radio waves // Radiophysics and quantum electronics.* – 2014. – N 11. – Vol. 57, Issue 6. – P. 393-416.

#### Түйін

Қожаев Д.А. - Алматы энергетика және байланыс университетінің 4-курс студенті,

Ғылыми жетекшісі: ф.-м.ғ.к, доцент – Федулина И.Н.

#### Радиотолқындарының таралу ерекшеліктері

Берілген мақалада электромагнитті толқындардың таралуының жалпы заңдары көрсетілген. Әртүрлі ортада

радиотолкындар әртүрлі жылдамдықпен таралатыны көрсетілген. Сонымен бірге радиотолкындар таралған ортада жылулық жоғалтудың кесірінен энергияны сіңірудің және кедергілерді айналдыру барысында толқындар жазықтығының кернеулігінің азаюына байланысты олардың әлсіреуін болдырады. Бұдан басқа электромагнитті толқынның таралу ұзақтығы өзгертін электрлік токтың ауытқу жиілігіне байланысты екені белгіленді. Сонымен қатар радиотолқынның құрамдары олардың толқындық ұзындығына байланысты таралатыны көрсетілген, ал электромагнитті толқынның ұзындығы босқуыстағы (жарықтың жылдамдығы) оның таралу жылдамдығы арқылы ауытқу жиілігіне байланысты. Жұмыста қазіргі таңда заманауи радиофизиканың өзекті мәселесі болып табылатын жер атмосферасындағы электромагнитті толқындардың таралуын сипаттауға әртүрлі факторлардың әсерін зерттеудің маңызды рөліне ерекше көңіл аударылған.

**Кілттік сөздер:** электромагнитті толқындар, таралу ерекшеліктері, радиофизика, радиоэлектроника, радиотехника

#### Summary

**D.A. Khozhayev** - 4-course student of Almaty University of Power Engineering & Telecommunications,

**Supervisor:** Ph.D., Associate Professor Fedulina I.N.

#### Features of radio wave propagation

This article presents the general laws of propagation of electromagnetic waves. It is shown that in different environments, radio waves propagate at different speeds. Thus, the environment in which propagated radio waves, causing their attenuation due to the absorption of wave energy due to thermal losses and reducing the intensity of the wave field when bent around obstacles. In addition it is noted that the range of the electromagnetic wave depends on the frequency of the oscillations of an alternating electric current. Also indicated on the properties of radio waves spread depending on their wavelength, and the length of the electromagnetic wave associated with the oscillation frequency through the speed of its propagation in vacuum (speed of light). In the work highlighted the importance of studying the influence of various factors on the character of propagation of electromagnetic waves in the earth's atmosphere, which is now an actual problem of modern radio physics.

**Keywords:** electromagnetic waves, especially the spread, radio physics, radio electronics, radio engineering

ӘОЖ 81-26

### ШЕРХАН МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫ ТІЛІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Г.Сансызбаева** – Абай атындағы ҚазҰПУ, Филология институты

5B011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3-курс студенті,

**Ғылыми жетекшісі:** ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) **м.а. С.А. Жиренов**

Жазу стилі суреткердің өмір шындығын бейнелеудегі көркем өрнегімен, ешкімге ұқсамайтын қаламының өзгешелігімен айқындалады. Көркем шығарманың арқауы, негізі-сөз. Тенеу,эпитет,метафоралардың қызметін кейіпкердің образын ашумен бірге қарастырамыз.

**Кілт сөздер:** стиль, метафора, метонимия, шеберлік, ұлттық тіл, көркемдік әлем

Әр ұлттық тілдің сырын жете тану үшін сол тілдің өзіндік заңдылықтарын білу аз, оның түпкілікті тамыры сол тілде сөйлеуші этностың жүріп өткен тарихымен, күнделікті өмірде тұрмысына орнықтырған мәдениетімен, күнкөрісіне арқау болған жан рухымен, ой-санасымен тікелей байланысты. Сондықтан да ұлттық тілді халықтың өткенімен,ой танымымен ұштастыра, біріктіре қарау ғылымда кең өріс алған және де осы ұстаным когнитивті лингвистика,этнолингвистика т.б ғылымдардың тууына сеп болды. Қаламгер қаламының қуатын оның сөзінен,кейіпкерінің образын жасаудағы көркемділігінен көріп,баға береміз.

Иісі қазақ атына қанық, еңбектеген баладан, еңкейген шалға дейін оның өмірден жеген тоқпағын, басқалардан көрген теперішін жақсы білетін, "Қызыл Жебесімен" жазушылықтың қырлы шыңына шыққан, көркем сөзбен көрікті ойдың аса көрнекті өкілдерінің бірі, өзінің үні, айшықты кестелі тілі, тарихи, ауқымды тақырыбымен оқырман жүрегіне жол таба білген сан қырлы жазушы Шерхан Мұртаза.

Бір бойына талант пен тағылымды қатар үйлестірген, фәнидің қатал талқысында толысқан, кемелденген Шерхан Мұртазаның шығармашылық жолы үнемі іздену, жалықпай еңбектену, біреуден үйрену және басқаға үйретуден құралған. Әдебиет әлеміндегі Шерхан шығармашылығы ошақтың үш тағаны сияқты үш бірдей тіреуден тұрады. Журналистикадан басталған қаламгерлік ол үшін алтын көпір іспетті, құнарлы ойдан құнды сөз тудырар дәрежеге жеткенде жазушылық әлеміне бет бұрды. Драматургияға да қалам сілтеген жазушының біраз шығармалары сахналанып үлгерді.

Ал, образдылық әр жазушының эстетикалық талғамына,жазу тілінің көркемдігіне байланысты әртүрлі суреттеліп, оқырман санасында әрқалай көрініс табады. Сол себепті де әр жазушының шығармасы-қайталанбас дүние, сарқылмас қазына іспетті.



Шерхан Мұртаза шығармаларының тілі туралы сөз қозғағанда, ең алдымен оның халық ауыз әдебиетінің мол мұраларын игеріп, тәрбиесін бойына сіңіргендігі байқалады. Соның ішінде мақал-мәтелдерді, біреуден естіген немесе оқыған аңыз әңгімелерді, шешендік оқиғаларды кеңінен қолдануы арқылы ауыз әдебиетіне жетік болғандығы сезіледі. Бұл көбінесе, "Қызыл Жебе", "Ай мен Айшада" анық байқалады. Жалпы, Шерхан Мұртаза өз кейіпкерін, оқиғаларды суреттегенде қызылды-жасылды дүниеге, айшықтап, мадақтап көрсетуге құмар емес. Мейлі өткен тарихты болсын, мейлі күні кеше ғана болған оқиға болсын барлығын дерлік жеткізуде жасанды лиризмнен гөрі кейіпкерінің тағдырында орын алып жатқан жағдайды, қандай да бір қиындықты жанұшыра, оқырман көңіліне батыра суреттеуге батыл. Романдардың бояуы қалың эпитет, теңеулерсіз келген, ойы тұщымды, шығарманы бірдемде оқып шығуға итермелейді. Әрбір кейіпкердің тілдік ерекшелігін тауып қолдана білу - Шерханның талай адамдардың, талай тағдырлардың алдынан өтіп, дәуірінің тыныс-тіршілігімен етене таныс болғандығын көрсетеді.

Жазушы шығармаларының тілдік ерекшелігі кейіпкер тіліндегі берілу жолдары, тілдік құралдардың қолданыс мақсаты, троп түрлерінің стильдік қызметтері, жазушы шығармаларындағы кірме сөздердегі өзгерістерді көрсету үшін қоғам, ондағы адам келбетін таныту мақсатында алынған бірліктер болып табылады.

Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ғана емес, халықтың тарихи дамуының, дүниетанымы мен мәдени байлығының көрінісі. Тіл - сол елдің сөзге жүйріктігімен қатар, бітім-болмысын, таным-түсінігін көрсетеді. Ұлт тілінің байлығы - сөйлеу тілінің көркемдігімен, шығарма тілінің дәлділігімен өлшенсе керек. Осы орайда, Шерхан шығармаларының тілі өзіндік ерекшелігімен, ұнамды тілімен, жаңа тіркестерімен бір көш алдыда келе жатыр.

Шығарма тіліне көне сөздерді орынды қолдана білу жазушы ойының жүйріктігін, санасының ұшқырлығын көрсетсе керек. Бұл жерде де Шерхан бір адым да ұтылмады. Бағзы замандарда қалыптасып, бүгінгі күні қолданысқа сирек еніп, тіпті мүлдем енбей жүрген сөздерді қолдану оқырман қызығушылығын арттыру мақсатында болса керек. Көнерген сөздердің көбірек қолданылуы жазушының тарихи мұраға бай санасымен аңыз-әңгімелерге қанық екендігінің дәлелі. Әкенің балаға деген, баланың әкесіне деген жылылығын махаббатын көрсетерде жазушы: "Сонда әке жазған сезіктеніп те қалып еді: баланың басы шашына дейін ысып тұр екен. Көнтеқ алақаны соны сезген. Әкенің алақаны-ай, десеңші! Сол алақан аялап өсірген балада арман бар ма?" [1, 14 б] – деп, көнтеқ алақанның өзінің жылылығын көрсетеді. Осы жердегі "көнтеқ" сөзін бүгінгі сөз қолданысында көп кездестіре бермейміз. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде:

"1. Көнтеқ-қойдың жүнін күпсітіп түсіретін қышыма, қотыр ауруы

2. Көнтеқ-қалың, дүрдиген, томпақ" [2, 414]. Осы екі ұғымнан біздің сөйлемге сәйкес келетіні екіншісі, бұл жерде жұмыстың ауырлығынан қолы ісіп кеткен Рысқұлдың алақаны, ол ісіңкі болса да жылы, бала үшін жағымды екендігін бейнелейді.

Айнала болып жатқан тыныс – тіршілікті бейнелеуде де ұмыт болған кәсіпке қатысты сөздерді жақсы пайдаланған. Мысалы: "Табанының астынан, анау сайдың, сонау сайдың қабағынан жайылып жатқан отар-отар қой, үйір-үйір жылқы көрінеді. Тас қалап, қурай жағып, тасқорыққа сүт пісіріп отырған қойшының ошағынан көгілдір шуда түтін көтеріледі" [1, 74]. "Тасқорық-отқа әбден қыздырылған тасты ыдысқа салып жіберіп пісірілген, қойшылардың тас салып пісірген сүті [2, 787]. Тас салу мақсатында олар қойға алаңдап жүріп сүттің тез қайнап, сарқылып қалмауын бақыласа керекті. Қойшының қой баға жүріп, ауқаттану мақсатында сүт пісіріп отырғанын көрсетуде қолданған бір ғана кәсіпке байланысты сөз жазушының еңбекке ерте араласқанынан да сыр беріп қалады.

Ағайын арасындағы туыстық қарым-қатынасты көрсетуде де жазушы көнерген сөзді көп қолданады" - Ахат ініме сәлем айт! Ешкімге күні түспей Қарақойынның құнарынан несібесін теріп жеп жүр ғой. Менің артымда қалып бара жатырған үш бала бір тоқымдай жерді бәсірелікке берсін. Ешкімге кіріптар болмай сол жерден бұйырғанын алып-жеп көріндер," - [1, 132] деген Жылқыайдардың аманатындағы "бәсіре беру" бүгінгі енші берумен пара-пар дүние. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде: "Бәсіре (Жамб.: Шу, Қорд.; Шымк., Арыс) арнаулы, меншікті зат" [8, 157]. "Бәсіре беру" өзіне меншікті, иелігіндегі затты біреуге бөліп беру, өзгемен бөлісу деген тура мағынасында қолданылып тұр. Диалектінің объектісі болғанымен, бұл жерде қолданыс аясы мүлдем сиректеп, көнерген сөздердің қатарын толтырған. Ағайын арасында мата-сата, көйлек-көншек қалай жүрсе, бауырластықтың белгісі, бір-бірінен ажырамау мақсатында бір жерді бөлісуде солай жүреді. Бұл ағайынның татулығының кепілі, бауырластығының нышаны.

"Шерхан Мұртазаның портрет жасаудағы тәсілі алуан түрлі екеніне қарамай, түп негізі бір дерлік. Ол портрет жасай отырып, әрбір кейіпкердің өзіне тән мінез болмысындағы, түр-кесініндегі ерекшелігін, даралығын қатаң сақтауға тырысады. Автор адамды тұлғалауда, портрет жасау тәсілі кезінде ұзақ сонар баяндауды қолданбайды. Қысқа, ықшам жасалған портреттік суреттердің өзінен-ақ характер танылып,

оқырман көңілінде ұзақ сақталып қалады" [3,25]. Адам образын сомдауда, кейіпкерінің негізгі мінездемесін беруде жазушының ұтқырлығы қажет. Осы орайда Шерхан Мұртаза кейіпкер образын ашуда да көнерген сөздерді көбірек қолдана білген. "Қызыл Жебе" романын-эпопеясында Рысқұлдың әкесі Жылқайдарды сомдауда мынадай көне сөздер қолданылады: "Жылқайдардың әкесі Әлімбек Түлкібас дуанына аты жайылған айтулы батыр, шабандоз, палуан бопты. Бірақ, жалғыз атты кедей екен. Ал, Жылқайдар можантомпай, момындау кісі еді" [1,132]. Осы жерден екі көнерген сөзді көруімізге болады, бірі - орыс салған қамалдардың бүгін қолданылмайтын аудармасы болса, екіншісі - Жылқайдардың қақ-соқпен ісі жоқ, момын екендігін бейнелеп тұрған "можантомпай" сөзі. "Можантомпай - момын, қақ-соқпен ісі жоқ" [2,513] деген мағынаны білдіреді, сөйлемде тура мағынасында қолданылып тұрған көнерген сөз. Екеуіде қазіргі қолданыста кездеспейтін сөздер.

"Табалдырықта талыстай болып, кесе-көлденең түсіп, қарауыл жатыр екен, оянған жоқ" [1,40] - деп қарауылды суреттеуден басталатын жолдағы "талыстай" сөзін қазіргі кезде үлкен, зор, дәу сөздері ығыстырып үлгерген. "Талыс-жылқының бас терісінен жасалған, оны-мұны салып қоятын ыдыс" [2,779]. Жылқының бас терісінен жасалатын ыдыс болғандықтан, оның көлемінің үлкендігін көз алдымызға елестете аламыз. "Талыстай" сөзінің тууына да осы жай себеп болса керек. Сонымен қатар, ел мен ел арасындағы жаугершілік, сауда-саттық кезінде тілімізге еніп, бірқатары әдеби нормаға сай сөздердің қатарынан шыққан кірме сөздер де шығармаларда жетерлік.

Қазақ тілінің кірме сөздерінің көбісін араб, парсы, моңғол және орыс тілдері құрайды. Ал, тілдік қолданысқа әбден сіңісіп, өз тілімізде толығып, шатастыруға әкеп соғатындай араб, моңғол, парсы тілдері шығармада да көрініс табыды. Бір ғана мысал: "Төрде сыры кеткен ескі әбдіре тұр. Күндіз үстінде екі-үш көрпе, бір-екі текемет жиылып, жүк көтеріп тұратын әбдіренің түнде арқасы босап қалады" [1,77]. Әбдірені "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде" былай деп береді: "Әбдіре [иран тілінен] - этнографиялық. Киім-кешек, әртүрлі бұйымдар салатын сандық, кебеже" [2,81]. Шығарманың жеткізудегі көптілділігі жазушы үшін де, оқырман үшін де жан-жақтылықты қалыптастыра алады. Тағы бірде "Ақкөл-Есіккөлге қарағанда жадағай. Жағасында сызылып, сылаң қағып тұрған сұлу шырша мұнда жоқ. Суы да жасыл зүмірет емес. Ашаң, ақшыл тартып жатады" [1,21]. Осындағы зүмірет изумрудтың қазақшадағы баламасы, алайда бұл сөз әдеби шығармаларда болмаса, былайғы сөйлесімде көп қолданыла бермейді.

"Шаруасы шінжәу болса да, мұнтаздай таза киініп, аппақ сакалын дөңгелентіп күнде шырпып жүретін тақуа тақылеттес адам. Шоң мұрын. Қасы жалбырап көзіне түсіп тұрады" [1,30]. Осы жердегі "шоң" сөзі қазақ тілінде сирек қолданылады. Тіпті бұл туралы М.Әуезовтың "Абай жолы" эпопеясының үшінші кітабында Мағаш, Ақылбай, Кәкітай, Дәрмен төртеуі көш жөнекей "төрттік" айтысатыны бар. Сонда Мағаш: "Күз жетті ме, батыр-ау, неге тоңдым?" - деп өлең бастайды да Ақылбай "Тоңғаның рас, босарып түсің де оңды" - деп жалғастырады. Сонда төрттіктің соңын Кәкітай: "Бірің тоңып, бірің оң, жұмысым жоқ, Ойына түк кірмейді Кәкітай шоңның" - деп аяқтайды. Басқалар бұған разы болмай Абайға жүгінетіні бар емес пе?

Сонда Абай: "Шоң деген сөздің түп төркіні мен білсем, қазақ сөзі емес. Мына Ұлы жүз Үйсін ақындарының, шешендерінің ескі ырғақтарында да ұшырап отырады. Осы сөздің асыл түбі қырғыздардан ба деп топшалаймын" [12,6] дейді. Осыдан ақ "шоң" сөзі қазаққа қырғыз бауырларынан енгендігін байқаймыз, бұған дәлел ретінде қырғыздарда "чоң" сөзі активті қолданылатын сөздер қатарында. Ал, "ч" мен "ш" әріптерінің арасындағы дыбыстық алмасым сөйленісте көбірек кездеседі және де қазақ тілі "ч" дыбысына көп жатық болмағандықтан оны өздерінің тіліне сәйкестендіріп "ш" дыбысына алмастырып алған. Қайткенмен де кірме сөз негізгі өз тіліндегі тұлғасынан форма жағынан өзгерсе де, семантикасы сол күйін сақтаған.

Шығармаларында тұрақты тіркестермен мақал-мәтелдердің кездесуі заңдылық. Олар автор ойына үстеме бола отырып, суреттеудің көркемдігін, өзгешелігін тудыра біледі, автор ойын нақ, анық жеткізуге де осы құралдар көмектеседі. Ш.Мұртазаның тіл жөніндегі ұлылығы сонда, ол бір жағынан қазақтың көркем сөз үлгісінің барлық қадыр-қасиетін, түр-сипатын өз туындыларында молынан қамтып көрсете білсе, өзіндік қасиет, ол - шешен сөздерді, мақал-мәтелдерді орынды қолдана білуі. Жазушы қазақтың бар тіл байлығын мүмкіндігінше жеріне жеткізе пайдаланады, жоғары да мысал келтіргендей тілімізде ұмытыла бастаған сөздерді қайта тірілтеді, кейбіреуін жаңа қырынан танытып, жаңа тіркестер де жасады. Шерхан шығармаларында қолданылған тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер халықтың өткені мен көргені, жасаған тірлігінің, халық болмысының аса бір биік шыңы іспеттес. "Метрей, иә, Метрей еді ғой аты. Талғардың биік шыңдарына жол тауып шыққаны үшін Рысқұлға көп күміс ақша беріп, Рысқұл үйі сонда бір битін төгіп қалып еді" [1,19]. Осы жерде Метрейдің Рысқұлға күміс сыйға бергенінен оның ыстық ықыласы мен риясыз ризашылығын байқаймыз, сонымен қатар "битін бір төгіп қалды" деген

тіркестен Рысқұлдың кедей өмірінің елесі көз алдымыздан өтеді. Қазақ тілінде "битін сығып, қанын жалап отыр" деген тұрақты тіркес кездеседі және ол "жарымады, тақыр жоқшылықта отыр" [4,54] деген мағына береді, алайда "битін бір төгіп қалды" Шерхан жасаған жаңа тіркес болса керек. Бастапқы ойдан ауытқымағанымен, біріншісі - кедейдің күйін кешіп отырғандығын көрсетсе, екіншісінде - жарылқаған садақаның арқасында кедейшіліктен біруақ құтылғандығы, бірақ кедей тіршілігінің әлі жалғасын табатындығын көрсетеді.

Ж.Исаева өзінің "Ай мен Айша" романындағы паремиялық қолданыстар" деген мақаласында Шерхан Мұртазаның шығармаларында кездесетін бірнеше мақалға тоқталып, талдап өтеді. "Ас-адамның арқауы" - дейді қазақ. Адам ағзасында "арқау" деген мүше жоқ. Рас, өрмекте арқау бар. Ауылдың кемпірлері өрмек тоқы, анда талай көргенмін. Арқау болмаса, алаша тоқылмайды" [5,144]. Осындағы "Ас - адамның арқауы" мақалы, өзіне қосымша мән үстеп, ас адамның өмір сүріп, бойына күш қуат беруіне аса қажетті заттардың бірі екендігі және де құнарлы да қуатты қорегі болып саналатын мағынасында айтылған.

"Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар", - деп Айша талай айтты. Асықты ойнадым, ұтылып қалдым. Допты ойнап жүргенімде не сиырды бұзау еміп қояды, не жәутек Батырхан отқа түсіп кете жаздайды. Әйтеуір, қырсығым көп" [6,72]. Бұл мақалдың "бәрінен де қой бағып, көтен майын жеген озар" деген жалғасы бар, яғни әр түрлі ойынның артына түсіп, арып-ашып, азып-тозғанша көшпелі өмірдің негізі - қой бағып, еңбек етіп, тамақ тойғызу дегенді білдіреді. Осы аталған мақалды ғалым Ә.Қайдар: "Мақал кезінде үстем тап өкілдерінің тарапынан шығарылғандығы белгілі", - дейді [7,202].

Тұрақты тіркестер арқылы жазушы азапты ғұмып кешіп, жетімдік өмірдің дәмін татып, тақсыретін сезініп, шаршап, шалдыққан жанның аянышты халін, әркімнің өз басының қамын күйттеп кеткендігін аша түсіп, сол арқылы заман шындығымен оқырман көзқарасын байланыстыра білген: "Шешем Құлыхан-ның бауырлары әлі сол Бектөбеде тұрады. Сәли, Қали, Бөпетай, Сатай...Е, оларды да көрмегелі көп заман боды. Мұртаза барда бәрі де келіп-кетіп тұрушы еді. "Балапан басымен, тұрымтай тұсымен" дегендей болып кетті ғой. Мұртаза "халық жауы" дегеннен бәрі қорқатын шығар" [6,34]. Аласапыран, қилы-қилы заманда әркім өз басын сауғалап, өз күнкөрісін діттеп, бастары ауған жаққа, бет-бетімен бөлек кетуі, ел басына келген қасірет ел-жұртты, бауырларды біріктірмей, "өз қотырын өздері қасуға" мәжбүр еткендігі айтылады. Тіпті бір-бірінен жандары қаламаса да сырт айналуға мәжбүр болған.

Кейде жазушы сөздік қорының молдылығын көрсету мақсатында болмаса кейіпкерінің құр сөз өрнек тоқи алатындай шешендігін таныту, кейіпкерінің қай аймақтан немесе не кәсіппен айналысатынын білдірту үшін және де кейіпкерінің жас ерекшеліктерін (жас бала, ересек адам, әйел адам) сездірту мақсатында оларға тән жергілікті сөздер мен қарапайым ауызекі сөздерді қолданып жатады. Бұл әдебиет әлемінде әбестік емес, керісінше, автордың тілінің қаншалықты мол екендігін көрсетеді.

Теңеу - әдебиетте кеңінен қолданылатын, заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттеу. "-дай, -дей" формасы арқылы немесе "секілді, сияқты" шылауларымен "ұқсап, құсап" сөздерінің көмегімен жасалады. Шерхан шығармаларында осы "-дай, -дей" формасы арқылы жасалған теңеулер көптеп кездеседі.

Өр ұлттың тілі қалыптасарда оған айналасы, қоршаған тау-тас, табиғат, жан-жануар, өсімдік атаулысы тіптен жәндіктерге дейін ықпал етеді, атқарған тірлігі, істеген шаруашылығы да игі әсерін тигізіп, сөз қорын толықтыруына зор әсер етеді. Қазақта жан-жануардың бітім-болмысы, мекен ететін ортасы тіпті жеген қорегіне дейін талдап, бір затты немесе құбылысты соған телеп, сөздерін байытып отырған. Шерхан Мұртазаның бір ғана "Қызыл Жебе" романының бірінші кітабымен "Интернат наны" әңгімесінде кездесетін теңеулерді екіге бөліп қарасақ жоғарыда айтылғандар көрініс табады.

Қорыта айтқанда, жазушының стилі бірден қалыптасқан жоқ. Журналистикада бағын сынаудан басталған жазушылық өнер, прозада-әңгіме повестермен жалғасын тапты. Роман жанрына кіріспес бұрын қаламын шағып эпикалық жанрда сынады. Қаламгердің көркем әдебиет әлемінен оқшау жүріп өмір сүруі мүмкін емес. Шерхан Мұртаза өзіне дейінгі аңыз-әңгімелер, жырлар тыңдап әдеби өнермен сусындап өсіп, өзіне дейінгі алыптардың дәстүрлі мектебінен мол хабар алып, өзі атадан балаға мұра болған әдеби өнерді биіктетті. Жалаң еіктемей, өткеннен алар өнегесін алып, керегін қоса отырып болашаққа жолдады, өз прозасының шоқтығын биікке көтерді. Шерхан прозасындағы ой ұтқырлығы, оқушысын өзіне баурап алатын күші, адамның сезім мүшесіне дейін тітіркендіретін иірімдері, пәктігі мен өткірлігі - осының бәрәнен суреткердің тіл кестесіне, сөз қолдануына бөлектеу дарын беріп, сипат танытқанын көреміз. Жазушы туындыларының ішінде адамның жан тебіренісін, ішкі ойларын, көңіл толғанысын, жүрек лүпілін, сезімнің сантүрлі құбылуын көрсететін эпитет, метафора, теңеу сынды бейнелі сөздер көп кездеседі. Бұл жазушы талғамының жоғары екендігін көрсетсе керек.

Халық қашан да табиғат Анамен бірлесіп күн кешіп келеді. Оның құдіреттілігін мойындағылары

келмесе де, жүрегі сезіп бүлк етеді. Әр халықтың табиғаттан алған тағылымы, өнегесі бар, ол өздерінің тұрмысында көрініс тауып жатады болмаса ақын-жазушыларының шығармаларынан көріс табады. Табиғатпен адамның жандүниесін параллель қарастырып, табиғаттың тосын сыйымен адамның ой толғамдарын қатар қоя отырып жазбаған жазушы аз шығар. Солардың бірі – Шерхан. Осы құбылыстарды беруде көркемдегіш құралдардың сантүрін пайлана отырып, шығарманың әсерін арттырып, көркемдендіре түсті.

Шерхан тілінің көркемдік ерекшелігі, стилі деген де тағы бір тоқталып өтетеін жайт ол - жазушы тілінің көне, жаңа, аймақтық сөздермен бай екендігі. Бай екенмін деп шығармаларында ұзыннан сонар шұбыртып қолданбайды, ықшамдап қана беріліп, астында үлкен проблема жататын сөйлемдерден ауық-ауық көрініс табады. Бұл жазушының қалам сілтер кезіндегі ой көкжигенің кеңдігі, тапқырлығы.

Шерхан тілі - қазақтың халық ауыз-әдебиетінен басталып, жыраулар поэзиясымен, халықтың басынан өткен талай тарихи қиын-қыстау кезең, тарихи оқиғалармен толығып отырған қазақ сөз өнерінің жиынтығы.

1 Мұртаза Ш. Алты томдық шығармалар жинағы, I-том - Алматы: Қазығұрт, 2002.

2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Дайк-Пресс, 2008.

3 Көпбаева М. Ш. Мұртаза шығармаларындағы көркемдік таным және авторлық концепция. Автореферат. - Алматы, 2002.

4 Фразеологиялық сөздік. - Алматы: Арыс, 2007.

5 Исаева Ж. "Ай мен Айша романындағы паремиялық қолданыстар" А.Яссауи университетінің хабаршысы, №1, 2007.

6 Мұртаза Ш. Алты томдық шығармалар жинағы, V-том - Алматы: Қазығұрт, 2002.

7 Қайдар Ә.Т. Халық даналығы - Алматы: Толғанай, 2004.

8 Диалектологиялық сөздік. - Алматы: Арыс, 2007.

9 Мамесейіт Т. Ш. Мұртаза шығармаларының көркемдік және танымдық сипаты, Автореферат - Алматы, 2010.

10 Мұртаза Ш. Алты томдық шығармалар жинағы, III-том - Алматы: Қазығұрт, 2002.

11 Мұртаза Ш. Алты томдық шығармалар жинағы, II-том - Алматы: Қазығұрт, 2002.

12 Әуезов М. Шығармалары (алтыншы том). - Алматы: Жазушы, 1996.

#### **Резюме**

**Сансызбаева Гүлзат** – студент 3-курса института филологий КазНПУ им. Абая;

**Научный руководитель:** к.ф.н., и.о. ассоциативный профессор (доцент) **С.А. Жиренов**

**Художественные особенности языка произведения Шерхан Муртаза**

Стиль письма определяется художественным оформлением описания реалии жизни автором, несравненным с другими особенностями правописания. Основа художественного произведения - это слово. Функции сравнения, эпитета и метафора рассматриваем вместе с определением образа персонажа.

**Ключевые слова:** стиль, метафора, метонимия, мастерство, национальный язык, художественный мир

#### **Summary**

**Sansyzbayeva Gulzat** – the student 3 courses of institute of philology of KAZNPU of Abay;

**Scientific head:** Cand.Phil.Sci., associative professor S.A. Zhirenov

**Artistic features of language work Sherkhan Murtaza**

The writing style is defined by artistic formalization of the realities of the author of life, the incomparable with other features of orthography. The basis of work of art is - the word. The functions of comparison, epithet and metaphor are considered together with the definition of the image of character.

**Keywords:** style, metaphor, metonymy, skill, national language, artistic world

## ҚАЗАҚ-ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕГІ ТІЛАРАЛЫҚ АУЫСЫМ (ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАН ЖЫЛДАРДАН KEЙІН ЕНГЕН КІРМЕ СӨЗДЕР)

**Ә.Жұмалиева** – Абай ат. ҚазҰПУ, Филология институты 5В011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті»  
мамандығының 3-курс студенті,

**Ғылыми жетекшісі:** ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) м.а. **С.А. Жиренов**

Көрші елдермен мәдени қарым-қатынастың кез келген халықтың қалыптасуына қажетті екені бәріне белгілі. Соның нәтижесінде адамзат тілдерінің кез-келгені басқа тілдермен үнемі белгілі бір деңгейде байланысқа түсіп отырады. Тілдік қарым-қатынас екі немесе одан да көп тілдердің өзара байланысып, бір-бірінің құрылымы мен сөздік қорына әсер етеді.

**Кілт сөздер:** тілдік қатынас, мәдени қатынас, кірме сөз, сөздік қор, халқыаралық терминдер, аудармалар

Қазақ тілі – қазақ халқының ұзақ жылдар бойындағы басынан кешірген өмірінің, тарихының бейнесі. Кез-келген тілдің алтын қоры – сол тілдің байлығы. Сөз байлығы – халықтың ұзақ ғасырлар бойы басынан кешірген өмірінің, іс-әрекетінің, ақыл-ой жұмыстарының тілдегі көрінісі.

Лексиканы кірме сөздермен, терминдермен, тіпті есімдермен өзара молайту заңды құбылысқа айналды. Кірме сөздер естіген құлаққа жат, айтуға онша үйреншікті болмаған, тосаң сөз болуы мүмкін. Олар, әсіресе әдеби тілдің сөз байлығына айналғанда, жалпы халықтық сипат алып кетеді.

Кірме сөздер жайында айтылған пікірлер сан-алуан. Кірме сөздер туралы орыс ғалымы А.И. Смирницкий мынадай пікір білдірген: «Басқа тілдер жүйесіндегі сөздер келесі тілдер жүйесіне еніп, мағынасы жағынан дәл сол тілдің ережелеріне лайықталып қолданылуда». Орыс ғалымдары Ю.А. Жлуктенко және Л.И. Ильиннің еңбектерінде «Кірме сөздердің лексикалық қолданылуының шет тілдердегі үлгісін дәл солай қайталануы», - деп көрсетеді.

Қазақ терминологиясының даму тарихында елеулі пікірлер айтып, пән атауларын жүйелеуде маңызды үлес қосқан ғалымдардың бірі – Халел Досмұамедов кірме сөздерді, соның ішінде орыс тілі арқылы енген сөздерді қолдануда ана тілінің ішкі дыбыстық заңын сақталып айтылуын дұрыс құбылыс деп есептеген. Мысалы: *песір (писарь), жәрменке (ярмарка), ауылнай (волосной), сот (суд) т.б* сөздерді мысалға алып, олардың дыбыс жағынан өзгертіліп айтылуын дұрыс деп санайды.

Н.Төреқұлов «Жат сөздер туралы» деген мақаласында «қазақ тіліне кіретін жат сөз болса, қазақтың тымағын киіп, жалпақ сөзі болып кірсін» деген ой білдіріп, қарабайыр қазақтың жалпақ тілінің лексикасына жат сөздердің енуіне қарсы болған.

С.Ақаев болса «Кірме сөздер келімсектерден де қауіпті» атты мақаласында «кірме сөздер баяу әрекет етуші «қопарлағыш» рөлін атқарып қана қоймай, тілдің таралу өрісін тарылтып, оның ішкі дамуы мен сөзден сөз тудыратын лексикалық толығу мүмкіндіктеріне балта шабады» деп, кірме сөздер тілдің өмір сүру ғұмырын қысқартатынын айтады.

Ғалым Рәбиға Сыздықова «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбегінде «сөздік – заман айнасы» дей отырып, қазақ даласына келе бастаған жаңа әлеуметтік, экономикалық құбылыстарға байланысты көптеген соны сөздердің пайда болуы сияқты процестер қай дәуірде де жүріп жататындығын айтады. Қазақ тілінің лексикалық құрамына орыс сөздерінің енуінің себебі Қазақстанның көп жерінің Ресейге бағынуына байланысты халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінен бастап, әкімшілік, сот-заң т.б. салаларға қатысты жаңа зат, ұғымдардың пайда бола бастауында деп көрсетеді.

А.Айғабылұлы кірме сөздердің ену себептерін екіге бөліп қарастырады: «Тіл-тілде басқа тілден енген сөздер ішкі және сыртқы себептерге байланысты болады. Сыртқы себептер дегеніміз сөз алушы халықтармен байланысынан пайда болатын сөз ауысу процестері. Мысалы, қазақ халқының россияға қосылуы қазақ тіліне көптеген сөздің енуіне себеп болды».

Қазақ тілінің сөздік қоры туралы сөз қозғалғанда орыс тілінен енген кірме сөздер мәселесінен аттап кете алмайтынымыз анық. Жалпы кірме сөздердің енуі әртүрлі факторларға байланысты. Мысалы:

1. Тарихи оқиғалар, яғни отарлау саясаты, жаулап алудың нәтижесінде;
2. Табиғи фактор, халықтар арасындағы байланыс, мәдени қарым-қатынас нәтижесінде тіларалық ауысым.

Қазақ тіліне орыс тілінен енген кірме сөздер алғашқы фактормен байланысты. Отарлаушы елдің адамдарын сіңістіріп, өз мәдениеттері мен «кірме» адамдары арқылы өз тілдерінің үстемдігін жүргізген саясаттың нәтижесінде қазақ тілінде орыс тілінен енген сөздер жетіп артылады.

Ғалымдардың еңбектерінде орыс тілінен енген сөздер шартты түрде екі топқа бөлінеді:

1. Революцияға дейінгі енген сөздер
2. Қазан революциясынан кейінгі кезеңде енген сөздер.

Әрине, бұлайша топтастырудың үлкен маңызы бар. Революцияға дейінгі кезеңдегі сөздер араб-парсы сөздері сияқты ауызша енгендіктен фонетикалық өзгерістерге ұшыраған. Ал революциядан кейінгі сөздердің айтылуы да, жазылуы да орыс тіліндегі қалпында сақталады.

Революцияға дейінгі кезеңдегі сөздерге ғалым А.Айғабылұлы жәрмеңке/ярмарка, жәшік/ящик, жәмшік/ямічик, бөтелке/бутылка, бөрене/бревно, әшмөшке/восьмушка, сіріңке/серняки, кэмпит/конфеты, божы/вожки, бөкебай/пуховой, самауыр/самовар, сөмке/сумка, ояз/уезд, шен/чин, болыс/волосты, сот/суд, түрме/тюрьма, әптекет/адвокат, почтабай/почтовой, кір/гир т.б. сөздерді жатқызады. Бұлар бір ғасыр бұрын енген сөздер болса да, қазіргі кезде орыс тіліндегі түп нұсқасымен қолданылып жүр (конфет, адвокат, почта).

Қазан революциясынан кейін енген сөздер өте мол. Оның себебі әдеби тілге қоғамдық-саяси, мәдени, оқу, ғылым, техника, сауда, спорт, әскери ұғымдарға тікелей байланысты болуы. Ол дәуірде бұл сөздердің қазақ тіліндегі баламасының болмауы себебінен мұндай сөздер орыс тіліндегі түпнұсқа түрінде енген:

1. Ғылым және техникаға байланысты сөздер: физика, химия, география, радио, кран, эксперимент, коммуникация т.б.
2. Мәдени-ағарту жұмыстарына байланысты сөздер: опера, балет, театр, концерт, кино, музыка т.б.
3. Әскери іс пен физкультура, спорт терминдері: солдат, сержант, офицер, танк, футбол, волейбол т.б.
4. Сауда-саттыққа байланысты сөздер: магазин, гастроним, универмаг, буфет, аванс, кредит т.б.
5. Азық-түлікке байланысты сөздер: лимонад, вермишель, макарон, картошка, кофе т.б.
6. Киім-кешекке байланысты атаулар: кофта, шарф, костюм, пальто т.б.

Қазіргі кезде орыс тілінен енген кірме сөздерге байланысты баспасөзде екі түрлі көзқарас пайда болған. Бірі қазақ тілінің «таңғы шықтай таза болсын» деген ұстанымды ұстанып, қазақ тіліндегі кірме сөздер немесе варваризмдерден құтылу керек деген көзқарас болса, екіншісі орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы енген сөздерді аударып қолдану нәтижесінде бей-берекетсіздікке жол бермеу керектігін алға тартады. Алдыңғы топ авторлардың ұсынысы орынды болғанымен, тәуелсіздікке ие болып, егеменді елге айналған тұста тілді дамытудың орнына, оның дамуын ішкі мүмкіндіктермен ғана шектеп, басқа да даму көздерін ескермеу тілді кері кетіретін өзгеріс. Бұл туралы ғалым Сейдін Бизаков «бұл бағыттың тіл мәдениетін кері кетіретін жағымсыз тұстары анықтала түсетінін тәжірибе байқатып отыр» дейді. Демек, жаппай қазақыландыру арқылы тіл дамуына шектеу салу тілді кері тартпаса, дамыта алмайды. Бұл орайда Исмет Кенкесбаевтың «орыс тілінен енген сөздерді өзгертпей жазу ұстанымының» маңыздылығы арта түседі. Өйткені, жаппай бүкіл терминдер мен кірме сөздердің қазақша баламасын табу олардың мағынасының бұрмалануына әкеп соғады. Бұл қазақ тілін қолданушыларды сауатсыздыққа итермелейді.

Не дегенмен, орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы сөздердің ену процесі бір дәуірге, кезеңге ғана тән құбылыс емес. Ол өте баяу жүретін процесс. Сондықтан бұл мәселеге ат үсті қарау дұрыс емес.

Басқа тілден сөз алу екі түрлі жолмен іске асады:

1. Тікелей сөз алу;
2. Калькалау жолымен алу.

Қазақ тіліне орыс тілінен енген сөздер көбінесе алғашқы жолмен енген.

Тәуелсіздік алған жылдардан кейін терминология мәселесі көтеріліп, қолға алынған соң, қазақ тілінде тікелей сөз алу процесі әсіресе терминжасам мәселесінде байқалады. Орыс тілінен енген термин сөздерінің басым бөлігі спорт және техника саласына қатысты термин сөздер мен кәсіби сөздер болып келеді. Ал қалғандары заң, әскери іс, сәулет, астрономия, биология, геология, зоология, тарих, математика, полиграфия, журналистика, әдебиет, ауыл шаруашылығы, баспа ісі, физика, филология, философия, химия, экономика, электроника салалары мен ғылымдарының атау сөздері болып табылады. Қазақ тіліне халықаралық терминдерінің басым көпшілігі орыс тілі арқылы ағылшын, латын, грек, т.б. тілдерден енеді.

Қазіргі қазақ тілінің сөздік қоры тек ішкі факторлар арқылы ғана емес, лексикалық қорды дамытудың сыртқы факторларын да пайдалану арқылы толысып жатыр. Барлық тілде кірме сөз бар. Бұл – заңды құбылыс. Орыс тілінен енген кірме сөзде өз тіліміздің құрамына кіріп, біте қайнасып кеткен, тіпті оларды өзге тілден енген деуге де кимаймыз. Қолданыста бар тіл үнемі дамып отырады. Жаңа сөздер еніп, тілараалық алмасулар жүреді. Қай тілдің болмасын табиғаты кірме сөздерді шеттетіп тастай алмайды. Бұл барлық тілдердің лексикасына тән құбылыс. Мемлекеттер өзара қарым-қатынаста болған соң, халықтар арасындағы мәдени, экономикалық, саяси байланыстар арқылы бір тілден екінші тілге, тіпті аралық тілдер арқылы үшінші, төртінші тілдерге кірме сөздер ауыса береді. Бұдан шығар қорытынды, сөйлеушісі

бар тіл әрқашан даму үстінде болады. Қазақ-орыс тілдерінің қарым-қатынасын зерттей отырып мынадай тұжырымдар жасауға болады:

1. Мемлекеттердің географиялық немесе қоғамдық-әлеуметтік тұрғысынан араласуы тілдік қарым-қатынасқа да әсер етеді. Тарихта болған Қазақстанның Ресейге қосылуының нәтижесінде қазақ халқында бұрын соңды болмаған жаңа атаулар пайда бола бастады. Қарапайым тұрмыс-тіршілікте халық өзіне ыңғайлы болу үшін орыс тілінің лексикасындағы сөздерді қазақ тіліне бейімдеп, бірқатар заттардың атауларын қалыптастырған.

2. Тілаларлық ықпалдастыққа мәдени, саяси, экономикалық, діни, психологиялық, географиялық, әлеуметтік факторлар ықпал етеді. Тіпті тілаларлық ықпалдастық пайда болу үшін елдердің көршілес болуы басты шарт емес. Аралық тілдердің көмегі арқылы тіл лексикасының шет тіл сөздерімен даму мүмкіндігі бар. Бұл тұрғыда орыс тілі арқылы латын, грек, ағылшын, француз, т.б. тілдердің кейбір терминдері қазіргі қазақ тілінің сөздік қорында да қолданыс табуда.

3. Қазақ тілінің лексикасын байытудың сыртқы көздерінің бірі – орыс тілінен енген кірме сөздер екендігінде дау жоқ. Осыған дейін қазақ тіліне араб, парсы, моңғол тілдерінің де сөздері еніп, «жат» деген статусқа ие болмай-ақ қолданыста жүр. Десек те, орыс тілінен енген кірме сөздердің қазақ тілі лексикасында алатын орны зор. Бұл қазақ тілінде ол сөздерге тең келер балама атаудың жоқтығынан деп ұғу қателік. Жаппай «қазақыландыру» саясатын жүргізетін болсақ, сансыз қатар жүрген аудармалардан тілімізді қолданушылар арасында сауатсыздық белең алуы мүмкін. Сондықтан сіңісіп кеткен терминдер мен кірме сөздерді қаз қалпында қалдырған абзал.

4. Кірме сөздер сөз қабылдаушы тілдің фонетикалық, грамматикалық, семантикалық заңдылықтарына сәйкес бейімделіп кетеді. Бұл уақытты қажет ететін құбылыс. Қазіргі жаһандану үдерісінде күн сайын жаңа техникалар ойлап табылып жатыр. Олардың барлығы да жаңа атауларды қажет етеді. Осы тұста тілдер бар, бірақ қолданыстан шыққан көнерген сөздерді активтендіру немесе шет тілдерден сөз алу арқылы заттарға атау беру өте орынды болмақ. Шет тілдерден енген сөздерді алғашқыда жатсынуымыз мүмкін, десек де уақыт өткен сайын олар қазақ тіліне бейімделіп, төл сөзіміздей болып кететініне күмән жоқ.

Жүргізілген зерттеудің маңыздылығы кірме сөздердің теориясы мен практикасымен байланысты мәселені қарастыру, әсіресе қазіргі заманда маңызды, өйткені қазақ тілінің құнсыздануына әкеп соқтыру қаупі бар кірме сөздердің өте көп пайда болуы туралы пікірлер айтылып жүр. Бірақ тіл өздігінен дамитын механизм, ол өзін-өзі қорғай алады, қажет емес артық дүниелерден арыла алады. Десек те, шет тіл сөздерін қолдануды сәнге айналдырудың қажеті жоқ. Өзіміз де көріп жүргендей, көшелерде, жарнамаларда, газет, журналдарда, қаптамаларда ағылшын, орыс т.б. тілдеріндегі атауларды пайдалану сәнге айналған. Олай болды екен деп төл тіліміздегі әдемі, әуезді сөздерді шеттестіріп қою үлкен қателік болады. Таяқтың екі ұшы бар емес пе, бұл да келер-кетер қызығушылықтан болар. Не де болса, қазақ тіліндегі «жаңа кірме сөздер» мәселесі жіті зерттеуді қажет етеді. Өйткені бұл бөтен емес, төл тіліміздің сөздік қоры.

1 Бизақов С. Қазақ тілі қандай тіл? – Алматы: «Арыс», 2010 - 320-335 б.

2 Айғабылұлы А. Қазақ тілі морфонологиясы мен лексикологиясы – Алматы: «Қазақ университеті», 2006 – 30 б.

3 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы – Алматы: «Ана тілі», 1993 - 79-81 б.

4 Досжанова Г. Кірме сөз – тіл лексикасын байытудың басты жолы – Тіл және қоғам, 2007. - №1. – 51-56 б.

5 Ақаев С. Кірме сөздер келімсектерден де қауіпті – Ана тілі, 1994 - 13қазан. – 7 б.

6 Ахметқазиев А. Кірме сөзінің де көңілге қонатыны бар – Ана тілі, 2014 - №30. – 4 б.

#### Резюме

**Жұмалиева Әсем** - студент 3-курса институты филологий КазНПУ им. Абая;

**Научный руководитель:** к.ф.н., и.о. ассоциативный профессор (доцент) **С.А.Жиренов**

**Межязыковая смена казахского и русского языков** (Взаимствованные слова после лет Независимости)

Необходимость общения с соседними странами в стабильном развитии каждого народа всем известно. В результате чего любой язык человечества постоянно связан с другими языками в определенном уровне. Связь языковых отношений с двумя и более языками влияет на конструкцию и словарный запас друг друга.

**Ключевые слова:** языковое общение, культурное общение, взаимствованные слова, словарный запас, переводы

#### Summary

**Zhumaliev Asem** – the student 3 courses of institute of philology of KAZNPU of Abay;

**Scientific head:** Cand.Phil.Sci., associative professor S.A.Zhirenov

**Interlingual change in the Kazakh and Russian languages** (Vzaimstvovannye words after years of Independence)

The need to communicate with the neighboring countries in the stable development of each people all know. As a result, every language of mankind is constantly associated with other languages to a certain level. Communication language with respect to two or more languages affects the structure and vocabulary of each other.

**Keywords:** linguistic communication, cultural communication, vzaimstvovannye words, vocabulary, translations

## «ҚАРА» СӨЗІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСІ

**Б.Түймебай** – Абай атындағы ҚазҰПУ, Филология институты 5В011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3-курс студенті,

**Ғылыми жетекшісі:** ф.ғ.д., профессор **Қасым Балқия**

Семантикалық өрістерде тілдік бірліктердің жүйелік қатынастарын семасиология зерттейді, өйткені суреттеу сөзден ұғымға апарады. Егер сөз ішкі байланыстар жағынан қарастырылса және суреттеу ұғымнан сөзге бағытталса, онда бұл ономасиологияның зерттеу аймағы.

**Кілт сөздер:** сема, семантикалық өріс, лексика, лексикалық бірлік

Жалпы тіл біліміне толықтай еніп, оның ішінен өз орнын алған **семантикалық өріс** теориясы қазақ тіл білімінде маңызды мәселе болып табылады. Семантикалық өріс теориясының негізін салушы неміс ғалымы Иост Трир. Ол лексиканы жүйеге келтірудің жаңа ұстанымдарын жете зерттеп, 1931 жылы алғаш рет өріс теориясы ұғымын қолданып, осы теорияның лексикалық зерттеулерге қажеттігін көрсетеді. И.Трир өзінің жұмысында ұғым жағынан бір-бірімен байланысты бір топқа жататын сөздерді зерттейді. Автор еңбегінде: “Сөз тек біртұтас бүтіндік және сол тұтастық арқылы ғана мағынаға ие болады” [НТС.12], - деген қорытынды жасайды.

**Семантикалық өріс** белгілі бір сөздер мағыналарының жиынтығы, өрісі ретінде қабылданып, сол бағытта дамыды. Семасиологияда, тіпті лексикологияда тақырыптық топтарға қарама-қарсы ағым болып қалыптасты, оның өзінің тарихи өзгермелігімен, жылжымалылығымен, икемділігімен тез өзгешеленді. Тақырыптық топтарды еске алсақ, мысалы: адам аттары, киім-кешек, өсімдік атаулары, жан-жануарлар, көңіл-күй т.б. өздерінің қатып қалған қасиетімен бөлектенеді. Сондай-ақ, тақырыптық топтардағы сөздер көбіне зат есімдер болатыны мәлім. Ал семантикалық өрістің бір қасиеті ол өз бауырына әртүрлі сөздерді тарта береді [1. 164].

Семантикалық өріс – ең ірі лексика-семантикалық парадигма. Семантикалық өріс түрлі сөз таптарына қатысты сөздерді біріктіреді. Бұл сөздер болмыстың бір фрагментіне сәйкес келуі керек. Олар лексикалық мағынасына жалпы ортақ белгіге ие болуы тиіс. «Трир доктринасы» бойынша:

1. Тіл өздігінен семантикалық өрістерге бөлінеді;
2. тілдің мазмұндық жығы қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардан толығымен абстракцияланады;
3. тіл танымның негізі ретінде қарастырылады;
4. тіл белгілі бір халықтың рухы мен зияткерлік ерекшеліктерін анықтайды. Зерттеушінің пікіріне сәйкес адам жеке сөзді түсіну үшін оның санасында бүкіл «тілдік өріс» көрініс табуы керек.

Семантикалық өрісті анықтаушылар өте көп. Сонымен қатар әртүрлі анықтамаларды топтастырып, ғалымдардың пікірлерін қарастырдым. Белгілі ғалымдар Е.В. Гулыга мен Е.И. Шендельс лексика-грамматикалық өрісті зерттеп, оның негізгі белгілері ретінде мыналарды атайды:

- 1) өріс жүйелі қатынастар арқылы бір-бірімен байланысқан әр түрлі тіл деңгейлік құралдардың жиынтығы болып табылады;
- 2) бұл құралдардың ортақ мағыналары болады;
- 3) өріс бір-біріне қарама-қарсы ең кемінде екі мағынадан тұрады;
- 4) өріс көлденең және тік кесінді түрінде көрсетуге болатын күрделі құрылымға ие. Өрістің көлденең кесіндісі бойында оның семантикалық түрлері - микроөрістер, ал тік кесіндісі бойында оны құрайтын тілдік құралдар орналасады [2.97].

Ғалымдардың өріске анықтама берудегі пікірлеріндегі ортақтық – лексика-семантикалық өрістің мағыналық құрылымындағы ортақ бір семантикалық компоненттің негізінде біріккен қандай да бір тақырыпты қамтитын сөздердің жиынтығынан тұруы. И.М. Кобозева «семантикалық өріс деп айқындалатын құбылыстың ұғымдық, заттық және қызметтік ұқсастықтары мен мазмұнының жалпы болуымен біріктірілген тілдік бірліктер жиынтығын» айтады. Автордың пікірінше **семантикалық өріс** төмендегі қасиеттерге ие: 1) сөздердің белгілі бір семантикалық қатынастарға түсуі; 2) осы қатынастардың жүйелілігі; 3) лексикалық бірліктердің өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігі; 4) өрістің дербестігі; 5) өрістің ұғымдық сипатын таңбалаудың тұрақтылығы; 6) семантикалық өрістің бүкіл лексикалық жүйедегі өзара байланыстылығы [3.28].

Өріс теориясын қазақ тіл білімінде алғашқылардың бірі болып қарастырған М.Оразов болатын.



Зерттеуші өзінің монографиясында терминді алғаш қолданғандар И.Трир, В.Порциг, Г.Ипсон сияқты ғалымдардың пікірлеріне сүйенген.

Түбірлес сөздер жан-жақты дами отырып, бастапқы мағынасы күрделенген соң өзінің дыбыстық жамылғышын да өзгертеді. Пайда болған фоно-семантикалық дамудың көрсеткіші тілдік бірлік түзіп, нәтижесінде түбірлес сөздердің қатары көбейеді [4.18]. Мысалы: **Қара** 1. Назар аудару, көз жіберу. 2. Іздестіру, қарастыру. 3. Көру, тексеру, аңғару, бағу, байқау, бақылау. 4. Ескеру, елеу, ден қою. 5. Күту, тосу, бөгелу. 6.Бағып-қағу, күту, баптау. 7. Біреудің қол астында болу. 8. Есептеу, санау, ойлау. 9. Ауу, өту, қадам басу. 10. Арнайы сөз ету, талқылау [ҚТС, 377]. Бір сөзжасамдық ұяға кіретін түбірлес сөздердің өз ішінде бірнеше сөзжасам негізі болуы мүмкін. Мысалы: **қара** сөзінен жасалған *қарайлас*, *қарайласу* т.б. *Қара* сөзінен пайда болатын бірнеше туынды сөздердің ретін А.Ибатов “Қазақ тілінің туынды сөздер сөздігі” [ҚТТС, 65] еңбегінде көрсетеді:

Бұл сөзжасамдық ұядағы тізбектер мен қатарлар бірігіп түбірлес сөздерді құрайды. Туынды сөздің мәселелері түбірлес сөздерге де тікелей қатысты болып келеді. Түбірден жұрнақтар арқылы жасалған туынды сөздердің номинациялық қасиетке ие болуы жұрнақтың мағына тудыру ерекшелігіне байланысты. Жұрнақтар түбірге жалғанып, жаңа лексикалық мағына тудыруы да мүмкін, сол сияқты лексика-грамматикалық сөз жасауы да мүмкін. Туынды сөздің тұлғалық құрамына да, мағыналық жағына да жетекші рөл атқаратын түбірлер, ал жұрнақтар мағынаны әрі қарай дамытып, көмекші қызмет атқарады. Негіз де, түбірлес сөздер кең мағынадағы туынды сөздердің аумағына кіріп кетеді. Өйткені, біріншіден, түбірлес сөздер де, негіздер де түбірдің негізінде жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалады. Екіншіден, мағыналық байланыс үзілмей, бір семантикалық өрісте жатады. Ал түбірлес сөздер дегеніміз – тілдік жүйедегі белгілі бір макросемалы түбірдің жан-жақты дамуынан пайда болған, бір семантикалық өрісте жататын ортақ семалы туынды сөздер [4.21].

Түркі тілінде түбір ретінде танылатын қағара тұлғасынан қазіргі қазақ тіліне тән түбірлес сөз жасауға негіз болғандығын айтуға болады. Түркі тіліндегі қаға формасының дамып, жетілуі негізінде *қара* сөзінің қазақ тіліндегі қолданысы біршама артқан. Яғни, *қара* сөзінің семантикасы өте кең болып табылады. Оған дәлел келтіретін болсақ:

**Қара** зат. 1. *Дәл не екені айқын емес, қарайып көрінген нәрсе; қарайған.* Ұрғызбаған соң алыста көрінген бір *қараға* қайыра қуды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

2. *Аумақ, көлем, сан, мөлшер, шама.* Түйелеріміз де келіп жеткен мезгілде манағы алыстан *қарасы* көрінген адамдар бізге таман жақындап-ақ қалды (“ТУГ”).

3. *Жобасы, нобайы, пошымы, түрі.* Теңіз түбінің балығына бірде қызықса, енді бірде жүрексініп, бұрын-соңды ата-бабалары істемеген түсі басқа кәсіптің *қарасынан* шошып қалатын.

4. ауыс. *Ес, серік, тірек, сүйеу.* Тағы бір тірі жәндік бар екен. Ит те болса серік, *қара* ғой (Т.Ахтанов, Дала сыры).

5. *Ірі мал: жсылқы, түйе, сиыр.* Әлгідей қаражатты қайдан алар? 40-50 сом деген кішігірім үш *қараның* құны (Ж.Аймауытов, Шығ.) [ҚӘТС, 271].

Сонымен қатар *қара* сөзінің өміршеңдігі, уақыттың озуымен жан-жақты дами отырып, ғасырдан ғасырға жетуі түбірлес сөздерден көрінеді. Түркі халықтарының құдіреттілігін тілі, тіл байлығы арқылы сезінсек, тіліміздің байлығы түбірлес сөздер деривациясының күрделілігінен көрінеді. Мысалы: *қара* сөзі тілдік даму барысында тілдік бірліктерді сипаттайтын алғашқы нысанның қосымша белгілері көрініп, қасиеттері таныла бастайды. Осының әсерінен тілде таңбаланған *қара* сөзінің семантикалық мазмұны күрделеніп, семаларға жіктеледі де, бұл процесс өз кезегінде түбір сөздің деривациясын туғызады. Алғашқы мағынаның басқа сипаттары танылып, күрделене түседі.

Қорыта келе, қазақ тіл білімінде семантикалық өріс теориясы өте маңызды мәселе болып табылады. Сол ретте ғалымдардың анықтамалары өріс теориясын толық ашуға үлкен мүмкіндік береді. *Қара* сөзінің семантикалық өрісі өте кең және де толық зерттеулерді талап етеді. Ғалымдардың пікірлерін саралау арқылы *қара* сөзінің семантикалық өрісі кең екені анықталды.

1 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы : Рауан, 1991. – 211 б.

2 Гулыга Е. В., Шендельс Б. И. Грамматико-лексические поля в современном немецком языке. – М.: Просвещение, 1969. – 184 б.

3 Кобозева И. М. Лингвистическая семантика. – М.: Эдиториал, 2000. – 252 б.

4 Исабекова Ұ.К. Қазақ тіліндегі тарихи түбірлес сөздер(синхрониялық және диахрониялық) –Алматы, 2004. - 130 б.

**Сөздіктер:**

1 Иост Трир . Неміс тілінің сөздігі. Хейделберг, 1931. – 167 б.

2 А.Ибатов. Қазақ тілінің туынды сөздер сөздігі. –Алматы, 1988. -136 б.

3 Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.3. (Қазақ тіліне аударған, алғысөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай). – Алматы: ХАНТ,1998. – 303б

4 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. –Алматы, 2008. IX том.

5 І.Кеңесбаев. Фразеологиялық сөздік. –Алматы, 2007. -356 б.

**Резюме**

**Түймебай Бурымды** - студент 3-курса институты филологий КазНПУ им. Абая;

**Научный руководитель:** д.ф.н., профессор **Б.Касым**

**Семантическое развитие слова "черный"**

В семантическом развитии систематическое отношение языковых единиц исследует семасиология, потому что описание ведет от слова к понятию. Если слово рассматривается с внутренних отношении и описание направляется от понятия к слову, то это поле ономасиологии.

**Ключевые слова:** сема, семантическое развитие, лексика, лексическая единица

**Summary**

**Tuymebay Burymdy** – the student 3 courses of institute of philology of KAZNPU of Abay;

**Scientific head:** Professor **B.Kasym**

**The semantic development of the word "black"**

The systematic development of the semantic relation of language units explores semasiology because the description is from the word to the concept. If the word is seen with regard to internal and description sent to the notion of the way, then this field onomasiology.

**Keywords:** seme, semantic development, vocabulary, lexical unit

**БІЗДІҢ АВТОРЛАР // НАШИ АВТОРЫ // OUR AUTHORS**

**Аскарова А.Ю.** - Абай атындағы ҚазҰПУ 6M051100-Маркетинг мамандығының 1-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Абдыкадырова А.З.** - Абай ат. ҚазҰПУ Филология институтының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Айдосова Н.Б.** - Абай ат. ҚазҰПУ Филология институтының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Адилжанова С.А.** - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы)

**Амантай Ә.Ә.** - Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университетінің 5B011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4-курс студенті (Қазақстан, Семей)

**Абдикаимова Д.К.** – Абай ат. ҚазҰПУ 6M011000 – «Физика» мамандығының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Алмаева Э.Ж.** – Абай ат. ҚазҰПУ 6M011000 – «Физика» мамандығының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Ақышева А.А.** Абай ат. ҚазҰПУ Филология институтының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Абдул Рахманұлы Абдулкәрім** - М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты және әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Әшіров Ж.** - Абай атындағы ҚазҰПУ Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының магистр, аға оқытушысы (Қазақстан, Алматы)

**Бегманова С.М.** - Абай ат. ҚазҰПУ Филология институтының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Бегманова Б.С.** - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а. (Қазақстан, Алматы)

**Газиз Г.Г.** – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы)

**Боранбай А.** – Абай ат. ҚазҰПУ 1-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Дүйсенова Қ.Е.** - Абай ат. ҚазҰПУ Филология институтының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Ертаева Ф.Е.** - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Ермагамбетова С.М.** – Магистрант 1-курса КазНПУ имени Абая (Қазақстан, Алматы)

**Жұмалиева Ә.** – Абай ат. ҚазҰПУ Филология институтының 5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс студенті (Қазақстан, Алматы)

**Жумагулов А.А.** - КазНПУ им.Абая магистрант 2-курса по специальности 6M050200 –Политология (Қазақстан, Алматы)

**Исаков В.Б.** - PhD отделение социологии, Кыргызско-Турецкий Университет Манас (Бишкек, Кыргызстан)

**Кауменова Р.А.** - Абай ат. ҚазҰПУ Филология институтының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Қорғанбаева Ж.Қ.** – Абай атындағы ҚазҰПУ, Жаратылыстану және география институты, химия кафедрасы, химия ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы (Қазақстан, Алматы)

**Қанленова Б.Н.** Абай ат. ҚазҰПУ Филология институтының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Қырыкбаева Э.О.** – Нұр-Мүбарак Египет Ислам Мәдениеті университетінің доценті, т.ғ.к (Қазақстан, Алматы)

**Қамысбаева Г.М.** – Абай ат. ҚазҰПУ-нің 1-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Махмұтов Б.Л.** - доктор философии (PhD), КазНПУ им. Абая (Қазақстан, Алматы)

**Мұхамдиев Д.Б.** - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, ф.ғ.к., аға ғылыми қызметкер (Қазақстан, Алматы)

**Нарал С.** – Абай ат.ҚазҰПУ 1-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Оразова Г.А.** – Абай атындағы ҚазҰПУ Филология институтының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Онгарова З.Н.** - КазНПУ им. Абая магистрант 2-курса по специальности 6M011000 – «Физика» (Қазақстан, Алматы)

**Охапова С.** – Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының 6M010700 – «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының 1-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Патман Абдул Фатах** - КазНПУ им. Абая магистрант 2-курса по специальности 6M011000 – «Физика» (Қазақстан, Алматы)

**Сатыбалдиева А.Е.** - Абай ат. ҚазҰПУ Филология институтының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Сафуллина Н.Т** - Абай атындағы ҚазҰПУ Филология институты 6M011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Сансызбаева Г.** – Абай ат. ҚазҰПУ Филология институтының 5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс студенті (Қазақстан, Алматы)

**Сартаева Н.Т.** - Абай атындағы ҚазҰПУ, PhD докторант (Қазақстан, Алматы)

**Сәтімбаева А.Қ.** – Абай атындағы ҚазҰПУ, Жаратылыстану және география институты, химия кафедрасының магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Серікқалиева А.Қ.** – Абай атындағы ҚазҰПУ Филология институтының 2- курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Сұлтанова Н.Е.** – эль-Фараби атындағы ҚазҰУ Журналистика факультетінің 1-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Сулеймен Д.** – Абай ат. ҚазҰПУ Филология институтының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Тюлепбердинова Г.А.** – эль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы)

**Темирбекова Ж.Е.** – эль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы)

**Түймебай Б.** – Абай ат. ҚазҰПУ Филология институтының 5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс студенті (Қазақстан, Алматы)

**Тоқшылықова Г.Б.** – Абай ат. ҚазҰПУ, Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының магистр, аға оқытушысы (Қазақстан, Алматы)

**Тоқшылықов Д.Б.** – Абай ат. ҚазҰПУ Жаратылыстану және география институтының 6M011600 – «география» мамандығының 2-курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Тұрғынов Е.С.** - Абай ат. ҚазҰПУ Филология институтының 2- курс магистранты (Қазақстан, Алматы)

**Уайдуллақызы Э.** – Абай ат. ҚазҰПУ, Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, PhD доктор (Қазақстан, Алматы)

**Фурсанова Д.** – Магистрант 1-курса КазНПУ имени Абая (Қазақстан, Алматы)

**Хакимова Т.Х.** – эль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы)

**Черикбаева Л.Ш.** – эль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы)

**Хожаев Д.А.** - Алматы энергетика және байланыс университетінің 4-курс студенті (Қазақстан, Алматы)

**Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы «Жас ғалымдар» сериясының  
ғылыми мақалаларды қабылдау ЕРЕЖЕСІ**

Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Жас ғалымдар» сериясындағы мақалалар қоғамдық және жаратылыстану, педагогика мен әдістеме ғылымы бағыттарындағы ғылыми зерттеулердегі жаңалықтар мен өзекті мәселелерді қамтиды. Хабаршы «Жас ғалымдар» сериясына 40 жасқа дейінгі жас зерттеушілер мен ғылымға бейімі бар студенттердің ғылыми мақалаларын жариялайды.

Мақала көлемі кестелерді, суреттерді, пайдаланылған әдебиеттер тізімін және негізгі мәтін алдында жазылатын түйінді қосқанда 15 беттен аспауы керек. Мәтін Microsoft Word редакторында Times New Roman 14 пт әрпімен, аралық 1 интервалмен, үстіңгі және астыңғы жақтарынан – 2 см; сол жағынан – 3 см және оң жағынан – 1,5 см қалдырылып теріледі. Бірінші беттің ортасына қалыпты әріптермен автордың аты-жөні, оның астына мақаланың аты, төменіректе жай жақшаның ішінде жұмыс орындалған ұйымның аты мен қаласы жазылады.

Суреттер саны 5-тен аспауы керек (биология, физика-математика, химия салалары бойынша 10-нан аспауы керек) және иллюстрациялар (графиктер, схемалар, диаграммалар) компьютерде салынуы керек.

Барлық формулалар мен символдар (математикалық, физикалық, химиялық) Microsoft Equation және Microsoft Word редакторында теріліп, нөмірленіп, сілтемелер жасалады.

Әдебиеттерге жасалған сілтемелер тік жақшамен [1, 15 б.] көрсетіледі. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі төмендегіше жазылады:

Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. -Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 440 б.

Хасанов Ғ.Қ. Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы: Ғылыми монография. –Алматы: Үшқиян, 2009. -488 б.

Қоянбекова С.Б. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері. Фил. ғыл. док... дис.: 10.02.02. Қолжазба. -Алматы: Абай ат-ғы ҚазҰПУ, 2008. -346 б.

Шойбекова Ғ.Б. Ұлттық танымның сөз тудырудағы рөлі // Академик Ә.Т.Қайдар және тіл білімінің мәселелері. -Алматы, 2004. -204-207 бб.

Мақала төмендегі құжаттармен қоса екі данада және CD дискімен қабылданады:

1. Түйін (1/3 кем емес) екі тілде (қазақша-ағылшынша немесе орысша-ағылшынша);

2. Жеке парақта автор жөнінде толық мәлімет көрсетіледі (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, жұмыс орыны, мекен-жайы, телефоны, факсы, e-mail-ы).

3. Студенттер мақаласын жіберген жағдайда (студенттің аты-жөні, оқу орыны мен факультеті, мамандығы, ғылыми жетекшісінің сараптама пікірі, мекен-жайы, телефоны, факсы, e-mail-ы; ғылыми жетекшісінің аты-жөні мен ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, жұмыс орыны, мекен-жайы, телефоны, факсы, e-mail-ы).

• Редакцияға түскен ғылыми мақалалар рецензияланбайды. Қолжазба қайтарылмайды. Көшіріп басқан жағдайда «Хабаршыға» сілтеме жасау міндетті.

• Жарияланған материалдардың нақтылығына авторлар жауап береді.

• Ғылыми пікірлер мен толғамдар редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді.

• Хабаршы «Жас ғалымдар» сериясына 40 жасқа дейінгі жас зерттеушілер мен ғылымға бейімі бар студенттердің жұмыстары қабылданады.

**Правила приема научных статей в журнал «Вестник КазНПУ им. Абая» серия «Молодые ученые»  
The rules of publishing scientific articles in journal “Vestnik. Series of “Young scientists. KazNPU named after Abai”**

Статьи их серии «Молодые ученые» журнала «Вестник КазНПУ имени Абая» охватывает актуальные вопросы научных исследований в области общественных и естественных наук, а также в области методики преподавания. В серии Вестника «Молодые ученые» публикуются работы молодых исследователей в возрасте до 40 лет и студентов, склонных к исследовательской работе.

Статья представляется в двойном экземпляре. Размер статьи не должен превышать 15 страниц (от 6-ти страниц), включая таблицы, рисунки, аннотацию в начале статьи перед основным текстом (аннотация до 1/3стр. через 1 интервал, 12 пт ), список литературы, напечатанных в редакторе Word, шрифтом Times New Roman 14 пт, с пробелом между строк 1 интервал, поля - верхнее и нижнее – 2 см, левое – 2 см, правое – 2 см. Количество рисунков не более пяти (для серий биологическая, физико-математическая, химическая - не более 10). К статье прилагается:

- к статье необходимо приложить аннотацию (не менее 1/3 стр.) на двух языках (на казахском и английском или на русском и английском)

- на отдельной странице и сведения об авторах (Ф.И.О., ученая степень, ученое звание, адрес, место работы, телефон, факс, e-mail). Далее посередине страницы прописными буквами (курсивом) инициалы и фамилии авторов, ниже также посередине заглавными буквами - название статьи; затем посередине строчными буквами; в круглых скобках - название организации (ий), в котором выполнена работа, и город. Прилагается электронный вариант на CD-диске.

- в случае подачи статьи к публикации студентами необходимо указать: ФИО студента, название вуза, факультет, специальность, аналитический отзыв научного руководителя, адрес, телефон, факс, e-mail; ФИО и ученую степень, ученое звание, место работы, адрес, телефон, факс, e-mail научного руководителя.

- иллюстрации (графики, схемы, диаграммы) должны быть выполнены на компьютере или в виде четких чертежей, выполненных тушью на белом листе формата А4

- математические формулы в тексте должны быть набраны как объект Microsoft Equation.

Химические формулы и символы должны быть набраны при помощи инструментов Microsoft Word. Следует нумеровать лишь те формулы, на которые имеются ссылки.

- ссылки на литературные источники даются цифрами в прямых скобках по мере упоминания [1,15 с.].

Список литературы оформляется следующим образом:

Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. – М.: Просвещение, 1963. -255 с.

Аверьянов А.Н. Динамика противоречий // Вопросы философии. 1976. № 5.

Гумбольдт В. Фон. Язык и философия культуры. М.:Прогресс, 1985 451с.

В случае переработки статьи по просьбе редакционной коллегии журнала датой поступления считается дата получения редакцией окончательного варианта. Если статья отклонена, редакция сохраняет за собой право не вести дискуссию по мотивам отклонения.

- Научные статьи, поступившие в редакцию, не рецензируются. Рукописи не возвращаются. При копировании материалов обязательная ссылка на журнал «Вестник».

- За достоверность материалов ответственность несут авторы.

- Научные отзывы и рецензии могут не соответствовать мнению редакции.

- К публикации в серии Вестника «Молодые ученые» принимаются работы молодых исследователей в возрасте до 40 лет и студентов, склонных к исследовательской работе.

**ҰСЫНЫСТАР ҮШІН  
ДЛЯ ЗАМЕТОК**